

ISSN 1563-0269  
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Тарих сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК КазНУ

Серия историческая

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# KazNU BULLETIN

History series

№3 (70)

Алматы  
"Қазақ университеті"  
2013

*1992 жылдың 22 сәуірінен бастап шыға бастады*

*Тіркелу куәлігі № 766  
Жылына 4 рет шығады*

**Редакция алқасы:**

*Таймағамбетов Ж.Қ. (ғылыми редактор), тел: 377 33 38 (12-80),  
Кәрібаев Б.Б. (жауапты хатшы), тел: 377 33 38 (12-86),  
Омарбеков Т.О. (ғылыми редактордың орынбасары),  
Жұмағұлов Қ.Т., Миша Майер (Германия), Әбдуәқап Қара (Түркия),  
Мұхатова О.Х., Сұлтанғалиева Г.С., Қалыш А.Б., Ахмет Ташағұл (Түркия),  
Юлай Шамиль Оғлы (АҚШ), Уяма Томохико (Жапония)*

**ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ**

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

№ 3 (70)

ИБ № 6871

Басуға 05.11.2013 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 14,25 б.т.  
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 1750.  
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

# ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

---

УДК 930:94(396.1)

Ж.М.-А. Асылбекова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
E-mail: asylbekova777@mail.ru

## Проблемы истории гуннов в западной историографии

В настоящей статье делается краткий обзор лишь некоторых работ обобщающего, монографического плана, опубликованных на английском языке, при этом были избраны исторические исследования, сделавшие самый выдающийся вклад в западную историографию истории гуннов. Это книги Рене Груссе, Эдуарда Артура Томпсона, Отто Дж. Маенхен-Гельфена., Кристофера Келли. Рассмотренные произведения различаются по авторскому подходу к изучаемой проблеме. С одной стороны, это – взвешенный, спокойный анализ в сочетании с определённым восхищением величайшими личностями Центральной Азии – Аттилой, Чингисханом, Тамерланом. Мы наблюдаем это в работах Р. Груссе, Отто Маенхен-Гельфена. С другой стороны – это оценка гуннов как просто паразитирующих грабителей, мародёров и вымогателей. Несмотря на определённые различия в точке зрения, и Р. Груссе, и Э.А. Томпсона, и Отто Маенхен-Гельфена, и К. Келли, как и другие западные востоковеды, единодушны во мнении, что гунны сыграли важную роль в европейской истории.

**Ключевые слова:** историография, гунны, Центральная Азия, Аттила, методология.

Ж.М.-А. Асылбекова

## Батыс тарихнамасындағы ғұндар тарихының мәселелері

Мақалада ғұндар тарихы бойынша ағылшын тілінде жарияланған бірқатар еңбектерге және олардың арасында монографиялық деңгейде жазылып, осы сала бойынша батыс тарихнамасына елеулі үлес қосқан тарихи ғылыми зерттеулерге қысқаша шолу жасалыны. Олар – Рене Груссенің «Дала империясы», Эдуард Артур Томпсонның «Аттила және ғұндар тарихы», Отто Дж. Маенхен-Гельфеннің «Ғұндар әлемі. Тарихи мен мәдениетінің зерттелуі», Кристофера Келлидің «Империяның ақыры: Аттила және Римнің құлауы». Қарастырылған ғылыми еңбектерде Орталық Азиядан шыққан Аттила, Шыңғысхан, Әмір Темір сынды жеке тұлғалардың өмірі мен саяси қызметтеріне ғылыми зерттеу жүргізілген және ғылыми талдау жасалынған. Бұл жұмыста біз Р. Груссенің, Отто Маенхен-Гельфеннің еңбектерін қарастырдық. Екінші бір жағынан алғанда бұл еңбектерде ғұндардың басқыншылық және тонаушылық әрекеттері көрсетілген. Алайда Груссенің, Отто Маенхен-Гельфеннің К. Келлидің және басқа да шығыстанушылардың көзқарастары бұлай болғанымен, олардың Еуропа тарихында ғұндардың маңызды рөл атқарғаны туралы пікірлері ортақ.

**Түйін сөздер:** тарихнама, ғұндар, Орта Азия, Аттила, әдіснама.

Zh. M.-A. Assylbekova

## The problems of the Huns history in the western historiography

This article gives a brief overview of some works of generalized, monographic level, published in English and Russian. These are the elected historical studies that have made the most outstanding contribution to the Western historiography of the history of the Huns.

The studies of these historians are distinguished by the authors' approach to the problem. On the one hand it is a balanced, calm analysis in combination with a certain admiration of the greatest personalities of Central Asia – Attila, Jenghis Khan, and Tamerlane. But on the other hand it is an assessment of the Huns as a parasitic robbers, marauders and extortionists. Despite certain differences western orientalis are unanimous in their understanding that the Huns played an important role in European history.

**Keywords:** historiography, the Huns, the Central Asia, Attila, methodology.

---

Выдающийся французский востоковед XX в. Рене Груссе писал: «Аттила, Чингисхан, Тамерлан: эти имена у каждого в памяти. Рас-

сказы о них, написанные западными и китайскими или персидскими летописцами, стали причинами распространения их славы. Вели-

кие варвары вторглись в страны развитой цивилизации и внезапно, в течение нескольких лет, превратили римский, иранский или китайский миры в груды развалин». [1] Историки разных поколений пытались и пытаются объяснить их возникновение, причины их величия, грандиозных завоеваний и исчезновения, этой теме посвящено большое количество научных исследований.

В настоящей статье делается краткий обзор лишь некоторых работ обобщающего, монографического плана, опубликованные на английском языке, при этом были избраны исторические исследования, сделавшие самый выдающийся вклад в западную историографию истории гуннов.

Одним из крупнейших исследователей истории Центральной Азии является французский историк Рене Груссе. Его книга «Империя степей» впервые была опубликована во Франции накануне Второй Мировой войны, в 1939 г. Её английское издание вышло в свет в 1970 г. в издательстве Рутгерского университета, штат Нью-Джерси, США. В этом сочинении Р. Груссе рассказывает о степных империях, простиравшихся от Маньчжурии до Будапешта. Французский историк смог обобщить накопленный к тому времени материал и осветить множество вопросов, посвященных истории Центральной Азии. В книге на основе объемного массива источников даётся подробнейшие описания жизни Великой степи с античных времен по XVIII в. Повествование основано на исследованиях самого автора, который привлёк большое количество источников европейского, китайского, персидского и др. происхождений. Новизна этого труда состоит в отображении точки зрения на известные события выдающегося западноевропейского исследования, мнение которого лишено предрассудков, предубеждения и конъюнктурного подхода.

Р. Груссе в своем сочинении «Империя степей» очень подробно рассказывает об интересующей нас теме – гуннах. Он ведет свое повествование истории гуннов с 300 до н.э. до их вторжения в Европу под предводительством Аттилы в V в. н.э. Опираясь на тексты китайского историка Сум-ма Чин, Груссе выводит происхождение гуннов от гсиен-ну, народа, жившего на Севере Китая. Говоря о лингвистической принадлежности гуннов, он приводит мнение историка Куракичи Ширатори, который классифицирует их вместе с монголами. Однако, здесь же французский исто-

рик продолжает, что «Пеллиот, исходя из нескольких возможностей взаимоисключения, предоставленных китайскими записями, уверен, что все эти люди были тюрками, в особенности, их политическое устройство». [2] Р. Груссе лишь упоминает уже известные точки зрения по поводу языковой классификации гуннов, но при этом сам не высказывает, какую именно он поддерживает.

Р. Груссе пишет об искусстве гуннов, зверином стиле Ордос. Рассказывая о нём, он опирается на многочисленные археологические исследования и приходит к выводу, что ордосское искусство значительно повлияло на формирование китайского стиля «воюющих царств», который получил расцвет, начиная с V в. до н.э.

Описывая народ гсиен-ну, Груссе рассказывает об их политической иерархии, физическом облике. Он находит параллели в хозяйственном укладе, образе жизни, одежде, традициях, военной стратегии и тактике гуннов и скифов. Основное внимание французский историк сконцентрировал на их военно-политической истории, он сравнивает роль и значение гуннского лидера Аттилы во всемирной истории с Чингисханом и Тамерланом. Книга Р. Груссе «Империя степей» получила высокую оценку историков. Н. Гумилёв считал это сочинение кульминационным пунктом в европейском востоковедении первой половины XX в.

Описывая народ гсиен-ну, Груссе рассказывает об их политической иерархии, физическом облике. Он находит параллели в хозяйственном укладе, образе жизни, одежде, традициях, военной стратегии и тактике гуннов и скифов. Основное внимание французский историк сконцентрировал на их военно-политической истории, он сравнивает роль и значение гуннского лидера Аттилы во всемирной истории с Чингисханом и Тамерланом. Книга Р. Груссе «Империя степей» получила высокую оценку историков. Н. Гумилёв считал это сочинение кульминационным пунктом в европейском востоковедении первой половины XX в.

Одним из авторитетных исследователей гуннов является Эдуард Артур Томпсон, британский классицист и медиевист. В своих научных разработках он опирался на марксистский подход к историческому процессу. Заметным вкладом в западное востоковедение первой половины XX в. стала его монография «История Аттилы и гуннов» (“History of Attila and the Huns”), опубликованная в 1948 г. в Великобритании. В 1999 г. эта книга была пе-

реиздана под названием “The Huns” (“Гунны”). Позднее английское издание 1999 г. было переведено на русский язык и опубликовано с названием “Гунны. Грозные воины степей” в 2008 г. в издательстве «Центрполиграф». Томпсон Э.А. был прежде всего исследователем древней и средневековой истории Европы. Он считал, что сама по себе история гуннов несомненно интересна, но для него больший интерес представляют их взаимоотношения с Римской империей. [3]

Книга Э.А. Томпсона рассказывает об истории гуннов в Европе с момента их первых наступлений на юг с севера Чёрного моря до крушения гуннской империи после смерти их легендарного вождя Аттилы. Это произведение состоит из 8 глав. В первой главе британский профессор даёт критический анализ основных источников по теме. В главах со 2- по 6 он повествует об истории гуннов до Аттилы, их социальном устройстве в этот период, об их военных победах и поражениях, дипломатических отношениях с римлянами. Глава 7 рассказывает о гуннском обществе при Аттиле, глава 8 – о внешней политике Римской империи и месте гуннов с ней. В заключении он даёт обобщённую характеристику значения гуннов в европейской истории и роли Аттилы, как полководца и правителя.

Что заметно отличает исследование Томпсона от аналогичных предшествующих работ, так это его критическая характеристика используемых источников, он подробно их анализирует и рассуждает об ограниченности археологических свидетельств. Однако, британский исследователь опирается лишь на европейские письменные документы и преувеличивает их значение: «Совершенно ясно, что изучая историю гуннов, мы можем полагаться исключительно на свидетельства греческих и римских путешественников и историков.[4]» В выборе источников Э. А. Томпсон следует по проторённому Р. Груссе пути, и как французский исследователь широко использует «Историю» Аммиануса Марцеллина, о которой он был очень высокого мнения: «до него (Аммиануса Марцеллина – А.Ж.М.)» не появлялось трудов, сопоставимых по масштабу с «Историей». Удивительно то, что для Э.А. Томпсона это сочинение Аммиануса Марцеллина является самым достоверным и надёжным источником, хотя тот, как пишет сам Томпсон «по всей видимости, никогда в жизни не видел гунна и не мог полагаться на собственные наблюдения. Следовательно, стра-

ницы его «Истории», посвященные гуннам, суммируют информацию, полученную из вторых рук» [5] Но, невзирая на это, свидетельства Приска Панийского, который был очевидцем многих римско-гуннских контактов и сам общался с гуннами, Э. А. Томпсон использует лишь после «Истории» Аммиана Марцелина.

Новизна исследования британского профессора состоит, прежде всего, в том, что до него практически не предпринималась попытка изложения социальной истории гуннов. Э. А. Томпсон исследует материальную организацию и социальную структуру гуннского общества в динамике, каким оно было до того, как во главе его стал Аттила и каким оно стало при нём. Книга Э. А. Томпсона отличается также тем, что автор рассказывает историю гуннов намного подробнее, чем это было сделано в других работах. Например, такие исследователи как Эдвард Гиббон («Упадок и крушение Римской империи»), Ходжкин («Италия и её захватчики»), Бюри, авторы «Кэмбриджской средневековой истории» и другие, хотя и рассказывали о гуннах, но своей основной целью видели освещение истории Римской Империи. В этих сочинениях описание жизни Аттилы и его государства отошло на второй план. [6]

Э.А. Томпсон избегает участия в дискуссии по поводу возможного китайского происхождения кочевого народа хунну.

Точка зрения британского историка на ряд вопросов гуннской истории заметно отличалась от той, что была достаточно распространена в западном востоковедении. Он опровергает общепризнанное мнение об Аттиле как о гениальном военачальнике, правителе и дипломате и о том, что «только благодаря его выдающимся качествам существовала огромная гуннская империя». Он аргументирует тем, что до Аттилы эта империя уже была: «Аттила тем и отличался от Чингисхана, что получил готовую империю (или почти готовую) от предшественников, в то время как монголы оставались небольшими, отдельными пасторальными племенами». [7]

Э.А. Томпсон сомневается в военном гении Аттилы. Он считает, что легендарному предводителю гуннов практически постоянно сопутствовал военный успех только потому, что ему не оказывали достойного сопротивления или победы одерживались за счёт крупных потерь. Томпсон также подвергает сомнению дипломатические способности Аттилы, в ка-

честве аргумента выдвигает его крупнейшие поражения от вестготов и западных римлян. [8]

В книге британского исследователя присутствуют определённые недостатки, так очевидна явная нехватка первоисточников. Автор строит своё исследование на нескольких произведениях римского происхождения, главным образом на сочинениях Аммиануса Марцелинуса и Приска Панийского. Он не придаёт серьёзного значения археологическим материалам: «Недавние открытия и тщательное изучение предметов внесло столько неясностей в изучаемый вопрос, что опытный археолог, если бы взялся писать о гуннах, едва ли мог извлечь какую-нибудь пользу из обнаруженных находок». [9]

Одним из самых фундаментальных трудов, когда-либо опубликованных по истории гуннов, является книга австрийского востоковеда, историка, писателя и путешественника Отто Дж. Маенхен-Гельфена «Мир гуннов. Исследования их истории и культуры». Профессор Отто Маенхен-Гельфен разрабатывал масштабную проблему истории гуннов и связанных с ними народов в течение долгих лет. После своей смерти он оставил незаконченную рукопись, на основе которой под редакцией Макса Найта была издана книга «World of Huns. Study of their history and culture». Книга была опубликована в 1973 г. В издательстве Berkeley, University of California Press.

В своей работе австрийский учёный уделил основное внимание «аттиловым гуннам» и лишь вкратце рассказал об иранских гуннах. Он сам объясняет это тем, что «литература об этих племенах или народах является громадной» (сочинение Алтгейма, Эноки, Гёбля и т.п.)

Профессора Маенхен-Гельфена отличали от других историков-востоковедов его уникальный профессионализм и энциклопедические знания в области археологии, филологии, истории искусств. Ему не нужно было догадываться об идентичности племен, населения, городов, потому что он прекрасно знал первоисточники, греческие, русские, персидские или китайские. Его выдающийся лингвистический талант был важен в исследовании гуннов и родственных им народов, ведь известно, что название «гунн» применялось ко многим народам различной этнической природы, например, к мадярам, сельджукам и т.п. Знание Маенхен-Гельфена китайских источников, описывающих гсиен-ну, позволило ему объективно оценивать влияние этих документов на европейские тексты по истории гуннов.

В своей работе профессор Маенхен-Гелфен раскрыл фундаментальные знания истории искусства Азии. Он мог связывать новейшие для того периода археологические находки с доступным, но зачастую нераскрытым, неразъясненным лингвистическим материалом. Именно благодаря своей компетентности в филологии, археологии, истории искусств он смог выделить из огромного количества находок различных цивилизаций евразийских степей, материалы о гуннах. Так, на основе изучения технических и стилистических последовательностей среди металлических предметов из гуннских погребений он развеивает миф о предполагаемом незнании гуннами навыков работы с металлами. [10]

Отто Маенхен-Гелфен опирается на археологические открытия при определении происхождения гуннов, географического ареала их проживания в период древности и раннего средневековья, также масштабы их вторжения в восточную Европу и место их проникновения в равнину Венгрии. При этом он знал, как нужно толковать, объяснять археологический материал для выдвижения гипотезы о миграции народов. Так, например, он изучал погребальные ритуалы гуннов и их сородичей и выдвинул идею о том, как гуннское вооружение происходило из Востока, и затем было принесено на Запад. Далее, по его мнению, распространение подвесных зеркал найденных вместе с искусственно-деформированными черепами, что являлось традицией у гуннов, доказывает его гипотезу о гуннском вторжении в Венгрию с Северо-Востока. [11]

Маенхен-Гелфен подчеркивает необходимость резкой, научно-обоснованной критики источников по истории гуннов. Он считал, что с самого начала этот народ был очернен и демонизирован (этот термин был введен самим Отто Маенхен-Гелфеном) европейскими хронистами, которые описывали его как воплощение вечных, но безликих орд варваров, пришедших с Востока, поэтому бдительность по отношению к ним была крайне необходима, но чья точная идентичность не имела особого значения. [12] Известно, что западные историки разных лет относились к этому народу, главным образом, как варварам-разрушителям, проливающим кровь повсюду в Римской Империи. Отто Маенхен-Гелфен обращался к истории гуннов с более ясным взором. Отто Маенхен-Гелфен критически отзывался о ненависти, страхе, с которым многие западно-европейские, украинские авторы относятся к

гуннам. Так, подробная жгучая ненависть жгла Аммиануса Марцеллинуса, хотя сам Отто Маенхен-Гелфен в своем сочинении раскрывает вклад этого римского историка в изучение гуннской истории. Он пишет: «Он (Аммианус Марцеллинус) и другие авторы четвертого и пятого веков изобразили гуннов как диких чудовищ, которых мы все еще видим сегодня. Ненависть и страх исказили картину гуннов со времени их появления на нижнем Дунае. Пока эта тенденциозность не будет понята полностью – и это редко имеет место – литературное свидетельство отречено к неправильному чтению» [13] Поэтому он начинает свое исследование именно с критического анализа литературных источников.

Отто Маенхен-Гелфен сам подчеркивал то, что отличает его исследования от известных трактатов, заключается в широком использовании археологического материала. Так, в своей книге «Атила и гунны» Томпсон отказывается принимать их компетенцию и немного того, к чему Алтгейм ссылается в своей книге «История гуннов» он знает лишь из «вторых рук». Он критически признает: «Материал, разбросанный в российских, украинских, румынских, венгерских, китайских, японских и позже монгольских публикациях огромен». В последние годы археологические исследования прогрессируют с такой скоростью, что я вынужден был неоднократно модифицировать свои взгляды, пока работал над этим исследованием» [14].

По мнению ряда авторитетных учёных, исследование Отто Маенхен-Гелфена значительно проливает свет на цивилизацию одного из наиболее призрачных народов раннего средневековья. В своей книге он представил эпический характер великих событий, имевших место не евразийском континенте в древности и раннем средневековье, драматизм которых отразился в столкновении армий, культур и взаимодействий цивилизаций. Группа ученых, подготовившие к изданию в 1973 г. рукопись австрийского востоковеда справедливо считает, что книга Отто Дж. Маенхен-Гелфена является образцом исследования, уровень которого вряд ли будет превзойден в обозримом будущем. [15] Поэтому, естественно, что многие ученые считают эту книгу подлинным шедевром по истории гуннов. Даже в незаконченном виде она намного превосходит работу Э.А. Томпсона «О гуннах» Но протяжение всей книги видна аналитическая, методологическая подготовка Отто Маэнхен-Гелфена, что харак-

терно для германской научной школы. Он развеял заблуждение о том, что гунны в восточной Европе (и в определенной, незначительной мере западной Европе) – это те же самые племена гсиен-ну, что обитали на границе Китая. Согласно этому заблуждению, тогда существовала гигантская трансконтинентальная гуннская империя в V веке, которой в действительности никогда не было. Он также подвергает сомнению концепцию, которая до сих пор пропагандируется в курсе истории католических школ, концепцию о том, что храбрость и святость римского папы Льва III противостояла войскам Атиллы и спасла Рим.

В своем сочинении Отто Маенхен-Гелфен выражает гуманизм в такой противоречивой с расовой точки зрения области как гуннские исследования, что было редким явлением в германской исторической науке 30-х годов XX века. Новизна и отличительная особенность этого сочинения состоит, прежде всего, в том, что его автор создал заслуживающее доверие исследование о предках монгольских и тюркских народов, труд, свободный от предрассудков и лингвистических ограничений, присутствующих многим западным исследователям.

Одним из самых заметных трудов по истории гуннов в англоязычной научной литературе последнего времени по праву является исследование британского историка Кристофера Келли «The end of the Empire: Attila the Hun and the fall of Rome», «Конец империи: Атила Гунн и падение Рима» Norton, New York, 2009. Книга состоит из четырёх разделов. Первый раздел, состоящий из 5 подразделов (или глав) называется «До Атиллы» и рассказывает о появлении гуннов в Европе. Второй Раздел – «Гунны и римляне», включающий 6 частей, повествует о римской внешней политике с начала до середины 5-го столетия, взаимоотношениях Рима и гуннов до 449 г. Раздел III – «Обед с Атилой» в своих 6 главах подробно описывает посольство ко двору Атиллы, что совпало с попыткой римлян убийства гуннского вождя. Последняя, четвертая часть озаглавлена «Падение империи». Здесь К. Келли рассказывает о гуннском вторжении в Галлию в 451 г. и Италию в 452, о гибели Атиллы и развале его империи.

Свои исследования английский историк полностью строит на сочинениях римских историков Приска Панийского и Аммиануса Марцеллинуса. В качестве исторических источников автор признает важность археологических свидетельств. Книга К. Келли заметно отли-

чается от аналогичных работ, опубликованных в последнее время. Кристофер Келли солидарен с австрийским ученым Отто Маенхен-Гелфеном по поводу происхождения гуннов. Он также категорически отрицает какие-либо связи между китайским народом гсиен-ну и гуннами.

К. Келли в новом свете раскрывает личность Аттилы, проявившего свой политический талант и волю, чтобы объединить под своим бесспорным правлением не только кочевников гуннов, но и огромное множество готов, алапов, даже некоторых римлян. Когда же Аттила умер, мощная гуннская империя быстро распалась. Келли характеризует Аттилу и как искусного, одарённого дипломата, который уважал установленный в Европе дипломатический порядок и который смог успешно наладить политические отношения с усиливающимся Константинополем и дезинтегрирующей западной ветвью Римской империи. Английский исследователь подчеркивает, что Аттила превосходно сочетал в своем политическом искусстве военные действия и талантливую дипломатию, ко всем этим талантам он добавлял ужас и пропаганду действием, когда захватывал города и селения.

Новизна исследования К. Келли заключается в том, что он предпринял попытку восстановить образ Аттилы как гениального военачальника, правителя, который был более склонен к созданию стратегических союзов для блага своего народа, чем к завоеванию соседних стран путём жёстких нападений. Так, автор рассказывает о его длительных контактах с римским генералом, об обещании Гонории, сестры римского императора, выйти замуж за Аттилу. До исследования К. Келли эти события практически не освещались в исторической литературе

Рассмотренные произведения различаются по авторскому подходу к изучаемой проблеме, с одной стороны это – взвешенный, спокойный анализ в сочетании с определённым восхищением величайшими личностями Центральной

Азии Аттилой, Чингисханом, Тамерланом. Мы наблюдаем это в работах Р. Груссе, Отто Маенхен-Гелфена. С другой стороны – это оценка гуннов как просто паразитирующих грабителей, мародёров и вымогателей. [16]

Несмотря на определенные различия в точке зрения и Р. Груссе, и Э.А. Томпсона, и Отто Маенхен-Гелфена, и К. Келли, как и другие западные востоковеды единодушны во мнении, что гунны сыграли важную роль в европейской истории, что, несмотря на короткое пребывание на европейской исторической сцене, их появление имело серьезные последствия для дальнейшего развития Западной Европы, и возможно оказало значительное влияние и на Восток. [17]

Все вышеназванные работы, имеющие академический характер, объединяет очень интересный, порой занимательный, совершенно нескучный, неумолимый стиль изложения, который привлекает не только профессиональных историков, но и всех, кто интересуется древней и средневековой историей. С научной точки зрения все эти работы яркие, запоминающиеся, не безликие, в каждой книге ощущается личное присутствие автора, его убеждений, профессиональных принципов, а порой и эмоций.

Совместными усилиями западные востоковеды с высокой лингвистической, археологической компетентностью, обстоятельно, насколько позволяли это сделать источники, исследовали военно-политическую историю гуннов с момента первого упоминания о них до крушения империи Аттилы в V в. н. э., их социальное устройство, хозяйственно-экономический уклад, искусство.

История гуннов, личность их легендарного предводителя Аттилы по-прежнему интересует западных исследователей, по этой теме регулярно публикуется большое количество научных работ на разных языках. По-видимому, эти загадочные кочевники – гунны, их эпоха и влияние на ход мировой истории будут еще долго волновать умы историков

#### Литература

1 Grousset Rene. The Empire of the steppes. A history of Central Asia. Rutgers university press, 1970. p. V.

2 Там же, pp. 23-24.

3 Томпсон А. Гунны. Грозные воины степей. М.: ЗАО Центрполиграф, 2008, с. 11.

4 Там же, с. 14.

5 Там же, с. 16.

6 Там же, с. 9-10.

7 Там же, с. 243.

8 Там же, с. 244-245.

9 Там же, с. 14.

- 10 Maenchen-Helfen Otto. The world of the Huns. Studies in their history and culture. University of California press, Berkeley, 1973, p. XVI.  
11 Там же, p. XVI.  
12 Там же, pp. XVI-XVII  
13 Там же, p. XXIV.  
14 Там же, p. XXV.  
15 Там же, p. XVII.  
16 Томпсон А. Гунны. Грозные воины степей. М.: ЗАО Центрполиграф, 2008, с. 255  
17 Там же.

#### References

- 1 Grousset Rene. The Empire of the steppes. A history of Central Asia. Rutgers university press, 1970. p. V.  
2 Там же, pp. 23-24.  
3 Thompson E. A. Hunny. Groznye voiny stepei. M.: Centrpoligraph, 2008, S. 11.  
4 Там же, S. 14.  
5 Там же, S. 16.  
6 Там же, S. 9-10.  
7 Там же, S. 243.  
8 Там же, S. 244-245.  
9 Там же, S. 14.  
10 Maenchen-Helfen Otto. The world of the Huns. Studies in their history and culture. University of California press, Berkeley, 1973, p. XVI.  
11 Там же, pp. XVI.  
12 Там же, pp. XVI-XVII  
13 Там же, p. XXIV.  
14 Там же, p. XXV.  
15 Там же, p. XVII.  
16 Thompson E. A. Hunny. Groznye voiny stepei. M.: Centrpoligraph, 2008, S.255  
17 Там же.

ӘОЖ 94 (47+57) «1920/50»:2

А.М. Садықова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс Ph.D. докторанты  
Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: aygulsadyk@mail.ru

### Дениэл Ранкур-Лаферьер зерттеуіндегі Сталин тұлғасы

Мақала американдық психоаналитик Дениэл Ранкур-Лаферьер психикалық талдау әдістеріне негізделіп, ХХ ғасыр кеңес тарихының қайшылықты әрі әлі күнге дейін ғалымдар арасында әр түрлі көзқарас тудыратын тұлға Иосиф Сталин (Джугашвили) туралы «Психика Сталина» атты еңбегін талдауға арналған. Сталин тұлғасына арналған басқа зерттеулерден ерекшелігі – зерттеуші, оның өзгеге күш көрсету және авторитарлыққа бейімділігін көрсету сияқты психиканың үстірт құрылымына емес, керісінше, көзге көрінбейтін, астырт, бейсаналық жақтарына назар аударып, бала мен ата-ананың өзара қатынастарын қарастыруға негізделген.

Автор бірқатар дереккөздерді, оның ішінде зерттеулер, мерзімді баспасөз материалдары, электрондық ресурстарды пайдаланып, тұлға психикасының бейсаналық жағын талдау негізінде тұлғалық түп мәні мен қалыптасу ерекшеліктерін ашып, бұның іс жүзінде іске асырған саяси бағытынан көрініс табу мүмкіндігін дәлелдеуге тырысты. Осыған орай тарихшы-зерттеуші қауым сталиндік кезең тарихын зерттеу мәселесін дәстүрлі методологиядан бөлек тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік алады. Тиран ретіндегі Сталиннің саяси әрекетінің бейсаналық себептері қаралып, сонымен бірге оның практикалық іс-әрекетіндегі қорғандық психологиялық тетіктерінің рөлі туралы көптеген пайымдаулар қызығушылық тудырады. Адам психикасының тереңіне үңіліп, билік басына келген тұлғаның ойлауы мен мінез-құлқына ықпал ететін психикалық үрдістердің қалыптасуының күрделі динамикасын түсінуге жәрдемдеседі. Өткен ғасырдың 80-жылдарында жарық көрген Д. Ранкур-Лаферьердің еңбегі бүгінгі күні де құндылығын жоймай, көптеген пікірлерге ие болып, әр тұрғыдан бағалануда.

**Түйін сөздер:** Сталин, психикалық талдау, бейсаналық, психоаналитикалық зерттеу.

А. М. Садықова

#### Личность Сталина в исследовании Дэниель Ранкур-Лаферьера

Статья посвящена анализу работы американского слависта-психоаналитика Д. Ранкура-Лаферьера «Психика Сталина», где он, опираясь на психоаналитические методы, пытается раскрыть особенности психики Сталина. При этом он основывается не на поверхностной структуре его психики, рассмотренной в некоторых исследованиях, а стремясь проникнуть в бессознательные пласты психики, обращается к рассмотрению детско-родительских взаимоотношений.

Автор, используя ряд источников – исследований, материалов периодической печати, электронных ресурсов, анализируя бессознательную сторону психики, попытался раскрыть самую суть и особенности формирования личности, что в последствии могли иметь свое отражение в осуществлении им политической линии. В этой связи у исследователя появляется возможность иного, нетрадиционного (но не для психоаналитиков) подхода к изучению истории сталинизма. Основываясь на бессознательных причинах политических действий тирана Сталина, также приводятся суждения о роли психологических мотивов самозащиты в практической деятельности. Обращение к глубинам человеческой психики дает возможность не просто понять, а также объяснить сложную динамику формирования психических процессов, влияющих на поведение личности, в руках которой сконцентрирована власть. Надо отметить, что труд исследователя, опубликованный в конце 80-х гг. прошлого столетия, и сегодня имеет достаточно неоднозначную оценку, так как посвящен довольно сложной и протекторной личности, но однозначно, одной из ключевых исторических фигур ХХ столетия Иосифа Сталина.

**Ключевые слова:** Сталин, психоанализ, бессознательное, психоаналитическое исследование.

A.M. Sadykova

#### Stalin's personality in the study of Daniel Rancourt-Laferera

In this article the work named "The psyche of Stalin" of the american psychoanalyst slavist D. Rankura-Laferer analyzed. He bases on psychoanalytic techniques, so tries to uncover the psychological traits of Stalin. It is not based on the surface structure of his mind in this case. For seeking to penetrate the unconscious layers of the psyche ation of parent-child relationships considering by author.

Author on the basis of the analysis of a number of sources, including research, periodical materials, electronic

material resources focusing on the unconscious side of the psyche, and suschnost reveals the peculiarities of Stalin's personality. The author is based on the unconscious causes of political action tyrant Stalin, resulting judgments about the role of psychological motives of self-defense in practice. The author refers to the depths of the human psyche, it gives the opportunity to understand and explain the complex dynamics of the formation of mental processes influencing the behavior of the person in whose hands power is concentrated. It should be noted that the work of researchers, published in the late 80's. the last century, has quite a mixed assessment today. It devoted for complex, but clearly one of the key historical figures of the twentieth century personality as Stalin.

**Keywords:** Stalin, psychoanalysis, unconscious, psychoanalytic study.

Шетелдік ғылымда ХХ ғасыр тарихында белгілі орын алған тұлғалардың бірі – Иосиф Виссарионович Сталинге қатысты жарияланымдар баршылық. Бірақ олар отандық авторлар тарапынан әлі де болса терең зерттелмей келеді. Сталин туралы оған дейін де әр жылдары жазылған С. Принц, А.Б. Фельдман, Г. Быховский, Э. Фромм, П. Помпер, Е. Раппапорт сынды психоаналитиктердің еңбектері [1] белгілі. Соның ішінде, әсіресе, американдық зерттеуші Д. Ранкур-Лаферьердің Сталиннің психологиялық ерекшеліктерін талдаған «Психика Сталина» [2] атты еңбегінің айрықша орны бар. Психоанализ теориясына негізделген Д. Ранкур-Лаферьер еңбегі Гитлер туралы Эрих Фроммның, Мао Дзэдун туралы Эрик Гомбургер Эриксонның еңбегімен қатар аталады. Философия ғылымдарының докторы В. Лейбин зерттеуші еңбегінің, жалпы ғылымда психикалық талдауды қолдану қажеттілігін кітаптың орысша аудармасына жазған алғысөзінде анықтап берді: «Біз адам психикасының тереңінде жатқан бейсаналы күштердің әрекеті туралы не білеміз? Көптеген саяси үрдістердің шарты болып, саяси қозғалыстарды өмірге әкелетін әлеуметтік, ұжымдық бейсаналыққа қаншалықты мән береміз? Неліктен адамдар не топтардың рационалды әрекеттері кенеттен иррационалды сипат алады? Неліктен әр түрлі мемлекеттердің рационалды әрекеттері иррационалды қарсылықтар, бір халықтың екіншісіне деген өшпенділік, есепсіз күдікшілдік, сенімсіздік пен бейсаналы қорқыныштың артуын туғызатын саяси салдарларға апарып соқтырады?...Зерттеушілер адамдардың тек рационалды мінез-құлқына мән беріп, саяси әрекеттердің бейсаналы себептеріне қажетті назар аудармайынша әлемде болып жатқан өзгерістерді дұрыс түсіну және дағдарыс жағдайларын жоюға жәрдемдесетін оңтайлы шешімдерге қол жеткізу қиынға түседі. Саяси көшбасшылардың ой және әрекеттеріндегі бейсаналық негіздерінің уәжі туралы ақпаратсыз саяси үрдістер мен құрылымдарды зерттеудің болашағы бұлыңғыр болуы ықтимал. Адам өмірінің бұл саласы туралы біздің біліміміз шектеулі және саяси үрдістердің бары-

сындағы бейсаналықтың өзіндік логикасы, ерекше тілі мен жасырын символикасын зерттеу үшін күрделі әрі тиянақты жұмысты қажет етеді. Бұл орайда, бір жағынан, әр түрлі саяси жүйелерде бейсаналы құрылымдардың, сонымен бірге тұлғаның қорғану тетіктерінің пайда болуы мен әрекет ету заңдылықтарын анықтаумен байланысты болса, ал, екінші жағынан, біздің жеке және ұжымдық бейсаналық – рационалды пен саналық, иррационалды пен бейсаналық арасындағы айырмашылық ерекшеліктері туралы білімімізді ескеруді талап етеді. Анығы: тұлға және қоғамды зерттеудің психоаналитикалық әдісі бейсаналықты, саяси шешімдерді қабылдаудың жасырын себептерін, саясат саласында орын алатын иррационалдықты зерттеуге қомақты үлес қоса алады. Оқырманға ұсынылып отырған Д. Ранкур-Лаферьердің еңбегі – бұл кезінде саяси билік басында тұрып, (қоғамды түбірлі қайта құру талпыныстарына қарамастан әлі күнге дейін ықпалын жоймаған) елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму бағытын анықтаған адамның психикасын ашуда психоаналитикалық идеяларды қалай және қандай дәрежеде қолданыла алатынын көрсететін нақты мысалдардың бірі» [3]. Зерттеуші Сталиннің қайшылықты тұлғасын ашып, оның іс-әрекеттерін түсіндірудің негізін, ең алдымен, оның өсіп-өнген ортасынан іздеуге тырысады. Иосиф Джугашвилиді туғандарына қарсы зұлымдық әрекеттерге итермелеген не? Маскүнем, етікші әкенің баласына жиі қол жұмсауы ересек Джугашвилидің психикасына, көзқарасына қалай ықпал етті? Сталиннің Гитлерге деген сенімін немен түсіндіруге болады? Осы сынды сұрақтарға жауап іздеуі Д. Ранкур-Лаферьер еңбегінің арқауына айналады. Революциядан кейін орын алған билік үшін күрес жағдайларын, жеке басқа табыну мен жаппай жазалау тетіктерін білмей шынайы демократияны дамыту және бостандық жолында кездесетін саяси шиеленіс, идеялық қақтығыстар, ұлттық қысым, пайдакүнемдік ретінде көрініс табатын жасырын қауіпті ұғып-сезіну мүмкін емес. Сонымен қатар жаңа көзқарас тұрғысынан Сталиннің өмірі мен саяси іс-әрекетін түсіндіріп, түсінуге

отандық тарихшылар, әлеуметтанушылар тарапынан сын көзқарас басым.

Д. Ранкур-Лаферьердің Сталин туралы көзқарасын терең ұғыну үшін, алдымен, оның Сталин туралы еңбек жазуына не себеп болғанын анықтаған жөн. Студент кезінде Д. Ранкур-Лаферьер жаратылыстану ғылымдарына, оның ішінде биологияға ден қойды. Әсіресе оны бұрынғы КСРО аумағын мекен еткен құстар қызықтырып, ол орыс тілін оқып-үйрене бастады. Кейін ол Гарвард университеті биология факультетінің аспирантурасына түседі. Бірақ биология, жалпы жаратылыстану ғылымдарынан көңілі қалып, ол гуманитарлық білім алуға ден қойып, орыс әдебиетін оқып-зерттей бастады. Браун университетіне ауысып, орыс әдебиеті мен славян тілі бойынша маманданды. Аспирантурадағы оқуы кезінде Д. Ранкур-Лаферьер алғаш рет психоанализ мәселесіне мән берді. Себебі университет профессорларының оқытқаны оны қанағаттандырмады. А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой, Ф.М. Достоевский сынды жазушылар туралы көп білген олар әдеби шығармаларды оқып-білуде іргелі теорияға сүйенбеді. З.Фрейдтің «Толкование сновидений» еңбегі оған мазмұны жағынан да, методологиялық тұрғыдан да жәрдемдесті. Ол Фрейдтің және басқа да психоаналитиктердің негізгі еңбектерімен танысты. Бірақ университет профессорлары психоанализге сын көзбен қарады. Іштерінде тек белгілі филолог және лингвист Роман Якобсон ғана басқа көзқараста болды. Сөйтіп 1972 жылы Д. Ранкур-Лаферьер Р. Якобсонның жетекшілігімен А.А. Фет туралы диссертация қорғап, славистика саласы бойынша докторлық атақ алады. Кейін Бостонда Таф университетінде сабақ берген кезінде Д. Ранкур-Лаферьер орыс әдебиеті шығармаларын ұғынуда психоанализді кеңінен қолдана бастады. Бірақ славян тілдері мен орыс әдебиеті мамандары арасында психоанализ идеялары қабылданбағандықтан, 1979 жылы ол университеттен шығарылады. Калифорнияға кетіп Дейвисте университетте сабақ беріп, қолданбалы психоанализ үйірмесін басқарады. Тұлға және көркем әдеби шығармаларды психоаналитикалық тұрғыдан зерттеуге қатысты бірқатар мақалалар мен еңбектерді жарыққа шығарады. 1989 жылы оның редакциясымен «Орыс әдебиеті және психоанализ» [4] атты еңбек шығады.

80-жылдары Д. Ранкур-Лаферьер тарихи тұлға ретінде Сталинге қызығушылық танытады. Бұның себебін автор былай деп түсіндіреді: «Бұл уақытта мен әкеммен байланысты терең

уайымға салындым. Өз әкем мен «халықтардың әкесі» арасында ішкі бір байланыс пайда болғандай көрінді. Балалық шақтың естеліктері, әке қаталдығы, өз қорқыныштарым мен толғаныстарым, Сталиннің өз балаларына қол жұмсауы және менің отбасымдағы ерекше қатынастар (он бір баладан үлкені едім) арасындағы параллель – осының барлығы менің Сталин туралы кітап жазуыма себеп болды [2,6]. Автор көптеген деректер мен материалдарды, олардың ішінде Сталиннің туыстарының (Светлана Аллилуева, Анна Аллилуева) жазбалары, саяси жақтастарының (Н.Хрущев, А. Микоян) заманхаттары, қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің (Бармин, Кривицкий, Орлов) материалдары, онымен бірге істес болған аудармашылардың (Бирсе, Бережков, Лунги) мәліметтері, Сталин генералдарының (Болдин, Жуков, Мережков, т.б.) жазбалары және Сталинді білген шетел дипломаттары мен мемлекет басшыларының (Гарриман, Черчилль, Рузвельт, Гопкинс, Тэннер, т.б.) жазғандарын талдап, өз зерттеуінде пайдаланады. Өз еңбегіне берген сипатамасында «Бұл кітап Сталин дәуірінің тарихи, саяси, не болмаса, әлеуметтік талдауы емес. Сталиннің өмірбаяны да емес. Ол, тіпті, психологиялық өмірбаян да болып табылмайды. Кітап тұлға туралы неғұрлым маңызды мәліметтерді беретін Сталиннің балалық шағынан бастап қартайғанға дейінгі әрекеттерінің психоаналитикалық зерттеуі болып табылады... Мен Сталин өмірін жүйелі хронологиялық тұрғыдан баяндамаймын, бірақ бұрын-соңды қойылмаған, не дұрыс жауап алынбаған сұрақтарға назар аударамын. Сталин өзіне қатысты агрессивті әрекет жасаушыларға, мысалы, әкесіне қарсы қандай шара қолданды? Оған тән паранойя, мегаломания (өзін-өзі артықпын деп санау) және нарциссизмнің онтологиялық мәртебесі қандай?.. Оның физикалық кемшіліктерінің (сол қолының оң қолынан қысқа болуы, шешек дақты беті, сол жақ аяғының екі бармағының қосылып бітуі) психологиялық салдары қандай болды? Сталиннің мимикро талантының оның саяси өміріндегі рөлі? Тағы сол сияқты. Мен абстарктілі сызбаға сай емес, қызықты болып көрінетін мәселелерді қозғадым...» [2,21-22]. Зерттеушінің пікірі бойынша, Сталиннің диктатор болуы психоаналитиктің пайдасына шешілетін дүние. Бұл диктатор анықтамасының өзінен, яғни бүкіл ел билігін бір өзінің қолына алған саясаткер дегеннен белгілі. Егер психикалық талдау тұрғысынан 1929 жылдан кейінгі кеңестік сыртқы саясатты түсіндірер болсақ, оның мазмұны Карл Радектің немесе Максим

Литвиновтің ақыл-ойынан гөрі Сталиннің ақыл-ойына қатыстырақ болатыны анық. Сталиннің ерекше жағдайы оған (саналы, бейсаналы, көп жағдайда ретсіз) сыртқы саясат туралы өз білгенін іске асыруға мүмкіндік берсе, басқа саяси қайраткерлер белгілі бір шектен аса алмады. Бұл орайда зерттеуші Конквест пікірін келтіреді: «Сол жылдары болғанның барлығы түбіне келгенде Сталин және сталиндік билеуші топтың ерекше менталитетіне, яғни елде басқаларға тиімсіз жаңа радикалды тәртіпті орнату мен нығайту үшін өз құзырындағы әр түрлі саяси тетіктерді пайдаланған партияның саяси бағытынан көрініс табатын субъективті күшке байланысты» [5]. «Ерекше менталитет» пен «субъективті күш» ұғымдары Сталин мен оның әріптестерінің тұлғаларына қатысты психоаналитикалық зерттеу қажеттігін меңзейді.

Д. Ранкур-Лаферьер өз еңбегінде Сталин тұлғасын зерттеуші Роберт К. Такердің еңбегіне [6] жиі сүйенеді. Бұл орайда былай деп жазады: «Жалпы, Сталин туралы барлық психоаналитикалық еңбектер Такер еңбегімен салыстырғанда үстірт жазылған» [2]. Ары қарай Р.Такердің тұжырымына тоқталып өтеді: «Такердің тұжырымы бойынша Сталин тұлғасы 1953 жылға, яғни оның өліміне дейінгі кеңес тарихының даму барысын түсінуде басты фактор болып табылады: «Ықпалды саяси көшбасшы тұлғасын психотарихи тұрғыдан зерттеу мәселесі бұл субъект тұлғасын оның мәніне үңілудің жүйелі әдісі арқылы зерттеу ғана емес. Бұдан басқа, бұл белгілі жағдайда тұлғалық фактордың тарихи маңызға ие болуына мүмкіндік беретін тұлғаның әлеуметтік орта, саяси жағдаймен байланыстары мен өзара әрекеттесуін зерттеу болып табылады, себебі осы арқылы тарихи мүмкіндік туады [2,28-29]. Ал Сталиннің билік басына келуі мен одан кейін орнаған диктатураны Сталиннің және саяси қозғалыс ретінде большевизмнің табиғатымен, 20-жылдардағы кеңестік тәртіп аясындағы тарихи жағдайдың мән-мағынасымен, сонымен бірге автократиялық басқару дәстүрі бар және оған бейім халқы бар ел ретінде Ресейдің табиғатымен байланыстырады [2,29]. Тұлға ретінде ол әр саясаткерге тиесілі болуы шарт физикалық қуат, табандылық, ұйымдастырушылық қасиет, жеке мүдде мен саяси көрегендікті ғана қарастырмайды, ең алдымен, жеке бас қасиеттердің, мінез-құлықтық реакциялар мен эмоциялардың күрделі шырмауының ерекше бір саясаткердің, яғни Иосиф Сталиннің бойында ғажайып үйлесуі тұрғысынан қарастырады. Такердің дәлелдеуі бойынша,

Сталин тұлғасы шешуші фактор болмаған жағдайда кеңес тарихының кейбір белгілі фактілерін түсіндіру қиынға түсер еді. Мысалы, әр түрлі баға бойынша бес миллионнан тоғыз миллион адамға дейін тұтқындаған 1936-1938 жылдардағы жаппай жазалау Кеңес Одағының экономикасы мен әскери қуатына үлкен нұқсан келтірді. Бұл жағдайда Кеңес Одағына жауыққан нацистік Германия тарапынан зор қауіп төнді. Бұл орайда әлеуметтанушылардың пікірі жаппай жазалау «жүйелі қажеттілік» болған жоқ дегенге саятын еді. Ал бірақ, ешкім де жаппай жазалаудың Сталиннің бастама-сымен және қолдауымен іске асқандығына күмән келтірмейді. Демек, бұл, белгілі бір дәрежеде Сталиннің жеке, оның ішінде Такердің тұжырымынша кейбір психопатологиялық қажеттіліктерінің көрінісі. Басқа мысал ретінде Сталин өлімінен кейін Кеңес Одағы өміріндегі өзгерістерді айтуға болады. Егер террор кеңес қоғамының не басқарудың кеңестік жүйесінің ажырамас белгісі болған жағдайда Сталиннің өлімінен кейін террор деңгейінің күрт төмендеуін түсіндіру қиынға соғатын еді. Жоғарыда айтылғандар сталиндік дәуірде Кеңес Одағындағы саяси оқиғаларға Сталин тұлғасынан басқа да факторлардың ықпал ету мүмкіндігін жоққа шығармайды. Бірінші дүние жүзі соғысы, 1917 жылғы революция және азамат соғысы нәтижесінде әлеуметтік хаос қалыптаспаған жағдайда Сталиннің «топ жарып шығуы» екі талай еді. Оған өз еркіне бағындырылған бюрократиялық аппарат қажет болды және ол оны бірте-бірте қалыптастыра алды...Ол халықпен өзара әрекеттесетін, үркітіп-қорқыту мен сөз жеткізудің әр түрлеріне жұмсауға келетін тиімді полицейлік күшке мұқтаж болды. Және ол диктаторлық табиғатының ішкі қажеттіліктерін іске асыру үшін қажетті бұл және басқа құраушы элементтерге қол жеткізді. Оның өлімінен соң оның тұлғасы әрекеттегі фактор болудан қалды. Сыртқы құраушылар сақталғанымен Сталин тұлғасы жоғалды. Такер бұл орайда Гирштің «тарихи дәуірдің құпия сырын бір индивидтің рухани әлемі арқылы ашуға қызығу» дегенімен келіседі. 1929 жылдан 1953 жылға дейінгі кезең «сталин дәуірі» деп тек аталмаса керек [2,29-31].

Д. Ранкур-Лаферьер ересек Сталин бойында нарциссизм, социопатия, даңққұмарлықтың болғанын айтып, оның дамуының негізгі себебі бала Сосоның физикалық кемістіктерінен гөрі оның ата-анасымен арадағы қатынастарына байланысты болды деп есептейді. Бұл орайда зерттеушіге А. Адлердің индивидуалды психо-

логиясынан гөрі З. Фрейдтің психоаналитикалық көзқарастары жақын. А. Адлер теориясына сәйкес дене кемістіктері негізінде пайда болатын жасқаншақтық тұлға дамуы мен ересек адам мінезіне тән ерекше қасиеттердің қалыптасуының қажетті түрткі болып табылады. Ары қарай ойын былай деп жалғастырады: «...әкесіне деген қатты өшпенділік қоғам басқару не қоғам ішінде өз рөлін атқарып, әлеуметтік объектілер болып табылатын патша және капиталистерге қарсы бағыт алуы ықтимал. «Символизация үрлістері» көмегімен «әдеттегі жеке әрекеттер» «қашықтықтағы әлеуметтік объектілермен» байланысты болып шығады». Гарольд Д.Лассуэлл [7] саяси мінезкүлық «жеке» мүдденің көрінісі деп тұжырымдайды. «Саяси» қайраткер қоғамдық мүдде үшін әрекет етіп жатырмын деп ойлап, өз әрекеттерін логикалық негіздеуге тырысады. Шындығында, ол, туған отбасы мүшелеріне қатысты қатынастар негізінде қалыптасқан, жеке, «бастапқы» себептері негізінде әрекет етеді. Бұл «жеке өзіне байланысты себептермен отбасы объектілерінен қоғам объектілеріне ауыстырылуы».

30-жылдардағы жазалауларға байланысты үрдістерді зерттеуші Сталиннің өзін үнемі аңдып жүргендігін сезінгендіктен (бұл үрдістердің басқа да, мысалы, партиядағы келіспеушіліктер немесе Сталиннің өз бағынушыларын неғұрлым қатаң бақылауға алуға ұмтылуы себептері болғандығы сияқты себептері жоққа шығарылмайды) деп қарастырады. Бұған қатысты Такер «...үрдістер жаппай жазалау логикалық негізделуінің саяси символы ғана емес, сонымен бірге Сталиннің паранойялық санасын логикалық тұрғыдан ақтаудың психологиялық символы рөлін атқарды... Сталиншіл тәртіп пен Сталиннің өзін күртуды көздеп бетперде жамылған көптеген жауларға толы Үлкен Тазарту және онымен байланысты үрдістер әлемін Сталиннің ойдан шығарған әлемі. Сталиннің басқаруымен ПХК (Ішкі істер халық комиссариаты – А.С.) Вышинский және басқалардың көмегімен бұл әлемнің шындығын растау үшін көптеген кеңес азаматтарын қамауға алып, оларды жау ретінде кінәні өз мойындарына алуға мәжбүрлеп, көпшілік алдында ұйымдастырылған үрдістерде оппозиционерлер бет-перде жамылған жау, сатқын деп айыпталды» [8,71]. Яғни, бүкіл басқару жүйесі басты тақырып – үлкен қастандық пен кекті псевдоқауымдастық – «оңшылдар мен троцкистер одағы» идеясына негізделген паранойялық желікпе жүйе ретінде қарастырылады.

А.А. Медведев Сталиннің даңққұмарлығына қатысты мына бір фактіні келтіреді. 40-жылдардың ортасында Грузин Православие Шіркеуінің католикосымен әңгімесінде Сталиннің одан «Сіз кімнен көбірек қорқасыз – менен бе әлде Құдайдан ба?» деп сұрағаны бар. Шіркеу қызметкері абдырап, жауап қата алмады. Сонда Сталин «Мен Сіздің менен көбірек қорқатыныңызды білемін, әтпесе менімен кездесуге қарапайым адамның киімін киіп келмес едіңіз» деген еді [9,2]. Яғни, Сталин өзін Құдаймен қатар қойып отыр. Енді бірде өзін құдайға қатысты бағынышты сипатта байқатқаны жөнінде У. Харриман Сталиннің 1942 жылы Уинстон Черчилльдің бір сұрағына «Өткен өтті. Кешірім беретін мен емес. Құдай кешірер» [10,161] деген жауабын мысалға жазады.

Еңбекте Д. Ранкур-Лаферьер Гитлер мен Сталин арасындағы ұқсастықтарға баса назар аударады. Зерттеуші екеуінің де диктатор болғандарын, темірдей тәртіпті талап еткендерін, империялық шамданушылықты иеленгендерін, өздерінің саяси достары және жауларының көздерін жауыздықпен және аямай жойғандарын атап өтеді. Сонымен бірге Германияның КСРО-ға қарсы соғысқа тыңғылықты дайындалғанын анықтайтын фактілердің болғанына қарамастан Сталиннің Гитлерге сенуін зерттеуші оның өзін «агрессормен көзсіз теңестіруі» деп түсіндіреді. Бұл Сталиннің Кеңес Одағының экономикалық және әскери қуатын едәуір әлсіреткен әрекеттер жасауға себеп болды деп бір ойын түйеді [2,32].

Зерттеушінің Сталиннің саяси әрекетінің бейсаналы себептеріне қатысты пікіріне тоқталсақ. Тианның практикалық іс-әрекетіндегі қорғанудың психологиялық тетіктерінің рөлі туралы көптеген пайымдаулар қызығушылық тудырады. Олар адам психикасының тереңіне үңіліп, билік басына келген тұлғаның ойлауы мен мінез-құлқына ықпал ететін психикалық үрдістердің қалыптасуының күрделі динамикасын түсінуге жәрдемдеседі [3]. Зерттеуші Джиластың айтуынша «Сталин билікке an und für sich (өзімен өзі – А.С.) сенді...». Троцкий «спортсмендер бұлшықеттерін жаттықтырған іспетті өз еркін дағдыландыру қалауы, оны басқаларға таңу – оның [Сталин] тұлғасының басты қозғаушы күші болды» деген пікірді ұстанды [11,336]. Медведев тұжырымы бойынша билікке күштарлық Сталин тарапынан іске асырылған қылмыстардың негізгі себебі болды. Психикалық талдауды сынаушы Чалидзе де Сталиннің 1925 жылдан кейін қылмыстық мінез-құлқының негізінде билікке күштарлық

жатуы мүмкін деген ой айтты. Сталиннің, әсіресе 20-жылдары, билікке күштарлығын аса атап айтпайтын Такер 30-жылдары және одан кейін «Сталиннің толық бақылау мен басқару қалауы» жөнінде сөз қозғайды. Бұл қалауы нәтижесінде Сталин құрған бюрократиялық аппаратта бақылауға алынбаған бірде-бір адам қалмады: [Сталин] Хатшылығы мемлекет ішіндегі мемлекетке, Партия ішіндегі партияға айналды [2,48-49]. Сталин мінезінің тағы бір маңызды құрауышы кекшілдік болатын. Оның көптеген құрбандары Троцкий, Смирнов, Енукидзе, Тухачевский, Бухарин және басқалар ертеректе оны қалайда бір ренжіткендер. Жас-өспірім шақтың өзінде оны кек қайтару ойы билеп алған-ды... Партиялықтар арасында Сталиннің «тәтті кек» теориясы деген атпен таңрады [2,51].

Зерттеуші еңбегін Сталин тұлғасының сырт жақтарын, оның паранойя (клиникалық паранойядан бөлек – А.С.), даңққұмарлық, билікке күштарлық, кек сақтау, өз-өзін бақылау т.б. сипаттағаннан бастап, ары қарай жасанды қарапайымдылық, балаларды ренжітуге бейімділік сияқты басқа да қасиеттері туралы жазады. Зерттеуші анықтауы бойынша, тұлғаның бұл қасиеттері мен қырларының негізінде күрделі психологиялық үрдістер жатыр. «Менің ойымша, Сталиннің негізгі кемшіндік санасы бала кезінен басталған, ата-анасының оған деген қатынастың әр түрлі болуымен байланысты. Хорни теориясына сүйеніп, Такер Сталиннің басқаларға деген өшпенділігі оның, қорғану мақсатында сыртқа бағытталған, өз-өзіне деген өшпенділігі болып табылатындығын айтады. Онтогенетикалық тұрғыдан Сталин ең алдымен, әкесінің өшпенділігін сыртқа бағыттаған, себебі өзін агрессор әкесіне теңеген... Такер көрсеткендей, анасы Сталиннің өзін идеалды бейне ретінде қабылдауының қалыптасуына ықпал етті. Бірақ өзінің бұл бейнесі өзіне деген жеккөру сезімімен үйлеспеді. Ішкі шиеленіс орнап, бұның нәтижесінде билікке деген күштарлыққа әкеліп соқты: «билікке үмтылуды тұлғаның өз-өзіне деген төмен бағасының компенсаторлық реакциясы (әсіресе, ол өз-өзіне деген жоғары бағалаумен қатарлас жағдайда) ретінде түсіну қажет... Қарапайым сөзбен айтсақ, Сталиннің анасы оны шексіз жақсы көрді, ал әкесі жек көрді. Анасы бала Сосоның бойында өз-өзін аса жоғары бағалайтын, ұнамды бейнені қалыптастырса, әкесінің жағымсыз қатынасы, керісінше, оған

нұқсан келтірді. Ата-анасының ұлымен қатынастарында үйлесім болған жоқ. Содан есейе келе Сталин эмоционалды тұрғыдан екі шек арасында болды: бір жағынан ол өзін құдайға теңеді, ал екінші жағынан, өзін жек көрді. Тұлғалық алғашқы қыры нарцисстік жеке басқа табынуды орнатқаннан көрінсе, екіншісі жазалау науқанын іске асыру, өшпенділігін сыртқа бағыттау арқылы байқалды... Жеке басқа табыну мен сталиндік жазалаудың Кеңес Одағында қатар жүруі Иосиф Сталин психикасында бұны туғызған сезімдердің қатар жүруімен байланысты болды» [2,181-183], – деп түйеді. Кезінде А.С. Макаренко «Педагогикалық поэмада» тұлға ақаулығының оған деген қатынастың ақаулығымен байланысты екенін [12] атап өткен.

Тарихшы Питер Гейдің «Кәсіби тарихшы – психолог, бірақ қызығушы әуесқой психолог» («Профессиональный историк всегда психолог, но психолог-любитель») [13,6] деп айтқаны бар. Психоанализ бұл кәсіпқойсыздыққа жол бермеу әдісін ұсынады, және ішкі түйсікті өмірбаяндық, тарихи мақсатта пайдалануға жәрдемдеседі. Осының барлығы дәстүрлі көзқарасты ғалымдар үшін сталин кезеңін зерттеуде жаңашылдық ретінде көрінгенімен, психикалық талдау саласының мамандары үшін бұл жаңашыл дүние емес. 80-жылдары жарық көрген Д. Ранкур-Лаферьердің еңбегіндегі бірқатар ой-тұжырымдары бүгінгі күн тұрғысынан сын көтермейтін немесе қайшылықты болуы мүмкін. Бұл орайда, әрине зерттеушінің көзқарасының субъективтілік деңгейі, зерттеу барысында дереккөздердің тартылуы мен олардың шынайылық деңгейін (кеңес кезеңіне қатысты көптеген мұрағат құжаттары қол жетімді болмағанын; бірқатар құжаттардың қолдан жасалғанын, т.с.с.) ескеру қажет. Бұл жөнінде зерттеуші: «Сталин өміріне қатысты көптеген фактілер күпия болды. Кейбір іздерді табу да мүмкін емес шығар. ҰҚК (Ұлттық қауіпсіздік комитеті – А.С.) мұрағатында ненің бар, ненің жоқ екенін тек болжап айтуға болады. Бұдан басқа жалған ақпарат мәселесі де бар. Сталин өмірбаяны жөніндегі кейбір деректер қолдан жасалынған болып шықты» [2,22]. Дегенмен психоаналитикалық зерттеудің кейбір нәтижелері тарихшы ғалымға Сталиннің қоғамның әр саласындағы іс-әрекетінің мәнін ашып-түсінуге біртабан жақындауға мүмкіндік беріп, және де, зерттеу мәселесін дәстүрлі көзқарастан бөлек қарап, методологиялық негізде салыстыруға мүмкіндік береді.

## Әдебиеттер

- 1 Prince C. A psychological study of Stalin // *Journal of social psychology*. 1945. № 22; Feldman A. B. Stalin: Red lord of Russia, 1879-1953. Philadelphia, 1962; Bychowski G. Dictators and disciples: From Caesar to Stalin. N.Y., 1969; Fromm E. The anatomy of human des! N.Y., 1973; Rappaport E. Anti-Judaism: A psychohistory. Chicago, 1975; Pomper P. Necaev, Lenin and Stalin: The psychology of leadership // *Jahrbucher fur Geschichte Osteuropas*. 1978. № 26.
- 2 Ранкур-Лаферрьер Д. Психика Сталина: психоаналитическое исследование. Пер. с англ. Т. Е. Астаховой, М.Е. Озеровой. Общ. редакция В.М. Лейбина. М.: Прогресс-Академия, 1996. – 240 с.
- 3 Даниель Ранкур-Лаферрьер. Психика Сталина: Психоаналитическое исследование. Психоаналитический портрет тирана. [Электронный ресурс]. Режим доступа: [mosmediator.narod.ru/index/0-1005](http://mosmediator.narod.ru/index/0-1005).
- 4 Russian literature and psychoanalysis / D. Rancour Laferriere. Amsterdam / Philadelphia, 1989.
- 5 Ранкур-Лаферрьер Д. Указ.соч. С.23; также см. [Электронный ресурс]. Режим доступа: [psychol-ok.ru/lib/rancour-laferriere/ps/ps\\_01.html](http://psychol-ok.ru/lib/rancour-laferriere/ps/ps_01.html).
- 6 Tucker ft. C. Stalin as revolutionary, 1879-1929: A study in history and personality. N.Y., 1974.
- 7 Lasswell Harold D. Psychopathology and politics. University of Chicago Press, 1986. – 358 p.; см.также Лассуэлл Гарольд Д. Психопатология и политика. Монография / Пер с англ. Т.Н.Самсоновой, Н.В.Коротковой. Серия «Антология зарубежной и отечественной мысли». – М.: Издательство РАГС, 2005. – 352 с.
- 8 Tucker R. C. The Soviet, political mind: stalinism and post-stalin change. N.Y., 1971.
- 9 Medvedev A.A. On Stalin and stalinism. – Oxford, 1979.
- 10 Harrlman W. A., Abel E. Special envoy to Churchill and Stalin 1941-1946. N.Y., 1975.
- 11 Trotsky L. Stalin: An appraisal of the man influence. N.Y., 1946.
- 12 Часть компонентов педагогического процесса, неявляющихся... [Электронный ресурс]. Режим доступа: [pedagogic.ru/books/item/f00/s00...st068.shtml](http://pedagogic.ru/books/item/f00/s00...st068.shtml).
- 13 Gay P. Freud for historians. – New York, 1985.

## References

- 1 Prince C. A psychological study of Stalin // *Journal of social psychology*. 1945. № 22; Feldman A. B. Stalin: Red lord of Russia, 1879-1953. Philadelphia, 1962; Bychowski G. Dictators and disciples: From Caesar to Stalin. N.Y., 1969; Fromm E. The anatomy of human des! N.Y., 1973; Rappaport E. Anti-Judaism: A psychohistory. Chicago, 1975; Pomper P. Necaev, Lenin and Stalin: The psychology of leadership // *Jahrbucher fur Geschichte Osteuropas*. 1978. № 26.
- 2 Rankur-Laferrier D. Psihika Stalina: Psihoanaliticheskoe issledovanie. Per. s angl. T.E. Astahovoy, M.E. Ozerovoy. Obsh.redakciya V.M.Leibina. M.: Progress-Akademiya, 1996. – 240 s.
- 3 Daniel Rankur-Laferrier. Psihika Stalina: Psihoanaliticheskoe issledovanie Psihoanaliticheskij portret tirana. [Elektronnyy resurs]. Rezhim dostupa: [mosmediator.narod.ru/index/0-1005](http://mosmediator.narod.ru/index/0-1005).
- 4 Russian literature and psychoanalysis / D. Rancour Laferriere. Amsterdam / Philadelphia, 1989.
- 5 Rankur-Laferrier D. Ukaz.soch. S.23; takzhe sm. [Elektronnyy resurs]. Rezhim dostupa: [psychol-ok.ru/lib/rancour-laferriere/ps/ps\\_01.html](http://psychol-ok.ru/lib/rancour-laferriere/ps/ps_01.html).
- 6 Tucker ft. C. Stalin as revolutionary, 1879-1929: A study in history and personality. N.Y., 1974.
- 7 Lasswell Harold D. Psychopathology and politics. University of Chicago Press, 1986. – 358 p.; sm. takzhe Lassuel Garol'd D. Psihopatologiya I politika. Monografiya / Per. s angl. T.N. Samsonovoy, N.V. Korotkovoy. Seriya «Antologiya zarubejnoj I otechestvennoj mysli». – М.: Izdatel'stvo RAGS, 2005. – 352 s.
- 8 Tucker R. C. The Soviet, political mind: stalinism and post-stalin change. N.Y., 1971.
- 9 Medvedev A.A. On Stalin and stalinism. – Oxford, 1979.
- 10 Harrlman W. A., Abel E. Special envoy to Churchill and Stalin 1941-1946. N.Y., 1975.
- 11 Trotsky L. Stalin: An appraisal of the man influence. N.Y., 1946.
- 12 Chast' komponentov pedagogicheskogo processa, neyavlyayushihya... [Elektronnyy resurs]. Rezhim dostupa: [pedagogic.ru/books/item/f00/s00...st068.shtml](http://pedagogic.ru/books/item/f00/s00...st068.shtml).
- 13 Gay P. Freud for historians. – New York, 1985.

ӘОЖ 94(570)2

О.Х. Мұхатова

тарих ғылымдарының докторы,  
өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры  
Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: Orazgul7@rambler.ru

### Талдықорған қаласының тарихынан

Мақалада Талдықорған қаласының ортағасырлардан басталатын тарихы баяндалады. Автор археолог ғылымдардың ғылыми тұжырымдарына сілтеме жасай отырып, Жетісудың солтүстік-шығысында, Ұлы Жібек керуен жолдарының бойында орналасқан Талды қалашығының, яғни елді мекенінің құрылуын IX ғасырға жатқызады. Қадырғали Жалайырдың, Мұхаммед Хайдар Дулаттың, Муин ад-дин Натанзидің еңбектеріне сүйене отырып, Талды елді мекенінің орналасқан жерін негіздейді. Мұрағат құжаттарының негізінде 1867 жылы Қапал әскери округі құрамында, Ресей империясының отарлау саясатын күшейту мақсатында құрылған Гаврилов селениесінің тарихы көрсетілген. Автор XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде аймаққа танылған Гавриловтың село және Қапал уезінің орталығы ретіндегі мәртебесін анықтаған. Ол өзіндік экономикалық, мәдени және демографиялық жағдайды иеленді. Селода бірнеше ұсақ өнім өндіретін кәсіпшіліктер, шіркеу, мешіт, нан сағатын дүкен, алпыс төрт сауда лавкалары, алты ұстахана, үш асхана, етік тігетін шеберхана және темір балкыту үйі, үл балаларға арналған бір училище болған. Талдықорғанның кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы тарихы баяндалады. Талдықорғанның Алматы облысының орталығы ретіндегі дамуы көрсетілген. 1967 жылы 23 желтоқсанда Жетісудың экономикасы және инфрақұрылымын дамыту мақсатында Талдықорған қаласы облыс орталығы болды. Талдықорған аймақтың экономикалық, мәдени, білім беру орталығы ретінде дамыды. 1997 жылы әкімшілік-аумақтық қайта құруларға байланысты Талдықорған облысы таратылды және 2000 жылдың 14 сәуірінде Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласына көшірілді.

**Түйін сөздер:** қала, елді мекен, Ұлы Жібек жолы, археологиялық және жазба деректер, төрткөл, Талды, Гаврилов, Талдықорған, облыс орталығы.

О.Х. Мухатова

#### Из истории города Талдыкорган

В статье прослеживается история города Талдыкорган начиная средневековья до наших дней. Автор, ссылаясь на научные выводы археологов, определяет появление поселения Талды, расположенного на северо-востоке Жетысу, вдоль караванной дороги Великого Шелкового пути, и относит его IX веку н.э. Ссылаясь на труды Кадырғали Жалаири, М.Х. Дулати, Муин ад-дин Натанзи, обосновывает местонахождение поселения Талды. На основе архивных документов показана история селения Гаврилова, образованного в 1867 году в составе Капальского военного округа, в целях усиления колониальной политики Российской империи. Автором определен его статус как села и центра Капальского уезда, который в конце XIX – в начале XX века стал известным в округе. Оно имело хозяйственное, культурное и демографическое положение. В селе работало несколько мелких перерабатывающих предприятий, церковь, мечеть, хлебный магазин, шестьдесят четыре торговых лавки, шесть кузниц, три харчевни, портяжную мастерскую и литейный дом, одно училище для мальчиков. Излагается история Талдыкоргана в первые годы советской власти. Показано развитие города Талдыкорган как областного центра Алматинской области. В 1967 году 23 декабря в целях развития экономики и инфраструктуры Жетысу город Талдыкорган стал областным центром. Талдыкорган развивался как экономический, культурный, образовательный центр региона. В 1997 году согласно административно-территориальным преобразованиям была распушена Талдыкорганская область, и 14 апреля 2000 года центр Алматинской области был переселен в город Талдыкорган.

**Ключевые слова:** город, поселение, Великий Шелковый путь, археологические и письменные источники, торткуль, Талды, Гаврилов, Талдыкорган, областной центр.

O.H. Mukhatova

#### From the history of the city Taldykorgan

The article traces the history of the city Taldykorgana from the Middle Ages to the present day. Author referring to the scientific conclusions of archaeologists Taldi determines the appearance of settlements in the north-east Zhetisu along the caravan route of the Silk Road, and assigns it the IX century AD. Referring to the works of Kadyrғali Zhalairi, MH Dulati Muin al-Din Natanzi justifies the location of settlements Taldi. On the basis of archival documents shows the history of the village Gavrilova, formed in 1867 as part of Kapalskaya Military District, in

order to strengthen the colonial polotiki Russian Empire. The author defined its status as the center of the village and Kapalskaya County, who in the late XIX - early XX century was known in the district. It had the economic, cultural and demographic situation. In the village worked several small-scale processing enterprises, the church, a mosque, a grain store, retail shops shestdesyat four, six forges, three taverns, portyazhnyu workshop and foundry house, one school for boys. The history Taldykorgana in the first years of Soviet power. Shows the development of the city Taldykorgana as the regional center of Almaty region. In 1967, December 23 in order to develop the economy and infrastructure Zhetisu Taldykorgan became a regional center. Taldykorgan developed as an economic, cultural, educational center of the region. 1997 according to the administrative-territorial reforms was disbanded Taldykorgan area and April 14, 2000 Center of Almaty region was resettled in the city of Taldykorgan.

**Keywords:** city, settlement, the Great Silk Road, the archaeological and written sources, tortkul, Taldi, Gavrilov, Taldykorgan, center of region.

Әрбір елдің дамуы мен әлемдік өркениетте алатын өзіндік орны мен ерекшеліктері болатындығы даусыз. Олардың біреуі мемлекеттің экономикалық дамуынан, екіншілері саясатының үтқырлығынан, үшіншілері мәдениеті мен дәстүрлерін ұстануынан, төртіншілері мәдени мұрасын сақтап, кемел келешекке шашау шығармай қалдыруынан анық көрінеді, бесіншілері туған өлкесінің тарихын зерделеп, ұрпағына өз елі мен жерінен артық ешнәрсе жоқ екендігін қадай түседі. Мәселен, Ресей Федерациясында туған өлкені тануды былай қойғанда, Мәскетану ғылыми орталығы әлдеқашан ашылып, орыс елі ордасының тарихын тау-тау етіп жазып, жариялап, ұрпағының санасына сіңдіріп жатыр. Әлем елдерінің тәжірибесі дәлелдеп отырғандай, ертеңін ойлаған мемлекет қана өз тарихына көз жүгіртіп қана қоймай, оған барынша мән беріп, болашағын бағамдайды.

Жетісу өлкесінің бір бөлшегі болып саналатын Талдықорған өңірінің тарихы бай. Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихының үштен бір бөлігі ғана зерттелді десек қате айтпаған болар едік. Шет елдік ғалымдар төл тарихымызға аса қызығушылық тудырып жатқанда біз туған жеріміздің өткенін зерттеуге құлшыныс таныта алмай келеміз. Мұның өзі тарихи санамыздың әлі де болса баяу жетіліп келе жатқанын хабар береді. Оның үстіне тарихи санаға түрткі әрі мұрындық і болатын мемлекеттік идеология да қалыптаспай тұр. Олай дейтініміз мемлекеттік немесе ұлттық идеология болмайынша тарихи сананың да болуы мүмкін емес. Ұлттық идеология өзін өзі таныған ұлт бар жерде ғана дүниеге келеді. Сондықтан да біздер алдымен өзімізді өзіміз тануымыз қажет. Өзін өзі тану дегеніміз төл тарихымызды, туған өлкенің бай мұрасын терең білу, шынайы зерттеу, өткенді құрметтеу.

Туған өлкенің, соның ішінде Талдықорған қаласының тарихы туралы айтатын болсақ, зерттеулерді былай қойғанда мардымды ғылыми мақалалардың өздері де дүниеге кел-

мепті. Десек те оның да өзіндік себептері болуы мүмкін. Талдықорған қаласының өткені турасында сөз қозғау қиын әрі күрделі болса да біраз мәселені көршіліктің назарына ұсынды жөн көрдік.

Бірқатар зерттеулерді зерделей отырып, Талдықорған тарихы ортағасырлардан бастау алады деген тұжырымға келдік. Себебі археолог мамандардың зерттеулерінше, ортағасырларда Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігінде қазіргі Қаратал өзенінің сол жағалауында, бүгінгі Талдықорған қаласының батысына қарай Талды деп аталған қалашық, ғылыми тілмен айтсақ, қоныс - елді мекен болған [1. 34]. Қалашық ортағасырлардағы қала типтес төртбұрышты болып салынып, қабырғалармен қоршалған. Мұндай ортағасырлық қалалар ғылыми әдебиеттерде «цитадельсіз» немесе «төрткөл» деп аталады, өйткені олар төртбұрышты болып салынған. Мұндай құрылым сол кездегі барлық қалалар мен қалашықтарға тән болған. Себебі ол жергілікті «төрткөл» терминіне және жазба деректерде сипатталғандай, көне түркілердің, соның ішінде оғыздардың, қимақтардың қалалары мен елді мекендеріне сәйкес келеді [1. 59]. Жетісудың солтүстік-шығысындағы, дәлірек айтсақ, Жоңғар Алатауы, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Тентек өзендері аңғарларындағы қалалар мен елді мекендер қимақтардың иелегінде болған. Қимақтар бұл елді мекендерді Жетісу мен шығыс Түркістан аралығында орналасқан, сондай-ақ Ферғана-Жетісу, Алтай және Ертіс өңірін байланыстырған трансазиаттық сауда жолдары бойында арнайы салған [1.100]. Археологиялық зерттеулер дәлдегендей, Ұлы Жібек жолының екі бағыты осы Жетісу жері арқылы өткен. Біріншісі Іле аңғары арқылы болса, екіншісі Быжы және Мұқыры өзендері бойымен өтіп, Көксу жазығы арқылы Дүнгене қалашығына жетіп отырған. Дүнгене қазіргі Талдықорған қаласына жақын маңдағы ауданда орналасқан. Одан кейін жол Қаратал арқылы Айнабұлақ жерлеріне қарай созылған. Осы жерде жол тағы да екі тармаққа

бөлінген. Бір тармағы, ол оңтүстігі деп аталды, Қапал және Арасан тау жоталары арқылы өтіп, осында орналасқан қалашықтарды байланыстырып, ары қарай Сағабиен қалашығын басып, Қойлық қаласына барып тірелген[1.104]. Осы оңтүстік жол арқылы XIII ғасырда Плато Карпини Абакумов асуын асып, Ақсу, Сағабиен жерлерін басып, Қаратал өзені аңғарындағы қалашықтар арқылы моңғол мемлекетіне сапар шеккен деген тұжырым бар. А.И. Бернштамның пікірінше, Қапал және Талдықорған жерлеріндегі елді мекендер арқылы Рубрук те Қарақорымға арнайы тапсырмамен барып қайтқан[1.104-105].

Ал Талды қалашығы орналасқан Қаратал өзені турасына келер болсақ, ол туралы да жазба деректерде айтылады. Тұңғыш рет Қаратал өзені Қадырғали Жалайырдың дерегінде 1364-1376 жылдардағы оқиғалармен байланысты айтылады. Бұл кезде Жетісу Ұрыс ханның тұсында Ақ Орданың құрамына енген[2]. Бұдан өзге Муин ад-дин Натанзидің «Аноним Искандера» деп аталатын еңбегінде «Ұлытау өңірі» ... Қараталдан Түйсенге дейін, Женд, Жаркентке дейінгі өлкені алып жатты» деп жазылған[3]. 1490 жылы Әмір Темір әскері Іле, Қаратал беткейлерімен, Ішкі Қаратал, Ішкі Бошна арқылы Моғолстан жерлеріне басып кіргендігі жайлы да деректер кездеседі[4]. Мұхаммед Хайдар Дулат «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Қаратал өзенін Моғолстанның солтүстік шекарасы ретінде Көкше теңіз, яғни Балқаш көлімен бірге атап көрсеткен[4]. Аталмыш деректе Қасым ханның 1512 жылы Бұрындықтан бөлініп кеткеннен кейін Қаратал өзені бойында қыстағаны туралы жазылған[5. 223]. Қаратал атауы жерді сипаттаумен байланысты, ол «жиі бөктерлер», «жиі беткейлер» дегенді білдіреді[6].

Патшалық Ресейдің қазақ жерлерін «бөліп ал да билей бер» деген принципке негізделген отарлау саясатының барысында округтер құрылды. Осы кезде 1841 жылы Қапал уезі пайда болды. 1854 жылы Жетісу облысын басқару туралы Ереже қабылданып, ереже негізінде Қапал әскери округі құрылған. Әскери отарлауын күшейту мақсатында бірнеше елді мекендер қалыптастырылып, олар Қапал уезінің құрамына енгізілді. 1867 жылы Қапал қаласынан Сібір казактары полкінің штаб-квартиралар құрылып, Гаврилов, Луговой, Попутненский тәрізді бірқатар қоныстанушылар селениелері салынды[7]. Бірте-бірте өңірге қоныстанушылар легі ағылып, бұл үдеріс шаруалар отарлауы кезінде күшейді. Ресей импе-

риясының Жетісу өлкесін басқаруға қатысты 1891 жылы 25 наурызда қабылдаған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы», Қазына жерлеріне қоныс аудару, Қоныс аудару Басқармасының қызметіне қатысты ережелердің, 1905 жылы құрылған Жетісу Қоныс аудару ісіне қатысты заңдар мен өкімдердің негізінде [8] Гаврилов, Троицк, Луговой және т.б. селениелер мен казак станицаларының патша өкіметінің әлеуметтік тірегі ретіндегі рөлі артты. Сөйтіп, Гаврилов әскери казак бекеті түрінде құрылып, шаруалар отарлауының барысында демографиялық және экономикалық жағынан айтарлықтай өсті. Алайда Қазақ совет және Қазақстанның ұлттық энциклопедияларында «Талдықорғанның іргесі 1869 жылы Верный-Қапал жолы бойында қаланды. Алғашқыда ол Гавриловка деп аталды»[9] деп көрсетілген. Бұл мәлімет Гавриловтың селение ретінде өзгелерге танымал бола бастағанымен байланысы болар деп санаймыз. Ал Гавриловка деп аталуына келетін болсақ, бұл көпшілік тұрғындардың берген атауы, себебі Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысында құрылған селениелер мен станицалардың атауларына «ка» жалғауын жалғап айту дәстүрге айналып кеткен. Мысалы, Антоновка, Дмитриевка, Черемшановка, Георгиевка және т.б.

Мұрағат құжаттары да Гавриловканың 1869 жылы құрылғандығы туралы мәлімет береді. Талдықорған мемлекеттік мұрағатының бөлім меңгерушісі З. Ибрагимов: «... Было не село, а селение. И не Гавриловка, а Гавриловское, которое ведет свою историю с 1869 года, когда вблизи зимовья Кстау налевобережье р. Каратал прибыли первые переселенцы из числа алтайских казаков и воронежских крестьян, в том числе и ссыльных, которые сумели за год отстроить 317 подворий, церковь, мечеть, хлебный магазин, шестьдесят четыре торговых лавки, шесть кузниц, три харчевни, портяжную мастерскую и литейный дом. Полноводная и чистая река Каратал обеспечивала людей водой и рыбой, которая исстари во множестве водилась в ее верховьях»[10] деп айтқан. 1870 жылы Гавриловтың тұрғындары 2886 адамды құраған[10]. Бұл көрсеткіш тек тұрғындардың үштен екісін ғана қамтыған, себебі XIX ғасырдың екінші жартысында он бес жасқа толмаған балаларды есепке тіркемеген. Оның үстіне тұрғындар есебін дәйектейтін құжаттардың, дәлірек айтсақ шіркеу-приход кітаптары жойылып кеткен.

Гаврилов ұсақ кәсіпшілікпен: үн тартатын, май шайқайтын, тері илейтін, т.б. айналысатын

селение ғана емес мәдениет ошағы ретінде де дамыған. Оған дәлел мұрағат құжаттары. Оларда былай делінген: «Первое учебное заведение было открыто в Гавриловском в 1908 году, это было училище для мальчиков, которых в течение одного года обучали азам грамматики и арифметики. Что примечательно, в качестве педагогов выступали наиболее образованные купеческие жены и ссыльные из среды революционно настроенной интеллигенции» [10]. 1914 жылы ең алғашқы «Гавриловский листок» деп аталған қолжазба түріндегі газет шыққан.

1910 жылғы Қапал уезіндегі ауыл шаруашылығы негізінде Статистикалық партияның зерттеуі барысында Гаврилов село ретінде тіркелген. Осы жылы Қапал уезінің орталығы Талдықорған, яғни Гавриловка селосына ауыстырылды. Оның құрамына Ақешкі, Ақсу, Балғалы, Таулы, Жалайыр, Ескелді, Іле-Балқаш, Қаратал, Қапал, Қоғалы, Күшік, Луговой, Троицк, Тұлымбет, Оңтүстік Балқаш болыстары кірген [11]. 1910 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша уезде 179 487 адам тіркелген, соның ішінде қазақтар саны 175 999 адамды құраған. Уезд тұрғындары өңір табиғатының қолайлығы, шөбінің шүйгіндігіне байланысты мал шаруашылығымен айналысты. Табиғат жағдайлары егіншілікті дамытуға да қолайлы болғанымен мал шаруашылығы басты рөл атқарды [12]. Ұсақ кәсіпшіліктер жұмыс істеп, тұрғындардың сұранысын қанағаттандырды.

1917 жылғы қазан төңкерісінің жеңісінен кейін барлық қазақ даласындағыдай 1918 жылдың наурызында өлкеде және Гавриловкада жергілікті казак әскерлерінің қарулы қарсылық көрсетуіне қарамастан кеңес өкіметі орнатылды. Түркістан Орталық атқару комитетінің 1922 жылдың 2 сәуіріндегі қаулысына сәйкес Гавриловка елді мекенінің ежелгі тарихи атауына байланысты Талдықорған болып өзгертілді. Кеңес өкіметінде жүргізілген ең алғашқы социалистік қайта құрулар Талдықорғанды айналып өтпеді. Ұсақ кәсіпорындар салынып, кооперативтер мен артельдер жұмыс істеді. Талдықорғаннан алыс емес жерден Түркістан-Сібір темір жолының салынуы оның экономикасының дамуына игі ықпал етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында елдің саяси және экономикалық жағдайына байланысты 1944 жылы 16 наурызда Қазақ КСР ОАК Талдықорғанды ресми түрде қала және облыс орталығы ретінде жариялады [9.530]. Осы кезде қала тұрғындарының саны 20 мың адамға жетті. Қала еңбекшілері негізінен ауыл шаруа-

шылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарында жұмыс істеді. Қалада 2 артель, колхоз орталықтары, МТС, сыра зауыты, наубайхана, 1 шағын электр стансасы, 2 бастауыш, 2 жеті жылдық мектеп, бір кинотеатр, бір мәдениет үйі ашылды. 1947 жылы Түркістан-Сібір темір жолынан Талдықорғанға жол тармағының тартылуы қала экономикасының одан әрі дамуына қолайлы жағдай жасады [9.530].

1956 жылы Талдықорғанда көпқабатты үйлер, мектептер салынып, мәдениет үйлері мен клубтар жұмыс істеді. 1959 жылы 6 маусымда аумағы Алматы облысының құрамына қосылуына байланысты облыс таратылды. 1963 жылы қалада 22 орта және ұсақ кәсіпорындар өнім өндірумен айналысты, оларда алты мыңнан астам жұмысшылар еңбек етті. 1967 жылы 23 желтоқсанда Жетісу өлкесінің экономикасын және өндіргіш күштерін дамыту мақсатында қала қайтадан Талдықорған облысының орталығы болып бекітілді. Жетпісінші жылдары қалада отызға жуық өнеркәсіп орындары: машина жасау, құрылыс материалдарын өндіру, қорғасынды аккумулятор зауыты, темірбетон бұйымдары, тігін және аяқ киім тігетін, жихаз жасайтын фабрикалар, баспахана, қант, жеміс-консерві зауыты жұмыс істеді. Сонымен қатар педагогикалық институт, бірнеше кәсіптік-техникалық және медициналық училищелер, индустриалдық, педагогикалық, мал дәрігерлік техникумдары мамандар даярласа, 20-ға жуық мектепте, балалар музыка және спорт мектептерінде, 2 мектеп-интернатында, 3 жұмысшы жастар мектебінде ұрпақ білім алып, 30 бала бақшада тәрбиеленді. Мәдениет сарайы, кинотеатрлар мен клубтар, кітапханалар, тарихи өлкетану және І. Жансүгіров мұражайлары, драма театры, филармония, стадион, баспа үйі, денсаулық сақтау орталықтары мен пункттері және т.б. қаланы орталық ретінде айшықтады. Қала өзінің таза ауасымен, жасыл желегімен, жайлы өмір салтымен ерекшеленді. Сондықтан да болса керек оны «зейнеткерлер қаласы» деп атады. 1989 жылы халық санағының ресми мәліметтері бойынша қалада 110 мың адам тіркелді. Олардың 61 пайызы славян ұлтының өкілдері болса, 32 % - қазақтар, қалғандары өзге ұлттың өкілдері еді [13].

1997 жылы Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық қайта құруларға байланысты Талдықорған облысы таратылып, аумағы Алматы облысына қосылды, қала облыс орталығы мәртебесінен айрылды. Мұның өзі қаланың құлдырауына әкелді. Тұрғындар саны

азайып, қаланың инфрақұрылымы күрт төмендеді. Қала тұрғындары жарықсыз, отынсыз, жылусыз кезеңді бастан кешірді.

2000 жылы 14 сәуірде Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласына көшірілді.

Қала қайтадан жанданып, шаруашылығы мен тұрмысы жаңғырды. Қазіргі кезде Талдықорған инфрақұрылымы жетілген, шағын және орта кәсіпшілігі дамыған, әкімшілік, білім, мәдениет орталығы болып табылады.

#### Әдебиеттер

- 1 Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. – Алматы, 2005.
- 2 Пищулина К.А. юго-Восточный Казахстан в середине XIV - начале XVI вв. – А-Ата, 1977. – С. 73.
- 3 Қинаятулы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана, 2004. - 179 б.
- 4 Мухаммед Наршаки. История Бухары. Перевод Лыкошина. – Ташкент, 1897. – С. 219.
- 5 Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата, 1974. – С.123-124.
- 6 Ежегодник Туркестанского края. Под. Ред. Н.А. Маева. – СПб., 1872. Вып. 1. – С. 142.
- 7 Сборник законов и распоряжений по переселенческому делу и по поземельному устройству в губерниях и областях Азиатской России (по 1 августа 1909 г.). – СПб.: изд. Переселенческого Управления, 1909.
- 8 Қазақ совет энциклопедиясы. 10 т. – Алматы, 1977. – 530 б., Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 8 т. – Алматы, 2006. – 197 б.
- 9 Ярополов А. Давно и недавно// Огни Алатау. 3 октября, 2009 год.– С.9.
- 10 Материалы по киргизскому землепользованию Копальский уезд. Сводная таблица статистических сведений о киргизском хозяйстве по административным аулам, волостям и уезду. – СПб., 1913. – С.312-348.
- 11 Туркестан. География и история края. Сост. М.В. Лавров. – М-Л., 1916. – С.71-72.
- 12 Абланова Э.А. Қазақтар динамикасы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасы. - Алматы, 1999. -119б.

#### References

- 1 Baypakov K.M., Savel'eva T.V., Chang K. Srednevekovye goroda i poseleniya Severo-Vostochnogo Zhetysu. – Almaty, 2005.
- 2 Pishulina K.A., yugo-Vostochnyi Kazakhstan v seredine XIV – nachale XVI vv. – A-Ata, 1977. –S. 73.
- 3 Qinayatuly Z. Qazaq memleketi zhane Zhoshy khan. – Astana, 2004. -179 b.
- 4 Muhammed Narshaki. Istoriya Buharyi. Perevod Lykoshina. – Tashkent, 1897. – S. 219.
- 5 Koichubaev E. Kratkii tolkovyi slovar' toponimov Qazakhstan. – Alma-Ata, 1974. – S. 123-124.
- 6 Ezhegodnik Turkestanskogo kraya. Pod. N.A. Maeva. – SPb., 1872. Vyp.1. – S.142.
- 7 Sbornik zakonov i rasporyazhenii po pereselencheskomu delu I po pozemel'nomu ustroistvu v guberniyah I oblastiakh Aziatskoi Rossii (po 1 avgusta 1909 g.). – SPb.: izd. Pereselencheskogo Upravleniya, 1909.
- 8 Qazaq sovet ensiklopediyasy. 10t. – Almaty,1977. – 530 b., Qazaqstan ulttyk ensiklopediyasy.
- 9 Yaropolov A . Davno i nedavno // Ogni Alatau . 3 oktyabrya , 2009 god.- S.9.
- 10 Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu Kopal'skiy uyezd . Svodnaya tablitsa statisticheskikh svedeniy o kirgizskom khozyaystve po administrativnym aulam , volostyam i uyezdu . - SPb , 1913 . - S.312 -348 .
- 11 Turkestan . Geografiya i istoriya kraya . Sost . M.V. Lavrov . - M -L, 1916 . - S.71.
- 12 Ablanova E.A. Kazaktar dinamikasy. Tarikh gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin dayyndalghan dissertatsiyanyn kolzhazbasy. - Almaty , 1999. - 119b.

ӘОЖ 94 (574.4):930

<sup>1</sup>М.Қ. Егізбаева, <sup>2</sup>Р.С. Жұматаев<sup>1</sup>Т.ғ.к., археология, этнология және музеология кафедрасының доценті  
Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: meguegiz@mail.ru

<sup>2</sup>археология, этнология және музеология кафедрасының 2-курс PhD докторанты  
Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: Rinat82.08@mail.ru

### Ру-тайпалардың Тарбағатай өңіріне қоныстануына байланысты мәліметтерге шолу

Қазіргі таңда белгілі бір аймақтың өткені мен бүгінін кешенді түрде зерттеу өте маңызды қадамдардың бірі. Өйткені бір шағын ауданды толыққанды зерделеп шығу арқылы ел тарихының кейбір көлеңкелі тұстарын ашып көрсетуге мүмкіндік туады. Осы мақала сондай бағытта және ғылыми жоба аясында орындалған ізденіс болып табылады. Мақала Тарбағатай өңіріне түрлі тарихи кезеңдерде қоныстанған ру-тайпаларға қатысты жазылған зерттеулер мен деректерге шолу жасауға арналған. Ежелгі замандарда түрлі тайпалардың көші-қон үдерістерінің орталықтарының бірі болған Тарбағатай өңірі кейінгі уақыттарда да өзінің аймақтық маңызын жоғалтпады. Оны біз осыған қатысты жазылған деректер мен зерттеулерден анық байқаймыз. Мәліметтерге қарағанда ортағасырларда Орталық Азияда орын алған саяси оқиғалардың салдарынан қарастырылып отырған өңірді әртүрлі саяси бірлестіктердің құрамындағы тайпалар мекендеді. Атап айтқанда, қуатты Түрік қағанатының орнауы, Шыңғысхан шапқыншылығы, Қазақ хандығының құрылуы және т.б. Қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың Тарбағатайдың теріскейіне оралуы XVIII ғасырдағы саяси оқиғаларға тікелей байланысты болды. XVIII ғ. екінші жартысының соңына қарай Тарбағатай мен Зайсан өңіріне найман тайпасының қаракерей, матай, дортуыл топтарына кіретін рулардың, он екі ата абақ-керейге кіретін рулардың, азын-аулақ аргындардың, уақтардың келіп орналасқандығын қолдағы бар мәліметтер көрсетіп отыр. Сол сияқты бұлардың арасынан Ұлы жүзге кіретін аздаған шанышқыларды, Кіші жүз алшындыларды, тамаларды кездестіруге болатын.

**Түйін сөздер:** Алтай, Тарбағатай, тайпа, найман, керей.

М.К. Егизбаева, Р.С. Жуматаев

#### Обозрение сведений о расселении родов и племен в Тарбагатайском регионе

В данное время комплексное изучение прошлого и настоящего определенного региона является важным ходом в науке. Так как полноценное исследование конкретного микрорайона способствует раскрытию малоизученных проблем истории нашего народа. Рассматриваемая статья написана в данном направлении и подготовлена в рамках научного проекта. В статье рассмотрены источники и исследования, в которых встречаются сведения о племенах, заселявших Тарбагатайский регион в разные исторические эпохи.

Рассматриваемый регион с древнейших времен был одним из центров миграции различных племен. По изученным источникам и исследованиям данный край не утратил свою важность и в последующие времена. Согласно сведениям в средние века данную территорию заселяли племена, входившие в разные политические объединения. Это было связано с политическими событиями которыми была насыщена Центральная Азия в эпоху средневековья. Такие, как могущество Тюркского каганата, нашествие Чингисхана, образование Казахского ханства и т.д. Заселение данной территории казахскими племенами связано с событиями XVIII века. К концу второй половины XVIII века Тарбагатай и Зайсанский регион населяли роды каракерей, матай, дортуыл из найманского племени, роды племен керей, аргын и уак. По имеющимся данным, можно было встретить племя шанышкылы из Большой орды и алшын, тама из Младшего жуза.

**Ключевые слова:** Алтай, Тарбагатай, племя, найман, керей.

M. Egizbayeva, R. Zhumatayev

#### Review information about the dispersal of clans and tribes in the region Tarbagatay

At this time, a comprehensive study of the past and present of a given region is an important progress in science. Since a full investigation of a particular neighborhood helps to reveal the little-known problems in the history of our nation. The article in question was written in this direction and have been prepared in the framework of a research project. The article deals with the sources and research in which there are data on Tarbagatay tribes inhabited the region in different historical epochs.

The region from ancient times was one of the centers of migration of various tribes. According to the study of sources and research this edge has not lost its importance in later times. According to information in the Middle Ages

this area was inhabited by different tribes were part of the political groups . This was due to the political events which was full of Central Asia to the Middle Ages . Such as the power of the Turk Empire , the invasion of Genghis Khan , the formation of the Kazakh Khanate , etc. Check this site Kazakh tribes connected with the events of XVIII century. By the end of the second half of the XVIII century and Tarbagatay Zaysan region was inhabited by generations karakerey , matay , dortuyl of the naiman tribe, generations tribes kerey, argyn and uak . According to reports could be found shanyshkyly tribe of the Great Horde and alshyn , tama of the Little Horde .

**Keywords:** Altay, Tarbagatay, tribe, naiman, kerey.

Тарбағатай өңірі өзінің территориялық аумағы бойынша бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының бірнеше аудандарын қамтиды. Тарихи деректерге сүйенсек осы бір үлкен аумақ XIII ғ. бас кездеріне дейін, XI-XIII ғғ. арасында дербес мемлекет ретінде Орталық Азияда өмір сүрген найман феодалдық саяси-этникалық бірлестігінің немесе хандығының құрамында болды [1, 6 б].

Найман және Керей хандықтарының мемлекет ретінде өмір сүрулерін тоқтатулары, Моңғол үстіртіндегі XII ғ. екінші жартысы XIII ғ. басындағы жүрген, біртұтас моңғол феодалдық мемлекетінің құрылуына қатысты орын алған саяси жағдайларға тікелей байланысты.

Найман, керей және т.б. тайпалардың ата жұрттары Моңғолия жері мен Алтайды, Тарбағатайды тастап бүгінгі Қазақстанның жеріне, жалпы евразиялық далалық аймаққа қарай қоныс аударуларын XIII ғ. басындағы Шыңғысхан шапқыншылығымен түсіндіреміз. Бұл туралы ортағасырлардағы парсы тарихшысы Рашид-ад-дин өзінің “Джами-ат-тауарих” еңбегінде жақсы айтқан. Ол бұл еңбегінде наймандарға арнайы бөлім берген [2, 135-140 бб.].

Сол кездерді зерттеген орыс ғалымы, монғолтанушы Б.Я. Владимирцов: “После разгрома Чингисханом найманы в 1204-1205 г.г. уходят в Дешт-и-Кипчак, а ойраты стали постепенно продвигаться на запад, занимая, опустевшие кочевья на Алтае” [3, 149 б.].

Бұл жағдай наймандардың, сол сияқты керейлердің Евразия далалық кеңістігіндегі XIII-XIV ғғ. аралығында жүрген саяси және этникалық үдерістерге кең араласуына жол ашты. Бұл туралы белгілі ғалым Сәбетқазы Ақатай: “Алтай мен Қара Ертісті қоныстанған қыруар жұрт жаңа империяға бағынып, Шыңғысхан әскерін толықтырды. Халықтың бір бөлігі ата-жұртын тастап Жетісуға, Тянь-Шанға, Орталық Азияға, Еділ бойына қоныс аударды. Бұл тайпалар тарихтың қалауымен Алтын Орда ыдырағаннан кейін, қазіргі елімізді мекендеп отырған халықтардың негізін құрады немесе құрамына енді”- деп жазады [1, 89 б.].

Біз XIII ғ. басындағы осы оқиғалардан кейін, Алтай жерінің және Тарбағатай өңірінің бірнеше ғасыр бойы тарихта “ойрат”, “жоңғар”

деген аттармен кездесетін батыс моңғол тайпаларының уақытша мекеніне айналғанын көреміз. Осының бір белгісі сонау түрік заманынан келе жатқан түрікше жер атауларының бірте-бірте моңғолшаға айналуы (Бүгінгі Шығыс Қазақстан жеріндегі өте көп кездесетін моңғол атауларын XVII-XVIII ғғ. жоңғар заманымен ғана түсіндіру дұрыс болмас еді). Мысалы, “Қозы-Көрпеш-Баян сұлу” жырының көне нұсқаларының бірінде Қарабай сұлу Баянды жетім бала Қозыға бермеймін деп қашатыны айтылады, сонда ол жылжып-жылжып отырып:

“Ертіс басы қара дін жерге кетті,

Бейне теңіз дейтұғын көлге жетті” – делінеді.

Міне осы жердегі “Бейне теңіз” атауы түрік, одан қала берді найман заманындағы Зайсан көлінің ескі атауы. Ал “Қозы-Көрпеш-Баян сұлу” жыры оқиғасының орын алған жері Аякөз өңірі екені, сол сияқты туындының ерте түрік дәуіріне жататыны ғылымда белгілі және оқиғада найман тайпасына кіретін балталы мен бағаналылар айтылып отырады.

Әрине бүкіл Тарбағатай өңірін бірден батыс моңғолдардың мекеніне айналды деу қисынсыз болар еді. Бұл негізінен Тарбағатайдың теріскей өңірлеріне қатысты. Ал күнгейі кейіннен ғана барып алдымен ойраттардың, кейіннен жоңғарлардың иелігіне өткенін байқауға болады. Тарбағатайдың күнгейіне жататын бүгінгі Үржар, Мақаншы, Таскескен, жартылай Аякөз өңірлерінің бір кездерде, XIV ғ. Ортасында құрылған күшті түрік мемлекеті Моғолстанның (бүгінгі қазақ мемлекетінің де тарихи бастауларының бірі) құрамында болғанын деректер айтады. Бұл туралы Мұхамед Хайдар Дулатидың “Тарихи Рашиди” еңбегінде “(Моғолстанның) шығыс шеті қалмақтар жеріне тіреледі және (оған кіреді) Барс-көл, Еміл және Ертіс. Солтүстігінде ол Көкшетеңізбен, Буммен және Қараталмен,... шектеседі” деп атап көрсетеді [4, 217 б].

Осы келтірілген жер-су аттарының Қазақстанның шығысына, әсіресе күнгей Тарбағатай аймағына тән екенін көреміз.

Сол сияқты, Моғолстан жеріндегі түрік тайпаларының ішінен керейіттерді де кездестіреміз [5, 59 б.].

XV ғ. 20-шы жылдарынан бастап күшті ойрат бірлестігіне кіретін тайпалардың Моғолстанға, 50-ші жылдары Әбілхайыр хандығы жеріне дейін басып кірулері басталады. Тарихи деректер қазақ хандығы құрылғаннан бергі уақыттан XVI ғ. бірінші жартысына дейін қазақ және ойрат қатынастарының бейбіт болғанын көрсетеді [6, 32 б.]. Қазақ руларының Ертіс бойын және Жетісуды қалдырып шығуы осы кезеңнен басталады.

Қазақстан жеріндегі XV-XVII ғғ. қалыптасқан осы жағдай қазақ руларының қоныстану ареалын біршама тарылтқанын байқаймыз. Бес томдық Қазақ ССР тарихының 3 томында бұл туралы былай делінеді: “Орта жүз Орталық Қазақстанда, ал оның жазғы жайлауы мен қыстауы Сарысу өзенінің бойын, Есілдің бастауын, Тобылдың салалары мен Торғай өзенінің бойын, Ұлытау таулары және оған шектес көлдер өңірін қамтыды” [7, 112 б.].

Қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың Тарбағатайдың теріскейіне оралуы XVIII ғасырдағы саяси оқиғаларға тікелей байланысты болды.

XVIII ғ. 40-шы жылдарына қарай, әсіресе 1745 ж. Қалдан-Серен қонтайжы қайтыс болғаннан кейін, Жоңғариядағы ішкі саяси жағдай шиеленісті. Таққа талас басталды. Міне осы қалыптасқан жағдайды қазақ билеушілері: ұлы хан Әбілмәмбет, Абылай сұлтан өз мүдделеріне жақсы пайдалана білді. Отыз жылдан астам уақытқа созылған жоңғар-қазақ соғысы шешуші кезеңге қарай аяқ басады.

Міне осы кезеңдерде жоңғарлардан босатылған жерлерге қарай қазақ руларының жылжуы басталады. Ең бірінші Сарыарқаны жайлап жүрген наймандар, олармен бірге керейлердің, уақтардың және т.б. рулардың қозғалғанын байқауға болады. Мысалы, найман тайпасына кіретін саны жағынан аз емес буралардың XVIII ғ. 40-шы жылдарында батыста Електі жайлап жүргені туралы нақты дерек бар. 1742 жылы маусым айында қарақалпақтарға кетіп бара жатқан ағылшын көпесі Гок Орынбор маңындағы Елек өзенінің бойында отырған Бура, Қонақай батырдың ауылында болғандығын жазып кеткен [8, 206-207 бб.]. Ал Қонақайдың ұрпақтары және зираты қазіргі Шығыс Қазақстан облысы жерінде. Бұдан байқайтынмыз, буралар осы өңірге XVIII ғасырдың II жартысында келген сияқты.

Қазақ руларының ұзақ уақыт мекендеген жерлерін немесе өздері айтатындай “от орындарын” тастап жаңа жерлерге қарай қозғалуларын “өмірлік кеңістік” іздеген заңдылықпен

түсіндіруіміз керек сияқты. Біз осы жерде белгілі ғалым М.Мұқановтың “найман және т.б. рулардың Сарыарқадан кетуін, олардан саны көп арғын тайпасына кіретін рулардың ығыстыруынан болды” - деуіне түгелдей келісу қиын. Саны үнемі өсіп отырған, экстенсивті мал шаруашылығымен айналысатын көшпенділерге жайылымдардың қажеттігі сөзсіз еді. Бірақ жоңғарға дейін барлық қазақ ру-тайпалары біраз жерге сыйып отырды емес пе? Енді жағдай өзгерді. Алда өмірлік кеңістік ашылды. Ертіс бойы, Алтай, Тарбағатай, Жетісу малшы көшпендінің көзімен қарағанда мал бағуға таптырмайтын тауы мен даласы аралас жерлер болатын. Олар соны алып қалуға ұмтылды.

Қазақ тайпа-руларының Қазақстанның шығысы (Алтай мен Тарбағатай өңірлеріне) мен оңтүстік шығысына (Жетісуға) келіп орналасуының шартты түрдегі екі кезеңінің болғанын көреміз. Біріншісі шамамен 1752-1756 жж. арасы. Қабанбай, Бөгенбай басқарған қазақ әскері жоңғарларға үсті-үстіне соққы бере отыра қазақ жерінің шығысын, оңтүстік шығысын негізінен жаудан тазартты. Рулардың жаппай болмаса да осы өңірлерге келуі сол кезде-ақ байқалған [9, 109 б.].

Бірақ жоңғарлардан қалған жерлерге өз тікелей құқығымыз бар деп есептеген қытайлар ол жерлерден қазақтарды ығыстырған. Бұл туралы капитан И.Г. Андреев жазбаларына сүйене отырып Г. Потанин “В настоящее время самые восточные волости киргизского народа кочуют в вершинах Черного Иртыша. У Андреева самая восточные волости Череучинская и Каракас-кирейская показаны на правом берегу Иртыша, первая ниже, вторая выше устья реки Нарыма. Таким образом выходит, что с 90 последних лет киргизы раздвинули свои пределы на 300 верст к востоку. Киреи, которые кочуют теперь по Крану и Кемерчику, в 1750-х годах кочевали по р. Чар-Гурбану. Это был восточный киргизских кочевьев. В это время ни один киргизский род не показывался своими стадами в зайсанской котловине, ее занимали калмыки, и где русский город Кокбекты, а так же на реке Аягуз, стояли калмыцкие пикеты, следившие чтобы киргизы не ездили в Джунгарию на баранту” [10, 108 б.]. Сол сияқты 1761 ж. қазақтарды қытайлардың Аягөз бойынан қуып шыққаны туралы Құлсары батырдың көрсеткендері де бар [8, 154 б.].

Шамамен 1762-1763 жж. бастап қазақтардың жоңғардан өздері босатқан Алтай, Тарбағатай және Жетісу өңірлеріне кең қанат жая

қоныстануы, яғни қоныстанудың екінші кезеңі басталды. Ол шамамен XVIII ғ. 80-ші жж., тіпті XIX ғ. басын да қамтыған болуы керек. Осы жерде Шәкәрім Құдайбердіұлының “Еңлік-Кебек” поэмасының кіріспесіне көңіл аударса көп нәрсені байқауға болатын сияқты. Онда ақын тобықтылардың Қазақстанның шығысына келуін суреттей келе:

“Келгені тобықтының осы маңға,

Мың жеті жүз сексенге тақалғанда.

Елді бастап әкелген Мамай батыр,

Ащысу, Орда, Көкен, Доғалаңға”- дейді [11, 121 б.]. Біз бұдан рулар қозғалысының (көшінің) XVIII 80-ші жылдарында жүргенін көреміз.

Сөйтіп, Тарбағатайдың теріскейіне қазақ руларының келіп орналаса бастауын деректерге сүйене отырып 1758-1759 жылдар деуге болады. Бірақ бұл кезде қоныстанушылар аз болған сияқты. Олар бірте-бірте, әсіресе 60-шы жж. екінші жартысынан былай көбейе түскен. Сол кездерде теріскей Тарбағатай өңіріне кіретін Зайсан қазан шұңқыры аймағына орта-жүз тайпаларына кіретін рулардан басқа, Ұлы жүздің де кейбір рулары өкілдерінің де көшіп келгені айтылады. Сол сияқты аталған уақыттарда абақ-керей тайпасының кейбір рулары Зайсан қазан-шұңқырының солтүстік-батыс бөлігіне орналасып, көшіп жүрген [12, 238-239 бб.].

Сонымен XVIII ғ. екінші жартысының соңына қарай Тарбағатай мен Зайсан өңіріне найман тайпасының қаракерей, матай, дөртуыл топтарына кіретін рулардың, он екі ата абақ-керейге кіретін рулардың, азын-аулақ арғындардың, уақтардың келіп орналасқанын айтамыз. Сол сияқты бұлардың арасынан Ұлы жүзге кіретін аздаған шанышқыларды, Кіші жүз алшындарды, тамаларды кездестіруге болатын.

Дәлірек айтқанда найманның қаракерей тобына кіретін мұрындар, байжігіттер, қыржылар Тарбағатайдың Аякөзден Шілікті аңғарына дейінгі аралығына орналасты. Сол сияқты Зайсанға таяу Ертістің сағасын матай тобының қарауыл-жасақ руы жайлады. Дөртуылдар Зайсан ойпатының оңтүстігінде Сауырда, Алтайда орналасты. Сол сияқты Қаракерей мұрындардың бір тобы болып есептелетін, жолымбеттен тарайтын ақнаймандар басында теріскей Тарбағатайдағы Қарғыба, Базар, Бөкен, Шегелек өзендерінің бойын жайлап жүрсе [13, 74 б.], кейіннен олар қаракерей қожамбеттердің шақыруымен Қаба, Марқакөл өңірлеріне қоныс аударған. Сол сияқты Марқакөл, Қаба өңірлерін қаракерейге кіретін қожамбеттер де мекен қылған.

Само искусство «звериного стиля» эволюционировало в ходе истории: рождались оригинальные идеи и сюжеты, совершенствовались приемы орнаментации, со временем нарастала стилизация и схематизация в изображении животных вплоть до перехода в беспредметный орнаментализм. Анималистическое искусство пережило этапы: архаичный (VII-VI и нач. V в. до н.э.), переходный (V и нач. IV в. до н.э.), наивысшего расцвета (IV в. до н.э.), затем упадка и трансформации (конец IV- нач. III в. до н.э.).

Судя по археологическим находкам, у древних хуннов также было развито очень оригинальное искусство – в основном пряжки и пластины для пояса, застежки и пуговицы из бронзы со стилизованными анималистическими мотивами или с характерными плавными окончаниями узора. Его часто называют «ордосским искусством» по названию племени, которое жило в излучине Желтой реки, к северу от Шаньси, где обнаружено особенно много находок.

В 1972 г. на территории Внутренней Монголии, при раскопках кургана Алусай было обнаружено 218 золотых изделий общей массой более 4 тыс. граммов, среди которых обращает внимание золотая диадема (корона) высотой 7,1 см и диаметром 16,5 см., украшенная в зверином стиле. Изображение орла на короне символизировало высокий статус ее облада-

теля и имело религиозно-символическое значение. Как определили специалисты, корона принадлежала хуннскому вождю [11, с. 21].

При раскопках памятников, принадлежащим усуням и кангюй, также находят различные золотые украшения, серьги, кольца. В одном из курганов найдена интересная пряжка с изображением головы льва, проглатывающего птицу. Усуни и канглы были прекрасными ремесленниками; у них было развито гончарное, ткацкое, кожевенное, кузнечное, ювелирное ремесла. Безусловно, нельзя отрицать культурные влияния из Китая и Ирана, эллинистической культуры Средней Азии через контакты по Шелковому пути. Например, в курганах канглов найдена чашечка из нефрита, свидетельствующая о связях с Китаем.

Номадологи признают этнопсихологические особенности ранних кочевников, то есть фундаментальные признаки, характеризующие их ментальность. Древние номады (саки, гунны, тюрки) ценили и сами выработали в себе физическую и нравственную выносливость, свободулюбие, храбрость, воинскую доблесть; они были мобильными и открытыми к инновациям, не любили застой и статику, консервативную привязанность к определенному месту жительства.

Если обратиться к духовным ценностям конно-кочевой цивилизации, то весьма оригинальны и ценны выработанные кочевниками Евразии этикетные нормы и табу, развитая система функционирования и поддержки сложных этногенетических взаимоотношений и знания генеалогий, практика строгих экзогамных браков (запрещающая браки до седьмого колена), не говоря о секретах военного искусства, ведения охоты на диких животных, космологических, экологических знаниях и др.

Искусство красноречия и поэзии было поставлено в кочевой тюркской культуре на небывалую высоту. Классик тюркологии В. Радлов писал, что среди тюркских народов именно казахи и киргизы отличаются необыкновенным умением говорить; что кочевники смотрят на ритмическую речь как на высшее искусство в мире. При этом у них сильно распространено искусство импровизации. Татарский ученый Садри Максуди также подчеркивал, что в отличие от других тюркских народов именно у казахов и киргизов сохранилось импровизаторство и особая склонность к поэзии. Духовная культура тюрков-кочевников представляла гармоничный сплав древних мифологических сказаний, фольклора, прежде всего герои-

ческого эпоса, историко-генеалогических и литературных произведений, ораторского искусства и музыкально-песенного творчества

Итак, несмотря на то, что к началу XXI века в мировой историографии преодолены многие отрицательные стереотипы относительно номадов, утверждать о том, что тема конно-кочевой культуры евразийских номадов исследована до конца нет оснований. Исторический

опыт номадизма все еще нуждается в дальнейшем исследовании. Это касается и особой ментальности номадов как трансляторов культурных инноваций, интеграторов, экологической культуры и др. В современной историографии признается, что создатели конно-кочевой цивилизации были одним из «главных агентов культурной диффузии и крос-культурных контактов в Евразии» [12].

#### Литература

- 1 Кузьмина Е.Е. Древнейшие скотоводы от Урала до Тянь-Шаня. Фрунзе, 1986- 132 с.
- 2 Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Алматы, 2000 - 604с.
- 3 Зайберт, Виктор. Ботайская культура. Алматы, 2009- 576 с.
- 4 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Т.1, Алматы, 1996-544 с.
- 5 Маргулан, Алькей. Сочинения. Т. 8. Алматы, 2010. – 472с.
- 6 Токтабай, Ахмет. Қазақ жылқысының тарихы – Алматы, 2010 - 496 б.
- 7 Материалы по истории туркмен и Туркмении. – Т. 1. – Москва-Ленинград, 1939 – 612 с.
- 8 Байпаков К.М. Великий Шелковый путь в Центральной Азии // Материалы научно-практической конференции «Шелковый путь и Казахстан» (Алматы, 2-3 сентября 1998 г.). – Алматы, 1999. – С.17-28.
- 9 Археология Казахстана. Алматы, 2006.- 265 с.
- 10 Кушкумбаев А. К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. Алматы, 2011-172 с.
- 11 Тарихи-мәдени жәдігерлер. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 2 том. Алматы, 2005. – 80 б.
- 12 Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации. Сб. материалов международной научной конференции.- Алматы, 2009. – 345 с.

#### References

- 1 Kuz'myna E.E. Drevneishie skotovody ot Urala do Tyan'-Shanya. Frunze, 1986- 132 s.
- 2 Khazanov A.M. Kochevnikii vneshnii mir. Almaty, 2000 - 604 s.
- 3 Zaiibert, Viktor. Botaiskaya kul'tura. Almaty, 2009- 576 s.
- 4 Istoriya Kazakhstana s drevneishikh vremen do nashikh dnei. T.1, Almaty, 1996-544 s.
- 5 Margulan, Al'kei. Sochineniya. T. 8. Almaty, 2010. – 472 s.
- 6 Toktabai, Akhmet. Kazakzh ylkysynyn tarikhy – Almaty, 2010 - 496 b.
- 7 Materialy po i storii turkmeni Turkmenii. – Т. 1. – Moskva-Leningrad, 1939 – 612 s.
- 8 Baipakov K.M. Velikii Shelkovy i put' v Tsentral' noi Azii // Materialy nauchno-prakticheskoi konferentsii «Shelkovy i put' i Kazakhstan» (Almaty, 2-3 sentyabrya 1998 g.). – Almaty, 1999. – S.17-28.
- 9 Arkheologiya Kazakhstana. Almaty, 2006.- 265 s.
- 10 Kushkumbaev A. K. Voennoe delokazakhov v XVII-XVIII vekakh. Almaty, 2011-172 s.
- 11 Tarikhi-madeni zhadygerler. Kazakstan tarikhy turaly kytai derektemelery. 2 tom. Almaty, 2005. – 80 b.
- 12 Vklad kochevnikov v raz vitie mirovoi tsivilizatsii. Sb. materialov mezhdunarodnoi nauchnoi konfere ntsii.- Almaty, 2009. – 345 s.

ӘОЖ 94(574)"05":930(510)

Ж.Б. Кожабекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының оқытушысы, PhD докторант,  
Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: kozha@mail.ru

## Түрік қағанаты тарихы туралы қытай деректері

Мақалада Түрік қағанаты тарихына қатысты қытай деректері және оларды неміс, орыс және қазақ тілдеріне аударған авторлардың еңбектері қарастырылады. Қытайдың ресми жылнамаларында Түрік қағанатына қатысты мәліметтер жинақталған. Мақалада осы тарихи жылнамалардың сипаттамасы беріледі. Н.Я. Бичурин «Собрание сведений...» дерегі XIX ғасырдың ортасында жарияланғанына қарамастан XXI ғасырда өз құндылығын жоғалтпай отыр. Лю Мао-цзай өзінің неміс тілінде басып шығарған еңбегінде түріктер жайлы саны 36 болатын түрлі сипаттағы қытай деректерін аударып жинақтайды. Бұл еңбек Түрік қағанаты тарихы жайлы ең көп қытай деректерін бір кітапта біріктіргендігімен құнды. Еженханұлы мен Ж. Ошанның «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том» еңбегі Түрік қағанатына қатысты қытай әулеттік жылнамаларын тікелей қытай тілінен қазақ тіліне аударған. Аударма жасаған ғалымдар еңбекке еңбей қалған басқа да қытай деректеріндегі түркілер тарихына қатысты мәліметтерді түсіндірмелерде аударып ұсынады. Сонымен қатар түсіндірмелерде Батыс Еуропа, Қытай, Жапония елдері ғалымдарының Түрік қағанаты тарихына қатысты зерттеулері мен қорытындылары қоса беріледі. Аталған деректің құндылығын арттырып отырған тұсы осы түсіндірмелерде келтірілген мәліметтер.

**Түйін сөздер:** Түрік қағанаты, қытай деректері, әулеттік жылнамалар, «Чжоушу», «Вэйшу», «Бейши», «Суйшу», «Таншу».

Ж.Б. Кожабекова

### Китайские источники по истории Тюркского каганата

Статья посвящена источникам по истории Тюркского каганата и трудам авторов, которые перевели эти источники на немецкий, русский, казахский языки. Данные о тюрках собраны в официальных китайских династийных хрониках «Чжоушу», «Вэйшу», «Бейши», «Суйшу», «Таншу». В статье дана краткая характеристика этих хроник. Рассмотрены труды таких востоковедов-исследователей, как Н.Я. Бичурин, Лю Мао-Цзай и Б. Еженханұлы и Ж. Ошан, где дается перевод династийных хроник на русском, немецком и казахском языке. Несмотря на то, что труд Н.Я. Бичурина был опубликован в середине XIX века, его историческая ценность остается неизменной до нашего времени. Работа немецкого ученого-востоковеда Лю Мао-Цзай, опубликованная на немецком языке, является самым богатым по содержанию источников книга. Труд содержит 36 видов источников о Тюркском каганате, переведенных с китайского языка. «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том» является источником, переведенным с китайского на казахский язык. Авторы этой работы сравнивали переведенные источники с другими китайскими источниками, которые не были включены в эту работу. Также были даны результаты исследований западноевропейских, японских и китайских исследователей по истории Тюркского каганата.

**Ключевые слова:** Тюркский каганат, китайские источники, династийные хроники, «Чжоушу», «Вэйшу», «Бейши», «Суйшу», «Таншу».

Zh.B. Kozhabekova

### Chinese sources on the history of the Turk Khanate

The paper is devoted to the Chinese sources on history of Turk Khanate. and the works of researchers who have translated these sources into German, Russian and Kazakh languages. The information about Turk Khanate, collected in the official Chinese dynastic chronicles "Chjoshu", "Beyshu", "Weishu", "Suishu", "Tanshu". The paper gives a brief description of these chronicles. Also were considered works of orientalist researchers as N.Ya. Bichurin, Liu Mao-Tsai, B. Zh. Ezenkhanuly and Zh. Oshan. These authors translated Chinese sources in German, Russian and Kazakh languages. Despite the fact that work of N.Ya. Bichurin was published in the mid-nineteenth century, its historical value remains unchanged to this day. The work of the German orientalist-scientist Liu Mao Tsai, published in German, is the richest source book on history of Turks. Work contains 36 kinds of sources of Turk Khanate history translated from the Chinese language. "Kazakhstan tarikhy turaly qytay derektemeleri. Volume IV" is the source translated from Chinese into Kazakh. The authors of this work compared other translated Chinese sources that were not included in this work. There are given the results of the study in Western Europe, Japan and Chinese researchers on the history of Turk Khanate.

**Keywords:** Turk Khanate, Chinese sources, dynasty chronicles, "Chjoshu", "Beyshu", "Weishu", "Suishu", "Tanshu".

Түрік қағанаты тарихынан хабар беретін деректер тобынан қытай тілінде бізге дейін жеткен деректер көлемі және мәліметтерінің жан-жақтылығы жағынан алдыңғы қатарда. Түріктер жайлы қытай деректерінде сақталған мәліметтерге деген ғалымдар тарапынан қызығушылық шамамен үш ғасыр бұрын пайда болды. Осы уақыт аралығында қытай деректеріндегі мәліметтердің біршамасы еуропа және орыс тілдеріне аударылды.

Түрік қағанатының тарихына қатысты мәліметтер, негізінен, қытайдың ресми тарихи шығармаларында, яғни, жылнамаларда жинақталған. Жылнамаларда патшалардың тарихымен қатар, астрономия, математика, музыка, заңдар, география және әйгілі адамдардың өмірбаяны жайлы жазылған. Біздің тарихымызға қатысты мәліметтер шет елдер мен халықтар жайлы бөлімдерінде жинақталған [1, 174].

Осылардың ішінен орыс және қазақ тілдеріне «Вэйшу», «Бэйши», «Чжоушу», «Суйшу», «Таншу» жылнамаларының түріктерге қатысты бөлімдері аударылған. «Чжоушу» жылнамасы шамамен 636 жылдары жазылып бітіп, 557-581 жылдарда салтанат құрған Солтүстік Чжоу (Солтүстік Қытай жерінде) патшалығы тарихына арналған. Дерек 50 цзюаннан (тарау немесе бума) тұрады, 50-цзюанның «Жат аймақтар туралы баянның 2-бөлімі» Табо қағанға дейінгі Түрік қағанатының тарихын хабарлайды [2, 11]. «Чжоушуда» түріктер жайлы айтылған мәліметтер мазмұны жағынан «Бэйши» жылнамасындағы мәліметтерге сәйкес.

«Вэйшу» жылнамасы 554 жылы Солтүстік Ци патшалық кезінде жазылады. Авторы 506-572 жылдары осы патшалықта өмір сүрген Вэй Шоу. Көлемі 103 бумадана тұрады. Дерек 386-534 жылдары Солтүстік Қытай жерінде салтанат құрған Солтүстік Вэй патшалығының тарихына арналға [2, 10].

«Бэйши» немесе «Солтүстік тарих» жылнамасы Солтүстік Вэй, Солтүстік Ци, Солтүстік Чжоу және Суй әулеттерінің тарихына арналып, 386-648 жылдар аралығындағы тарихты қамтиды. Дерек 100 тараудан тұрады. Авторы Тан империясы тұсында өмір сүрген Ли Яньшоу еңбекті 659 жылы аяқтайды. «Бэйши» жылнамасындағы түріктерге қатысты мәліметтер «Бэй ци шу», «Чжоушу», және «Суйшу» жылнамаларындағы келтірілген мағлұматтармен үндеседі [1, 175].

«Суйшу» жылнамасы Солтүстік Қытайда Солтүстік Чжоу мемлекетінің орнына құрылған Суй патшалығының (581-618) тарихына арналған. Дерек 629-636 жылдары аяқталады.

Авторы Тан патшалығының шенеунік-қаламгері Вэй Чжэн (580-646) және т.б. [2, 11].

«Суйшудағы» түріктердің шығу тегі мен салт-дәстүрлері жайлы мәліметтер «Чжоушу» жылнамасында берілген мәліметтермен бірдей. Екі дерек те айтарлықтай жақын жылдары жазылғандықтан «Суйшуды» жазу барысында «Чжоушу» жылнамасы пайдаланылды немесе екі жылнама да жазылу барысында бірдей дерек көздеріне сүйенді деген болжам айтуға болады. «Суйшу» жылнамасының «Солтүстік варварлар туралы баян» атты аударылған 84-цзюанының «Теле баянында» теле тайпаларының орналасуы және «Батыс Туцзюе баянында» түрік қағанаты күш-қуатының артуы мен гүлденуі, Қытай патшалықтарын өзіне вассал болуға мәжбүр қылған уақыты, түрік қағандары Або, Нили, Ницзюечуло жайлы жазылған.

«Синь Тан шу» жылнамасы 618-907 жылдары Суй патшалығының орнына құрылған Тан патшалығының тарихына арналған. Деректің өзі Қытайдың Сун патшалық дәуірінде, 1045-1060 жылдары, жазылады. Авторлары Оуян Со (1007-1072), Сун Ци (998-1061), т.б [2, 11].

Аталған жылнамалар аударылып, енгізілген еңбектерге тоқталып өтейік. Ең алғашқы қытай тілінен басқа тілге аударылған еңбектердің ішіндегі мойындауға ие болғаны француз зерттеушісі Ж. Дегиньнің аудармасы. Алайды Ж. Дегинь Түрік қағанаты тарихына қатысты тек кейбір мәліметтерге ғана тоқталып, қытай жылнамаларының тікелей аудармасын емес, мазмұнын ғана жеткізеді. С. Жюльен өз еңбегінде тікелей түріктер тарихымен байланысты мағлұматтарды аударады [1, 172].

Н.Я. Бичуриннің «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» еңбегі 1851 жылы жарық көргеніне қарамастан әлі күнге дейін Түрік қағанаты тарихының бірден-бір дерек көзі болып табылады. Хронологиясы жағынан еңбектегі тарихи мәліметтер б.з.д. II ғасыр мен IX ғасырлар арасын қамтиды. Осы еңбектегі жужандар мен түріктердің соғысы және Түрік қағанатының құрылуы Бэйши жылнамасының 98 және Вэйшу жылнамасының 103 бөлімінен, Түрік қағанатының күшеюі, Қытаймен екі-арадағы сан жақты қарым-қатынасы, ішкі соғыстар және қағандардың тарихы Таншу жылнамасының 215а, 215б тарауларына, Чжоушу жылнамасының 50, Суйшу жылнамасының 84 тарауларынан алынған [3].

Деректің құндылығына қарамастан Н.Я. Бичурин еңбегінде ғұн, сяньби, жужан, түрік-тукюе,

үйғыр, т.б. тайпаларды моңғол тектес тайпаларға жатқызып, осы тұжырымын барынша дәлелдеуге тырысады. Сонымен қатар, деректерді аудару және оларға түсіндірмелер беру барысында тайпа және географиялық атауларда Н.Я. Бичурин бірқатар сәйкессіздіктер жібереді. Әртүрлі мағына беретін көптеген титулдарды, туыстық байланысты білдіретін атауларды, т.б. бір ғана сөзбен беріп отырады. Мысалы, Ханьхай сөзін Байкал көлімен байланыстырады, алайда, қытай жылнамаларында бұл атау Гоби шөліне қатысты қолданылған [4, 40]. Н.Я. Бичурин мәтіннің мазмұнын дұрыс беруге ұмтылғанымен, бірқатар терминдерді дәл мағынасында аудармайды. Дегенмен, келтірілген сәйкессіздіктер деректің құндылығы жоққа шығармайды.

Н.Я. Бичуриннің еңбегі Отандық тарихнамада үш ғасырға жуық көне және ортағасырлық тайпалар мен мемлекеттер тарихы туралы теңдесі және баламасы жоқ дерек көзі болып келді. Оған Бичурин аудармасының айтарлықтай дәлдігі, келтірілген мәліметтердің көптігі себеп болды. XX ғасырда Бичурин еңбегін Кюннер ары қарай жалғастырады [5]. Н.В. Кюннер өз аудармасында Бичуринді негізге ала отырып, қытай жылнамаларында Н.Я. Бичурин қалдырып кеткен жерлерді ғана аударды. Н.В. Кюннер Н.Я. Бичуриннің еңбегіне жоғары баға беріп, аударма мазмұнының дәлдігін дәлелдейді [6].

XX ғасырдың ортасында тегі қытай неміс ғалымы Лю Мао-цзай VI-XVIII ғасырларда жазылған қытай деректеріндегі түріктерге қатысты мәліметтерді жинақтап, аударып, жариялайды [7]. Дерек VI-X ғасырлар аралығындағы шығыс түрік-тукюелердің тарихын баяндайды. Еңбекте Түрік қағанаты тарихына қатысты мол және жан-жақты мәліметтер аударылған.

Еңбекте 36 қытай деректері пайдаланылады. Олар нақты құрылымға ие және императорлардың өмірбаяндары жинақталған ресми тарихи жылнамалар («Чжоушу», «Бэй ци шу», «Суйшу», «Бэйши», «Цзю Тан шу», «Таншу», «Цзю У дайши», «У дай ши цзы») және қытай тарихына қатысты басқа шығармалар («Тун-дянь», «Тан хуэй яо», «Цэ фу юань гуй», «Цзы чжи тун цзянь», Гуцзинь-Тушу-цзичэн» және «Цэфу-юаньгуй» қытай энциклопедиялары [1, 177-178].

Деректерді аудару барысында Лю Мао-цзай қытай тарихи жылнамаларын кейінгі кезде жарық көрген энциклопедиялар және тарихи шығармаларымен салыстырады. Лю Мао-цзай тегі қытай болғандықтан қытай тіліндегі мәліметтерді неміс тіліне аса дәлдікпен аударды.

Еңбекте түріктер тарихы 4 кезеңге бөлініп көрсетіледі. Солтүстік Вэй патшалығы (386-534 жылдар), Батыс Вэй (535-557 жылдар) және Солтүстік Чжоу (557-581 жылдар) тұсындағы түріктер; 581 жылдан 618 жылға дейін Қытайда билік құрған Суй патшалығы тарихындағы түріктер; Тан әулеті (618-906 жылдар) тұсындағы түріктер; түріктер У-дай заманында (907-956 жылдар).

Лю Мао-цзай еңбегі қазіргі таңға дейін түрік тарихына қатысты қытай деректерін ең кең жинақтаған еңбек. Өкінішке орай, аталған еңбек неміс тілінде жазылып, орыс және қазақ тілдеріне аударылмағандықтан отандық тарихнамаға әлі күнге дейін белгісіз болып келеді.

Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында Түрік қағанаты тарихы туралы қытай тілінен қазақ тіліне аударылған еңбек «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрді. Б. Еженханұлы мен Ж. Ошан «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім» кітабында «Ресми жиырма төрт патшалық тарихы» жылнамасында сақталған түріктер жайлы мәліметтерді аударды. Олар:

1. «Вэйшу» («Вэй патшалығының тарихы») кітабының «Юебань баяны» (ВШ 102-цзюань);
2. «Вэйшу» («Вэй патшалығының тарихы») кітабының «Гаочэ баяны» (ВШ 103-цзюань);
3. «Суйшу» кітабының «Телэ баяны» (СШ 84-цзюань);
4. «Чжоушу» («Чжоу патшалығының тарихы») кітабының «Туцзюэ баяны» (ЧШ 50-цзюань);
5. «Синь Тан шу» («Тан патшалығының жаңа тарихы») кітабының «Туцзюэ баяны» (СТШ 215-цзюань, 1- және 2-бөлімдері);
6. «Суйшу» кітабының «Батыс Туцзюэ баяны» (СШ 84-цзюань);
7. «Синь Тан шу» кітабының «Батыс Туцзюэ баяны» (СТШ 215-цзюань);
8. «Синь Тан шу» кітабының «Хуэйхэ баяны» (СТШ 217-цзюань 1- және 2-бөлімдер) [2]

Жоғарыда келтірілген жылнамалардан бөлек басқа жылнамалардағы түріктерге қатысты маңызды мәліметтер түсіндірмелерде беріліп отырады. Олар: «Цзю Тан шу» кітабының «Туцзюэ баяны» (ЦТШ, 194-цзюанының 1- және 2-бөлімдері); 961 жылы жазылған «Тан хуэй яо» кітабының «Солтүстік Туцзюэ туралы» тараулары (ТХЯ, 93,94-цзюандары); 1013 жылы жазылған «Цэ фу юань гуй» кітабының тараулары; «Тундянь» кітабының «Туцзюэ» тараулары, т.б [2, 4-13].

Сонымен қатар авторлар түсіндірме беру

кезінде қытай тілінде жарық көрген жапон, қытай (Чжэнь Тяньтинь, Тань Цисянь, Х. Матсуда, Мори Масао, Сагучи Тору, Юй Тайшань, Сюе Цзунчжэнь, Исе Сетаро, т.б.), батыс еуропа (Нейман, Томашек, Пеллио, Ф. Хирт, Е. Шаван, т.б.) ғалымдарының мәселеге қатысты ғылыми зерттеулерін, осы кезге дейінгі отандық тарихнамада Түрік қағанатына қатысты жинақталған ғылыми еңбектерді пайдаланады.

Қытай, Жапон елдері ғалымдарының Түрік қағанаты тарихынан жүргізіп жатқан зерттеулері, ойлары және тұжырымдары деректің түсіндірмелерінде берілуі алыс шет ел түріктанушыларының еңбектерімен танысуға жағдай жасады. Бұндай тәсіл еңбектің ғылыми құндылығын тереңдетеді.

«Собрание сведений...» және «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» деректерінде қытай жылнамаларындағы бірдей тараулары аударылған. Тек «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелерінде» Вэйшу кітабының 102-цзюаны, «Собрание сведений...» еңбегінде Бэйши жылнамасының 98 тарауы қосылған.

Қытай деректерінде Түрік қағанаты жайлы келтірілген мәліметтер келесі сипатқа ие: Түріктердің шығу тегіне қатысты аңыз-әңгімелер; Түріктердің салт-дәстүрлеріне, тұрмыс-тірші-

ліктеріне қатысты мәліметтер; Түркі тайпаларының орналасуы; Түрік қағанатының жужандармен соғысы, оларды жеңуі; Түрік қағанатының құрылуы; Қағандардың өмірбаяндары; Қағанаттың саяси тарихы; Әкімшілік құрылым; Түрік қағанаты дәуірлеу тұсындағы Қытай және басқа елдермен қарым-қатынасы, жаулау жорықтары қағанат ішіндегі алауыздық пен әлсіреу себептері; Қағанаттың екіге бөлінуі.

Қытай жылнамаларында келтірілген деректер негізінде Түрік қағанаты тарихының негізгі, өзекті тұстарын, әсіресе, Түрік қағанатының Қытай патшалықтарымен қарым-қатынасының саяси, экономикалық, мәдени байланыстары, Түрік қағанатының Қытай тарихына әсері мен Қытай патшалықтарының түріктер тарихында қалдырған іздері, Түрік қағанатының әлемдік тарихтың дамуына қосқан үлесін зерттеуге зор мүмкіндік туады.

Н.Я. Бичуриннің дерегі, Н.В. Кюннердің еңбегі және Б. Еженханұлы мен Ж. Ошан аударған қытай деректері Түрік қағанатын зерттеуге мол мәлімет бергенімен, Лю Мао-цзай еңбегінің қазақ тіліне аударылуы түркілер тарихын жан-жақты тереңірек зерттеуге көмегі тиетіні сөзсіз.

#### Әдебиеттер

- 1 Ганиев Р. Т. Китайские письменные источники о восточных тюрках в Центральной Азии // Известия Уральского государственного университета. Гуманитарные науки. №4 (82), 2010. 172-179 бб.
- 2 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: Дайк Пресс, 2006. – 408 б.
- 3 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в древности в Средней Азии. – М.-Л.: АН СССР, 1950. – Т.1. – 381 с.
- 4 Бернштам А.Н. Н.Я. Бичурин (Иакинф) и его труд // Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в древности в Средней Азии. – М.-Л.: АН СССР, 1950. – Т.1. – 381 с.
- 5 Кюннер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – М., 1961
- 6 Кюннер Н.В. Работа Н.Я. Бичурина (Иакинфа) над китайскими источниками для «Собрание сведений о народах обитавших в древности в Средней Азии» // Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в древности в Средней Азии. – М.-Л.: АН СССР, 1950. – Т.1. – 381 с.
- 7 Liu Mau-Tsai. Die chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Turken (Tu-kue). Gottingen Asiatische Forschungen. – Wiesbaden. 1958.

#### References

- 1 Ganiev R.T. Kitaiskie pismennyye istochniki o vostochnykh turkah v Centralnoi Azii // Izvestia Uralskogo gosudarstvennogo universiteta. Gumanitarnyye nauki. №4 (82), 2010. 172-179 bb.;
- 2 Kazakhstan tarihy turaly kytai derektemelery. IV tom. Auletтик tarihi zhylnamalar. 2-bolim. -Almaty: Dayk Press, 2006. – 408 b.;
- 3 Bichurin N.Ya. Sbranie svedenii o narodah obitavshih v drevnosti v Srednei Azii. – M.-L., ANSSSR, 1950. – T.1. – 381 s.;
- 4 Bernshtam A.N. Bichurin N.Ya. I ego trud // Bichurin N.Ya. Sbranie svedenii o narodah obitavshih v drevnosti v Srednei Azii. – M.-L., ANSSSR, 1950. – T.1. – 381 s.;
- 5 Kiuner N.V. Kitaiskie izvestia o narodah Uzhnoi Sibiri, Centralnoi Azii I DalnegoVostoka. – M., 1961. – 587s.;
- 6 Kiuner N.V. Rabota Bichurin N.Ya. Nad kitaiskimi istochnikami dlia Sbranie svedenii o narodah obitavshih v drevnosti v Srednei Azii // Bichurin N.Ya. Sbranie svedenii o narodah obitavshih v drevnosti v Crednei Azii.– M.-L., ANSSSR, 1950. – T.1. – 381 s.;
- 7 Liu Mau-Tsai. Die chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Turken (Tu-kue). Gottingen Asiatische Forschungen. – Wiesbaden. 1958.

ӘОЖ 94.(574). «17-18»

Б.Б. Кәрібаев

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
тарих, археология және этнология факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы,  
Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: bereket.bk@mail.ru

### Төле би және XVIII ғасырдың I жартысындағы Қазақстан тарихының мәселелері

Автор бұл мақаласында XVIII ғ. 30-50 жылдарында қазақ қоғамында ерекше рөл атқарған тарихи тұлғалардың бірі – Төле бидің тұлғалық бейнесіне тоқталып, ол арқылы сол жылдардағы қазақ тарихының күрделі мәселелерін қарастырады. Төле бидің өмір сүрген жылдары қазақ тарихындағы ең бір ауыр кезеңге жатады. Қазақ тарихында «алтын ғасыр» немесе «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман деген атауға ие болған Тәуке ханның билік құрған жылдары ол қайтыс болғаннан кейін (1715) қазақ қоғамы үшін қол жетпес сағымға айналып кетеді. Тәуке ханның қайтыс болуымен Қазақ хандығы дәуірінің бір кезеңі аяқталып, екінші кезеңі басталады. Билеуші топ арасында саяси бірліктің болмауы қазақ мемлекеттілігін бірнеше саяси құрылымдарға ыдыратып жібереді. Оның салдарынан қазақ қоғамы шығыстағы көршісі – Жоңғарияның басқыншылық жорықтарына жөнді тойтарыс ұйымдастыра алмайды. Қазақ жерінің бір бөлігі – Жетісу жері сол ауыр жылдары жоңғарлардың қол астына уақытша бағындырылады. Төле би секілді ұлы тұлғалардың арқасында сол аумақтағы қазақ ру-тайпалары өздерінің тұтастығын сақтап қалады. Мақалада, сондай-ақ автор жазба дерек мәліметтері негізінде Төле бидің бүкіл қазақ қоғамында қалыптасқан саяси мәселелерге байланысты көзқарастары мен іс-әрекеттерін ашық көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Төле би, Ұлы жүз, Тәуке хан, Есім хан, Қайып хан, Болат хан, Кіші жүз, Әбілқайыр хан, Жолбарыс хан, Түркістан, Сәмеке хан.

Б.Б. Карибаев

### Төле би и проблемы истории Казахстана первой половины XVIII в.

Автор в данной статье останавливается на исторической личности Төле би, игравшей особую роль в Казахском обществе 30-50-х гг. XVIII в., рассматривая в этом ракурсе сложные проблемы истории Казахстана. Годы жизни Төле би пришлись на особо сложный период в истории Казахстана. Годы правления хана Тауке в истории Казахстана именуется «золотым веком», когда «на спине овцы гнездовали птицы», но после его кончины (1715 г.) завершился этот этап и начался новый.

Вследствие отсутствия единства в правящей прослойке, казахская государственность распалась на несколько политических образований. Как результат, казахское общество не смогло противостоять набегам Джунгарского ханства. Часть казахских земель – Семиречье – в те трудные годы отошла временно во владение джунгар. Благодаря мудрости Төле би, казахские роды и племена в то время сохранили целостность. В статье также автор на основании письменных источников показывает тактику и стратегические взгляды Төле би и его деятельность по своевременному решению проблем казахского общества.

**Ключевые слова:** Төле би, Старший жуз, Тауке хан, Есім хан, Қайып хан, Младший жуз, Болат хан, Абулхаир хан, Жолбарыс хан, Туркестан, Самеке хан.

B.B. Karibaev

### Tole by and problems in the history of Kazakhstan the first half of the XVIII century

The author of this article dwells on the historical figure of Tole by, who played a special role in Kazakh society 30-50-s of XVIII century. Considering this rakusre challenges the history of Kazakhstan. Years of life Tole by occurred in a particularly difficult period in the history of Kazakhstan. During the reign of Khan Tauke in Kazakhstan's history called the "golden age", when "on the back of sheep, birds nest", but after his death (1715) completed this step and started a new one.

Due to the lack of unity in the ruling stratum, the Kazakh state broke up into several political entities. As a result, the Kazakh society was unable to resist the attacks of Junggar Khanate. Part of the Kazakh lands - Seven Rivers - in those difficult years, moved temporarily into the possession Jungars.

Thanks to the wisdom of Tole by, the Kazakh clans and tribes at the time maintained integrity. The article also an author on the basis of written sources, shows tactics and strategic views Tole and his efforts to the timely resolution of problems of the Kazakh society.

**Keywords:** Tole by, Great Horde, Tauke Khan, Yesim Khan, Kaiyp Khan, Junior Horde, Bolat Khan, Abulkhair Khan, Khan Zholbarys, Turkestan, Sameke Khan.

Бірнеше мыңжылдық Қазақ елінің тарихында әр дәуірдің алатын өз орны бар. Хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңге XV ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі уақыт жатады. Бұл тарихи дәуір – Қазақ хандығының тарих мінберіне көтерілуімен басталса, XIX ғасырдың 20-шы жылдарының бірінші бөлігінде оның тарих көшінде қалумен аяқталады. Үш жарым ғасырдан астам уақыт өмір сүрген Қазақ хандығының тарихы шартты түрде екі үлкен кезеңге бөлінеді. Біріншісі – бір орталықтан басқарылатын хандық кезең, ал екіншісі – Қазақ мемлекетінің бытыраңқылық кезеңі. XVIII ғасырдың басында Тәуке ханның қайтыс болуымен хандық дәуірдің бірінші кезеңі аяқталып, екінші кезеңі басталады. Біз қарастырып отырған тарихи тұлға – Төле бидің өмір сүрген жылдары бір орталықтан басқарылатын кезеңнің соңғы және бытыраңқылық кезеңнің алғашқы сатыларына тура келеді. Бір дәуірдің екі кезеңін басынан өткерген тарихи тұлғаның қоғам дамуының барысын, тіпті, өмірдің өзін замандастарына қарағанда тереңірек сезінгенін оның халқымыздың рухани байлығына айналған шешендік сөздерінен, жеке адам, қоғам, ел, халық және олардың болашағы жөнінде айтқан небір асыл ойларынан, кесімді шешімдерінен байқалады.

Төле бидің өміріне қатысты қазіргі күнде тарих ғылымына белгілі жазба деректер туралы онша көп мақтана алмаймыз. XVIII ғасырдың 30-50 жылдарындағы қазақ-орыс қатынастарын баяндайтын орыс тіліндегі материалдарда Төле би есімі Ұлы жүздің ең белгілі билерінің бірі әрі билеушісі ретінде және сол жылдардағы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан тұлға ретінде кездеседі [1, 103; 118; 435; 486-487; 490 – бб.; 2, 341; 351; 565 – бб.]. Бірен - саран мәліметтер қытай деректерінде ұшырасады [3, 28-31-бб.]. Ал ауыз әдебиетінің материалдарына келсек, олар жетіп артылады. Солардың ішінде халық ақыны Қазанғап Байболұлының (1891-1945) «Төле бидің тарихы» атты тарихи дастаны ерекше орын алады [4, 3-126 бб.]. Сондай-ақ халық арасында кең тараған Төле бидің нақыл сөздері, баталары, өсиеттері, үшқыр ойлары тұлғаның тарихи болмысын ашуға көмектеседі [5]. Ал енді салыстырмалы түрде алсақ, Төле биді отандық тарихнамада өзіне лайықты бағасын алған тұлға деуге толық негіз бар [6, 7, 8.]. Ал болашақ зерттеулер оның тарихи болмысын одан әрі аша түседі, өмірінің кейбір тұстарын толықтыра түседі дейміз.

Қазақ тарихында «алтын ғасыр» немесе

«қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман деген атауға ие болған Тәуке ханның билік құрған жылдары ол қайтыс болғаннан кейін (1715) қазақ қоғамы үшін қол жетпес сағымға айналып кетеді. Тәуке ханның қайтыс болуымен Қазақ хандығы дәуірінің бір кезеңі аяқталып, екінші кезеңі басталады. Осы екінші кезеңнің алғашқы сатыларындағы қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саяси жағдайларына назар салып көрелік.

Ш.Ш.Уәлиханов Тәуке хан қайтыс болғаннан кейінгі қазақ елінің жағдайын былайша сипаттайды: «XVIII ғасырдың алғашқы онжылдықтары қазақ халқы үшін өте қиын уақыт болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар қазақтардың ұлыстарын жан-жақтан талап, малдарын айдап әкеліп, адамдарын отбасыларымен бірге тұтқынға әкеліп отырды. Қыстың аяздары мен аштық құдайдың жіберген сынағы тәрізді, халықтың қасіретін одан әрі қиындатып жіберді. Орынборда болған қазақтың бір рубасы халқының жағдайын бір топ тазыдан қашып келе жатқан қоянға теңеген» [12, 111].

Тәуке ханнан соң билікте болғандар Есім ханның бір ұрпағы Қайып хан (1716-1718), одан кейін билікке келген Тәукенің үлкен ұлы Болат хан (1718-1723) қазақ қоғамында қалыптасқан ішкі саяси қайшылықтарды ретке келтіре алмады. Орталық атқарушы билік әлсіз болғандықтан жер-жердегі беделді сұлтандар өздерін хан деп жариялап, дербес саясат жүргізе бастайды. Кіші жүзде Әбілқайыр хан, Ұлы жүзде оның туысы Жолбарыс хан Тәшкенде отырып, дербес билеуші атанады. 1723-1725 жылдардағы жоңғар шапқыншылығы қазақ қоғамындағы қиын жағдайды одан әрі шиеленістіреді. Түркістанда Болат ханның өлімінен кейін Тәуке ханның ұлы Сәмеке хан (1723-1737) таққа келеді, бірақ ол бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік жүйені қалпына келтіре алмайды. Ал одан кейін Болаттың ұлы Әбілмәмбет хан (1739-1771) Түркістандағы тақты иеленеді. Кіші жүз бен Ұлы жүздің тайпалары өз хандарына бағынғандықтан, Түркістандағы Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың билігі бар болғаны Орта жүз аумағындағы рутайпаларға, оның ішінде олардың бір бөлігіне ғана таралады. Сол себепті олар бүкіл қазақтың Ұлы ханы деп аталмай, бар болғаны Орта жүз хандары деп атала бастайды.

Орта жүздегі саяси жағдай осы жылдары қиын әрі күрделі болатын. Әбілмәмбет хан негізінен арғын руларына арқа сүйесе, Сәмеке ханның ұлдары Сейіт хан мен Есім хан Түр-

кістан қаласы мен оған іргелес елді мекендерде билік жүргізіп, Әбілмәмбет ханмен тайталасқа түседі. Осы жылдарда Орта жүздің тағы бір ірі саяси тұлғасы Барақ сұлтан ортажүздің найман, қоңырат, қаракесек руларын басқарып, бүкіл Қазақ еліндегі саяси шиеленістің отын одан әрі өршіте түседі. Барақ сұлтанның туған інісі Көшек хан (1750 жылы өлген) найманның садыр руын басқарып, Сайрам қаласында жеке-дара хан болып отырады.

Қазақ еліндегі осындай ішкі саяси жағдай көрші мемлекетке белгілі болатын. Батыстан ентелеп келе жатқан Ресей де, шығыстан әлсін-әлсін жорық жасап отырған Жоңғария да қазақ қоғамында қалыптасқан саяси жағдайдан барынша пайда табуды көздейді. 1730 жылғы 20 шілдеде орыс тілінде жазылған бір құжаттың қысқаша мазмұны қазақ еліндегі саяси жағдайды былайша көрсетеді: «...40 мың түтіннен тұратын қазақтарды Әбілқайыр хан басқарады, тағы да Барақ және Әбілмәмбет деген екі ханы бар. Олар Ұлытау мен Кіші тауды, Сыр, Сарысу және Торғай өзендерін, Қаракүм далаларын башқұрттардан бір айлық жерде көшіп-қонып жүреді. Қазақтардың тағы мынадай қалалары бар: 1. Басты қаласы – Ташкент, оның билеушісі Жолбарыс хан, 2. Түркістан, онда Сәмеке хан отыр, 3. Сайрам, онда Көшек хан билік құрады...» [1, 35-36 – бб.].

Ал Кіші жүздегі ішкі саяси жағдайға келсек, сыртқы жаулармен күрес кезеңінде Кіші жүз ру-тайпаларының бірлікте болғанын көреміз. Ал аса маңызды саяси мәселелер бойынша шешім қабылдауда бірліктің орнына алауыздық келеді. Әбілқайыр ханның Ресеймен жақындаса бастауы және 1731 жылы 10 қазанда оның бір топ сұлтандармен, батыр, билермен орыс патшайыма адал болу туралы ант беруі Кіші жүздің билеуші тобын қарама-қарсы екі лагерьге бөліп, ішкі саяси жағдайды одан әрі ушықтырып жіберді. Ресей билігіне мойынсұнып, ант беру мәселесіне келгенде соғыс жылдары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған билер мен батырлар, ру-тайпа көсемдері ортақ мәмілеге келмейді. Олардың бірі ханды қолдаса, екіншілері «ханға қарсы партия» жағында, яғни Ресейге ант беруге қарсылар жағында болады. Ресей елшілігін басқарып келген М.Тевкелев ханнан бастап, ру-тайпа көсемдерін, билер мен батырларды өз жағына тарту үшін сый-сияпаттарын аямайды. Кіші жүздегі Әбілқайыр ханнан кейінгі ең беделді сұлтан Қайып хан ұлы Батырды «ханға қарсы партия» жағына шығып кетпесі үшін арнайы хан Ордасына шақырып, орыс елшісі оған 100 сом

көлемінде сый береді. Әбілқайыр ханның болашақ саяси қарсыласы әрі ханның күйеу баласы Қайып хан ұлы Батыр сұлтан 1731 жылы 3 желтоқсанда ант береді [1, 60-61 – бб.].

1731 жылдың желтоқсанында Орта жүз ханы Сәмеке Әбілқайыр ханның ақылдаспай істеген әрекетіне ренішін білдіре отыра, өзіне келген М.Тевкелевтің өкіліне хат арқылы Ресей билігіне мойынсұнатынын жазып жібереді. Бірақ оның уәдесі сөз жүзінде ғана қалады. Ол бірнеше рет Ресейдің қоластындағы башқұрттарға жорықтар жасайды.

1732 жылдың қараша айының соңында М.Тевкелев Кіші жүз аумағынан Ресейге кері қайтуға мәжбүр болады. Өйткені ант қабылдаудан кейінгі оның Кіші жүзде өткізген әрбір күні өте қауіпті болып, елшінің тағдыры қыл үстінде тұрады [1, 48-85; 10, 202-206 – бб.]. Оған мұндай қауіпті Ресейге қосылуға қарсы Кіші жүз бен Орта жүз өкілдері туғызады. Тіпті жағдай өте ушыққан кезде Әбілқайыр хан орыс елшісіне кейін қайтуға кеңес береді.

Кіші жүз бен Орта жүз билеушілерінің Ресейге ант беруі Ұлы жүздің билеуші топтарына да белгілі болады.

Төле би өмірінің ең бір белсенді, мемлекеттік қайраткер ретіндегі рөлінің күшейіп, жазба дерек мәліметтерінде көрініс тапқан кезеңі - XVIII ғасырдың 30-50 жылдарына сәйкес келеді. Бұл жылдар, бір жағынан бүкіл қазақ қоғамындағы және әр жүздің ішіндегі саяси бытыраңқылықтың одан әрі тереңдей түсуімен сипатталса, екінші жағынан Төле бидің мемлекет қайраткері ретіндегі рөлінің айқын байқалуымен ерекшеленеді.

Осы жылдардағы Ұлы жүздің жағдайына келсек, қалған екі жүзге қарағанда оның жағдайы өте қиын болатын-ды. «Аңырақайдағы» ұлы жеңіс Ұлы жүзді Жоңғар шапқыншылығынан толық азат ете қоймады. 1730 жылдардың бірінші жартысында Ұлы жүз аумағы бірнеше рет жоңғарлардың қарамағына өтеді. 1733-1735 жылдары ұлыжүздіктер дербес өмір сүрсе, 1735 жылдан бастап Қалдан Церенге тәуелді болады [10, 208-209 – бб.]. Ұлы жүз билеушілері Қалдан Церен Ордасына өз ұлдарын аманат ретінде жіберіп отырса, қарапайым халық белгіленген көлемде алым-салық төлеуге мәжбүрленеді.

Сол жылдардағы Ұлы жүз билеушісі Жолбарыс хан Жоңғария үстемдігінен құтылудың бірден-бір тиімді жолы деп - Ресеймен жақындасуды ұстанады. Ол Әбілқайыр ханның жіберген адамдары арқылы Кіші жүз аумағына орыс елшісі М.Тевкелевтің келгенін естіп, Қонай мырза мен Сырымбет деген сенімді адам-

дарына хат жазып жібереді. Жолбарыс ханның адамдары Кіші жүз аумағындағы М.Тевкелевке жеткенге дейін, орыс елшісі кейін қайтып кетеді [1, 55- б.]. Ал одан кейінгі Жолбарыс хан хатының тағдыры белгісіз.

Бұдан кейін Ұлы жүздің Ресеймен жақындасуын ондағы билер қолға алады. «Бөлінгенді бөрі жейді» деген қанатты сөзді Төле би осы жылдары айтса керек. 1731 жылдары қазақтың екі жүзінің Ресейге қосылуы мәселесі Ұлы жүздегі беделді билер арасында талқылауға түскен секілді. Қазақ халқының басым бөлігінен ажырап, жоңғарларға тәуелді болғаннан гөрі, «көппен бірге көрген ұлы той» дегендей, бүкіл қазақ халқымен бірге болуды қолдаған топ жеңіске жетеді. Ұлы жүздің ең беделді билері мен батырлары - Төле би, Қодар би, Хангелді би, Сатай батыр, Бөлек батыр бастаған топ 1733 жылы орыс патшайымына Ресей билігін қабылдайтындығы туралы хат жолдайды [1, 102-103 – бб.]. Бұған жауап ретінде 1734 жылы 10 маусымда Анна Иоановна Ұлы жүз қазақтарын Ресей қоластына қабылдауы туралы грамотаға қол қояды [1, 118-119 – бб.].

Ұлы жүздегі ең беделді тұлға болса да, Төле бидің есімі осы жылдары алғаш рет орыс құжаттарында кездесе бастайды. Оның себептері де жоқ емес. Қазақ жеріне енді ғана ене бастаған Ресей үшін алыстағы Ұлы жүз емес, іргесіндегі Кіші және Орта жүздердегі жағдайлар маңыздырақ болып, олардағы барлық ахуал, билеуші топтармен қарым-қатынастар, беделді жеке тұлғалар жіті назарда ұсталады. Соған байланысты Кіші жүз бен Орта жүздің тұлғаларына қатысты материалдарды Ресей жағы барынша көп жинастыруға тырысса, Ұлы жүзге қатысты материалдарды мүмкіндігінше жинауға мәжбүр болады. 1730-1750 жылдар аралығында Ұлы жүзде және бүкіл қазақ қоғамында болған оқиғаларға Төле бидің белсене араласуы, оның есімі мен іс-әрекеттерін сол жылдардағы орыс деректерінде қалдырады.

Біз сөз етіп отырған жылдардағы Төле бидің тікелей немесе жанама қатысуымен болған аса маңызды оқиғалар қатарына қазақ жерінде 1738 жылы К.Миллердің басшылығындағы орыс керуенінің тоналуы және соған қатысты мәселелер, Ұлы жүзді жоңғар үстемдігінен азат ету жолындағы Төле бидің ұстанған бағыты мен жүргізген саясаты және жасаған іс-қимылдары, Әбілхайыр ханды Барақ сұлтанның өлтірілуі мен соған байланысты оқиғалар жатты. Аталған оқиғалар салдарларының қазақтар үшін оң шешімін табуда Төле би белсене араласып, өзінің көрегендігін көрсетеді.

1738 жылы Түркістан мен Ташкент арасында 20 мың сом заты бар орыс керуенін Төле бидің туысы Қойгелді батыр бастаған 113 адамдық топ тонаушылыққа ұшыратып, керуен басы К.Миллер мен оның адамдарын тұтқындаған еді. Бұл іс – Ұлы жүз бен Ресей арасындағы қалыптаса бастаған қатынастарды бұзу үшін жоңғар билеушісінің тапсырмасымен жасалғаны сол кезде-ақ белгілі болатын [2, 290 – б.]. 1742 жылы тоналған орыс керуенінің шығынын Қойгелді батырдан Орта жүздің атақты батыры әрі Әбілхайыр ханның жақтасы Жәнібек тархан талап етеді. Алғашында керуен шығыны 40 мың жылқы көлемінде бағаланады да, кейін келе ол 2000 жылқыға дейін төмендетіледі. Екі жақ ортақ мәмілеге келген соң, «Төле би мен Түркістандағы Наиб қожаның алдында пәтуаласады» [2, 296 – б.].

Орыс керуенінің тоналуы қылмыстық іс болып көрінгенімен оның артында үлкен саясат тұрғанын байқау қиындық соқтырмайды. Ресейдің бұл сауда керуені Жоңғарияға тәуелді Ұлы жүз арқылы Орта Азиямен сауда байланыстарын орнатуға бағыттаған алғашқы әрекеті еді. Жалпы, Ұлы жүз аумағы қашанда көршілес елдердің көз алартқан жері болатын. Дәл осы жылдары Ресей мен Жоңғария мүдделерінің Ұлы жүзде тоғысқанын көреміз. Ресей жағы бұған қалай мүдделі болса, Жоңғария жағы бұған сондай қарсы болатынды. Жоңғария жағы Ресейдің Орта Азиямен экономикалық байланыстар орнатуына жол бермеу үшін керуенді тонау қажет деп табады. Және оны іске асыру үшін жергілікті Ұлы жүздің адамдары пайдаланылады. «Батыр аңғал болады» дегендей, бұл істі Қойгелді батыр орындайды. Мұның бәрі көп ұзамай Миллердің Жоңғарияның қазақтар ісімен айналысатын жауапты адамы, әрі қолбасы Сары Манжымен болған екі жақты келіссөзінде анықталады [2, 290-291 – бб.].

Бұл жерде біз Төле бидің Ұлы жүздің бас биі міндетін атқарып тұрғанын көреміз. Бұл шешім бас бидің жақын туысы үшін ауыр болса да, елдікті ойлаған адам үшін бірден-бір дұрыс кесім болып саналады. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген Төле бидің қанатты сөзі осы тұста айтылса керек. Ұлы жүздің дәл сол жылдары жоңғарларға тәуелді екенін ескерсек, Төле бидің бұл шешімін нағыз батырлық әрі көрегендік деуге болады.

Төле бидің осы жылдары Ұлы жүзде де, бүкіл қазақ қоғамында да беделінің аса зор екенін жоңғар қоңтайшысы да мойындайды. Оның Жәнібек батырға жазған хатында «Ама-

натқа кісі жіберсін, Ұлы жүздегі Төле би сияқты Орта жүзде абыройың артық», - деп айтылады. Ал Жәнібек батыр замандасының барлық болмысын бір сөзбен: «Төле би өте қасиетті кісі ғой...», - деп айтқан екен [2, 300 – б.].

Төле бидің қазақ тарихындағы келесі бір маңызды атқарған іс-әрекеттерінің біріне - Ұлы жүзді жоңғар езушілігінен құтқару жолындағы жүргізген саясаты жатады.

1739-1741 жылдары жоңғарлардың кезекті ірі жорығы болып, ол жылдардағы оқиғалар қазақ халқы үшін екінші «ақтабан шұбырынды» деп аталады. Негізінен жоңғар әскерінің соққыларынан Орта жүз ру-тайпалары көп зардаптар шегеді. Орта жүздің ең беделді сұлтаны Абылай жоңғарларға тұтқынға түседі. Ал Ресеймен жақындасуға ниеті бар екені белгілі болған Жолбарыс хан 1740 жылы 5 сәуірде кенеттен қарсыластарының қолынан қастандықпен өлтіріледі. Хан өлімінің жергілікті қарсыластар қолынан болғанына қарамастан, желдің қай жақтан тұрғанын болжау онша қиындық тудырмайды.

Жоңғар билеушісі Ташкент билігін Күсек бек деген жергілікті тапсырады [13, 80- б.]. Ол Төле бидің Ұлы жүздегі беделін біліп, оған Ташкент билігін бермейді. Соған қарамастан Төле бидің атақ-даңқы мен абыройы одан жоғары тұрады. Төле би өз ұлысында тұрып, Ташкенттегі істердің бәріне араласады. Ж.Дәдебаевтың дәлелдеп көрсетуінше, «Күсек бек Ташкент қаласын билегенімен, Күсек бекті Төле би билеген» [8, 138 – б.]. Одан әрі зерттеуші Төле би өзінің керемет саясатымен Ташкент билеушісін жоңғарларға қарсы қойғанын, жоңғар әскерлерінің қимылдарын бақылап, олар туралы ақпаратты дер кезінде қазақ сұлтандары мен батырларына жеткізіп отырғанын дәлелді түрде көрсетеді [8, 138-139 – бб.].

1739-1741 жылдардағы жоңғарлардың Орта жүз аумағына жойқын жорықтары қазақ билеуші тобын екі ұдай жағдайға қалдырады. Ресей тарапынан жоңғарларға қарсы қазақтарды қорғауға бағытталған нақты қимылдар жасалмайды, ал бытыраңқы қазақ хандары мен сұлтандары арасында жоңғар билеушісінің билігін мойындау қажеттігі туралы пікірлер үстем бола бастайды. Өз кезегінде Қалдан Церен қазақ билеушілерінен аманатқа адам сұратып, оларға оңтүстіктегі қазақ қалаларының билігін беруге уәде береді. Орта жүз ханы Әбілмәмбет, Барақ сұлтандар ұлдарын аманатқа беріп те жібереді [1, 268-273 – бб.; 2, 242-243 – бб.]. Мұндай жағдайда олардан ешқандай көмектің болмайтынын түсінген Төле би жоңғарларға

қарсы күресу үшін Қоқан бегімен жақындаса бастайды. Соған байланысты Қоқан бегі Әбдікәрім бек пен қазақтың Ұлы жүзінің басшысы Төле би арасындағы қарым-қатынас мәселесі 1475 жылғы сәуір-тамыз айларында жазылған орыс құжаттарында жиі айтыла бастайды [2, 340-346 – бб.]. Әбдікәрім бектің Ташкентте жоңғарларды жеңуін деректер айтпаса да, онда Төле бидің қосқан үлесі бар деуге болады.

1745 жылы бұған дейін атап өткеніміздей, Жоңғарияның қазақ істерімен айналысатын өкілі Ұлы жүзге келеді және осы өңірде ол қаза табады. Сары Манжының қазасын жоңғар жағы тікелей Төле биден көреді. Осыған байланысты Қоқан бегі Төле биді өз еліне қарай көшіп келуді ұсынады [8, 143 – б.]. Көріп отырғанымыздай, Ұлы жүзде жоңғар үстемдігіне қарсы күресті баяндайтын нақты деректер жоқ болса да, басқа жанама дерек мәліметтері арқылы біз, Төле бидің осы күрестегі қазақтар жағынан басшылық рөлін көре аламыз.

XVIII ғасырдың 40-шы жылдарының соңында бүкіл қазақты дүр сілкіндірген оқиғаға Орта жүз сұлтаны Барақтың Кіші жүз ханы Әбілқайырды өлтіруі жатты. Бұл оқиғаға қатысты мәліметтер XVIII ғасырдағы қазақ – орыс қатынастарының материалдарында біршама көрініс тапқан [1, 392-403 – бб.; 2, 386-412 – бб.]. Сол себепті бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде Әбілхайыр ханның өлтірілуі жайында тереңірек қарастырылады [10, 297-308 – бб.; 14, 181-182 – бб.]. Соған байланысты біз, бұл жерде ол мәселеге бармай, бірден хан өліміне байланысты Төле бидің көзқарасы мен әрекеттері жөнінде пікірлерімізді білдіреміз.

Кіші жүз ханын өлтірген Барақ сұлтанды үш жүздің ең белгілі адамдары – батырлар, билері сынға алады. 1748 жылы қараша айында Кіші жүзге барып қайтқан казак атаманы Смаилмолда Әбдіразақов жазбасының қысқаша мазмұны былайша баяндалады: «...Барақ сұлтан Орта жүздің найман руындағы Өтеп биге, Шұрақ биге, Қабанбай батырға, қаракесек руындағы Қазыбек биге үш адамын жіберіп, өзінің Әбілхайыр ханды өлтіргенін мақтанышпен айтқызады да, оның орнына Барақты хан етіп сайлауын сұратады. Бұған жауап ретінде Орта жүздің белгілі адамдары Әбілхайыр ханның өз халқына жасаған жақсылықтарын баса айтып көрсетеді. Ал Барақ сұлтан туралы «ол қазіргідей енді жүре алмайды, уақыты келгенде басынан айырылады...» [1, 434 – б.]. Орта жүзден үмітін үзген Барақ сұлтан Ұлы жүздегі Түркістанның арғы жағында, Ташкент

төңірегінде көшіп жүрген Төле биге де үш адамын аттандырып, Орта жүз билеріне айтқан сөзін жеткізеді. Төле би де Өтеп би, Шұрақ би, Қабанбай батыр және Қазыбек билер секілді жауап қайтарады [1,434-435 – бб.]. Орта жүз бен Ұлы жүзден қолдау таппаған Барақ сұлтан енді Жоңғария билеушісіне адам жіберіп, сонда тұруға рұхсат сұрайды. Бұдан хабардар болған Әбілхайыр ханның ұлдары жоңғарларға елші жіберіп, егерде олар Барақ сұлтанды қабылдаса, онда екі жақ арасында соғыс болатынын ескертеді. Соған байланысты Барақ сұлтанға жоңғарлар жағынан жауап бола қоймайды. Барақтың жанындағы адамдардың көпшілігі одан бөлініп кетеді де, ол аздаған адамдарымен жеке қалады.

Сарысу өңірінен жылжып, Ұлы жүзге не Жоңғарияға қарай бет алған Барақты Орта жүздің Қазыбек би бастаған белді адамдары жібермей, ұстап алады[1,426 – б.]. Одан арғы тарихи оқиға барысы белгілі. Барақтың өзі өзін айыптау үшін төрт биді таңдайды, ал олар болса, Әбілхайыр ханды өлтірушіні ақтап шығады.

Барақ сұлтанның ақталғанынан 1750 жылы қайтыс болғанға дейінгі өмірі Төле бимен тікелей байланысты өтеді. 1748 жылдың соңына таман ол Түркістан маңындағы Орта жүздің қоңыраттарына хан боп сайланады. Бұл туралы Барақ сұлтанның жұртына барып келген тілмаш Матвей Арапов хабарлайды және Барақ сұлтанның өзі Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюевке жазған хатында баяндайды.[1, 485-488; 489 – бб.]. М.Араповтың жазбасында Барақ пен Төле бидің ара-қатынастары өте жақсы екені айтылған.

года уложили первые рельсы на севере – в Семипалатинске, а 2 ноября были уложены первые километры пути на юге – от станции Луговая. Одновременно велось строительство Иртышского моста, который являлся одним из крупнейших сооружений на Турксибе. В районе Семипалатинска к ноябрю 1927 года были закончены постройки жилищ для рабочих станции, зданий амбулатории и столовой.

21 ноября 1927 года на станции Луговая состоялось официальное открытие великой стройки и на митинге, посвященном этому событию, выступили Т. Рыскулов, В. Шатов, руководители республики [1].

Как было уже сказано, строительство Турксиба было связано с преодолением климатических, технических и организационных трудностей. Трасса проходила по пустынной и полупустынной местности с резко континентальным климатом. Летом жара превышала +60° С, зимой – длительные бураны и морозы более -40°С. Особые трудности у строителей возникали из-за несвоевременной доставки материалов. Гужевого транспорт был очень дорог, лошадей и верблюдов не хватало. А для перевозки одного бревна требовалась параконная подвода. Погода также не радовала турксибовцев – больше полугода не выпало ни одного дождя.

Несмотря на то, что численность рабочих на Турксибе быстро росла, достигнув к началу 1930 года 45-50 тысяч человек, рабочих рук еще не хватало. Необходимо было на стройку дополнительно привлечь местное население. Неоценимую помощь в этом оказали комсомольцы и молодежь. Они развернули большую организационную работу. В аулы и села, прилегающие к трассе, направились десятки комсомольских агитаторов. Они рассказывали о стройке, тех добрых переменах, которые она принесет.

В результате добровольцы шли буквально потоком. На стройке создали настоящий учебный комбинат, называвшийся в то время «стройуч». Занятия в школе рабочих-строителей нередко начинались с букваря. Турксиб был не только школой для новых поколений строителей, но и школой в самом обычном смысле. На каждом участке имелись пункты ликбеза. В обязательствах молодых рабочих были типичными такие обещания: научиться правильно прочесть статью или рассказ, освоить чтение рукописного текста, научиться пересказывать прочитанное.

В свое время в московском Музее Революции хранились ведомости на выдачу зарплат

рабочим одного из участков дороги. Любопытным человеческим документом предстают бухгалтерские ведомости, если внимательно приглядеться к ним, Вместо росписи многие там ставили крестики [5].

Ставил крестики в ведомости по началу и молодой рабочий Мухтар Каптагаев. Бывший байский батрак на первых порах таскал мешки с землей: тачек не хватало. Работал он добросовестно и скоро парня заметили. После мешка тачка показалась ему диковинной машиной. Одновременно учился читать и писать. Здесь на стройке подружился он с Михаилом Павловым, машинистом укладочного поезда, этого своеобразного сооружения на колесах, которое продвигалось вперед по мере укладки рельсов. Заметив интерес парня к машине, М. Павлов предложил ему перейти на паровоз кочегаром. Потом М. Каптагаев стал помощником машиниста, машинистом. Водил по Турксибу поезда, выступил одним из инициаторов движения пятисотников, заключавшегося в вождении тяжеловесных поездов на больших скоростях, избирался депутатом Верховного Совета СССР, стал Лауреатом Государственной премии СССР.

«Итоги строительства Турксиба – это не только миллионы кубометров перемещенной земли, десятки тысяч кубов каменной кладки, мосты, железнодорожные станции и поселки. И все это можно выразить точными цифрами, все это поддается учету. Но в чем выразить те изменения, которые произошли в сознании молодых людей, освоивших на стройке грамоту, получивших трудовые профессии? 1930 год можно с полным правом назвать началом шефства комсомола Казахстана над новостройками республики – преддверием создания ударных комсомольскихстроек, этого своеобразного массового, трудового, патриотического и нравственного университета молодежи. И первые уроки этого университета начались на Турксибе, легендарной стройке первой пятилетки, явившейся началом преобразования богатого края», - отмечал в своей статье «Традициям турксибовцев верны» в 1986 году, накануне полувекового юбилея магистрали, С. Абдрахманов – первый секретарь ЦК ЛКСМ Казахстана в тот период, известный сейчас в республике общественный деятель [5].

28 апреля 1930 года на станции Айнабулак сомкнулись северный и южный участки Туркестано-Сибирской железной дороги, и 1 мая 1930 года она вошла во временную эксплуатацию, а 1 января 1931 года – в постоян-

ную. И с того момента Турксиб стал функционировать в составе единой железнодорожной сети бывшего СССР со следующей технической характеристикой: эксплуатационная длина главных путей составила 2046, 78 км., станционных путей – 375, 708 км. Границы дороги на север определялись входным светофором станции Семипалатинск, на юге – до станции Арысь (не доезжая 4 км.). Дорога имела в своем составе три эксплуатационных района – Семипалатинск – Уш-Тобе с центром в Аягузе; Уш-Тобе – Шу (исключительно) с центром в Алматы; Шу – Арысь (исключительно) с центром в Аулие-Ате [6].

С открытием Туркестано-Сибирской магистрали (Турксиба) Постановлением ВЦИК и Совнаркома РСФСР весь строительный коллектив был награжден орденом Трудового Красного Знамени, отмечена значительная работа, проделанная Комитетом Содействия строительства Турксиба при правительстве РСФСР «под руководством заместителя председателя Совета Народных Комиссаров РСФСР товарища Рыскулова Т.Р. и работа органов Рабоче-крестьянской инспекции, оказавших при активном содействии рабочих и инженерно-технических сил Турксиба, значительную помощь строительству, как в проведении рационализаторских мероприятий, так и в деле сокращения стоимости всего строительства [7]».

У истоков рождения Турксиба стояла целая плеяда талантливых организаторов и руководителей железнодорожного транспорта, таких как заместитель председателя совнаркома РСФСР Т. Рыскулов (как нами было уже отмечено), инженер путей сообщения М. Тынышпаев, начальники дорог Туркестано-Сибирской магистрали: П. И. Иванов (1931 г.), И.Е. Розенцвейг (1933 г.), В.В. Корчагин (1934 г.), И.С. Четвергов (1934-1936 гг.), К.И. Филиппов (1937-1938 гг.), М. Брехунец (1938-1946 гг.), первый казах – начальник легендарного Турксиба Д. О. Омаров (1946-1949 гг.), В.М. Мезинов (1949-1952 гг.), В. С. Кулак (1952-1958 гг.), И. А. Задорожный (1958-1969), Г.В. Виноградов и др. [7].

Под их руководством вырос крупный отряд высококвалифицированных рабочих, специалистов и инженерно-технических работников. Многие из активных строителей дороги стали Героями Социалистического Труда. Это бывшие начальники Шымкентского отделения дороги С. Байжанов, А. Салыкбаев, слесарь локомотивного депо Жамбыл Т. Аппаев, путевой обходчик Айна-Булакской дистанции

пути М. Жарбулов, составитель поездов станции Жамбыл Ж. Сыздыков, дорожный мастер Алматинской дистанции пути А. Култанов, составитель поездов станции Арысь А. Балгим-беков, управляющий трестом «Казахтрансстрой» М. Казыбеков. Лауреатами Государственной премии стали машинист локомотивного депо Матай М. Каптагаев, монтер Капчагайской дистанции пути А. Маженов и др. [6].

Казахи назвали Турксиб «дорогой новой жизни». Он оправдал это название, оказав огромное влияние на жизнь обширного края: вырос и по-праву стал административным и культурным центром республики некогда захолустный уездный город Алматы, родились новые города и рабочие поселки Жанасемей, Чарск, Жангызтобе, Актогай, Лепсы, Матай, Сарыозек, Шу, Аягуз, Отар и многие другие. Как уже говорилось, Турксиб явился кузницей национальных кадров. Ведь только за годы его строительства десять тысяч бывших кочевников овладели железнодорожным делом, стали кадровыми рабочими, родоначальниками невиданных дотоле в Казахстане транспортных династий. Имена и дела героев труда и по сей день пользуются уважением и признанием. Они работали в разное время, занимали различные посты, но каждый из них оставил глубокий след в становлении и развитии Турксиба.

Среди турксибовцев десять Героев Советского Союза, одиннадцать Героев Социалистического Труда, три полных кавалера орденов Славы, тысячи награжденных орденами и медалями Советского союза. Среди героев труда довоенных пятилеток были депутат Верховного Совета Союза ССР первого созыва машинист паровоза Л.М. Берязняк, депутаты Верховного Совета Казахской ССР машинисты паровозов М. Умаров, А.П. Стройков, С.М. Мастюков, А.А. Лазоренко, дорожный мастер Б. Исабеков, знатные железнодорожники Ж. Балгаев, А. Маженов, Т. Сатбаев, Б. Аспаев, О. Байтулаков и многие другие.

Самое отрадное заключается в том, что у пультов управления дороги, отделений, станций и депо стояли казахи-землекопы, дети и внуки вчерашних кочевников. Среди них бывшие начальники дорог разных лет: Жумагали Омаров, Ербай Буранбаев, Кудайберген Кобжасаров, Рымбек Турганбеков, Ныгметжан Исингарин и возглавлявший Алматинскую железную дорогу в последние годы ее функционирования Амангельды Омаров.

В первоначальный период протяженность

Турксиба в границах участка Семипалатинск - Луговая составляла 1445 км. На 1 января 1931 года, после завершения строительства, Туркестано-Сибирская железная дорога имела протяженность около 2000 км в границах станций Семипалатинск - Арысь. Для обслуживания железнодорожной линии было организовано 17 дистанций пути.

Стальные пути, проложенные в годы первых пятилеток на территории Казахстана, стали основой развития его экономики. В этом отношении весьма важную роль сыграло строительство Трансказахстанской линии Боровое-Акмолинск-Караганда-Балхаш и Нельды (Жарык)-Джезказган. Тем самым была обеспечена производственная связь Карагиндинского угольного бассейна с Коунрадским и Джезказганским меднорудными месторождениями.

Огромное значение для развития Карагиндинского угольного бассейна имело строительство участков Южно-Сибирской магистрали, которая на участке Карталы-Акмолинск прошла через индустриальные и аграрные районы Казахстана. Постройка линии Карталы-Акмолинск дала возможность направить карагиндинский уголь кратчайшим путем на Южный Урал и Западный Казахстан.

В соответствии с принятым в октябре 1940 года постановлением ЦК ВКП(б) и Совнаркома СССР, а также приказом по Наркомату путей сообщения № 267/Ц от 20 октября 1940 года из состава Омской железной дороги была выделена самостоятельная Карагиндинская железная дорога с включением в нее строящейся магистрали Карталы-Акмолинск.

В состав дороги вошли Боровское, Акмолинское, Карагиндинское, Агадырское, Атбасарское, Кушмурунское и Джезказганское отделения движения. Общая численность работников дороги составила около 20 тысяч человек.

Карагиндинская железная дорога, проходящая через Северо-Казахстанскую, Кустанайскую, Кокчетавскую, Акмолинскую и Карагиндинскую области общей площадью около 850 тысяч кв. километров, заняла важное место в народном хозяйстве не только Казахстана, но и Союза – в целом. В транспортно-экономическом отношении магистраль условно делилась на три участка [1].

В период Великой Отечественной войны в основном строились стратегически важные железные дороги, связывающие среднеазиатский и казахстанский тылы с фронтами и районами, обеспечивающими оборонные заводы необходимым стратегическим сырьем и продовольствием.

Значительным событием послевоенных лет стало завершение в 1953 году строительства участка Моинты - Чу (440 км) [1]. Линия Моинты - Чу ликвидировала оторванность районов северного и центрального Казахстана от юга и столицы республики, сократила путь для грузов и пассажиров между индустриальным Уралом и республиками Средней Азии.

За 50-е годы плотность железнодорожной сети Казахстана увеличилась вдвое. К 1958 году эксплуатационная длина железных дорог Казахстана составляла уже 10,3 тысячи километров.

Таким образом, строительство Турксиба в тридцатые годы прошлого века и развитие на

этой основе всего железнодорожного транспорта республики сыграло выдающуюся роль в формировании современной экономики Казахстана. При огромной территории государства, грузоемкости многих отраслей реального производства этот вид транспорта остается, по сути, стержнем нашей государственности, объединяющей в единое целое производительные силы страны. При особом значении железнодорожного транспорта важным является знание его социально-экономической роли, а главное – истории зарождения, становления и развития стальных магистралей. Ведь их протяженность превысила 14 тысяч километров, и, что отрадно, строительство продолжается и по сей день.

#### Литература

- 1 Исингарин Н.К., «Железные дороги Казахстана. Становление», Алматы, ТОО «Экономтранс консалтинг», 2004, 416 с.
- 2 Шормаков Б., «Стальная магистраль республики (очерк истории)», Алматы, ТОО «МТИА», 2003, 142 с.
- 3 Омаров А.Д., «История железных дорог Казахстана», Алматы: Базар и К°, 1997, с.287.
- 4 Решения партии и правительства по хозяйственным вопросам (1917-1967 гг.), М., т. 1, с. 561.
- 5 «Турксиб – магистраль социализма», Алма-Ата, Казахстан, 1986, 224 с. + 24 с.
- 6 Омаров А.Д., «Дорога дружбы», Алматы: Транспорт, 1995, 49 с.
- 7 Исингарин Н.К., «Известные железнодорожники Казахстана», Алматы, ТОО «Экономтранс консалтинг», 2005, 844 с.

#### References

- 1 Isingarın N.K., «Zheleznye dorogi Kazakhstana. Stanovlenie», Almaty, TOO «Ekonomtranskonsalting», 2004, 416 s.
- 2 Shormakov B., «Stalnaya magistral respublikı (ocherk istorii)», Almaty, TOO «MTIA», 2003, 142 s.
- 3 Omarov A.D., «Istoriya zheleznykh dorog Kazakhstana», Almaty: Bazar i K°, 1997, s.287.
- 4 Resheniya partii i pravitelstva po khozyaistvennym voprosam (1917-1967 gg.), M., t. 1, s. 561.
- 5 «Turksib – magistral socializma», Alma-Ata, Kazakhstan, 1986, 224 s. + 24 s.
6. Omarov A.D., «Doroga druzhby», Almaty: Transport, 1995, 49 s.
- 7 Isingarın N.K., «Izvestnye zheleznodorozhniki Kazakhstana», Almaty, TOO «Ekonomtranskonsalting», 2005, 844 s.

# ЖАЛПЫ ТАРИХ

---

ӘОЖ 94 (57:30)

Г.К. Көкебаева<sup>1</sup>, А.М. Сманова<sup>2</sup>

- <sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д.  
Алматы, Қазақстан; [kokebayeva@mail.ru](mailto:kokebayeva@mail.ru)
- <sup>2</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті, т.ғ.к.  
Алматы, Қазақстан; [aigulsmanova@mail.ru](mailto:aigulsmanova@mail.ru)

## Кеңес өкіметінің поляк халқына қарсы жазалау саясаты

Ұсынылып отырған мақалада Кеңес Одағының батыс аудандарында тұрған поляктар мен 1939 жылы кеңес әскерлері басып алған жерлердегі поляктарды күштеп көшіру саясаты зерттеледі. Шекараларға жақын аудандардан мыңдаған адамды жаппай көшіру кездейсоқ оқиға емес, ол Кеңес мемлекетінің сыртқы саясаттық доктринасынан туды. Кеңес Одағы «капиталистік қоршауда» қалған жалғыз социалистік ел деп түсіндіріліп, кеңес өкіметі бүкіл Батыс елдеріне, өзінің көршілеріне сенімсіздікпен, күдікшілдікпен қарады, мұның өзі үнемі «империализмнің тыңшыларын» іздеуге ұласты. 30-50 жылдарда Кеңес Одағындағы бірқатар халықтар «сенімсіз» элементтер ретінде жер аударылды, поляк халқы да осы саясаттың құрбаны болды. Поляктарды күштеп көшіру 1936 жылы басталды. КСРО-ның батыс жерлеріндегі поляк халқының негізгі бөлігі Қазақстанға көшірілді.

Авторлар мұрағат құжаттарын талдау негізінде күштеп көшірудің динамикасы мен көшірілген халықты құрылымын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** капиталистік қоршау, күштеп көшіру, босқындар, буржуазиялық Польша, саяси жазалау, арнайы қоныстар.

Г.К. Кокебаева, А.М. Сманова

## Репрессивная политика Советской власти по отношению к польскому народу

В статье исследуется политика депортации поляков, проживавших в западных регионах Советского Союза, также в местах, оккупированных советскими войсками в 1939 году. Депортация тысячи человек с приграничных районов – не случайное событие, но порождение внешней политической доктрины советского государства. Советский Союз считался единственной страной “капиталистического окружения”, и всегда недоверие и сомнение со стороны советского государства в отношении всех западных стран и соседних государств перерастало в кампанию по выявлению “агентов империализма”. В 30-50-е гг. некоторые народы Советского союза были переселены как “вызывающих недоверие”, эта участь не обошла стороной и поляков. Депортация поляков началась в 1936 году, и основная часть польского населения западных областей СССР была переселена в Казахстан.

Авторы на основе анализа архивных документов показывают динамику депортации и структуру депортированного населения.

**Ключевые слова:** капиталистическое окружение, депортация, беженцы, буржуазная Польша, политический террор, специальные поселения.

G.K. Kokebayeva, A.M. Smanova

## Repressive politics of Soviet power relation to the Polish people

In the article deportation policy toward Poland living in the western regions of Soviet Union and in the places occupied by soviet troops in 1939 investigated. Deportation thousand persons from borderline districts wasn't random event, but generation of external political doctrine of the soviet state. Soviet Union was considered an only country in the vises of "capitalist occupation", and always a mistrust and doubt of the soviet state toward western countries and neighbor states passed into a campaign to identify the "agents of imperialism." In 30-50<sup>th</sup> some people of Soviet Union, including Poles, were transmigrated as “a not credible. The deportation of Poles began began in 1936 and most of the Polish of the western regions of the USSR were resettled in Kazakhstan.

Authors analysed archival documents and shown the deportation's dynamics and structure of the deported people.

**Keywords:** capitalist environment, deportation, refugees, bourgeois Poland, political terror, special settlements.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Париж және Вашингтон конференцияларының шешімдері негізінде халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі қалыптасты. Бұл жүйе XX ғ. 20-шы жылдардағы халықаралық қатынастардың тұрақты, байсалды түрде дамуын қамтамасыз етті, халықтардың өзін-өзі билеу құқығын заңдандырды, бірқатар халықтардың тәуелсіздігі мен егемендігі мойындалды, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтауға қызмет ететін ұйым – Ұлттар Лигасы құрылды, алғаш рет қарулануға шек қойылды. Кеңестік Ресей бұл жүйеден мүлде тысқары қалды. Әрине, Үштік одақпен сепараттық бітім жасап, соғыстан шығып кеткен Ресей Париж конференциясына шақырылуға тиісті емес еді. Сонымен қатар 1919 жылы Коммунистік Интернационалдың құрылуы, большевиктердің «әлемдік революция» идеясын іске асыруға тырысуы да Кеңес елінің басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарының жақсаруына жағдай жасаған жоқ. Алайда кеңес үкіметі елдің 1918-1923 жылдардағы халықаралық қатынастардан оқшау қалғанын «капиталистік қоршаудағы жалғыз социалистік ел» болғандығынан деп түсіндірді. «Капиталистік қоршауда» қалу туралы идея кеңес өкіметінің бүкіл Батыс елдеріне, өзінің көршілеріне сенімсіздікпен, күдікшілдікпен қарауына, үнемі «империализмнің тыңшыларын» іздеуіне ұласты. 30-50-жылдарда Кеңес Одағындағы бірқатар халықтар «сенімсіз» элементтер ретінде жер аударылды.

1920 жылғы кеңес-поляк соғысындағы жеңілістен соң Кеңес үкіметі Польшаны «бейбітшіліктің басты жауы» деп санады [1,15-16]. Соған орай кеңес өкіметі Ресейде тұратын поляктарға қатысты арнаулы саясат бағыттарын белгіледі. 20-жылдарда негізгі әрекет поляктарды «буржуазиялық Польшаға» қарайламуға, кеңестік ниетте болуға тәрбиелеу үшін үгіт-насихат жүргізу болса, 30-жылдарда оларды болашақ «бесінші колонна» ретінде қарап, шекарадан алыс аудандарға жер аудару саясаты жүргізілді. Кеңес өкіметінің поляк мәселесіне айрықша назар аударғанын 1923 жылы 14-наурыздағы Әскери-революциялық кеңестің ерекше міндет орындайтын бөлімдерге берген № 141/20 бұйрығынан да көруімізге болады:

«Қызыл Әскер партия ұйымында поляк ұлтының өкілдері немесе поляк тілін білетін басқа ұлт өкілдері бар екенін анықтау үшін бүкіл әскер бөлімдері бойынша РК(б)П мүше немесе кандидат поляктарды және поляк тілін білетіндерді айрықша есепке алу туралы бұйы-

рамын. РК(б)П мүшелерінің барлығы қандай қызмет атқаратынына қарамастан (саяси құрам, қолбасшылық құрам, әкімшілік құрам және қызыл әскерлер) толық есепке алынсын». Есепке алу үшін барлық поляктар мен поляк тілін білетіндер арнаулы анкета толтыруға тиісті болды. Анкетада мынадай сұрақтар болды: «Польшаның қай бөлігінде (бұрынғы орыс, австриялық немесе пруссиялық), қай жылдары тұрдыңыз?», «Польшада не қызмет атқардыңыз?», «Польшада партиялық немесе саяси қызмет атқардыңыз ба?», «Польшадан қашан кеттіңіз?», «Польшада соңғы рет қашан болдыңыз?», «Поляк тілінде еркін оқу, жазу, сөйлеу қолыңыздан келе ме?», «Поляк тілінде қандай (үгіт-насихат, мәдени-ағарту, редакциялық, кеңестік және партиялық ұйымдастырушылық) жұмыстарды атқара аласыз?» [2]. Есепке алу, әрине, Кеңес Одағының шекаралық аймақтарында тұратын поляктардың арасында әртүрлі жұмыстар жүргізуге қажетті адамдарды табу үшін жүргізілуі де мүмкін, сонымен қатар, осылайша анықталған поляктардың кейіннен жазаға ұшырау мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды

Кеңес Одағындағы поляктарға қарсы саяси жазалау шаралары 30-жылдарда басталды. Жаппай ұжымдастыру шараларын жүргізу барысында Украина мен Белоруссиядағы кулактар ретінде жер аударылуға тиісті топтарға бірінші кезекте поляк ұлтының өкілдері енгізілді. БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының 1930 жылдың 5-наурызындағы «Шекара маңындағы облыстардағы поляк қоныстары туралы» қаулысы бойынша, Украина мен Белоруссиядан жер аударылатын топтардың ішінде бай кулактармен қоса поляктар аталды [3,508-510].

Поляктарды Украинадан Қазақстанға көшіру 1936 жылы басталды. БК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауымен Қазақстанның орталық партия және үкіметтік мекемелері 1936 жылдың ақпан айында батыс шекаралық аудандардан поляктар мен немістерді көшіру мәселесін арнайы талқылап, 16-ақпанда Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі «Украинадан көшіп келетіндер туралы» қаулы қабылдады. Бұл құжатта Оңтүстік Қазақстанға – 5500 жанұя, Қарағанды және Алматы облыстарының әрқайсысына – 3000 жанұядан, Шығыс Қазақстан облысына – 2000 жанұя, Ақтөбе облысына – 100 жанұя көшіріледі деп жоспарланды. Көшіп келгендердің басым бөлігі бұрыннан бар ұжымшарларға (колхоздарға) ор-

наластырылады, сонымен қатар арнаулы жаңа қоныстар да құрылатын болды. 1936 жылдың 28-сәуірінде БК(б)П Орталық Комитеті Украинадан Қазақстанның Қарағанды облысына поляктар мен немістерді көшіру туралы мәселені талқылады. Шекараға жақын аймақтан – негізінен Житомир, Винница, Кировоград, Киев облыстарынан Қазақстанға 45 мың поляктар мен немістер (15 мың шаруашылық) көшірілуге тиісті болды. Көшірілгендер «саяси сенімсіз элементтер» деп аталды [4,762]. Қаулыда көшірілген тұрғындардың азаматтық құқығы шектелмейтіндігі, олардың әкімшілік аудан шегінде еркін жүріп-тұра алатыны, алайда қоныстанған жерден басқа аймаққа кете алмайтындығы ескерілді. Көшірілігендерді жана жерге орналастыру, оларды тұрғын үймен, жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері тұтастай Ішкі істер халық комиссариатына (НКВД) бағынатын Лагерьлердің жоғарғы басқармасына (ГУЛАГ) берілді. Тұрғын үй, тұрмыс мәселелерін шешуге қоныс аударушылардың өздерінің қаржысы да жұмылдырылатын болады деп жоспарланды.

1936 жылы Қазақстанға поляктар мен немістерді көшіру екі кезеңмен іске асырылды: бірінші топтар маусым айында, екіншілері қыркүйекте көшіп келді. Маусымда 35 820 поляктар көшіп келді, оның ішінде 23 234 жасөспірім балалар болды [5,90]. Украинадан көшірілетін адамдарға алдын-ала өздерімен азық-түлік, мал-мүлік, киім-кешек алып жүруді ескерту, Қазақстанның ауа-райы, шаруашылығы туралы хабар беру тапсырылған еді. Алайда көшірілгендердің алғашқы тобы Қазақстанға келіп жеткенде, олардың дұрыс хабар алмағаны, бөтен жерде бірден орналасып алуға дайын еместіктері көрінді. Көшетіндерге Қазақстанда күн жылы, қалың киім қажет емес, Украинаның малы Қазақстанның ауа райына көндіге алмайды, оны сату керек, баратын жерлерінде тұз жоқ деп хабарлағандары анықталды. Алғашқы қоныс аударушылардың бірқатары қап-қап тұз көтеріп, жеңіл киіммен, ал 40 пайызы мал-мүліксіз келді. Халық Комиссарлары Кеңесінің жоғарыда аталған 28-сәуірдегі қаулысы бойынша Украинаның жергілікті ұжымшарларының басшылары көшірілгендерге белгілі мөлшерде ат-көлік бөлуге тиісті болатын, олар бұл тапсырманы жартылай ғана орындаған. Осының барлығы көшірілгендерді орналастыруда қиындықтар туғызды, жана қоныстар құруға қосымша қаржы табуды қажет етті.

1936 жылдың 17-маусымында Қарағанды

облыстық партия комитеті И.В. Сталиннің атына хат жазып, қоныс аударушыларды орналастыруға қажетті қосымша қаржы бөлуді өтінді [6,27]. Бұл мәселе Москвада ұзақ талқыланды, ақыры 1936 жылдың 5-қыркүйегінде КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі қосымша қаржы бөлінбейтіні туралы қаулы қабылдады, Ішкі істер халық комиссариатына, Украина КСР Халық комиссарлары кеңесіне және Қарағанды облыстық атқару комитетіне 28-сәуірдегі қаулыда көрсетілген мөлшерде көшіру және орналастыру туралы нұсқау берілді.

1936 жылдың қыркүйегінде Украинадан көшірудің екінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде Қазақстанға 14 048 отбасы, 63 976 адам көшірілді [6,38]. Көшіп келгендерді орналастырудағы ең ауыр мәселе тұрақпен қамтамасыз ету болды. Мысалы, Алматы облысына көшірілген 650 отбасы көшірілген, олардың қатарынан 250 отбасы – Талдықорған ауданына, 100 отбасы – Қаратал ауданына, 350 отбасы – Іле ауданына жіберілген. Бұл жерлерде көшіп келгендерге тұрақ табу мәселесі жылдам шешіле қоймады да, олар аса қиын жағдайға тап болған. Жеке тұрақ табылмаған соң көшіп келгендерді жергілікті тұрғындардың үйлеріне енгізген, мұның өзі екі жақ үшін де ыңғайсыздық, қысылыстық жағдай туғызған. Батыс аудандардағы тұрғындарды көшіргенде оларды тұрғын үймен қамтамасыз етудің жолдары қарастырылмаған, ал жергілікті билік мекемелері бұл мәселені өздігінше шеше алмады. Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) облыстық және аудандық бөлімдері көшірілгендерді ауданға жеткізген бойда аудандық атқару комитеттерінің қолына тапсырған да, өздері орналастыру мәселесімен айналыспаған. Ал аудандар мен ауылдардың жергілікті мекемелері мұндай көп адамды орналастыруға дайын болмай шықты. Оның үстіне көшіп келгендердің көпшілігі орыс тілін де, қазақ тілін де білмейді, ал жергілікті тұрғындар тек қазақ тілінде ғана сөйлейді. Бұл жағдай да көшіп келгендер үшін әжептәуір қиындықтар туғызды [7]. Орталық партия және мемлекет қаулыларында көрсетілген көшіру шарттарының көпшілігі іс жүзінде орындалмады. Мысалы, жаңадан көшіп келгендер ауыл шаруашылық өнімін тапсырудың мемлекеттік міндеттемелерінен алғашқы жыл босатылуы керек болатын. 1936 жылдың қараша айында Қазақстан Ішкі істер комиссариаты КСРО Халық комиссарлар Кеңесіне Қарағанды облысына көшірілген поляк және неміс шаруашылықтарын астық тапсыру міндетінен босату ту-

ралы өтініш жасады, алайда орталық үкімет рұқсат берген жоқ.

Поляктардың тағдырындағы бетбұрыс көшірумен ғана шектелген жоқ. 1937 жылдың 9-тамызындағы БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысына негіздеп, 11-тамызда КСРО Ішкі істер комиссариаты «Поляк бүлдіргіш-тыңшылық топтарын және Поляк әскери ұйымының бөлімдерін жою туралы» бұйрық шығарды [8,301-303]. Поляк әскери ұйымы – 1915 жылы Ю. Пильсудскийдің басқаруымен Австро-Венгрия мен Германия жерінде Польшаны қайта қалпына келтіру жолында күрес жүргізу үшін құрылған құпия ұйым. Ұйым 1921 жылы тарап кетті. Жоғарыда аталған бұйрық шыққан кезде бұл ұйым мүлде жоқ болатын. Соған қарамастан Украина мен Белоруссияның жеріндегі көптеген поляктар осы ұйымға қатысы бар деген жалған жаламен тұтқындалып жатты. КСРО Ішкі істер комиссариатының барлық орталық және жергілікті мекемелеріндегі поляктар жазалауға ұшырады. Бұйрық бойынша, поляк ұлты өкілдерінің мынадай топтары тұтқындалуға тиісті: а) Поляк әскери ұйымының аса белсенді мүшелері; б) бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңес жерінде қалып қойған поляк соғыс тұтқындары; в) Польшадан қашып келгендердің барлығы (қай кезде қашып келгені маңызды емес); г) поляк саяси эмигранттары және Польшамен алмастырылған саяси тұтқындар; д) Поляк социалистік партиясының және басқа да кеңес өкіметіне қарсы саяси партиялардың мүшелері; е) поляк аудандарындағы кеңес өкіметіне қарсы неғұрлым белсенді элементтер және ұлтшылдар [9,454-546]. Поляк азаматтарының аталған топтарын тұтқындау 1937 жылдың 20-тамызынан басталып, үш айдың ішінде аяқталуға тиісті болды. Бұйрықтағы «Поляк әскери ұйымы» деп аталып отырған ұйымның мүшелерінің «барлау жұмысының нәтижесінде» жасалған тізімі орталықтан жіберілетіні хабарланды. Тұтқындалғандарды екі топқа бөледі. Бірінші топқа «тыңшылық, бүлдіргіштік» әрекеттер жасаған құпия поляк ұйымдарының мүшелері жатады, олар ату жазасына кесіледі. Екінші топқа аса белсенді еместер жатқызылады, олар 5-10 жылға түрмеге отырғызылады немесе лагерьлерге жіберіледі. Бұйрық келген бойда Қызыл Әскер қатарындағы, Ішкі істер халық комиссариатының барлық буындарындағы, өнеркәсіп орындарындағы, кеңшарлар мен ұжымшарлардағы барлық поляктар тұтқындала бастады.

1937 жылдың 15-тамызындағы бұйрық

бойынша, «бүлдіргіштік-тыңшылық қызметі» үшін жазаға ұшырағандардың әйелдері мен 15 жастан асқан балалары тұтқындалды. Әйелдерді Ерекше Кеңестер 5-8 жылға түрмеде отыру жазасына кесті, 15 жастан асқан балалар лагерьлерге, қатаң тәртіптегі колонияларға жіберілді. Жетім қалған 15 жасқа дейінгі балаларды балалар үйіне орналастырды. Осылайша мыңдаған отбасылар түгелдей жазалау құрбаны болып кетті. 1937-1938 жылдары 134519 поляк азаматтары жазаға тартылды. 1937 жылдың 5-қыркүйегінде КСРО Ішкі істер комиссариаты (НКВД) поляктарды жазалау шараларын күшейтуге, тұтқындалған поляктарға 10 жылға дейін түрмеде отыру жазасын кесуге бұйрық берді. Бұйрық бойынша КСРО Ішкі істер комиссариаты мен Прокуратураның өкілдерінен «екіліктер» құрылды, оларға соттан тыс жаза беру құқығы берілді, қылмыстық істі сотталушының өзін шақырмай-ақ сыртынан, тізіммен тұтас қарау жүйесі бекітілді.

1939 жылы Польшаның шығыс аймақтарын Кеңес Одағына қосқан соң, қазан айының ортасына дейін басып алынған поляк облыстары мен Батыс Украина, Батыс Белоруссия аймақтарын күштеп кеңестендіру басталды. Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерінде бірінші кезекте ауқатты шаруалар шаруашылықтары жойылды, соның ішінде, әсіресе, «осадниктер» деп аталған топтың жер меншігі түгелдей тартып алынды. «Осадниктер» – алғашқы кезде поляк әскерінің құрамында болып, 1920 жылы поляк-кеңес соғысында көзге түскен бұрынғы әскери қызметкерлер, оларға 20-30-шы жылдарға дейін украиндар мен белорустар қоныстанған аймақтан жер бөлініп берілген болатын. Белорусия Кеңес Одағының құрамына кірген соң поляк «осадниктерін» бүкіл отбасыларымен бірге Сібірге, Қазақстанға, Еділ бойына көшірді. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті қаулысына сәйкес Красноярск, Алтай өлкесі, Новосибирск, Омбы, Челябинск және Қазақстанның солтүстік және шығыс облыстары, Грузин, Тәжік, Өзбек және Түркімен кеңестік республикаларына қоныс аударушыларға баспана салуға жер бөлініп беріліп, оларды құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету туралы жарлық шығарылды [10].

Кеңес өкіметі Қазақстанның жерін жазаланған халықтарды айдап апаратын орасан зор түрмеге айналдырды. 1940 жылы Қазақстанның жеріне 35 670 арнайы қоныстанушылар келді. Олардың ішінен 26 771 адам әр облыстарда бесжүзден аса түрлі шаруашылықтарда

қызмет атқарғаны мәлім [11]. Қоныс аударушыларға жолға жиналуға бір-екі, ал кей жерлерде небәрі жарты сағат уақыт қана берген. Адамдарды жабдықталмаған жүк тиеуге арналған ескі вагондарға мінгізіп алып жүрді. Осы әрекеттердің құрбаны болған адамдардың естеліктері, құжатта көрсетілген мәліметтерден, әрине, жоғарыда мәтіні берілген нұсқалардан әлдеқайда алыс жатқан шындық. 1940 жылдың қақаған сары аязында есігі мықты жабылған, ішіне от жағылмаған вагондармен аш-жалаңаш қалжыраған ересек адамдар мен балаларды апта бойы құлазыған даламен алып жүрген. Осының салдарынан алғаш Қазақстан мен Орта Азияға келгенде олардың көбісі әлсіз, әлжуаз, ауру халде болды. Жергілікті көші-қон бөлімшесі қоныс аударушылар арасында дәрігерлік көмек, мектеп және басқа күнделікті мәдени шараларды іске асыру қажеттігі туралы республиканың, облыстардың денсаулық сақтау, ағарту және мәдени мекемелеріне хабар жіберді, сондай-ақ жергілікті жерлерде оларға арнайы дәрігерлік көмектер көрсетілді. Дегенмен қаржы саласындағы тапшылықтарға байланысты оларға көздеген мақсатқа лайықты жағдайлар да жасала бермеді. Сонда да әр саладағы қиындықтарға қарамай-ақ мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында арнайы қоныс аударушыларды көкөніс, киім-кешек және үнмен қамтамасыз ету жұмыстарына ерекше назар аударды [12].

Көшіру тек «осадниктерді» ғана емес, босқындарды да қамтыды. Босқындар фашистер басып алған Польшаның батыс аймақтарынан, Австрия мен Чехословакиядан қашып келгендер. Олар алғаш қашып келген бойда Кеңес Одағы басып алған шығыс аудандарға орналасқан еді. Кеңес-герман комиссиясының 1939 жылы осы аймақтардан көшірілген 177 043 адамның қатарында 96 593 поляк азаматтары болса, олардың ішінде «осадниктердің» саны – 88 654, босқындар – 7 939 адамды құрады. Ал 1940 жылдың маусым айының аяғында босқындарды көшіру жаңа қарқынмен тағы да жүргізілді. 28-29 маусымында 75 мың босқындар Қазақстан мен Сібірге күшпен көшірілді.

Күштеп көшіру саясаты 1939 жылы тұтқынға түскен, кейіннен Катында және басқа жерлерде өлтірілген поляк офицерлерінің отбасыларын да қамтыды. 1940 жылдың 20-наурызында Л. Берияның Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссары С.Н. Бурдаковқа Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан жер аударылатын поляк соғыс тұтқындарының отбасыларын қабылдауға дайындалу туралы бұй-

рық берді. Бұйрықта Қазақстанға тұтқын поляк офицерлерінің, жандармдарының, полиция қызметкерлерінің, барлаушыларының, ірі помещиктері мен фабриканттарының, ірі мемлекеттік қызметкерлерінің 25 мың отбасыларының – барлығы шамамен 75-100 мың адамның Қазақстанға 10 жылға жер аударылатыны хабарланып, оларды орналастырудың тәртібі белгіленді. Олар Қостанай, Ақмола, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарына орналастырылады. Жер аударылғандар тек сол орналасқан ауданында ғана жүріп-тұруға рұқсат беретін төлқұжаттар алады. Жер аударылғандардың арасында міндетті түрде тыңшылық жұмыстар ұйымдастырылады. Қазақстанның мекемелері осы жер аударылатындардың қандай бекетке келетіні, қалай орналастырылатыны, осы жұмысқа жауапты қауіпсіздік қызметкерлері туралы мәліметтерді орталыққа хабарлап отыруға тиісті. Осы нұсқаулардың негізінде 1940 жылы 4-сәуірде Қазақ КСР Ішкі істер Халық Комиссариатының Қауіпсіздік бөлімі арнайы бұйрық шығарды. Онда Қазақстанның әр облысы немесе әр ауданы өкілдері жергілікті жерлердегі бекеттерден поляк азаматтарын қабылдап алып, орналастыратын жерге әкеліп, бірінші кезекте оларды баспанамен қамтамасыз етуге тиісті болды. Екіншіден, жер аударылған контрреволюциялық элементтерді жергілікті халықтан алшақ ұстау керек. Үшіншіден, олар қашып кетпеу үшін алдын-ала бақылау орнату керек. Сондай-ақ, поляктардың осы жерде кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жасауына жол берілмеуі керек. Осындай арнайы талаптар іске асырылуымен қатар барлық жераударылып келген поляктарды 1939 жылғы КСРО ішкі істер Халық Комиссариатының №001223 бұйрығына сәйкес тізімге алулары керек екендігі қоса ескертілді [13].

Поляк офицерлерінің отбасыларын жер аудару 1940 жылдың 13-сәуірінде басталды. Алғашқы жылдың өзінде-ақ сәуір-мамыр айларында Солтүстік-Қазақстан облысына бұрынғы Польшаға қарасты Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан 28 000 поляк азаматтары келді. 1940 жылдың 25-қыркүйегіндегі мәлімет бойынша, Павлодар облысына 11 201 жер аударылғандар орналастырылды. 11 201 арнайы жер аударылған поляк азаматтарының ішінен 5000 адам ғана өндіріс аудандары мен кеңшарларда мүмкіндігіне қарай жұмыспен қамтамасыз етілді [14]. Ал осы кездегі арнайы поселкелерге қоныстанған поляктардың тек 45

пайызы ғана жұмыспен қамтамасыз етіліп үлгергенін көруге болады. Оларды басқа орындарға ауыстыру да ешқандай нәтиже бермейтін еді, өйткені барлық елді мекендердің жағдайы осындай деңгейде болатын.

Қазақстанға жер аударылған сәттен бастап поляк офицерлерінің отбасылары лагерьлерде қамауда отырған тұтқындардан ешқандай хабар алған жоқ. Өйткені 1940 жылдың 5-наурызында КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы кеңес лагерьлерінде тұтқында отырған 25 700 поляк соғыс тұтқындарын өлім жазасына кесу туралы шешім қабылдаған еді [15,26]. Бұл шешімнен бейхабар отбасылары әртүрлі кеңес мекемелеріне, тікелей Сталинге хат жазып, әкелерінің, жұбайларының жағдайын сұрап, хабар алып беруді өтінді. Поляк офицері Эдуард Бэмнің әйелі Мария Бэм Семей облысы Көкпекті ауданының Үлкен Бөкен ауылынан Страобельск лагерінің комендантына хат жазып, өзінің 1940 жылдың наурыз айынан бастап жұбайынан хат алмағандығын айтып, оның хабарын сұрады [16]. Бұл хаттардың барлығы жауапсыз қалды, өйткені бұл кезде Катынь орманында тұтқын поляк офицерлерін заңсыз түрде атып-өлтіру басталған еді.

1941 жылы мамыр-маусым айларында Кеңес Одағының құрамына енгізілген жерлердің тұрғындарын тағы да көшіру басталды. 1941 жылдың мамырында Украинаның батыс облыстарынан 11 мың адам, Батыс Белорусиядан 24 мың адам көшірілді. Көшіру маусым айында жалғастырылды. Жалпы алғанда 1940-1942 жылдарда Қазақстанға Кеңес Одағының батыс аймақтарынан және жаңадан қосып алған жерлерінен 103 757 поляктар көшірілген. КСРО Ішкі істер халық комиссариатының 4-бөлімшесі төрағасының орынбасары лейтенант Синициннің 1942 жылғы 28-қаңтарда дайындаған мәліметі бойынша, олар Қазақстанның 14 облысының әртүрлі аудандарына орналас-тырылған [17].

Кеңес Одағының алыс аудандарына, Қазақстанға, Орта Азияға және Сібірге көшіріліп, осындай еріксіз қуғын-сүргінге ұшыраған поляк азаматтарының тағдыры 1941 жылы Германия Кеңес Одағына соғыс ашқаннан кейін Кеңес Одағы мен Лондондағы Польша эмигранттық үкіметі арасында болған саяси келіссөз біраз жеңілдіктер алып келді. Орталық Комитет Саяси Бюросы мәжілісінің №34 хаттамасы бойынша 1941 жылы 12-тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «Кеңес Одағы жерінде қамауда отырған поляк азаматтарына кешірім беру туралы» жарлық шығарды. Осы

жарлықтың негізінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті «КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығы бойынша кешірім берілген поляк азаматтарын босату мен орналастыру тәртібі» деп аталған қаулы қабылдады. Қаулыда поляк азаматтарының босатылатын категориялары және оларды орналастыратын аудандар анықталды [18]. Алайда арнайы жер аударылған поляк азаматтарының кейбір бөлігі бостандық алғанымен өздері қалаған жерлерге орналаса алмады. Тек 1942 жылдың қыркүйек айынан бастап Кеңес Одағының барлық жерлеріндегі еркінен айырылған немесе арнайы поселкелерге қоныстанған поляк азаматтарын генерал Андерс әскеріне шақыру жұмыстарының жүргізілуі әр жерде шашырап жүрген халыққа үлкен бір үміт әкелгендей еді.

Кешірім алып, босап шыққандардың қатарында Козельск, Старобельск және Осташковтағы офицерлер де болуға тиісті еді. Алайда аталған үш лагерьде болғандардан тек қана Лубянкада тексерістен өтіп, жазаға кесіліп, лагерьге жіберілген аз ғана адам, 1940 жылдың сәуір айында Грязовецк лагеріне ауыстырылған 400 тұтқын босап келді. Басқа мындаған офицерлер қайтпай қалды. 1943 жылдың 28-30-қыркүйегінде Халықаралық комиссия поляк офицерлерінің мүрдесін ашу жұмысын (эксгумация) жүргізді. Комиссия жұмысының нәтижесінде поляк офицерлері 1940 жылы атылған деген қорытынды жасалды [19]. Кеңес Одағы бұл комиссияның шешімін мойындамады. 1944 жылы кеңес үкіметі Катынь мәселесін тексеру үшін арнаулы комиссия құрды. комиссия поляк офицерлерін 1941 жылдың күзінде немістер өлтірді деген қорытынды жасады [20,63-70].

Катынь қайғылы оқиғасының құпиясы ұзақ уақыт сақталды. Батыс елдеріндегі поляк эмигранттары Катынь мәселесін ешуақытта ұмытпады. 1987 жылы 14-шілдеде Швейцариядағы бірнеше поляк ұйымы поляк диаспорасының атынан М.С. Горбачевқа Катынь орманында қаза тапқан поляк офицерлерінің тағдырын анықтаудың қажеттілігі туралы хат жазды [21]. 1985 жылы Варшава Шарты Ұйымының Кеңесшілік комитетінің отырысынан кейін В. Ярузельский мен М.С. Горбачевтің кездесуі өткізілді. В. Ярузельский кеңес-поляк қатынастарын «біздің халықтарымыздың арасындағы өзара сенім мен шынайы достық қатынастарға кедергі болатынның» барлығынан тазарту қажет дей келіп, маңызды мәселелердің қатарында Катынь қайғылы оқиғасын атады. 1990

жылдың сәуір айында В. Ярузельскийдің Мәскеуге ресми сапарында КСРО президенті М.С. Горбачев Катындағы аруды ұйымдастыруда Ішкі істер халық комиссариаты жауапты деген мәлімдеме жасады.

Соңғы жылдарда кеңес лагерьлерінде 21 857 поляк соғыс тұтқындарының өлтірілгені белгілі болды. Катынь орманында өлтірілген поляк офицерлерінің ішінде әскери міндетін өтеген соң бейбіт өмірде дәрігер, инженер, мұғалім, ақын-жазушы болып жүргендер де баршылық еді. Егер олар тірі болса, онда олардың білімі, ақыл-ойы, дарыны соғыс

біткен соң қаншама құнды туындылар берер еді. Катында өмірі қиылған поляктардың артында жанұялары, ұрпақтары қалды. 2000 жылы Катынь орманында Ресей мен Польша бірлесіп «Катынь» мұражайлық кешенін жасады. Поляк офицерлерін сонау алыс 1940 жылы атқан жерде поляк әскери зираты бар. Катынь қайғылы оқиғасы және ұзақ жылдар бойы оны құпияландыру, жалған ақпар беру халықаралық құқықтың, мораль мен адамшылықтың қағидаларымен мүлде санаспайтын Кеңес Одағындағы тоталитарлық режимнің қылмысты саясатының нәтижесі болатын.

#### Әдебиеттер

- 1 Политбюро ЦК РКП(б) – ВКП(б) и Европа. Решения «особой папки». 1923-1939. Т.1. – М., 2001.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты, 139-к., 1-т., 766-іс, 21-22-п.
- 3 Кен О.Н., Рупасов А.И. Политбюро ЦК ВКП(б) и отношения СССР с западными соседними государствами (конец 1920-1930-х гг.): Проблемы. Документы. Опыт комментария. Часть I. Декабрь 1928 – июнь 1934 г. – СПб., 2000.
- 4 Политбюро ЦК РКП(б) – ВКП(б). Повестки дня заседаний. 1919–1952. Каталог. Т. II. – М., 2001.
- 5 Полян П.М. Не по своей воле... История и география принудительных миграций в СССР. – М., 2001. – С. 90.
- 6 Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.): Сборник документов – Алматы, 2000.
- 7 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, 30-к., 10-т., 8-іс, 1-7-п.
- 8 Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. Архив Сталина. Документы высших органов партийной и государственной власти. 1937 - 1938. – М., 2004.
- 9 Ленинградский мартиролог, 1937-938. Т. 2. – СПб., 1996.
- 10 Қазақстан Республикасының Президенттік Мұрағаты, 708-к., 16/2-т., 54-іс, 24-п.
- 11 Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты, 141-к., 1-т., 10644-іс, 96-п.
- 12 Қазақстан Республикасының Президенттік Мұрағаты, 141-к., 1-т., 12263-іс, 52-п.; 12277-іс, 5052-пп.; 708-к., 16/2-т., 54-іс, 146-п.
- 13 Қазақстан Республикасының Президенттік Мұрағаты, 708-к., 14/2-т., 55-іс, 96-97-п.
- 14 Қазақстан Республикасының Президенттік Мұрағаты, 708-к., 14/2-т., 55-іс, 111,115-п.
- 15 Katyn. Dokumenty Ludobójstwa. Dokumenty I materialy archiwalne przekazane Polsce 14 października 1992 r. Red. Ewa Wosik. – Warszawa, 1992.
- 16 Katyn'. Plenniki neob'yavlennoy voiny. Dokumenty I materialy// Pod. Red. R.G.Pikhoi I A.Geishtora. Sost. N.S. Lebedeva, N.A. Petrosova, V. Voswinskiy, V.Materskiy. – М., 1997. – Док. № 144.
- 17 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, P-1146-к., 1-т., 287-іс, 9-п.
- 18 Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты, 280-к., 768407-т., 43-іс, 3,4-п.
- 19 Amtliches Material zum Massenmord von Katyn. Im Auftrage des Auswärtigen Amtes auf Grund urkundlichen Beweismaterials zusammengestellt, bearbeitet und herausgegeben von der Deutschen Informationsstelle. – Berlin, 1943.
- 20 Żołnierze Polscy-Więźniowie NKWD w latach 1939-1953. Przewodniczący Wojskowej Komisji Archiwalnej płk prof. Dr. Inz. Jan PIĘTA. Część I. – Warszawa, 1993.
- 21 Neue Zürcher Zeitung, 16.Juli 1987; Open Society Archives at Central European University, HU OSA 300-80-1, Box 343.

#### References

- 1 Politbiuro CK RKP(b) – VKP(b) I Evropa. Resheniya “osoboi papki”. 1923-1939. T.1. – М., 2001.
- 2 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenttik muragaty, 139-k., 1-t., 766-is, 21-22-p.
- 3 Ken O.N., Rupasov A.I. Politbiuro CK VKP(b) I otnosheniya SSSR s zapadnymi sosednimi gosudarstvami (konec 1920-1930-h gg.): Problemy. Dokumenty. Opyt kommentariya. Chast' I. Dekabr' 1928 – iyun' 1934 g. – SPb., 2000.
- 4 Politbiuro CK RKP(b) – VKP(b). Povestki dlya zasedaniy. 1919-1952. Katalog. T. II. – М., 2001.
- 5 Polyann P.M. Ne po svoei vole... Istoriya I geografiya prinuditel'nykh migratsiy v SSSR. М., 2001. – S. 90.
- 6 Iz istorii polyakov v Kazakhstane (1936-1956): Sbornik dokumentov – Almaty, 2000.
- 7 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenttik muragaty, 30-k., 10-t., 8-is, 1-7-p.
- 8 Lubyanka. Stalin I Glavnoe upravlenie gosbezopasnosti NKVD. Arhiv Stalina. Dokumenty vysshikh organov partiynoi I gosudarstvennoi vlasti. 1937-1938. – М., 2004.
- 9 Leningradskiy martirolog, 1937-1938. T.2. – SPb., 1996.
- 10 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenttik muragaty, 708-k., 16/2-t., 54-is, 24-p.
- 11 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenttik muragaty, 141-k., 1-t., 10644-is, 96-p.
- 12 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenttik muragaty, 141-k., 1-t., 12263-is, 52-p.; 12277-is, 50-52-pp.; 708-k., 16/2-t., 54-is, 146-p.
- 13 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenttik muragaty, 708-k., 14/2-t., 55-is, 96-97-p.
- 14 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenttik muragaty, 708-k., 14/2-t., 55-is, 111, 115-p.
- 15 Katyn. Dokumenty Ludobójstwa. Dokumenty I materialy archiwalne przekazane Polsce 14 października 1992 r. Red. Ewa Wosik. – Warszawa, 1992.

- 16 Katyn'. Plenniki neob'yavlennoy voiny. Dokumenty I materially// Pod. Red. R.G.Pikhoi I A.Geishtora. Sost. N.S. Lebedeva, N.A. Petrosova, B. Voswinskiy, V.Materskiy. – M., 1997. – Док. № 144.
- 17 Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik muragaty, R-1146-k., 1-t., 287-is, 9-p.
- 18 Resei Ministriliginin Federaciyasy Korganys Ortalyk memlekettik muragaty, 280-k., 768407-t., 43-is, 3,4-p.
- 19 Amtliches Material zum Massenmord von Katyn. Im Auftrage des Auswärtigen Amtes auf Grund urkundlichen Beweismaterials zusammengestellt, bearbeitet und herausgegeben von der Deutschen Informationsstelle. – Berlin, 1943.
- 20 Żołnierze Polscy-Więźniowie NKWD w latach 1939-1953. Przewodniczący Wojskowej Komisji Archiwalnej płk prof. Dr. Inz. Jan PIĘTA. Część I. – Warszawa, 1993.
- 21 Neue Zürcher Zeitung, 16.Juli 1987; Open Society Archives at Central European University, HU OSA 300-80-1, Box 343.

УДК 94(5-191.2) «2000»

Gulnara Dadabayeva, D.Sc.

KIMEP, department of IR, Kazakhstan, Almaty

E-mail: gdadabaeva@mail.ru

### Current Scholarship on the “New Great Game” in Central Asia

In the wake of the US 2014 withdrawal from Afghanistan, it is especially interesting to return to the views on politics of “Great Powers” (mainly US, Russia and China, to the less extent Iran, Turkey, the EU, India) in CA exercised a decade ago and compare them to how the “New Great Game” in CA is viewed ten years later. Second decade of the 21st century is witnessed how in the area traditionally has been dominated by Russia appeared comparatively new turn-ups, mainly in the direction of China. A number of other external actors, especially China, with its policy of “good neighborhood” and the United States in connection with their military operations in Afghanistan became primarily important external actors over the last years.

This paper is focusing on the outcomes of their comparatively short-term presence in CA region starting with 2000.

**Key words:** “Great Game”, competition, external actor, key role, cooperation, legacy, “Eurasianism”, strategic alliance.

Г.Р. Дадабаева

#### Политика «великих держав» в центральноазиатском регионе в 2000-е: начало новой «большой игры»?

Мемлекеттік тілді жақсы білетін мамандарды пайдалануда оралман жастарда ескерусіз қалдырмаған дұрыс. Олар оқып бітірген кезде жұмыс орындарына орналасу қиыншылықтары бар. Қазақстан Республикасынан білім алып осы елге қызмет жасап жатқан бірқатар шығармашылық саласындағы индивидтерді айта кетсе, Монғолиядан; «Жас Қазақ» газетінің журналисі Еренғайып Қуатайұлы, «Хабар» агенттігінің журналистері Нұрлан Оқаулы, Ардабек

Солдатбайұлы, Айдос Жұқанұлы, «Қазақстан» арнасында Айбек Қобдабайұлы, «Астана» арнасында Ержан Әшейханұлы, «Түркістан» газетінде Есенгүл Кәпқызы, «Қазақ» радиосында Болатбек Баянханұлы, Қабдай Нұрлан, Ақсұнқар Ақынбабақызы, «Әдебиет айдыны» газетінде Әбдімәлі Өміржан, айтыскер ақын Дәулеткерей Кәпұлы т.б. мемлекеттік қызметтер атқарып жатыр. Тәуелсіздік алған соң елімізге шетелде тұратын қазақ ғалымдар да көшіп келді. Зардыхан Қинаятұлы МХР-ң премьер-министрінің орынбасары болған, Түріколог, ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы әлемде орханенесей жазуын оқитын 8 ғалымның бірі. Және Қарағанды Мемлекеттік университетінде 15-тей әр түрлі дәрежедегі оқытушылар қызмет жасауда. Ал, Қытайдан келген ғалымдар, Нәбижан Мұхаммед, Жақсылық Сәбитұлы, Дүкен Мәсімхан, Тұрысхан Зәкенұлы, Жәкен Шәди және т.б. ғалымдар да баршылық. Биші Шұғыла Сапарғалиқызы, «тарлан» сыйлығының иегері Майра Мұхаммедқызы, Қазір Париж қаласының Орталық опера театрында өнер көрсетіп жүр. Түркиядан келген ғалым, дінтанушы, исламтанушы, дипломат Мұртаза Бұлұтай, ең алғаш қазақ тілінде Құран кәрімді тәжімалаған қазақ халқының бір туар ұлы Халифа Алтай, Чак Норрис, Брус Ли мен бірге оқығын, шығыс жекпе-жегінің шебері Мұстафа Өзтүрік және т.б. Қазақ мемлекетінің дамуына өз үлестерін қосуда. Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасына шетелден келген қазақ ғалымдары да атсалысып жатыр [5].

Оралман жастардың арасындағы екінші топ білім, ғылымнан бөлек жолда жүргендер, яғни елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып келе жатқан жастар. Олар еліміздің Алматы, Астана, Шымкент сияқты қалаларында оралман жастар экономикалық белсенділікке ие десе болады. Өйткені олардың келген жерлеріне байланысты әртүрлі кәсіпті игерген. Мысалы, Монғолиядан келген оралман жастар қазіргі кезде Алматы қаласының төңірегінде шағын жиһаз жасайтын кәсіпорындар ашып, елдің экономикасын көтеруге үлес қосуда. Олар негізінен Алматының «Алтын орда», «Сәлем», «Барыс» т.с.с. базарларда ас үй, қонақ бөлмесінің жиһаздарын, жатын бөлме жиһаздарын сатылымға шығарып отыр. Алматылық оралман кәсіпкерлер жиһаздарын тек қана Алматы төңірегінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның батыс аймақтарына да тасымалдап жатыр. Ал бұл құбылыстар тек

жаппай сипатқа алып бара жатқан үрдіс десек болады.

Қытайдан келген оралман жастардың негізгі кәсібі жаңа инновациялық технологияларды мықты игерген. Олардың көпшілігі компьютерлік техникаларды жөндеу, ұялы телефондарды жөндеу сияқты қызметтерді атқарып келеді. Яғни заманауи технологияны игерген жастардың қазіргі Қазақстанға тигізіп отырған үлесі мол. Сонымен қатар, оралман жастардың ішінде әлі де болса мәдени белсенділікке ие бола алмай келе жатқан оралман жастардың тобы Өзбекстан, Қарақалпақстаннан келген оралман жастар. Олар негізінен Алматы қаласының төңірегінде әр түрлі салаларда қызмет етіп келеді. Атап айтсақ ең көп мөлшерде олардың айналысатыны сауда десек болады. Алматының «Болашақ», «Барыс», «Сәлем», «Құлагер», «Алтын орда» т.б. базарларда сауда жасап тұрған жастардың көпшілігі оралмандар. Қарақалпақстаннан келген жастардың тағы бір айналысатын кәсіптері құрылыс саласы, яғни қазірде олар бес, алты жігіт болып бірігіп топ құрып әртүрлі құрылыс салаларында қызмет етіп жатыр. Құрылыстан басқа шаштараз, автокөлік жуу, техникалық қызмет көрсету орталықтарында, жанармай станцияларында ірілі-үсақ шаруа істеп жүрген жастар жетерлік. Сондай-ақ оралман жастардың өндіріске қосып жатқан үлесі де көп, мәселен Қарасай ауданындағы «Кока кола», «Ефес», «Хамле» т.б. өндіріс орындарында оралман жастар әр түрлі қызмет атқарып келеді. Бұдан басқа Алматының шет аймақтарына қатынайтын автобустардың барлық дерлік маршрутында оралман бауырларымыз қызмет жасайды. Сонымен қатар, жеке кәсіппен айналысып жүргендері арасында авто көлік сату салысында ірі табысқа жетіп отырған азаматтар бар [6].

Зерттеу соңында айта кететін мәселе – оралмандар көпшілік жағдайда өскен ортасы мен интеллектуалды әлеуетіне сәйкес дамып келеді. Оралман жастардың еліміздің экономикалық жағдайына қосып жатқан үлесі қазіргі кезде өте зор. Жалпы еліміздің экономикалық әлеуетін көтеруде оралман жастардың ықпалы мен белсенділігі өте зор. Келешекте бұл мәселе арнайы зерттеулерді талап етеді.

\* «Отанға оралу: үміт пен шындық: Қазақстан қоғамындағы» оралмандардың психологиялық интеграция мәселесі» атты ҚР БЖҒМ 0620 ҚҚ жобасы аясында орындалды. Жоба жетекшісі: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш.

**Әдебиеттер**

- 1 Калыш А.Б., Касымова Д.Б. Пути интеграции оралманов в казахстанское общество: реалии и вызовы. – Алматы, 2013. – 245 с.
- 2 Жайлыбаев Д.Ж. Оралман жастарға білім беру және ортаға бейімдеу мәселелері // Материалы III Международной научной конференции «Кадырбаевские чтения - 2012». – Ақтөбе, 2012. – 293-297 бб.
- 3 Қалыш А.Б. Оралмандардың Қазақстандық өмірге кірігу мәселелері // «XXI ғасырдың басындағы отандық археология және этнологияның мәселелері мен жетістіктері» атты Ә.М. Оразбаевтың 90 жылдығына арналған «IV Оразбаев оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2012. – 44-46 бб.
- 4 Авторлардың ел арасынан жинаған этнографиялық материалдары, Алматы облысы, Қарасай, Жамбыл, Талғар аудандары, 2012 жыл.
- 5 Мәсімханұлы Д. Елбасы және қазақ диаспорасы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 27 маусым.
- 6 Авторлардың ел арасынан жинаған этнографиялық материалдары, Алматы облысы, Қарасай ауданы, 2013 жыл.

**References**

- 1 Kalysh A.B., Kasymova D.B. Puti integracii oralmanov v kazhastanskoe obschestvo: realii i vysovy. – Almaty, 2013. – 245 s.
- 2 Jailybaev D.J. Oralman jastarga bilim беру jane ortaga beyimdeu maseleleri // Materialy III Megdunarodnoi naucnoi konferencii «Kadyrbaevskie ctenia - 2012». – Aktobe, 2012. – 293-297 bb.
- 3 Kalysh A.B. Oralmandardyn Kazakhstandyk omirge kirigu maseleleri // «XXI gasyrdyn basyndafy otandyk arheologia janr ethnologianyn maseleleri men getistikteri» atty A.M. Orazbaevtyn 90 gyldygyna arналған «IV Orazbaev okulary» respublikalyk gylymi-tagjribelik konferencia materialdary. – Almaty, 2012. – 44-46 bb.
- 4 Field ethnographic materials of authors. Almaty region, Karasay, Dzhambyl, Talgar districts, 2012 year.
- 5 Masimhanuly D. Elbasy jane kazakh diasporasy // Egeмен Kazakhstan. – 2012. – 27 mausym.
- 6 Field ethnographic materials of authors. Almaty region, Karasay district, 2013 year.

ӘОЖ 958.45

Д. Ү. Мұстапаева

Қ.А. Иасауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті  
 Дінтану және теология кафедрасының оқытушысы  
 E-mail: must@mail.ru

### Түркістан аумағындағы тарихи орындар және оларға байланысты тарихи-мәдени жәдігерлер

Мақалада Түркістан аумағындағы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанындағы тарихи орындар мен оларға байланысты музей қоры экспозициясындағы жәдігерлер туралы баяндалады.

Мемлекеттік «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейінің қор, экспозициясындағы ағаш, тас материалдардан жасалған, мешіт, сағаналарды т.б. салуда қолданылған ұстындар коллекциялары туралы баяндалады. Ғалымдар – М.Е. Массон, Т. Миргиязов, Г.А. Пугаченкованың ұстындар туралы ғылыми зерттеулері қамтылды. Түркістан маңындағы мешіт, медреселер, кесенелер, мазарлар туралы айтылады. Атап айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи шәкірттері Жүсіп ата, әл Қожа ата кесенелерінің колонналары-ұстындары мен өрнектелу сипаты қамтылған. Түркістан ұстындарына түсірілген өрнектік сарындарды үш түрге бөлген. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанындағы Жеті ата, Баб Араб, Үндемес ата, Жәудір т.б. мазар, кесенелер онда жерленген тұлғалардың өмірі мен қызметтері туралы баяндалады. Баба Машын, Құмшық ата, Құсшы ата, әл Қожа ата, Гауһар ана мазарлары туралы айтылады. Түркістан аумағындағы мешіттер, қазақтардағы сәулет өнері туралы Ө. Жәнібековтің, В.В. Верещагиннің зерттеулері берілген. Түркістандағы сәулет ескерткіштерінің, атап айтқанда, мешіттердің жалпы ислам сәулет өнерінің талабына сай салынуы, мешіт эстетикасының сақталуы айтылады. Мешіт эстетикасына тән Түркістандағы мешіт ғимараттың төрт ұстынға тірелген күмбезі болған. Жергілікті жердің сәулет ерекшелігіне сай күмбез ағашпен жасалып, қабылтырмен қапталған. Мұнараның биіктігін сипаттайтын деректер келтіріледі.

2013 жылы жүргізілген қазба жұмыстарының негізінде XIV ғасыр, XVII ғасыр, XX ғасыр құрылыс қабаттары табылғаны баяндалады. Қазба жұмыстарының негізі XIV ғасырдың екінші жартысында екі мұнаралы мешіт болғанын айғақтайды. Мешіт бөлмесіндегі михраб, қабырғалар геометрияланған өрнектермен нақышталғаны айтылған. Өз кезінде өте көркем нақыштармен әрленгені, олардағы михраб, күмбез, мұнаралардың болуы баяндалады. Көне ескерткіштердің жұрнақтары ретінде сақталған құнды материалдар, көп ғасырлық тарихи оқиғалар мен даму кезеңдерінің белгілері туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** Түркістан, Қожа Ахмет Ясауи, кесене, тарихи орын, ұстын, мешіт, шәкірт, жәдігер, өрнек, күмбез, михраб, мұнара.

Мұстапаева Дильдаш Утжановна

#### Исторические места в окрестностях Туркестана и историко-культурные раритеты, связанные с ними

Статья повествует об исторических местах на территории Туркестана, близ мавзолея Ходжи Ахмета Ясави, а также о связанных с ними музейных фондах и раритетах, находящихся в их экспозиции.

В статье рассказывается о коллекциях колонн из дерева и камня, находящихся в экспозиции государственного историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан», которые применялись в строительстве мечетей и мавзолеев. Охватываются научные исследования колонн таких ученых, как М.Е.Массон, Т.Миргиязов, Г.А.Пугаченкова. Приводятся сведения о мечетях, медресе, мавзолеех и усыпальницах, находящихся в окрестностях Туркестана, в частности о колоннах мавзолеев учеников Ходжи Ахмета Ясави Жусуп ата и аль Кожа ата. Мотивы орнаментов, нанесенных на Туркестанские колонны, делятся на три вида. Также статья повествует о могилах, мавзолеех, а также о жизни и роли Жеты ата, Баб Араб, Үндемес ата, Жаудыр и др. исторических личностей, похороненных вблизи мавзолея Ходжи Ахмета Ясави. Рассказывается о могилах Баба Машын, Құмшық ата, Құсшы ата, аль Кожа ата, Гауһар ана. Приведены исследования О.Жанибекова, В.В. Верещагина о мечетях, находящихся на территории Туркестана, и об архитектурном искусстве казахов. Рассказывается о том, что строительство архитектурных памятников, а именно мечетей, в целом выполнялось, придерживаясь эстетики мечетей в соответствии с требованиями исламского архитектурного искусства. Здания мечетей в Туркестане имели характерный для эстетики мечетей купол, опирающийся на четыре колонны. Приводятся данные, описывающие высоту минарета. В соответствии с характерными особенностями местной архитектуры купол был сделан из дерева и обшит металлическим листом. Приводятся сведения о высоте михраба.

В статье сообщается о найденных во время раскопок в 2013 году строительных слоях XIV века, XVII века, XX века. Раскопки свидетельствуют о том, что во второй половине XIV века существовала двух-минаретенная мечеть. Рассказывается о геометрических орнаментах на михрабе и стенах помещения мечети. Приводятся сведения о наличии в свое время михраба, купола, минаретов и отделке из художественных орнаментов. Рассказывается о сохранившихся остатках ценных материалов, дающих информацию о многовековых исторических событиях и признаках этапов развития.

**Ключевые слова:** Туркестан, Ходжа Ахмет Ясави, мавзолей, исторические места, колонны, мечеть, ученик, раритет, орнамент, купол, михраб, минарет.

Mustapayeva Dildash

### Historical places near Turkestan and historic-cultural rarities, connected with it

This article tells about the historical places in the Turkestan located near the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, as well as the related museum collections and rarities exposed therein.

The collections of columns made of wood and stone, which were used in the construction of mosques and mausoleums and presently are on a display at "Azret Sultan" State Historical Culture open-air museum have been described in this article. The researches of columns of scholars such as M.E. Masson, T. Mirgiyazov, G.A. Pugachenkova are covered as well. Article provides information about the mosques, madrasas, mausoleums and tombs located in vicinity of Turkestan, in particular the columns of mausoleums of Zhusup ata, al Khoja ata, who were the students of Khoja Ahmed Yasawi. Ornamental motifs applied to Turkestan columns are divided into three types. Also, the article tells about the graves, mausoleums, as well as the life and role of the Jeti ata, Bab Arab, Undemes ata, Zhaudyr and other historical figures buried near the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi. The graves of Baba Mashyn, Kumshyk ata, Kusshy ata and Gauhar ana are treated hereby. Research of the mosques in the territory of Turkestan, and the architectural art of the Kazakhs made by O. Zhanibekova, V.V. Vereshchagin are given. It is told that the construction of monuments, namely the mosques, as a whole were performed adhering to the aesthetics of the mosques and in accordance with the requirements of Islamic architecture. The buildings of mosques in Turkestan had a dome supported by four columns that is specific for the mosque aesthetics. The data describing the height of the minaret has been provided. According to the characteristic features of the local architecture, the dome was made of wood and lined with sheet metal. The information on the height of the mihrab is given herein.

The article reports about the construction layers of the XIV century, XVII century, XX century found during excavations in 2013. Excavations show that in the second half of the XIV century, there was a two-minaret mosque. The geometric ornaments on the walls of mosque premises and the mihrab have been described. The information on the mihrab, domes, minarets and finishing with art ornaments that existed in the past are given. The article describes the remains of valuable materials that provide information on the centuries-old historical events as well as the signs of the development stages.

**Key words:** Turkestan, Khoja Ahmed Yasawi, mausoleum, historical place, columns, mosque, student, rarity, ornament, dome, mihrab, minaret

Қазақстандағы көптеген тарихи-мәдени ескерткіштерді жылжитын, жылжымайтын ескерткіштер деп аталатыны белгілі. Бұл тарихи мұралар Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді» қорғау заңымен қорғалады. Осындай құнды тарихи жәдігерлер музей қорында сақталып, қайта қалпын келтіріліп, зерттеліп жатады. Солардың бірі - ағаш және тастан жасалған, сәулет ескерткіштерінің бір бөлігі ұстындар, яғни тіреу, бағаналар деуге болады. Ортағасырларда, кейінгі ортағасырларда, жаңа дәуірде үйлерде, мешіт, медреселерде, сағана, мазарларда қолданылған тіреу, бағаналардың музей қорында сақталған, экспозициясына қойылған бірнеше түрлері бар. Зерттеуші Г.Пугаченкова Түркістан қаласының ортағасырлық тұрғын үй, мешіт, басқа да баспана түрлерін салуда қолданған ұстындар топтамасын зерттеген.

Қожа Ахмет Ясауидің «Насаб-нама» нұсқаларында аталған шәкірттерінің бірі - Ғашық Жүсіп Ата. Жүсіп Атаның қабірі Түркістаннан 20 шақырым жердегі Иқан қыстағында тұр [1, 84 б]. Мазар XIV ғасырдағы ескі қала аумағында орналасқан. Негізгі кіретін қас беті солтүстік-батысқа, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне бағытталды. Жүсіп ата Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттерінің бірі болған. Түркістан

маңындағы Иқан ауылындағы Жүсіп ата кесенесінің мәрмәрден жасалған бағана бөлшектері музей қорында сақтаулы [2]. Бұл бағана, яғни ұстын бөлшектері саны үшеу. Бағаналар ұзындығы -2,41 см, ені 31 см, 1,31 см, ені 31 см, ұзындығы 66 см, ені 27 см. болып келген. Үшеуінің де түсі қоңыр түсті тастан жасалған. Сегіз қырлы етіп, қоңыр тастан жасалған ұстын-тіреудің (241×31 см) жоғарғы жағы үлкен, төменгі бөлігіне қарай кішіреу түседі. Жоғарғы бөлігіне тасқа қашалып өсімдік сипатындағы өрнек, төменгі бөлігіне араб әріптерімен жазулар түсірілген. XII ғ. Жүсіп ата кесенесінің ұстынын жасауда екі түрлі тас материалдар қолданылған. Иқандағы бұзылып кеткен Жүсіп ата ескерткішінен қалған заттай деректер осылар деуге болады. Музей қорында Түркістан қаласынан, елден көне заттарды жинау барысында қорға түскен биіктігі 2 метр, ені 36 см. тас ұстын-тіреу XIX ғасырмен мерзімделген. Бұл ұстындар алғашқы ұстындарды қайталайды. XII ғасырдағы әл-Қожа Ата ескерткішінің ағаш бағаналары-ұстындары да музей, экспозициясында тұр [2]. Ағаштан жасалған, сыртына араб әріптерімен жазулар, өсімдік, геометрияланған өрнектер түсірілген. Ұстындардың бөлшектерінің бірінің биіктігі-2,25 ені 56 см, екінші бөлшегінің биіктігі 86 см, Түр

ені-36 см, ағаштан ойып жасалған. Аталған ұстындар бөлшектері әл-Қожа Ата ескерткіші бұзылған кезде, 1954 жылы (музей қорындағы тіркеу құжаты бойынша) алынған. Аталған ұстын бөлшектері - ағаштан жасалған және өрнектелген, өрнектелмеген бағаналар жиынтығы деуге болады.

Орта Азияда ортағасырлық сәулет өнерінің дамуында ағаш ұстындардың маңызы үлкен болды. Жеңіл ұстындарды қолдану салтанатты сарайлар мен жұма мешіттерді салуда қолданылды. Тұрғын үйлерде де ұстындар үй бөлшегінің ажырамас бір бөлігі болды. Жалпы, ұстындардың ұзақ кірпішті ғимараттарда қолданған, тас, мрамор материалдардан жасалған түрі ұзақ сақталуымен ерекшеленеді.

Орта Азияда ұстындардың дамуын б.д.V-XII ғғ.дейін анық көрсету мүмкіндігі бар. Ортағасырлық салтанатты сарайлар, мешіттер, тұрғын үйлер жүйесіндегі ұстындарды алғашқы зерттеушілер М.С. Андреев, М.Е.Массон болды. Ұстындардың шығу, даму тарихы туралы зерттеушілер В.Денике, В.Л. Воронина, А.Ю. Якубовский, Г.А.Пугаченкова жазды. Түркістандағы ағаш ұстындардың маңызы үлкен деуге болады.

1928 жылы М.Е. Массон, Т. Мырғиязов жүргізген археологиялық-топографиялық зерттеу кезінде қаланың әр түрлі аумағындағы мешіттерде бес ұстын табылған. Сол кезде олардың төртеуі Ташкентке, Орта Азияның Бас мұражайына алып кетілген екен. Осы аталған ұстындарды 1939 жылы Г.А. Пугаченкова зерттеді[3]. Түркістан ұстындарын жасауда негізгі материал Орта Азия шеберлері кең қолданған қараағаш болды. Шеберлер ағаштардың шынар, арша, жаңғақ, терек секілді түрлерін кең қолданған. Ағаштардың аталған түрлері жергілікті құрғақ ауа-райы жағдайында баспана астында тұрып, жүздеген жылдар бойы жақсы сақтала алады.

Г.А. Пугаченкова төрт ағаш ұстынды зерттеп, қорытындыда екі ұстынның толық ағаш діңінен ойып жасалғанын айтады. Қалған екі ұстын екі ағаштың бөлшегінен өте шебер өңделіп жасалған. Түркістан ұстындарының Орта Азиядағы дәстүрлі ұстындардан ерекшелігі жоғарыдан төменгі бөлігінің жіңішкере түсуі болып табылады. Ұстындарды көркемдеуде сульс, куфи қолтаңбаларымен түсірілген жазулар қолданылған. Өрнектері шеңбер, ирек, торлар мен жапырақты сағақтар түрінде түсіріліп отырған. Көбіне өсімдік сипатындағы өрнектер қолданылған. Түркістан бағаналарын яғни ұстындарын зерттеген Г.А.Пугаченкова ұстындағы жазулардан бұл сәулет ескерткішінің бір

бөлшегінің тапсырыспен орындалғанын «Әмір Мұхаммед Бұқа ұлы әмір Датқаның тапсыруымен ұста Исаның» орындағаны туралы айтады [3]. Түркістан қаласы мен аумағындағы ортағасырлық ескерткіштерден табылған тұғын үйлер, мешіт, медіресе тағы басқа да сәулет құрылыстарының тіреулері туралы келесі тұжырымдарды айтуға болады. Сәулет ескерткіштеріндегі тіреулер ортағасырлық сәулет ескерткіштеріне тән барлық талаптар орындалып жасалған. Тіреулерді жасауда екі түрлі материал қолданылған, атап айтқанда ағаш және тас материалдар деуге болады. Тіреулерді өрнектегенде шебер тапсырыс берген адам мен өзінің есімін ұстын-тіреулерге көркем әріптермен түсіру үрдісін ұмытпаған.

В.Л.Воронинаның ортағасырлық Отырардың сәулет ескерткіштерінің ұстын-тіреулері туралы зерттеуінде оларды өрнектеуде геометрияланған сарындар, атап айтқанда үшбұрыштар, төртбұрыштар қолданылғанын айтады [4, 73б].

Түркістандағы сәулет ескерткіштерінен қалған ұстын-тіреулерде ортағасырлық сәулет ескерткіштері мен жасалған заттарды өрнектеп, әрлеуде қолданылған барлық белгілер бар.

Олар:

1. Геометрияланған, өсімдік сипатындағы өрнектер сарынын қолдану
2. Жазу түрінде түсірілеген сульс, куфи сипатындағы өрнектер сарынын түсіру
3. Ұстын - тіреуді немесе сол ғимаратты ұстаның есімі мен тапсырыс берген адамның атын түсіру

Музей экспозициясында және қорында тұрған ұстындардың екі түрлі ағаш және тас материалдан жасалғанын айтуға болады. Ғылыми зерттеулерде жалпы ұстындарды салтанатты сарайлар, мешіттер, тұрғын үйлерді салуда қолданғаны айтылады. Сонымен қатар мазарлар, сағаналарды салуда да ұстындарды қолданғаны заттай деректер негізінде нақтыланып отыр. Олар жоғарыда атап өткен XII ғасырда өмір сүрген Жүсіп Ата және әл-Қожа Ата кесенелерінің ұстындары деуге болады.

Жүсіп Ата кесенесіне кіретін қас беті солтүстік - батысқа, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне бағытталған. әл-Қожа Ата кесенесінің де кіретін қас беті осылай бағытталған. Сәулетшілердің тұжырымынша ескерткіш XV-XVI ғғ. тән, көп камералы қас бетті, күмбезді, кіреберіс бөлмеден, зиаратханадан, көрханадан тұратын құрылыс[5,118 б].

Жүсіп ата туралы XX ғасырдың басында Әзірет Сұлтан кесенесіне зиарат еткен Садық Сапабекұлының дерегінде айтылады. Мұнда

«Хорасан әулиесі Баба Машын Қожа Ахмет Ясауи туралы аңызда Мырза Жүсіп аты Хазреттің дүрешісі болғаны, Хорасан ғұламасының Хазрет Сұлтанның әулиелігін мойындағандығы баяндалады» [6,129 б].

Аңыздардың бірінде Хазреттің пірзадасы, ұстазы Йсуф Хамаданидің ұлдары келе жатқанда алдынан қарсы алуға Мырза Жүсіп шығады. «Қонақтарға жол ашып, өзінің кереметтігімен дария суын кесіп, орамалына түйіп жолаушыларды өткізіп болған соң қайта орнына төгіп жібереді. Ясауи шәкіртінің кереметін көріп «мұны Мырза Жүсіп деме-Ғашық Жүсіп деп шақыр» дегенде өзінен-өзі өртеніп күйіп кеткен екен» деседі [6,130б]. Зерттеулерде Жүсіп ата Ахмет Ясауидің рухани кемелдікке жеткен шәкірті болғаны баяндалады. Аңыздарда «Мырза Жүсіп»-«Ғашық Жүсіп»-«Ғашық Жүсіп бейдауи», «Баба Мәшінге дүре соғушы Мырза Жүсіп»деп аталған [7, 96 б]. Жүсіп ата XII ғасырда өмір сүрген. Мырза Жүсіптің «Самал ата»деп аталған мүриді туралы С.Сапабекұлы жазып қалдырған аңыздарда келтіріледі [6, 130 б].

Жүсіп ата, Баба Мәшін, Құсшы ата, Имам Мәрғұзи мазарлары Түркістан аумағында. Түркістанның оңтүстігінде 20 шақырым жерде Жүсіп ата мазары, Баба Мәшін қабірі Әзірет Сұлтан кесенесінен бір шақырым жерде, солтүстік батыс тұсында, Имам Марғұзи Түркістаннан 10 шақырым жердегі Шобанақ ауылында жерленген[7, 44 б].

XIX ғасырдың ортасында Түркістан қаласы бес бөлікке бөлінген. Төрт бөлігі қаланың қақпаларының атымен аталған. Атап айтқанда Ишан қақпа, Баб-Араб қақпасы, Жеті ата қақпасы, Дарбаза қақпа деп аталған [8,54б].

Баб Араб қақпасы, Жеті ата қақпасы Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттерінің есімімен байланысты аталған деуге негіз бар. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 300 метр жерде Баб Араб әулиенікі деген қабір бар (сурет-1). Кесененің батыс жағында «Жеті ата»деген әулие орын болған. Олар Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттері, қайтыс болған соң аталған жерге қойылған. Кейінгі ғасырларда осы тұлғалардың есімімен қала қақпалары, тұрғындар қоныстанған аумақтар аталған.

Әзірет Сұлтан жанында бұрынғы кезде Көк мешіт, Жәудір мешіті болған екен.

1933-1934 жылдары Көк мешіт, Жәудір мешіті сонымен бірге бірге (1913 жылы туылған Н.Абдуллаевтың айтуы) Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында Үндемес, Қорасан, Баб Араб, Жеті Ата, Құмшық ата, әл Қожа Ата (дерек берушілер жеке мешіт үйлер деп ата-

ған) мазарлары болған. Олар түгелдей бұзылып, «осы аталған мешіттердің қыштарынан Түркістандағы мақта заводы жанындағы май заводы салынды. Май заводы жұмыс істемей, мал сойып, құдайы берген» деп ел айтады [9, 123 б]

Түркістанда XX ғасырдың бірінші жартысында жұмыс істеп, ел жадында қалған көптеген мешіттердің бірі – Жәудір мешіті болды. Жәудір мешіті, медіресесі туралы деректер елдің аузында қалып, атадан бабаға берген деректер негізінде айтылып келді.

XIX ғасырдың 40-шы жылдары Түркістан мешітінде сауатын ашып, емші атанған Жәудір ана туралы келесі дерек бар. Арқадан кебенек киіп Түркістанға келген Жәудір ананың кейінгі ғұмыры осы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында өткен екен. Медіреседе дәріс беріп, бақ өсірген. Жергілікті елдің есінде «Жәудір мешіті», «Жәудір бағы» болғаны туралы деректер бар. Бақ өсіріп, дәріс берген ананың өнегелі істері елдің жадында қалған екен.

Кәдірбай Сармолдаевтың дерегіне сүйеніп жазылған С.Байдәулетовтың зерттеуінде Жәудір ана туралы келесі деректер келтіріледі. «Әзберген ақынның бабаларының айтуынша ендігі мешіт ұстайтын Әжі Ахмет әулетінен аяқ-қолы кеміс қыз туады. Сол қыз айғып, бой жетіп Әжі Ахмет мешітін ұстайды» деген өсиет қалдырған. Осы деректеге сүйенгенде 1810 жылдары Әжі Ахмет әулетінен аяқ-қолы кеміс қыз туылады. Кәдірбай Сармолдаев, С. Байдәулетовтың дерек, зерттеулеріне қарағанда дүниеге келген Жәудір Қара Қағай батырдың ұлы Ораздың қызы болған.

1810 жылы дүниеге келген Жәудір аяқ-қолы кеміс болып туылып, 10 жасқа келгенде жазылып, 15 жасында атақты сұлу атанады. 18 жасында, яғни 1828 жылы Жаппас деген үңгіт жігітіне тұрмыс құрып, бір қызы болады. Жауынгершілік соғыста тұрмыс құрған жолдасы, кейін қызы қайтыс болып, осындай қайғыдан кейін Түркістанға келеді. Осы Түркістанда сауатын ашып, емші атанады. К.Сармолдаевтың дерегінде Қожа Ахмет Ясауи бабасының мешіт – медіресесін шамамен 1840-шы жылдары ұстаған. Бұл кезде Жәудір 30 жаста болған. Жәудір екі рет Меккеге барып қайтқан. Осы деректерге сүйенсек 1914 жылы Сәтбай, Самұрат болыстар Түркістанға келіп, Жәудір ананы «мешіт ашып, үлгі көрсетіңіз» деп еліне алып барады. Жәудір ананың шарты бала оқытып, мешіт салу болған. Дерек бойынша Жәудір ананың шартымен Қостанай жерінде, Қамысты ауданында Қарасу, Кіндікті өзендері аралығындағы қамысты жердегі Әзім әулиенің Т

жанына мешіт салдырады. Осы деректерде 1918 жылы 100-ден асқан шағында қайтыс болған Жәудір ана осы жерге, Әзім әулиенің жанына қойылған.

Себебі, 1918 жылдардағы саяси – эконмикалық т.б. жағдайлар Жәудір ананы Түркістанға алып келіп жерлеуге мүмкіндік бермегені болуы керек. Жәудір ана өзінің 60 жылдан аса ғұмырын Әзірет Сұлтан ғимаратының жанында өткізді. Мешітті ұстап, дәріс беріп, емшілік жасайды. Жәудір мешітінің жұмыс істеп, медресесінде шәкірттердің дәріс алуына ықпал еткен. Жәудір көшесі, Жәудір бағы болғанын Жәудір ананың ағасы Шоңнан тараған ұрпағының бірі - Кәдірбай Сармолдаев өз дерегімен нақтылайды.

Жәудір ана кезінде «күшнаш» деген атқа ие болған. Елде шипагерлерді: Теңдессіз шипагер, нағыз шипагер, караүзген шипагер, шипагер, емші, емкөс, жарғышы, қараемші, қаншы, тамыршы, сынықшы, оташы, іш сипағыш, көзқарақшы, ішірткіші, бақсы, жауырыншы, балгер, құмалақшы, болжағыш, аяншы, күшнаш, әулие, әнбие деп 24 түрге бөліп оларға жеке-жеке анықтама беріп талдай отырып, әр емшінің өзінің жеке қасиетіне баға беріп, оның шипалық ерекшеліктерін тұжырымдамалы ой талғамымен түйіндейді [10, 405б]. Осы шипагерлердің бірі - Жәудір ана болғаны анық.

Н.Абдуллаев дерегі бойынша Хан көшенің бір жақ шетінде Жәудір мешіті болғаны айтылады. Жәудір мешіті биік, зәулім, шошақ етіп салынған. Мешіті, медресе Әзірет Сұлтан алдында күншығысқа таман орналасқан деп баяндайды. Осы дерек бойынша «Қаракөз» бауы, «Мола» 50-60 гектар жүзімі бар Жәудір бағы болған. Анарбай, Әбсамат байлардың баулары болғаны айтылады. Зерттеу, деректерде Жәудір ананың «Сахи бай», «Әжі-аквар» деген атақтары болғаны айтылады [9, 123 б]. Бір деректерде қажыға екі рет, екінші деректерде 7-8 рет барған қажы-әжы. «Жәудір мешіті» Әзірет Сұлтанның түстік жағында шығысқа таман орналасқан.

Мешіт 1914 туылған, осы медреседе оқыған Е.Сүлейменовтың дерегінде «Жәудір Әжі Ахмет» мешіті деп аталған. Осы деректерге сүйенгенде мешіт үш-төрт бөлмелі, керемет нақышты, өте биік мұнаралы, биіктігі екі үйдей, едені күйдірілген кірпішпен жалтыратылған, төбесі ағашпен өрнектелген ғимарат болған екен. Жанында алыстан келіп, оқыған шәкірттер үшін жатақханасы болған. 1929-30 жылдарға дейін осы мешітті көріп, медреседе дәріс алған Ермахамбет Сүлейменұлы Тәттімбет қари 1996 жылы 11 шілдеде «3 әлде 4 бөлмелі

керемет нақышты, шығысқа тән салтанатты, өте биік зәулім сарайдай мұнаралы еді. Биіктігі екі үйдей. Естуімше осы мешітті Жәудір ана жөндетіп салдырған. Табаны күйдірген қыштан жалтыраған, төбесі ағаштан өрнектеліп жабылған... Мешіттің орны Әзірет Сұлтанның түстік жағында болатын...» деп сипаттайды [9, 123 б]. Осы айтылған деректерді соңғы жылдары Мемлекеттік «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейінің археологтарының зерттеулері, тапқан археологиялық материалдары нақтылап отыр. Ислам мәдениетінде мешіт эстетикасы белгілі бір канондарға, яғни ережелерге сүйенеді. Бұл ережелер барлық мұсылман мешіттерінде сақталады. Атап айтқанда XX ғ. басында Түркістан аумағында 70-тен аса мешіт болған. Өз кезегінде Жұма мешіт, кварталдық мешіттер деп бөлінген. Мешіт мұсылманның діни өмірінің орталық және негізгі символы. Тарихи және географиялық көп сипатына сай мешіттер құрылысы бірқатар ортақ ережелерді қатаң сақтайды. Ең маңыздысы Меккеге бағытталған намаз бөлмесі. Мешіт бөлмесінің батыс тұсында міндетті түрде михраб орналасқан. Михраб мұсылмандардың бірлігін бейнелейді. Ол арқылы барлық назар Әлемнің кіндігі - Құбылаға бағытталған. Михрабтың айналасы ең қасиетті және көркемделген мешіттегі орын. Мұсылман сәулет канонында мешіт ансамблінде міндетті түрде минарет - мұнара бар. Мешіттің ішінде міндетті түрде Құбылаға бағытталған өте көркем өрнектелген михраб болады [11, 423 б]. Жәудір мешітінің орнында табылған михраб, мұнаралар орны, өрнекті құрылыс материалдары осы ережелердің бәрін сақтап салынғанын айғақтайды.

XIX ғасырдың ортасында, 1866 жылы суретші В.В.Верещагин Түркістандағы діни құрылыстар кең, күмбезді болғанын жазады. Әрбір діни ғимаратта хауызды аула, ағаштармен қоршалған бір жағы қабырғалы екінші жағы ашық бөлмелер, ұстындар, бағаналар болған. Ұстындарға тірелген бастырмалар көркем әшекейлермен өрнектелген [12, 52 б].

2008-2013 жылдары Жәудір мешітінің орнында жүргізген археологиялық жүгізген қазба жұмыстарының негізінде шырақшының үйі, михраб, мұнара орындары табылған [13]. Мешіт эстетикасына тән ғимараттың төрт ұстынға тірелген күмбезі болған. Жергілікті жердің сәулет ерекшелігіне сай күмбез ағашпен жасалып, темірмен қапталған. Мұнарасының биіктігін осы мешіт-медреседе оқып, дәріс алған Ермахамбет қари «салтанаты зәулім сарайдай мұнаралы» деген [9, 124 б].

Қазба жұмыстарының негізінде XIV ғасыр, XVII ғасыр, XX ғасыр құрылыс қабаттары табылды. Қазба жұмыстарының негізі XIV ғасырда екі мұнаралы мешіт болғанын айғақтайды. Мешіт бөлмесіндегі михраб, қабырғалар геометрияланған өрнектермен нақышталған. Кезінде өте көркем нақыштармен әрленгені байқалады. Михрабтың көлемі 1,5-2 м.

Зерттеуші С.С. Байдәулетовтың зерттеуінде Жәудір ананың туыстары, мешітті көрген, сол жерде дәріс алған адамдармен кездесіп алынған деректер қамтылған. Осы деректер негізінде Жәудір ананың оқып білім алған, емші болғанын көреміз. Өзінің 60 жылдан астам ғұмырын ағарту, елдің сенімдерін, мәдениетін, жерін көркейтіп, дамытуға бағыштаған тұлға екені белгілі болды. Жәудір мешітінің Әзірет Сұлтанның түстік жағында шығысқа таман болғанын барлық деректер нақтылайды. Өзі қажы, емші болып елге қызмет еткен тұлға ретінде елдің жадында қалды.

XII ғасырда өмір сүрген, Ахмет Ясауи бабаның замандасы, шәкірті, ілімін жалғастырушы болған тұлғалардың есімдерімен байланысты тарихи орындар, олар өмір сүрген, немесе жерленген орындар уақыт тезінен өте отырып, өз аттарын сақтап кейінгі уақытқа дейін қозғалатын немесе қозғалмайтын заттай ескерткіштер ретінде келіп жетті деуге болады. Атап айтқанда:

1. Жүсіп ата Түркістанна 20 шақырым жерде орналасқан

2. Баб Араб Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 300 метр жерде орналасқан

3. Имам Мәрғаузи Түркістанна 10 шақырым жерде күмбезді мазары бар.

Имам Мәрғаузи Қожа Ахмет Ясауи шәкірті. Қырық күн, қырық түн Қожа Ахмет Ясауимен айтысып, жеңіліске ұшырайды. Өле-өлгенше Қожа Ахмет Ясауиге қызмет қылады. Қазіргі кезде Түркістан қаласынан сегіз шақырым қашықтықтағы Шобанақ деген жерде жерленген. Екі бөлмелі, күмбезі бар ескерткіші қазіргі кезде тұр [14, 83 б].

4. Үндемес ата 19 ғ. 1880 жылдары Түркістанда өмір сүрген. Кесенеде жанында қабірі болған.

5. Жеті ата- Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің батыс жағында орналасқан.

6. Құмшық ата Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстік бағытта 700 метр жерде жерде орналасқан жер асты құрылысы. 1973 жылы археолог Т.Сенигова зерттеген, XII ғ. Ортасымен мерзімделген.

7. Әли Қожа ата - Қожа Ахмет Ясауидің күйеу баласының мазары Түркістан маңында орналасқан.

8. Құсшы ата-Түркістанның шығысындағы жеті бұлақ аққан нұрлы жерді мекен еткен. Әзірет Сұлтанның шәкірті болған Ел құрметтеп құсбегілік өнеріне сай «Құсшы ата» деп атаған.

9. Гаухар ана-Қожа Ахмет Ясауи бабаның қызы. Мазары Түркістан маңында. Әсіресе әйел заттары барып, зиарат ететін орын.

10. Жәудір мешіті, медіресесі

Қазақтардың тұрғын үйлерін, сәулет өнерін зерделеген Ө.Жәнібеков Қазақстан жерінде түрлі себептермен діни ғибадаттық сәулет ескерткіштерінің көп сақталғанын, олардың көбі күмбезді болып келгенін, ал күмбездердің тұрғын үйдің жылжымалы түрлері - киіз үйге ұқсағанын айтқан. Осы ретте ғалым Баба-әже қатын күмбездіндегі шатырлы жабынды, кейіннен дарбазалы-күмбезді сәулет өнерін дамытуға кең қолданылғанын талдайды. Қазақ халқының баспанасын зерттей отырып, шатырлы жабынды, дарбазалы-күмбезді сәулеткерлікті А.Н.Бернштамның кейіннен бүкіл Орта Азия сәулет өнерінің өзегі болғанын, үш белгі – құрылыстың күмбезді қаңқасы, портал мен ойма қыштардан құрастырылатын өрнекті екенін бөліп қарап, күмбез идеясы, оны тұтас жүзеге асыру көшпелі малшы қауым мекендеген қыпшақ даласынан алмасқанын айтады [15, 296].

Соңғы жылдары Жеті ата қақпасына жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде тұт ағаштарының бағы және үлкен мазар болғанын көрсетеді [16]. Бұл аумақта кезінде жерленген Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттері Жеті ата, Баб араб әулиелердің мазарының болуы ұстазының мазарының жанына жерлеу дәстүріне негізделген. XIX ғ. өмір сүрген Үндемес ата «күндіз Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің босағасында отырып, түнде Жеті ата мазаратында түнеген» екен. XII ғасырда өмір сүрген, Ахмет Ясауи бабаның замандасы, шәкірті, ілімін жалғастырушы болған тұлғалардың есімдерімен байланысты тарихи орындар, олар өмір сүрген, немесе жерленген орындар уақыт тезіне өте отырып, өз аттарын сақтап кейінгі уақытқа дейін қозғалатын немесе қозғалмайтын заттай ескерткіштер ретінде келіп жетті деуге болады. Қожа Ахмет Ясауи шәкірттері Жеті ата жерленген жер уақыт өте, ғасырлардан соң қала қақпасы ретінде белгілі болды. Жеті ата қақпасынан Ясауи кесенесіне баратын жол болған. Яғни, Жеті ата әулие мазары Әзірет Сұлтанға зиарат етіп келген зиаратшылардың зиарат ретімен зиарат ете баратын орындарының бірі болды. Жеті Ата, Баб - Араб, Үндемес ата мазарлары орналасқан жерлер мазаратқа айналған [16, 2 б]. Кейінгі ға-

сырларда Жеті ата қақпасы деген атпен белгілі болып, қаладан шыққан керуеншілердің сапарға шығатын қақпасы болды. Керуен Теке мекенінен өтіп, өткел арқылы Сырдың сол жағалауындағы елді мекендерден өтіп, сапар шеккен. Ортағасырлық тарихи орындарды қарастырғанда ел қадірлеген әулиелерге, ілімді тұлғаларға уақыт кезеңіне сай сәулет ескерткіштерін орнатып отырған. Ол ескерткіштер сол кезеңнің заман талабына сай салынып отырды. Ескіліктің жұрақтары ретінде сақталған құнды материалдарды қарай отырып, көп ғасырлық тарихи оқиғалар мен даму кезең-

дерінің, заттай ескерткіштердің дамуының ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік алуға болады. Атап айтқанда ортағасырлық Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің аумағындағы жерленген кісілер, әр уақытта елдің рухани өміріндегі орнымен ерекшеленген. Уақыт өте олар өмір сүрген, жерленген орындар зиарат орындарына айналып, жоғалмай аты сақталып келген. Кейінгі ғасырларға ол орындар әр тарапқа ел сапар шегетін керуен жолдары шығатын қақпалар, бақтар, мешіттер т.б. тарихи-сәулет ескерткіштерінің сақталып қалған орындары ретінде сақталып жетті.

#### Әдебиеттер

- 1 Жандарбек З. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 256 бет.
- 2 Мемлекеттік «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейі. Сақтау қоры. Жұма мешіт, Түркістан тарихы экспозициясы. Этнография бөлімі. Эсми. Кк-127,128,129,кк27, кк29
- 3 Пугаченкова Г.А. О резных деревянных колоннах XIV-XV вв. в г. Туркестане // Известия АН Казахской ССР. Серия архитектура, 1948. Вып. 1.
- 4 Воронина В.Л. Колонны из Отрава // Древности Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1975. – С.73
- 5 Бейсембаева Л.С. Архитектурные особенности мавзолея Жунус –Ата //Тұран-Түркістан: тарихи-мәдени сабақтастық мәселелері. Ежелгі дәуір және ортағасырлар. Түркістан археологиялық экспедициясының 10 жылдығына арналған ғылыми конференция материалдары. – Түркістан, 2006. – 118-121 беттер
- 6 Сапабекұлы С. Түркістандағы тарихи зиярат//Ясауи тағылымы. –Түркістан: Мұра, 1996. – 152 бет.
- 7 Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Ясауидің ақындық мектебі //Ясауи әлемі. – 2009, N1 (1). – 95-127 беттер
- 8 Смағұлов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А.Средневековая археология города Туркестана. –Туркестан: Мирас, 1998. – 228 с.
- 9 Байдәулетов С. Алтын киімді Ханзада ұранды қарт қазақтар. – Алматы, 2000. – 291 бет.
- 10 Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: Санат, 1996. – 405 бет.
- 11 Очерки по истории мировой культуры. – М., 1997.
- 12 Верещагин В. От Оренбурга до Ташкента. 1867-1868 гг. – Всемирный путешественник. – 1874. – N5.
- 13 Тұяқбаев М., Мұсабаев Қ. Жәудір мешітінің орнында 2013 жылдың сәуір-мамыр айларында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының есебі. «Әзірет Сұлтан»Мемлекеттік қорық мұражайының мұрағаты. Қолжазба, 2013.
- 14 Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар. – Алматы: «Эффект», 2009. – 152 б.
- 15 Жәнібек Ө. Жарияланбаған жазбалар мен ол туралы естеліктер. – Алматы: Арыс, 1999. – 240 бет.
- 16 Смағұлов Е.А., Тұяқбаев М.Қ., Өсеров Т., Күмісбаева Ү., Мұсабаев Қ., Мұташев Е. Ескі Түркістан қаласының Жеті ата қақпасының тарихи орнында 2009 ж. жүргізілген археологиялық зерттеу жұмысының есебі. Түркістан. 2009.( Қолжазба). Әзірет Сұлтан Мемлекеттік қорық мұражайының мұрағаты. – N14. – 2 бет; Мұсабаев Қ. Жеті ата қақпасында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі// Түркология. –N1, 2012. – 124 бет.

#### References

- 1 Zhandarbek Z. Yasawi zholy jane qazaq qogami. Gylymi zertteu. - Almaty: «El-shejire», 2006. -256 bet.
- 2 Memlekettik «Azret Sultan» tarihi madeni qoryq muzei. Saqtau qory. Zhuma Meshit, Turkistan tarihy ekspozitsiasy. Etnografia bolimi. Esmi. Kk-127,128,129, kk27, kk29
- 3 Pugachenkova G.A. O raznyh dereviannyh kolonnah XIV-XVvv. v gorode Turkestane // Izvestia AN Kazakhskoy SSR. Seria Arhitektura, 1948. Vyp. 1.
- 4 Voronina V.L. Kolonny iz Otrava // Drevnosti Kazakhstana. -Alma-Ata: Nauka, 1975. –S.73.
- 5 Beisembaeva L.C. Architekturnye osobennosti mavzoleya Zhunus – Ata// Turan-Turkistan: tarihi-madeni sabaqtastiq maseleleri. Ezhelgi dauir jane ortagasyrlar. Turkistan arheologialyk expeditasynyn 10 zhyldygyna amalghan gylymi konferentsia materialdary. –Turkistan, 20067 -118-121 better.
- 6 Saparbekuly S. Turkistandagy tarihi ziyarat//Yasau tagylymy.- Turkistan: Mura, 1996. -152 bet.
- 7 Abdirasilkyzy A. Qoja Ahmet Yasauidin akyn dyq mektebi //Yasaui alemi. – 2009, N1 (1). -95-127 better
- 8 Smagulov E.A., Grigoriev F.P., Itenov A.A. Srednevekovaya arheologia goroda Turkestana. – Turkestan: Miras, 1998. -228 s.
- 9 Baidauletov C. Altin kiimdi Hanzada urandy qart qazaqtar. -Almaty. 2000, -291 bet.
- 10 Tileukabylyuly O. Shipagerlik bayan. – Almaty: Sanat, 1996. -405 bet
- 11 Ocherki po istorii mirovoi kultury. –M., 1997.
- 12 Vereshagin V. Ot Orenburga do Tashkenta. 1867-1868 гг. –Vsemirny Puteshestvennik, 1874. N5.
- 13 Tuyakbaev M., Musabaev K. Zhaudir meshitinin ornynda 2013 zhyldyn sauir-mamyr ailarynda jurgizilgen arheologialyq zertteu zhumystarinin esebi. «Azret Sultan» Memlekettik qoriq murajaiynyn muragaty. Qoljazba. -Turkistan 2013.
- 14 Qoja Ahmet Yasaui esimimen bailanysty anyz, apsana, hikajalar. -Almaty: “Effekt”, 2009. -152 b.
- 15 Zhanibek O. Zharijabanagan jazbalar men ol turaly estelikter. -Almaty: -Arys, 1999. -240 bet.
- 16 Smagulov E.A., Tujakbaev M.Q., Oserov T., Kumisbaeva U., Musabaev K., Mutashev E. Eski Turkistan qalasinin Zheti ata qaqpasynyn tarihi ornynda jurgizilgen arheologialyq zertteu zhumysynyn esebi. Turkistan. 2009 (Qoljazba). Aziret Sultan Memlekettik qoryq murajaiynyn muragaty. N14. -2-bet; Musabaev K. Zheti ata qaqpasynnda jurgizilgen arheologialyq zertteu zhumystarynyn natijesi// Turkologia. N1, 2012. 124-bet.

ӨОЖ 458.45

Г.А. Мейрманова<sup>1</sup>, Л.Ә. Махамбетова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, тарих, саясаттану және әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к., Қазақстан, Қызылорда қ.

<sup>2</sup> Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, тарих магистрі, Қазақстан, Қызылорда қ.  
E-mail: mga7.79@mail.ru

### Сыр өңірі қазақтарының зергерлік өнері: сақина, жүзік түрлері және семантикасы

Әйел әшекейінің ең қымбаты – ұзатылатын қыз үшін жасалатын сәукеле болса, қазақ зергерлерінің өте көп жасайтын әшекейлерінің бірі – сақина мен жүзік. Жүзіктер мен сақиналар кең тараған әшекейлер болған, оларды 3-4-тен, салмақты үлгілерін қоспағанда, шешпестен таққан. Қазақ сақиналары әртүрлілігімен және әшекейлігімен ерекшеленеді. Сақина – шенбер тәрізді, сәнді безендірілген, саусаққа киетін әшекей. Бағалы тастары бар сақина, қалыптасқан түрде жүзік деп аталады, бірақ бұл атау соңғы уақытта қолданудан шығып барады. Қазіргі уақытта «сақина» атауы барлық сақина түрлеріне қолданыла беретін болды.

Сақина – естелік, сыйлық, тіпті, мұралық белгі. Халқымызда қалыптасқан дәстүр бойынша, ас адал болуы үшін әйелдің саусағында міндетті түрде сақина болуға тиіс. Көбінесе әйелдерге күміс сақина тағу ұсынылады. Алайда алтын сақинаның да жақсы әсері бар. Сол себепті қазақтар «Сақинаны сөнге салмайды, ол – тазалыққа таразы» – дейді. Сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық та қызмет атқаратындығы мақалада қарастырылды. Авторлар алғаш рет ортағасырлық Жанкент қаласында табылған «Мұхаммед» жазуы жазылған жүзікке сипаттама жасаған.

Мақалада ерте кезден қолданысқа ие, көп таралған ұлттық әшекей бұйымдар – жүзік пен сақинаның түрлеріне, шығу тарихына, сонымен қатар зергерлік бұйымдардың семантикасына және сақина мен жүзіктердің басқа халықтарда қолданылуы, ерекшеліктері мен айырмашылықтары, діни-магиялық қасиеттері жайлы жазылған.

**Түйін сөздер:** сақина, жүзік, зергерлік өнер, әшекей бұйым, семантика.

Г.А. Мейрманова, Л.А. Махамбетова

#### Ювелирное искусство казахов Сыра: виды и семантика колец и перстней

Если для женщины самым дорогим украшением является проводное саукеле, то одно из самых распространенных украшений, которое делают казахские ювелиры, это кольца и перстни. Кольца и перстни – самые широко используемые украшения, их носили по 3-4 штуки на палец, не снимая их даже во время хозяйственных работ. Казахские кольца отличаются разнообразностью и красотой. Кольцо – кругообразное украшение, красиво оформленное для носки на пальцах. Кольцо с дорогими камнями называется «жүзік», однако это название в последнее время мало используется. Сейчас широко используется термин «сақина» ко всем видам колец.

Кольцо – это память, подарок, даже наследственная вещь. В народе широко распространено понятие: чтобы трапеца была благословленной, на руке проготовившей обязательно должны быть кольца. В основном женщины предпочитают серебряные кольца. Однако и золотые кольца имеют свои благоприятные качества. Поэтому казахи говорят: «Кольцо носят не для красоты – оно равносильно чистоплотности». В статье кольца рассматриваются не только как украшение, но и как гигиеническое средство. Авторы впервые дают описание найденному обломку перстня в средневековом городище Джанкент с надписью «Мухаммад».

В статье рассматриваются виды колец и перстней, история их появления, а также семантика ювелирных украшений, а еще распространение этих украшений в других странах и народах, их различия и особенности, религиозно-магические особенности.

**Ключевые слова:** кольцо, перстень, ювелирное искусство, украшение, семантика.

G.A. Meirmanova, L.A. Makhambetova

#### Jewelry art of Syrdarya kazakhs: types and semantics of rings and earrings

If for the woman the most expensive decoration wire Saukele, one of the most common decorations that make Kazakh jewelers is rings and earrings. Rings and earrings were the most commonly used jewelry, wore them for 3-4 pieces on a finger without having to remove them, even during the home chores. Kazakh rings differ diversity and beauty. Ring - a circular ornament, beautifully decorated for the wear on fingers. Ring with a precious stone called «жүзік» but that name recently little used. It is now widely used term «сақина» to all rings.

Ring - it's a reminder, gift, even a hereditary thing. The people said: meal is blessed if it made by hand with rings. Most women prefer silver jewelery. However, gold rings have their beneficial qualities. Therefore, Kazakhs say: «Ring are not for beauty - it is equivalent to cleanliness». In article rings are considered not only as decoration but also as a hygienic means. The authors first provide a description of the fragment of the ring found in an archaeological site Dzhanakent with the inscription "Muhammad."

The article discusses the types of rings and earrings, the history of their appearance, as well as the semantics of jewelery, and prevalent these ornaments in other countries and peoples, their differences and peculiarities, religious and magical features.

**Keywords:** ring, earrings, jewelery, decoration, semantics.

Қазақ ұлтының зергерлік өнері көне замандарда, алғашқы тайпалық бірлестіктер дәуірлерінен бастау алған. Өйткені, Қазақстан аумағындағы әр түрлі қазбалардан табылған түрлі қолөнер ескерткіштері осы пікірді дәлелдей түседі[1]. Неолит немесе мыс (б.д. д. 3-2 мыңжылдықтар), қола (б.д.д. 2-ші мыңжылдық-ҮІІІ ғасыр аралығы) замандары мен алғашқы темір кезеңіне (б.д.д. ҮІІІ-ІҮ ғғ.) байланысты қазбалардан шеберлердің зергерлік өнермен айналысқанын дәлелдейтін жекелеген заттар мен заттардың фрагменттері табылған. Бұл бұйымдардың діни-магиялық негізі ерте заманда пайда болды. Неолит кезеңінде сүйектер, түрлі аңдардың азу тістері, теңіз бақалшақтары т.б. қожайынына күш беріп, түрлі қауіп-қатерден сақтайды деп сенген.

Энеолит, яғни мыс заманында шеберлер маляхит пен лазурит минералдарынан әсемдік бұйымдар жасаған. Қола және темір дәуіріне жататын обалар мен қорғандарды қазу барысында, атап айтқанда Беғазы-Дәндібай, Отырар төбе, Маңғыстау, Бесшатыр, Шіліктіден табылған зергерлік бұйымдар қазақ халқында бұл өнердің ертеден қалыптасқандығын дәлелдейді.

В качестве примера из интервью респондента Сусанна Морозова (девичья фамилия Айвазян), 37 лет, папа – армянин, мама – украинка; замужем за русским. Сусанна отмечает: «Да, проблема была в том, что я не очень хорошо относилась к своему имени и к своей фамилии. Потому что они не очень легко произносимы и у меня очень часто, когда переключку в классе делали, учителя, одноклассники неправильно называли мою фамилию, имя. И я помню, что у меня в детстве была прямо мечта поменять не этническую принадлежность, а именно имя и фамилию. И то, что я армянка меня, с одной стороны, вроде как бы и радовало, что я такая необычная, и я такая в классе одна и во дворе нас там всего двое было. А с другой стороны, мне хотелось, ну, наверное, чисто подростковый такой случай социализации, хотелось быть как все, чтобы я была там Юлией или Леной, Ивановой, то есть было у меня такое стремление. Когда я родителям заикнулась о том, что я при получении паспорта хочу написать, что я русская, и может быть, даже поменять имя свое необычное, папа мой возмутился. Айвазян у меня была фамилия, а как только не называли и Айвазов, и Авасян, по-всякому меня называли, и Аванесян. То есть вот это, конечно, меня всякий раз коробило, мою детскую ранимую душу и я стеснялась, зажималась всякий раз, как страус втягивала голову и думала: «Господи, почему я не Оля? Почему я не Лена? Зачем вы меня так называли?». [13] Следует отметить, что Сусанна очень эмоциональный, экспрессивный человек. В ходе интервью она заново проживала эмоции, которые возникли в связи с ситуацией выбора.

И с этим моментом связано этническое самоопределение Сусанны при получении документов: «Это был единственный случай, когда папа проявил родительский категоризм, можно сказать. Что категорично сказал: «Нет, ты напишешь, что ты армянка! И все! И никаких там изменений ты вносить не будешь!» Ну, папа для меня всегда такой авторитет был, что, хотя у меня внутри там борьба была, я сделала так, как он хотел. Я написала, что я – армянка, и имя себе оставила, и фамилию.» [13]

Данная история Сусанны, происходившая в

советский период, могла произойти и в другое время. Важным моментом является, что время спустя, происходит осознание сложностей подросткового периода. И приходит понимание своей исключительности и уникальности, в качестве происхождения из смешанной семьи.

Приведенные материалы из разных интервью показывают, насколько сами люди смешанного происхождения по-разному воспринимают и относятся к своим именам. При этом более комфортно себя ощущают люди, у которых интернациональные имена в смешанном происхождении. Когда родители выбирают интернациональные имена, которые общеприняты для разных этносов. Это могут быть восточные или современные благозвучные имена. Например, очень распространенные в современном Казахстане для детей смешанного происхождения: мужские имена – Тимур, Руслан, Ильяс, и женские имена – Карина, Алина, Диана. Как

правило, родители стараются в этом случае быть оригинальными и могут найти совершенно новое имя ребенку (например Аюжан). В этом случае наблюдается большая независимость и самостоятельность решений родителей, в отношениях с родственниками. Для людей смешанного происхождения более комфортно иметь такие имена, учитывая, что по фамилии, и по внешнему облику, как правило, люди догадываются об их смешанном происхождении.

В целом, родителям в смешанных семьях желательно проявлять толерантность и понимание при выборе имени. Материалы нашего исследования показывают сложности при выборе имени, и в процессе социализации людей смешанного происхождения. Для рекомендации родителям важно пожелать внимательности и чуткости при выборе имени, следует быть аккуратнее, учитывая его созвучность с фамилией и отчеством.

#### Литература

- 1 Интервью с: Сажида Дмитриева (девичья фамилия Валиулина), г. Усть-Каменогорск, апрель 2010 г.
- 2 Интервью с: «Айгерим Калиева» (псевдоним), г. Усть-Каменогорск, сентябрь 2011.
- 3 Интервью с: «Ольга Сабенова»(псевдоним), г. Усть-Каменогорск, сентябрь 2011.
- 4 Интервью с: Анна Нугуманова, г. Усть-Каменогорск, июнь 2010 г.
- 5 Интервью с: «Назым Кусманова» (псевдоним), г. Алматы, февраль 2008 г.
- 6 Интервью с: Мурат Койшинов, г. Усть-Каменогорск, декабрь 2011.
- 7 Интервью с: Тимур Сергазинов, г. Усть-Каменогорск, апрель 2010.
- 8 Интервью с: Мадина Нахипова, г. Чимкент, октябрь 2012.
- 9 Интервью с: Даша Сурова, г. Усть-Каменогорск, сентябрь 2011.
- 10 Интервью с: Лариса Ниязова, Чимкент, октябрь 2012.
- 11 Интервью с: «Азат Саркенов» (псевдоним), г. Усть-Каменогорск, сентябрь 2011.
- 12 Интервью с: Ержан Байбурин, г. Усть-Каменогорск, сентябрь 2011.
- 13 Интервью с: Сусанна Морозова (девичья фамилия Айвазян), г. Усть-Каменогорск, апрель 2010.

ӘОЖ 94 (574) (075,8)

Т.М. Әминов

Астана медицина университеті тарих ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан, Астана қ.  
E-mail: aminov.t.m@mail.ru

## **Абылай хан – ұлы мемлекет қайраткері, дарынды қолбасшы және көрнекті дипломат**

Осы мақалада ғылыми тұрғыдан Абылай ханның Қазақ елінің тарихындағы ұлы мемлекет қайраткері, дарынды қолбасшы және көрнекті дипломат ретіндегі ерекше орны сипатталады. Абылай хан – әйгілі саяси қайраткер. Қазақ халқының XVIII ғасырдағы күрделі тарихынан орын алған ерекше тұлға. Ш. Уәлиханов Абылайдай шексіз билікке ие болған бір де бір қазақ ханының болмағанын, оның мемлекет билігін орталықтандырып, нығайту бағытындағы әрекеттерін жазды.

Жазба деректерде Абылайдың шетел басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендігі айқын көрсетіледі. 1738-1741 жж. Абылай бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншыларына бірнеше мәрте соққы береді. 1753 жылы желтоқсанда Абылай басқарған қазақ жауынгері жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етеді. Көп ұзамай, Абылайдың басшылығымен қазақ елі жоңғар және қытай басқыншыларынан өзінің дербестігі мен азаттығын қамтамасыз етеді.

Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін қауіп-қатерлермен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті. Мәселен, тегеурінді әскери қимылмен қатарластырыла жүргізілген мәмілегерлік әрекеттері Абылайды өз заманының ұлы қайраткерлері деңгейіне көтерді.

Абылай Қазақ елінің тұтастығын сақтап қалуға тырысты, ол оның іс жүзінде тәуелсіз мемлекет болуын армандады. Ұлы ханның сол арманы, қазіргі таңда елбасы Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатының арқасында орындалды деуге толық негіз бар.

**Түйін сөздер:** қайраткер, қолбасшы, батыр, шайқас, азаттық, тәуелсіздік және т.б.

Т.М. Аминов

### **Абылай хан – великий политический деятель, талантливый полководец, выдающийся дипломат**

В данной статье с научной точки зрения показана особая роль хана Абылая в истории Казахстана как великого государственного деятеля, талантливого полководца и выдающегося дипломата. Абылай хан – яркий политический деятель. Он является замечательной личностью в драматической истории казахского народа. По словам Ш. Валиханова, он был единственным казахским ханом, который обладал неограниченной властью и сделал многое по укреплению централизованной государственной власти.

В многочисленных зарубежных и отечественных письменных источниках достоверно описывается полководческий талант Абылая по руководству крупными военными сражениями против иноземных захватчиков. Так, в 1738-1741 гг. казахские войска под командованием Абылая выигрывают несколько крупных сражений с джунгарами. В декабре 1753 года казахские воины под руководством Абылая проводят победоносное сражение против джунгарских захватчиков, в результате враг вынужден был покинуть большую часть казахской территории. Спустя некоторое время страна казахов под руководством Абылая завоевывает свой суверенитет и свободу от джунгарских и китайских захватчиков.

Абылай хан, ведя беспощадную борьбу за сохранение свободы и единства страны казахов, одновременно проводил самостоятельную внешнюю политику. Блестящий полководческий талант и умелое дипломатическое искусство выдвинули его в число великих политических и государственных деятелей той эпохи.

Абылай стремился сохранить территориальную целостность страны и мечтал достижения ею подлинной независимости. Мечта великого хана ныне вполне осуществилась благодаря мудрой политике Президента Н.А. Назарбаева.

**Ключевые слова:** деятель, полководец, герой, сражение, свобода, независимость и т.д.

T. M. Aminov

**Abylai Khan - the great politician, a talented military leader, a distinguished diplomat**

In this paper, from a scientific point of view shows the special role of Khan Abylai in Kazakhstan's history as a great statesman, a talented military leader and an outstanding diplomat. Abylai Khan - a bright politician. It is a remarkable figure in the dramatic history of the Kazakh people. According to Sh. Valikhanov he was the only Kazakh Khan, who had unlimited power, and did much to strengthen the central government.

Numerous domestic and abroad written sources reliably described Abylai leadership talent to lead the major military battles against foreign invaders. Thus, the 1738 - 1741 Kazakh troops under the command of Abylai winning several major battles with Dzhungars. In December 1753 Kazakh soldiers led Abylai spend Dzhungarian victorious battle against the invaders, as a result of the enemy was forced to leave most of the Kazakh territory. After some time, the country under the leadership of the Kazakhs Abylai gaining its sovereignty and freedom from Dzhungarian and Chinese invaders.

Abylai Khan, leading a relentless struggle for the preservation of freedom and unity of the country Kazakhs, at the same time pursue an independent foreign policy. A brilliant military talent and skillful diplomatic skills made him one of the great political and public figures of the era.

Abylai sought to preserve the territorial integrity of the country and achieve her dream of true independence. The dream of the Great Khan is now fully realized thanks to the wise policy of President N.A. Nazarbayev.

**Keywords:** military leader, hero, fight, freedom, independence, etc.

Абылай хан Қазақ елі мен халқының тарихында ұлы мемлекет қайраткері, дарынды қолбасшы және көрнекті дипломат ретінде ерекше орын алады.

1711 жылы (кейбір деректерде 1713 ж.) Жошы ханның ұрпағы болып табылатын Салқам Жәңгір ханның немересі «қан ішер» Абылайдың ұлы Көркем Уәли сұлтанның шаңырағында қазақ тарихында үлкен орын алған бала дүниеге келген, оның азан шақырып қойған аты – Әбілмансұр болатын. Қалмақтар Түркістанды алып, Уәли сұлтанды өлтіріп, оның 13 жасар ұлы Әбілмансұрды тұтқындағы басқа адамдармен бірге Хиуа базарына апарып құлдыққа сатпақшы болды. Осы жерде ол тұтқыннан қашып елге келіп, ауқатты адамдардың малын бағуға жалданды. Үйсін Төле бидің түйесін, одан соң Дәулеткелді байдың жылқысын бағады [1].

Сөйтіп, Шыңғысхан мен Жошының тікелей ұрпағы болып табылатын Әбілмансұр өзінің ата-баба жолын қайталады. Ол да Шыңғысхан сияқты рулы әулеттен шығып, тым ерте жетім қалды. Үсті-басы жалба-жұлба, арып-ашқан бала Сабалақ аталып кетті. Бірақ, Әбілмансұр өзін қашан да лайықты ұстай білді, оңаша жүргенді ұнатты.

Үмбетей жыраудың, т.б. ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, Абылай 20 жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқардың Абылайға «Сен жиырма жасқа жеткен соң, Алтын тұғыр үстінде Ақ сұңқар құстай түледің» деуі осының дәлелі. Қай жылы туса да, 1730-33 ж. аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қоңташы Қалдан Сереннің жақын туысы (кейбір деректерде: күйеу баласы) Шарышты өлтіреді [2].

Әбілмәмбет хан жаудан жеңіспен оралған Сабалақтың өз туысы екенін түсінеді. Риза болған ол оған хандық тағын ұсынады. Абылай есімін алған Сабалақ хан болудан бас тартып, Әбілмәмбет қайтыс болғанға дейін сұлтан дәрежесінде бас ақылшы, кеңесші болады [3].

Сөйтіп, үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады. Абылайдың 20 жасы қай жылға сәйкес келуіне байланысты, қай шайқасқа қатысқаны туралы болжам айтуға болады. Бұл, әрине, Абылай қатысқан алғашқы соғыс емес. Ел әңгімелері, тарихи жырлар Сабалақ әуелде Бөгенбай жасақтарының құрамында жорық-жортуылдарға қатысқанын айғақтайды. Аңырақай шайқасына қатыспады дегеннің өзінде де, Абылайдың 1730-33 ж. болған бір ірі шайқасқа қатысқаны дау тудырмайды. Тарихи деректерден Орта жүз жасақтары мен жоңғарлардың арасында 1930 жылы да, 1731 жылы да бірнеше үлкен ұрыстар болғаны белгілі. 1732 ж. жоңғарлардың 7 мыңнан астам әскері Орта жүздің шығыс шетіндегі ауылдарына шабуыл жасап, тегеурінді тойтарысқа тап болады (Ресей сыртқы саясатының архиві, Жоңғар істері қоры, 113/1-т., 1-іс, 95-96 парақ).

Абылайдың жиырма жасы 1733 жылға сәйкес келсе, дәл сол жылы қазақ пен қалмақ арасында үлкен майдан болғаны қытай деректерінде атап көрсетілген. Абылайдың әскери қайраткерлігі, қолбасшылық қабілеті 30-40 жылдардағы шайқастарда ерекше көрінді. Осындай жан алысып жан беріскен соғыстардың бірін Бұқар жырау «Қалданменен ұрысып,

Жеті күндей сүрісіп...» деп суреттейді. Ол соғысқа Абылайдың қанды көйлек жолдастары: Каракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады. Бұл да Абылайдың жауға қарсы қазақ халқының басын біріктіре білгендігінің дәлелі болып табылады. Бірте-бірте ұлыстағы бар өкім Әз-Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет ханнан (ол да Салқам Жәңгірдің әулеті) өтіп, Абылайдың қолына көшеді. Абылайдың ерлігі мен ақыл-парасатына бас ұрған Әбілмәмбет ақылшы аға болып қалып, кеңесші хан дәрежесімен шектеледі [3].

Сөйтіп, 18 ғасырдың 30-жылдарының аяғында іс жүзінде бірте-бірте ұлыстағы бар билік Әз Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет ханнан өтіп, Абылайдың қолына көшеді. Абылайдың ерлігі мен ақыл парасатына бас ұрған Әбілмәмбет ақылшы аға болып қалып, кеңесші хан дәрежесімен шектеледі. 18 ғасырдың 30-жылдарының аяғында Абылай есімі бізге белгілі құжаттарда Әбілмәмбет ханмен қатар аталады. Орыс тарихшысы А.И. Левшин: «1739 ж. Орта жүзде Сәмеке (Орта жүздің батысындағы аз санды руларды биледі) ханның орнына хан сайлаудан бұрын Әбілмәмбет пен Абылай екеуі бірдей хандық билік жүргізген», – деп жазды [4]. Ш. Уәлиханов та осы пікірді қолдайды.

1738-1741 жж. Абылай бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншыларына бірнеше мәрте соққы береді. 1742 ж. Өкінішке орай, Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына тұтқынға түседі. Сол кездегі ойрат басқыншыларына қарсы күресетін ең белсенді ұйымдастырушыларының біріне айналған Абылайдың жау қолына түсуі қазақ қоғамында абыржушылық туғызып, Абылайды босатып алу үлкен саяси мәселеге айналады.

Тарихи жырларда қазақ, билеушілерінің атынан Төле би мен Әбілқайыр хан Орынбор әкімшілігінен Абылайды тұтқыннан босатып алуда ара түсуге өтініш жасайды. Бұл деректің шындық екенін осы кезеңде Орынбор генерал-губернаторы И.И.Неплюев пен Әбілқайырдың өзара жазысқан хаттары да дәлелдей түседі. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастап 90 адам елші болып барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады. Бұл жөнінде И.И. Неплюевтің Сыртқы істер коллегиясына жазған хатында қазақтар мен калмақтар бітімге келіп, бірігіп кете ме деген қауіп те білдірілгені (Ресейдің сыртқы

саясат архиві. Жоңғарлар ісі қоры, 113/1-т., 3-іс, 14-н.).

Абылай билігінің күшейе түсуінің жаңа кезеңі 1744 ж. Әбілмәмбеттің Түркістанға көшіп кетуі уақытына саяды [3].

1745 жылы Орта жүздегі Әбілмәмбет, Абылай және Барақ сұлтандар қатар аталса, 3-4 жылдан кейін мұндағы жағдай мүлдем өзгерді. 1749 жылы тамызда Неплюевпен кездесуінде Жәнібек тархан: «бұрын Орта жүзде Әбілмәмбет хан болған, бірақ ол біраздан бері Ташкентте тұрып жатыр, ел басқарудан қалған. Барақ сұлтан зұлымдық үшін қашып жүр. Онда жалғыз Абылай сұлтан ғана билік жүргізіп отыр» – деп көрсетті [1].

Абылай көреген саяси қайраткер бола отырып, калмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломатиялық жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740 жылы тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да басқа 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісімін білдіреді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Цин империясымен де қарым-қатынасын суытпады. Петербург пен Пекинге елшіліктер аттандырды (1757-77 жж. Пекинге 10 елшілік жіберген). Абылай 1745 жылы Қалдан Серен дүние салғаннан кейін Жоңғарияның билеуші топтарының тақ таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастауын және жоңғар-қытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды.

Абылайдың саяси қайраткерлігі, қолбасшылық қабілеті 1740-50 жылдардағы айқастарда ерекше көрінді. Осындай соғыстардың бірін Бұқар жырау «Қалденменен ұрысып, Жеті күндей сүрісіп...» деп суреттейді. Ол соғысқа Абылайдың қанды көйлек жолдастары: Қанжығалы Бөгенбай, Каракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады. Бұл да Абылайдың жауға қарсы қазақ халқының басын біріктіре білгендігінің дәлелі болып табылады [2].

Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін қауіп-қатерлермен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті. Жазба деректерде Абылайдың шетел басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендігі айқын көрсетіледі. 1752 жылы ол бастаған қазақ әскері шамасы 15-20 мың адамдай ойраттар қолының

шабуылына тойтарыс береді. 1753 жылы желтоқсанда Абылай 5 мың жауынгерімен жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етеді. 1754 жылы сәуірде Абылай бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса (Қаратал өзені бойында), сол жылдың шілде-тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға алып келген. 1756 жылы Абылайдың бастауымен қазақтар қытайлар мен қалмақтардың біріккен күшімен екі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп (Абылай жаралы болады), екіншісінде жеңіске жетеді. 1757 жылы Абылайың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасқаннан соң, қытайлар Абылайдан бітім сұрайды. Тегеурінді әскери қимылмен қатарластырыла жүргізілген мәмілегерлік әрекеттері Абылайды өз заманының ұлы қайраткерлері деңгейіне көтерді [3].

1753-54 жылдардағы шайқастарға Қабанбай, Бөгенбай, Жанатай, Керей Жәнібек, Өтеген батырлар қысы-жазы үзбестен катысады. Абылай бірде Калдан Серенмен бітімге келсе, бірде Дабашыны (Давациды) шауып, бірде оны және Әмірсананы өзіне паналатады. Сөйтіп Ойрат ұлысының бөлшектене беруін көздейді. Осының нәтижесінде Абылай әскері 1771 жылы, Мойынты өзені бойында болған қалмақтармен ауыр шайқаста жаңа жеңіске жетеді.

Саяси ахуал тұрақталған шақта Абылай қазақ жерінің бүтіндігіне қол сұққан басқалармен де ымырасыз күрес жүргізді. 1754-55 және 1764 жж. қырғыздар Жетісуда біраз ауылдарды шауып, Ақсу, Көксу және Шу бойын жаулап алады. Осыған жауап ретінде Абылай 1755, 1765 жылдары Қырғыз ұлысына қарсы жорық жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, қырғыздың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінге дейін сақталып отырған шекарасын анықтайды. Ол өмірінің соңғы 15 жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүргізеді. 1765-67 ж. Абылай қолының Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысының нәтижесінде Түркістан Сайрам, Шымкент қалалары қайтадан қазақтар иелігіне өтеді, Ташкент алым-салық төлеуге мәжбүр болады [5].

Екі жүз жылға созылған қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің соңғы жаңғырығы алаш жұртының санасында «Шаңды жорық» деген атпен белгілі. Бұл 1771 ж. Еділ қалмақтарының (170-180 мың адамы; 40 мыңдай әскері бар) жоңғарға қазақ жері арқылы үдере көшуі еді. Кіші жүздің ханы Нұралы асығыс әскер жиып, Жем бойында

қалмақтарға алғашқы соққы береді. Балқашқа жақындаған кезде Абылай бастаған қазақтың қалың қолы қалмақтарды қоршауға алады. Осы кезде қалмақ басшылары Ұбашы мен Серен бітімге келуді, бүкіл ел жұртымен бодандыққа қабылдауды сұрап, елші жібереді.

Кіріптар ұсынысты талқылау үшін шақырылған әскери кеңесте Абылай тағы да көрегендік танытып, жеңілген жауды қырып-жоюдың қажеті жоқ екендігін дәлелдейді. Еділден ауған қалмақпен келіссөзге келіп, тым кұрыса олардың Жоңғарға еркін өтіп кетуіне мүмкіндік беру жөніндегі Абылай түйінінің аржағында шығыстағы ұлы көршімен болашақтағы қарым-қатынасты ойлау жатыр. Жоңғардан азат етілген шығыстағы жерлерге қазақ ауылдарын апарып түпкілікті қоныстандыру да Абылай саясатының тереңдігін, кемеңгерлігін айқын көрсетеді. Оның әрбір іс-әрекеті қазақ халқының бүтіндігін, елі мен жерінің тұтастығын сақтауға бағытталды. Билікке таласқан Барақ сұлтан Әбілқайыр ханды өлтіргенде де Абылай ел бірлігін ойлап қынжылып, Төле бимен тізе қоса қимылдап, бұзық сұлтанды жазаға тарту жағында болады. Абылай соғыс жағдайына сай қол астындағы елде, әсіресе, әскер ішінде катаң тәртіп орнатады.

Сондықтан да хан бастаған жауынгерлердің ел-жұрты мен ата мекенін қорғау рухы жоғары, ұзақ жорықтарға шыдамды, шайқас даласында тегеуріні қатты болған. Абылай сан жағынан әлдеқайда басым жаумен шайқасудан еш тайынбаған және көбіне үстем шығып отырған. Абылай қазақ хандығының күшін біріктіріп, әскери жағынан қуатты мемлекетке айнылдырды.

1771 ж. жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салды. Қалыптасқан дәстүр бойынша Орта жүздің ханы болып не Әбілмәмбеттің інілерінің бірі, не үлкен ұлы Әбілпейіз сайлануға тиіс еді. Алайда басты сұлтандардың, старшындардың, Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының (хандығының) ұлы ханы болды. Тарихи деректер, аңыз-жырлар да Абылайдың Үш жүздің әміршісі ретінде ардақталғанын көрсетеді. Қытай императоры, Жоңғария хандығы, Орта Азия мемлекеттері Абылайды бүкіл қазақ ханы деп ресми түрде танығанымен, Абылай ханның беделінің өсіп бара жатқанынан сескенген Ресей патшасы Екатерина II Абылайға Орта жүз ханы ретінде ғана сый-сыяпат көрсетті. Бұл бір жағынан «Бөліп ал да, билей бер» саясатының

көрінісі еді. И.И. Неплюевтің: «Қырғыз халқында бас ханның болуы пайдалы болмайтыны былай тұрсын, зиянды да болуы мүмкін» деген пікірі мұны айғақтай түседі [3].

Ш. Уәлихановтың сипаттауынша: «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет күдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігімен қаһармандығы жыр дастандардың арқауына айналған» [2]. Бүкіл өмірін Абылайдың оң тізесін басып отырып, оған ақыл-кеңес айтумен өткізген Бұқар жырау Қалқаманұлының ханға «Алтын тақтың үстінде, Үш жүздің басын құрадың» деуінің негізінде тарихи шындық жатыр.

Абылай Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізе білді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде мұсылман елдерінің басын қосуға ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберу ниеті де болды. Қытаймен катынас жақсара бастаған кезде орыс бодандығынан бойын тартып, патша әкімшілігінің шақыруымен хандық белгілерді қабылдау үшін 1779 жылғы қазан айында Петропавл бекінісіне барудан бас тартты.

Бұл жолы ол өзін халықтың әлдеқашан хан сайлап қойғанын желеу етті, шынында да солай еді. Орыс үкіметі бұған қанағаттанбай, оған хан үкіметінің рәміздерін (қылыш, тон және бөрік) тапсыруға ресми тапсырмамен, Абылайдан ант алу үшін оның ордасына өз өкілін жіберді.

Абылайдың негізгі қыстаулары Есіл өзенінің жағасында болды. Кейін сұлтан иеліктеріне оның серіктестері Есіл бойындағы Құлсары және Көкшетау аймағындағы Қабанбай батырдың жайлауына көршілес орналасты. Көкшетау маңындағы аймақтар, негізінен, қазақ хандарының туған ұясы саналған, ол өз өкілдерін осы жерден Сібір желісіне, Қытай шекараларына аттандырып отырған. Оңтүстік майдандағы Ташкентпен және Ходжентпен соғыста Абылай әскерлері Жизаққа дейін жетіп, олардың жеті қаласын алды. Соғыс нәтижесінде Өзірет, Сайрам және Шымкент, Созақ қалаларынан айырылған Ташкент алым төлеп тұруға міндеттенді [5].

Абылай өзінің жеке басының алғарлығы мен ұтымды қимылдарының арқасында атақданқа жетіп, халық құрметіне бөленді. Әр түрлі аңыз-әңгімелер тағдыры өзгеше қайрат-

керлер өмірін жұмбақ құбылыстармен байланыстыруға күштар қарапайым адамдардың жылы ықылас-сезімдерін күшейтті.

Абылай ханның кеңесшісі болған, жырлары ел үшін үндеуге айналған Бұқар жырау халықты үлкен қауіп-қатер алдында бірігуге шақырып, қазақ халқын біріктірудегі Абылай ханның анықтаушы рөлін көрсетті. Бұқар жырау бұл жайында былай деп жырлайды:

Хан Абылай атандың  
Дүниеден шықпай мініңіз.  
Алтын тақтың үстінде  
Үш жүздің басын құрадың.  
Жетім менен жесірге  
Ешбір жаман қылмадың.  
Әділетпен жүрдіңіз,  
Әдепті іске кірдіңіз,  
Арманың бар ма, хан ием?!  
Ақылың бар хан едің  
Мұның түбін ойлаған [5].

Абылайдың хан тағына сайлануын өз көзімен көрген орыс өкілі бас қосқан барша рулар көсемдері оны ақ киізге отырғызып, батылдығы мен ептілігін жарыса мақтап, оның ерліктерін бір-біріне қайта-қайта айтып, ханның сырт киімін ұсақтап жыртып, бөлісіп алғандарын, тәж киген билеушінің киімінен жыртып алған сол кішкене шүберекке мәз болып қуанышқа бөленгендерін жазады.

Пугачев соғысы кезінде Абылай 3 мың әскерімен «Қасірет белдеуі» («Горькая линия») бойындағы орыс бекіністерін шапты. Осыған орай, Ш. Уәлиханов: «1771 жылы хан сайланғанда да, ол орыс шекарасына барып, ант бергісі келмеді. Сөйтіп ол өзін халық қалап, баяғыда-ақ бұл дәрежеге лайықты қойғанын, Көктің ұлының және өкілеттік қағазы барын желеу етті», – деп жазды [2]. 1779 жылғы 4 қазанда Орынбор әкімшілігіне жолданған патша жарлығында: «Ордадағы Абылай ықпалын әлсірету мақсатында, онымен тайталасқа түсе алатын адам табу» шаралары да қарастырылады.

Қазақ халқының жадында Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып қалды. Оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды. Азаттық күрестің жалынды басшысы Абылай ханның асқақ тұлғасы, ақыл-парасаты Бұқар жырау мен Үмбетей жырау жырларында, ақындар Көпбай Жамантайұлы, Мәжит Айтбаевтың дастандарында, Ілияс Есенберлиннің, Қабдеш Жұмаділовтың, т.б. туындыларында сомдалды. Оның ұлағатты өмірі мен ішкі, сыртқы саясаты отандық және шетел

ғалымдарының (Ш. Уәлиханов, В.В. Бартольд, Н. Мыңжани, Р.Б. Сүлейменов, М. Мағауин, М.Б. Ожотт, Дж. Уилер, т.б.) назарын аударған [5].

Абылай хан – әйгілі саяси қайраткер. Қазақ халқының XVIII ғасырдағы күрделі тарихынан орын алған ерекше тұлға. Ш. Уәлиханов Абылайдай шексіз билікке ие болған бір де бір қазақ ханының болмағанын, оның мемлекет билігін орталықтандырып, нығайту бағытындағы әрекеттерін, «ханның билігін алқалы кеңес арқылы шектеп отыратын ру басылар мен сұлтандардың өркөкірек үстемдігін» тыйғандығын жазды. Шоқан: «Қазақтардың аңыз-әнгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет күдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігімен қаһармандығы жыр дастандардың арқауына айналған», - деп атап көрсетті [2]. Бүкіл өмірін Абылайға ақыл-кеңес айтумен өткізген Бұқар жырау Қалқаманұлының ханға **«Алтын тақтың үстінде, Үш жүздің басын құрадың»** деуінің негізінде тарихи шындық жатыр.

Қазақта аты аңызға айналған хан, би, ба-

тырлар баршылық. Ал, соның ішінде Абылайханның орны бөлек, шоқтығы дара. Бұл әсерлеп айтқандық емес, ақиқат шындық. Атой салып жауға шауып, жекпе жекте, жау батырын жер жастандырып, атын ұранға айналдырған батыр, кесімі кесек, ақыл парасаты мол, аузы дуалы азулы хан.

Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол – «Ақ-толқын», «Алабайрақ», «Бұланжігіт», «Дүние қалды», «Жетімторы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржын қақпай», «Майда жел», «Садақ қаққан», «Сары бура», «Шанды жорық», т.б. күйлердің авторы [1].

Абылай ғұмыры қазақтың басына түскен зұлматты жылдарға толы болды. Жоңғарды жойып, екі алып – Цин империясы мен патшалық Ресейдің қазақты құртудағы, қулығы мен сұмдығы түпсіз сұрқия айласы мен қысымынан арандамай шығу, ақыл мен парасаттың жемісі. Ат жалында жүріп, елін отырықшы, өркениетті ел етуді армандады.

Ұлы ханның сол арманы, қазіргі таңда елбасы Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатының арқасында орындалды деуге толық негіз бар.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2006.
- 2 Уәлиханов Шоқан. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2010.
- 3 Н. Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы. 1996.
- 4 Левшин А.И. Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996.
- 5 Аяған Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. Оқулық. Астана: Мемлекет тарихы институты, 2010

#### References

- 1 Qazaqstan tarikhy. Enciklopediyalyq anyktamalyk. Almaty, 2006.
- 2 Ualikhanov Shoqan. Kop tomdyq shygharmalyk zhinaghy. Almaty, 2010.- 376 b. P. I.
- 3 N. Mynzhan. Qazaqtyn qysqasha tarikhy. Almaty. 1996.
- 4 Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazackikh ili kirgiz-kaysackikh ord i stepey. Almaty, 1996.
- 5 Ayaghan B.G., Abzhanov Kh.M., Makhat D.A. Qazirgi Qazaqstan tarikhy. Oqulyq. Astana: Memleket tarikhy instituty, 2010

ӘОЖ 94 (574) : 316. 34

Б. Сайлан<sup>1</sup>, М.Б. Шалқаров<sup>2</sup><sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д., Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті, Қазақстан, Алматы қ.**Халық Қаһарманы Бақытжан Ертаев – Ауған соғысының Батыры**

Бұл мақалада 1979 жылы Кеңес әскерлерінің Ауғанстанға кіруі, әскерді кіргізу жөніндегі шешімнің қабылдануы, сөйтіп, 10 жылға созылған Ауған соғысының қысқаша тарихы беріледі. 1979 жылдың 25 желтоқсанынан – 1989 жылдың 15 ақпанына дейін 40-армия әскері Ауғанстан территориясында соғыс жүргізді. Сөйтіп, Ауған соғысы тарихқа енді. Ауған соғысынан барлығы 620 мың кеңестік адамдар өтті. Олардың 525 мыңы – кеңестік офицерлер мен жауынгерлер. Соғыс көп адамды құрбан етті. Бұл соғыста барлық адам шығыны 14453-ке, із-түзсіз жоғалғандар мен моджахедтер қолына тұтқынға түскен әскерилердің саны 417-ге жетті. Соғыс, сонымен қатар белгілі батырлардың атын шығарды. Мақаланың негізгі арқауы жерлестеріміз арасынан шыққан батыр ағамыз Бақытжан Ертаевқа арналады. Б. Ертаевтың Ауған соғысындағы әскери шеберлігі, батыл қолбасшылығы, азапты соғыста оның көзсіз ерліктері мен бүгінгі таңдағы Қарулы күштерімізге қосқан үлесі, сонымен қатар Халық Қаһарманы атануы қарастырылады. Б.Ертаев соғыс аяқталғанмен әскери қызметтен қол үзбей еліміздегі офицер кадрларды дайындауда аянбай еткен еңбегі, еліміздің Қорғаныс қабілетін нығайтудағы әскери іскерлігі туралы айтылады. Батыр ағамыз бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты. ҚР көптеген ордендері және медальдарымен марапатталған.

**Түйін сөздер:** Отан, соғыс, патриот, әскер, қолбасшы, офицер, жауынгер.

Б.С. Сайлан, М.Б. Шалқаров

**Народный герой Бақытжан Ертаев - герой Афганской войны**

В данной статье рассказывается, как в 1979 году ввели Советские войска в Афганистан, как было принято политическое решение о выводе войск, а также дается краткая история Афганской войны. Более девяти лет – с 25 декабря 1979 года по 14 февраля 1989 года пробыли войска 40-й армии на территории Афганистана. Афганская война ушла в историю. Общие безвозвратные людские потери Советских Вооруженных Сил составили 14453 человек. За этот же период пропало без вести и попало в плен 417 военнослужащих. В Афганской войне некоторые офицеры и солдаты стали героями. В статье пишется о герое Бахытжане Ертаеве, который был не только героем войны, но и храбрым командиром, знавшим военную тактику на войне. Вместе с тем дается исторический взгляд его активности в образование министерство обороны Республики Казахстан в годы независимости. Б.Ертаев, после войны, помогал и трудился в подготовке кадров Вооруженных Сил Республики Казахстан. В эти дни Халық Қаһарманы Бахытжан Ертаев депутат Парламента мажилиса Республика Казахстан. Награжден многими орденами и медалями РК.

**Ключевые слова:** Родина, война, патриот, войска, командир, офицер, воин.

B.S. Sailan, M.B. Shalkarov

**Halyk Kakharmany Bakytzhan Yertayev - the hero of the Afghan war**

This article explains how it was in 1979 the Soviet invasion of Afghanistan, it was a political decision introduces troops, and also gives a brief history of the Afghan war. More than nine years – from 25 December 1979 on 14 February 1989 stayed the troops of the 40th Army in Afghanistan. The Afghan war has gone down in history. General irretrievable loss of life of the Soviet Armed Forces were 14,453 people. During the same period, missing and captured 417 soldiers. In the Afghan war, some officers and soldiers became heroes. The basic meaning of article written about the son of the hero of the Kazakh pro Bakhytzhane Yertayev. This work shows Bahytzhan Yertayev not only a war hero, but it as a brave commander who knew how military tactics in the war. However, given the historical view of its activity in the formation of the Ministry of Defence of the Republic of Kazakhstan in the years of independence. B.Ertaev after the war helps sites preparation and worked in the personnel of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan. In these days of Halyk Kakharmany Bahytzhan Yertayev deputy of Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan. He was awarded many orders and medals of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** Motherland, war, patriot, army commander, officer, warrior, officer, warrior.

1978 жылы Ауғанстанда сәуір айында төңкеріс болып, оның арты аяқталмас соғысқа айналды. Ауған соғысы тек өз ішінде ғана емес, оған сырт елдердің қатысуыменде ұзаққа созылды. 1979 жылы 25 желтоқсанда кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстанға кіріп, 1989 жылғы 15 ақпанға дейін, яғни 10 жылға жуық соғыс жүргізді. Олардың арасында жерлестеріміз арасынан ел танитын батырлар шықты.

Ауған соғысын бастау туралы соңғы саяси шешім Кеңестер Одағы тұсында 1979 жылы 12 желтоқсан күні түс ауа шағын ғана кеңес басшыларының тобымен шешілді. Бұл топта: Брежнев, Суслов, Андропов, Устинов және Громыко болды. Косыгиннің кейбір естелік жазбаларына көз тастасақ, ол бұл топта болмағанын, бұл уақытта сырқаттанып жатқанын айтты. Осылайша жағдай КОКП ОК саяси бюросының толық мүшелерісіз-ақ шешілді. Соңынан саяси бюроның жазба түрінде қаулысы шықты, оған Саяси бюро мүшелері толық өз қолдарын қойды [1, 95-96 бб.].

1979 жылы 16 желтоқсанда Ауғанстанға кіретін 40-армияның қолбасшылығына генерал-лейтенант Ю.В. Тухариновты тағайындалды. 40-армияның далалық басқармасын тұтас, Түркістан әскери округінің атқыштар және танкішілер полкын, тағы бір дивизияны толық соғыс қимылына дайындау тапсырылды. Барлығы 100-ге жуық бірлестіктер ұрысқа бағытталды. Әскерлерді жасақтау үшін резервтен 50 мыңнан аса офицерлер, сержанттар мен солдаттар шақырылды, ауыл шаруашылығынан 8 мыңға жуық автомобильдер мен басқа техникалар бөлінді [2, с. 88]. Мұндай көлемде әскерді құру шаралары Түркістан әскери округі мен Орта Азия әскери округінде бұрын болмаған еді. Сондықтанда өкіметтің жергілікті органдары, өнеркәсіп пен шаруашылық жетекшілері, әскери комиссариаттар мен әскери бөлімдер оған дайын болмағандықтан әбігерге түсті.

24 желтоқсан күні КСРО қорғаныс министрі Д.Ф. Устинов пен Бас штаб бастығы Н.В. Огарков қол қойған бірінші жазбаша құжат пайда болды. Бұл құжатта: «Орталық Шығыстағы әскери-саяси жағдайға байланысты Ауғанстан үкіметінің соңғы өтініші дұрыс деп танылды. Кеңес әскерлерінің кейбір бөлімдерін енгізу, оларды елдің оңтүстігіне орналастыру, Ауғанстан Демократиялық Республикасына, достық ниеттегі ауғанстан халқына интернационалдық көмек көрсету мақсатында, сонымен қатар кейбір мемлекеттер тарапынан антиауғандық ак-

цияларды жоя отырып, оларға қайырымды жағдай жасау үшін шешім қабылданды» – деп, қабылданып жатқан шешімнің қысқаша түсініктемесі берілді [3, с. 115].

1979 жылы Мәскеу уақыты бойынша сағат 15.00-де КСРО Қорғаныс министрінің берген бұйрығымен Ауғанстанға кеңес әскерлерін енгізу басталды. Командирлер: «бұл қысқа мерзімдік акция, тапсырманы орындаймыз да кетеміз» – деп түсінді. Ал бірақ “акция” тоғыз жылдан асқан ұзақтыққа созылды.

Ауғанстандағы Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті құрамындағы офицерлер мен солдаттар екі жыл, сержанттар бір жарым жыл қызмет етті. Тұтастай алғанда, КСРО-ның 620 мың азаматы АДР территориясында әскери қызметтен өтті, яки олардың 525 мыңы кеңес армиясының құрамалары мен бөлімдерінде, 90 мыңы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің шекаралық бөлімшелерінде, 5 мыңы ішкі әскерлер мен милиция қатарында өз міндеттерін өтеді. Сондай-ақ әскер құрамында 21 мың адам жұмысшы және қызметші кәсібінде болды. Ал Кеңес Армиясы әскерінің жыл сайынғы тізіміне 80-104 мың әскерлер, 5-7 мың жұмысшы мен қызметші тіркелді. Ал Қазақстаннан 22 мың адам соғысқа қатысты [4, с. 402].

Ауған соғысында әскери тактиканың хас шебері атанып, ерлік танытқан қазақстандықтар аз болған жоқ. Олардың қатарында Ауған соғысына офицер құрамында қатысқан Қайыргелді Майданов, Бақытжан Ертаев, Андрей Шахворостов, Борис Керимбаев, Әлімжан Ерниязов, Байғали Қоқымбаев, Сержан Қазақпаевтар болса, старшина және қатардағы жауынгер сапында қатысқан Бақытбек Смағұл, Абдысамат Баратов, Асыл Қалқабаев, Әбілқасым Мұратов, қос қызыл жұлдыз таққан Өскен Сагулов және т.б. өжеттілік танытқан өрендер өте көп. Бұл батырлардың кейбірі соғыста бақылық болса, кейбірі қазіргі таңда қоғамымыздың ілгері дамуына өз үлестерін аянбай қосып жүр.

**Кеңестік кезеңде Батыр атағы берілмегенімен, Ауған соғысындағы ерлік істерімен есімі ерекше аталатын азаматтың бірі Бақытжан Ертаев.**

Б.Ертаев 1952 жылы Жамбыл облысы Жуалы ауданының Кеңес ауылында туған. Алматыдағы Құрылық әскерлерінің әскери институтын 1973 жылы бітірген. Училищені бітірісімен Орта Азия әскери округіне қарасты әскери бөлімге мотоатқыштар взводының командирі болып тағайындалды. Бұл қызметте 5 жыл жүрді. 1978-1980 жылдары мотоатқыштар

ротасының командирі қызметін атқарды. Әскери маман ретінде шыңдалған ол Ауған соғысы басталысымен алғашқы аттанғандардың бірі болды. 1980 жылдың наурызынан 1981 жылдың қаңтарына дейін мотоатқыштар батальоны штабының бастығы, 1981 жылғы қаңтардан қыркүйекке дейін батальон командирі болып Ауған Демократиялық Республикасындағы әскери іс-қимылға қатысып, білімді де білікті командир ретіндегі іскерлігімен көзге түсті.

Ауғанстанда Асадабад деген жерде Құнар деген өзен болды. Ол Пәкістан мен Ауғанстанның шекарасын бөліп тұрды. Сол жерде кеңес әскерінің кеңесшілері болды. Солардың көбісін пуштундар бауыздап кетіп жатты. Сол жерді ешкім игере алмай жатқаннан кейін бұл жерге аға лейтенант, 27-28 жастағы жігіт Бақытжан Ертаевты апарды. КСРО-ның маршалы Соколов өзі тағайындады. Бақытжан Ертаев бұл орынға таныс-тамырдың арқасында емес, қиын – қыстау кезде жол таба білетін білгірлігінің арқасында тағайындалды. Орыстардың офицерлерінің бастарын кесіп, денелерін тастап кетіп жатты. Сонда Бақытжан Ертаевтың көмегі көп тиді. Ол өзін тек әскери адам ретінде ғана емес, ұшқыр саясаткер, білгір дипломат ретінде көрсете білді. Кеңес әскерлері алғаш рет Асадабадқа кіргенде мешітті қиратып кеткен-ді. Сол мешітті қайтадан жөндеп берген де осы – Бақытжан Ертаев. Ол жанына бір тәжік аудармашысын ертіп алып, қарусыз, оққағарсыз ауғандардың арасына барып, «Әлхамдуилла, мен - мұсылманмын» деп, келіссөз жүргізген. Және әскери шарт бойынша намаз оқуға өзінің мүмкіндігі жоқ екенін түсіндіріп айтқан. Ауғанстанда Бақытжан Ертаевтың атында Бақытжан – Тоғай деген тоғай бар. Пуштундар бұл тоғайды Бақтияр – Тоғай дейді [5, 13-б.].

Ауғанстанда Бақытжан Ертаевты үлкен де, кіші де айрықша құрметтеді. Осындай мақтауға тұратын қазақ қолбасшысын қазақ жауынгерлері де шын мақтаныш етіп, өздеріне әрі қорған, әрі пана тұтты.

Ауған соғысында ауғандық әскердің моджахедтер жағына өтіп кетуі таң қаларлық жағдай еместі. Мұндай оқиға өйткені жиі болып тұрды. Сондай оқиғаның бірі Ауғанстанның Ходжи-Әулие деген жерінде ауғандықтардың артиллерия полкының дұшмандар жағына өтіп кетуі еді. Олардың қолында ұшан теңіз қару-жарақ қоймасы бар еді. Міне, сол қойманы қайткен күнде де қайтарып алу Б.Ертаевқа тапсырылды. Осы қойманы қайтаруға барған

кезде моджахедтер 12 жауынгерді өлтіріп, өліктерін аяусыз қорлап, батальонның арнаулы тілмашының басын кесіп, өңешінен бұтаққа қадап, ағашқа іліп кеткеніне куә болды. Осы тілмаштың басын өз қолымен ағаштан суырып алған да осы – Б.Ертаев.

1980 жылы Ауғанстандағы кеңес армиясын басқарушылардың бірі, Кеңес Одағының маршалы С.Л. Соколов, КСРО қорғаныс министрлігі Бас штабы бастығының орынбасары С.Ф. Ахромеев, әйгілі М.Т. Калашников («Калашников» автоматын ойлап тапқан атақты конструктор) Асадабадқа барды. Ауғанстан жағынан соғыс министрі, Нангорхар облысының саяси жетекшісі, сонан кейін Ауғанстанның даңқты ақыны (шайыры) Сүлеймен Лайк келді. Дәл осы кезде Б.Ертаевтың басшылығымен Асмардан бастап Жалалабатқа дейін дұшмандарға тосқауыл қою қолға алынды. Маршал С.Соколовтың арнайы бұйрығымен Б.Ертаевқа 750 әскерден тұратын жеке батальон, жеке саперлар ротасы және бір барлаушылар ротасы берілді [5, 16-б.]. Осының бәрін Б.Ертаев өте шебер басқарып, әскери майталман маман екенін дәлелдей білді.

Б.Ертаев үшін Ауған соғысында сан-түрлі шайқастарға қатысуға, қарамағындағы әскерлерді сын-сағаттарда құтқаруға тура келді. Сондай арпалыстың бірі Прохоров басқаратын взводтың Сарышыған шатқалында дұшмандардың қоршауына түсуі еді. Батальон командирі Б.Ертаевқа рация арқылы хабарласқан взвод командирі Прохоров қоршауда қалғанын жеткізеді. Шұғыл жағдайларда өжет шешім қабылдай білетін Б.Ертаев Прохоровтың взводын құтқару үшін батальонның аспаздарына дейін аяғынан тік көтереді. Өйткені, бір рота – Асмарда, тағы бір рота – Баркандайда болған. Ал бір рота Жалалабадқа колоннаны шығарып салуға кеткен. Батальондығы қалған адамдарды жасақтап, Б.Ертаев бастаған топ шатқалға шұғыл аттанып, ол жерде күндіз басталған соғыстың аяғы түнге ұласады. Әскери күш келгенше бір аяғынан айрылған взвод командирі Прохоров әскери картаны тастың бір қуысына тығып отырады. Өз қолымен алып, Бақытжан Ертаевқа табыс етеді. Прохоровтың взводынан 13 жауынгер қаза болып, 3 жауынгер тұтқынға түседі. Шайқас барысында дұшмандар жағынан да 3 адам тұтқындалады. Ертеңіне Б.Ертаев дұшмандардың Жабар деген қолбасшысымен кездесіп, 3 тұтқынды кеңестік қаза болған 3 жауынгерге айырбастап алады. 3 жауынгердің азапталғаны соншалықты олардың мәйітіне тіке қарау да мүмкін болмайды [5, 17-б.].

Осылайша Ауған соғысының қиын да қилы шайқастарына жұмсалып, соғыстың ашы азабы арасында өжеттілік танытқан аға лейтенант, батальон командирі Бақытжан Ертаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілмейді. Тек тәуелсіздік алған тұста ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2008 жылғы 15 желтоқсандағы Жарлығымен генерал-лейтенант Бақытжан Ертаевқа «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Есіл ердің еңбегі ескерусіз қалмады. Марапаттау алдында Елбасы: “Бақытжан Ертаев – Қазақстан өз тәуелсіздігін алған алғашқы күндерден менің шақыруыммен елімізге келіп, Қазақстан Қарулы Күштерінің іргесін қаласқан офицер-

лердің бірі. Біз бүгін оның ерен еңбегі мен әскери ерліктерін жоғары бағалап, Отанымыздың ең жоғары наградасын тапсырғалы отырмыз. Бұл – еліміздің Қарулы Күштеріне деген үлкен құрметіміз бен сенімімізді білдіреді,” – деп тоқталуы Б.Ертаевтың Батыр ғана емес, әскери саланың хас шебері және Отанымыздың нағыз патриоты екендігін толық аңғартады [6].

Қазіргі таңда Б.Ертаев генерал-лейтенант, «Қазақстан ардагерлері қауымдастығының құрметті төрағасы», Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты, Халық Қаһарманы.

#### Әдебиеттер

- 1 Сайлан Б.С. Ауған соғысының ақиқаты (1979-1989 жж.). – Алматы: Қазақпарат, 2001. – 248 б.
- 2 Куликов В.Г. Когда ошибка хуже преступления // Военно-исторический журнал. – 1996. – №6. – с. 86-90.
- 3 Корниенко В.М. Как принимались решения о вводе советских войск в Афганистан и их выводе // Новая и новейшая история. – 1993. – №3. – с. 107-117.
- 4 Гриф секретности снять / Под. ред. Кривошеева Г. – Москва: Воениздат, 1993. – 415 с.
- 5 Смағұл Б. Мен көрген соғыс. – Алматы, 2007. – 188 б.
- 6 Самрат Ж.. Қажырлы қызметтері құрметтелді // Егемен Қазақстан. – 2008. – 16 желтоқсан.

#### References

- 1 Sailan B.S. Augan sogisinin aqiqaty (1979-1989 jj.). – Almaty: Qazaqparat, 2001. – 248 s.
- 2 Kulicov B.G. Kogda oshibca huzhe prestuplenia // Voenno-istorisheski jurnal. – 1996. – №6. – s. 86-90.
- 3 Kornienko V.M. Kak prinimalis reshenia o vvode sovetskih voisk v Avganistan I ih vivode // Novaya i noveishaia istoria – 1993. – №3. – s. 107-117.
- 4 Grif secretnosti sniat / Pod. red. Krivosheeva G. – Moskva: Voenizdat, 1993. – 415 s.
- 5 Smagul B. Men korgen sogis. – Almaty, 2007. – 188 s.
- 6 Samrat J.. Qajyrly qyzmetteri qurmetteldi // Egemen Qazaqstan. – 2008. – 16 jeltoqsan.

УДК 069(574-25)

А.В. Кущенко<sup>1</sup>, \*Т.Б. Козуб<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Руководитель Центра культурно-образовательной работы, Центральный государственный музей Республики Казахстан, Казахстан, г. Алматы  
E-mail: annku@mail.ru

<sup>2</sup>Руководитель сектора музейной педагогики, Центральный государственный музей Республики Казахстан, Казахстан, г. Алматы  
\*E-mail: tbk55@mail.ru

## **Анализ посещаемости музея как критерий оценки его деятельности (на примере Центрального государственного музея Республики Казахстан)**

В данной статье предпринята попытка анализа посещаемости музея различными социальными и возрастными группами (на примере Центрального государственного музея Республики Казахстан) и определяются внешние и внутренние факторы, которые влияют на посещаемость музея (социально-экономические факторы, сезонный; внутренняя политика музея - программы коммуникации, взаимодействие музея с учебными заведениями города и пригорода, планирование культурно-образовательной и выставочной деятельности, качество образовательных услуг музея, система обслуживания музейных посетителей, использование информационных технологий в музейном образовании, развитие рекламной и PR-деятельности и т.д.). Анализ посещаемости и анализ музейной аудитории являются частью программы маркетинговых социологических исследований, которые выступают важным инструментом оценки и повышения эффективности деятельности музея, решения конкретных социальных задач. В статье отмечены основные стратегические направления службы маркетинга музея; обработаны результаты проведенного маркетингового исследования в первом полугодии 2013 года на основе анализа делопроизводственной документации, где зафиксированы ежедневные количественные показатели; даны характеристики музейной аудитории. Статистический анализ посещаемости Центрального государственного музея Республики Казахстан дошкольниками, учащимися, студентами, туристическими группами представлен в таблицах.

Қорқыт ұлы педагог, тәрбиеші, лұқпан. Өзіндік тәжірибесіне, жеке өнегесіне, білімі, даналығына сай ол түркілер үшін кеңес беруші жол сілтеуші, ақыл парасатқа үйретуші болған, дастанның бүкіл жыр бойында нағыз ұстаз үйретуші, жаңа туылған сәбиелерге есім беруші, дәйім жұртты жақсылыққа бейбітшілікке шақырады, отанды қорғауға ықпал етеді.

Сырдария мен Арал жерінде дүниеге келген Қорқыт ата Кавказға, Иранға, араб елдеріне таралып, «Қорқыттан» «Боз ұғлан», «Көрөғлы» жырлары таралып түркі тілдес халықтарының ауыз әдебиетіне ықпалын жасаған, Қорқыт мұраларын зерттеу арқылы түркі халықтарының мұрасын ортақ екендігін көрсетуге рухани интерграцияға мұрындық ескерткіш.

Қорқыт атаның жеке өмірі, тарихи қосқан үлестері, сонынан қалған аңыздары туралы жан-жақты мағлұматтарды оның өмір сүрген ортасы Сыр бойындағы бейіті кешегі жиырма-сыныншы ғасырдың қыркыншы жылдары су шайып кетті деген жерден табуға болады. Бұл жерде Қорқыттың аңыздық желісімен сәйкес келетін барлық айғақтар баршылық, атап айтқанда, бейіті су шайып кеткеннен кейін, «қырық қыздың моласы». Қорқыт бабаның өмір сүрген ортасы ретінде Түркияда Баянөлге аймағында да айтылады.

Кезінде Елеу Көшербаевтың бастамасымен салынған кесене, мемориальдық музейі, қылуаті, бейітінен табылған қошқар мүсінінің кейінгі салынған протипті кесенесі осының барлығының өзіндік тарихтан шертер сыры бар қазына. Қазір Қорқыт ата туралы аңыз әңгімелер, қасиеттілікпен көрегенділік, данышпандылық және рухани болмыстың жиынтығын материалдық мәдениет ретіндепаш ететін Қорқыт ата мемориальдық тарихи қорық кешенінің қызметі уақыт өте сұранысқа ие болып, жанданып келеді.

Ел аузында Қорқыт атаға қатысты қанша ғасыр өтсе әлі қарттар әңгімеге қосып, ақыл өсиетін айтып отырады, тіпті, темір жол станциясы маңында намаз оқыған жері бар деп, «Қорқыттың басына барып тілеген тілегін қабыл болады» деген түсініктер әлі бар. Сондай қарияның бірі Тұрмағанбет ауылындағы Мәдіров Зада айтуы бойынша: «Кезінде Королевтер Қармақшы жердің кіндігі екендігін білген, жерді симметриялы өлшегенде жер кіндігі осы Қармақшыға сәйкес келген, Байқоңырдан қарышқа зымыран ұшырауға сол жерді кезінде орыс ғалымдарының таңдауы және кезінде Қорқыттың Жанкентте туылып Қармақшыға

келіп дүниеден өтуінің мәні бар. Оған дәлел ретінде біздің әкелерімізде айтып отыратын «Жер кіндік» деген жер атауы бар. [9]

Қармақшы топырағынан талай әулие әмбелер шыққан Қорқыттан кейін олар осы Қорқыт атаны кие тұтып, ізін жалғастырушы ретінде таза, адалдықты, даналықты мұрат еткендер, исламнан сусындағандар: Тапал ахун, Қалжун ахун, Сейтпенбет әулие, Марал баба, Қармақшы баба, Мүсірәлі Сопы, Садық ахун, Қасымқожа, Бәймен ахун, Қарақ жалы (Қарақ «улие»), Шаймағанбет баласы Ыдырыс сияқты пірлермен ахундармен қоса ән мен жыр тұнған кете елінен сөз маржанын ағытқанда алдына жан салмаған біртуар тума талант, жыраулардың Балқы Базар, Ешнияздың Жүсібі, Дүр Оңғар, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Тұрымбет Салқынбайұлыларының шығуымен қатар шағын ғана бір Тұрмағанбет ауылынан 100-ден аса шайырдың шығуы тегін емес.

Қазіргі таңда ауданда тарихи өлкетану мұражайы ашылады деп күтілуде және болашақта Қорқыт мұражайын үлкейту кезекті міндетте тұр, дәл қазір Қорқыт кешенінің алдынан Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың кеше-

ніндегідей мешіт, қонақ үй салынып жатыр. Жалпы жыл сайын жақынды – алыс шет елден бабамызды тәу етіп келушілер қатары өсуде және Қорқыт атакешенінің елеімідегі мықты туристік нысан ретінде дамуға бағытталып, интеграцияға үлес қосары сөзсіз. Осы тұрғыда жергілікті өлкетану жұмыстарына да септігін тигезе отырып, мұражайтанумен ескерткіштерді қорғау сақтау, насихаттау және көне тарихқа айқын көз жеткізуге көп көмегін тигізбек.

Қорқыт атаның музейінде реликвалық заттары кездеспесе де қазір құнды, Қорқыт ата атындағы тарихи қорық кешені әлемдік келермендердің тамашалайтын орны бола отырып, еліміздегі мықты тарихи орындардағы туристік нысанды жанжандыруға зор үлес қоса бермек. Жаңашылдықты ұштастыра отырып тарихи кешен сан ғасырлық түріктік саяси, экономикалық, әлеуметтік өмірден сыр шертетін музей артефактілері байытылып, болашаққа перспективалық жоспарлар ұстан бермек. Сол арқылы тарихи орын арқылы әлемдік сахнада Қорқыт есімін мәнділей түсіп, Қармақшы жеріне талай туристер ағыла бермек.

#### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә «Қорқыт ата және түрік әлемі» халықаралық ғылыми-теориялық конференция // Қорқыт ата энциклопедиялық жинақ. – А, 1999. 798 б.
- 2 Мұқтарұлы Қорқыт сарыны// Сыр бойы 1997 №1, 1 қараша.
- 3 Короглы. Х. Огузский героический эпос. –М, 1979. -238с.
- 4 Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. Қорқыт ата кітабы. –А, 1986. -128б.
- 5 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихилығы. –А, 1987. 273б.
- 6 Қорқыт ата энциклопедиялық жинақ. – А, 1999. 798 б.Энциклопедия
- 7 Тельчаров А.Д. Основы музейного дела. –М, 2005. -104с
- 8 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр-аңыздар. –А, 1985. -483б.
- 9 Мәдіров Зада. Тұрмағанбет ауылы тұрғаны. 80 жаста.

#### References

- 1 Nazarbayev N.Ә "Korkyt ata zhane tyrik alemi" halyharaluk gylymi-teorialuk Conference // ata Korkyt entsiklopediyalik zhinak. - A, 1999. 798 b.
- 2 Muktaruly Korkyt Saryn // Cheese Boyi 1997 number 1, 1 qarasha.
- 3 Koroglu. H. Oguz heroic epic. M-1979. -238c.
- 4 Koniratbaev Ә., Baydildaev M. Korkyt ata kitaby. A, 1986. -128B.
- 5 Koniratbaev Ә. Kazakh folklorynyn tarihilugi. A, 1987. 273b.
- 6 Korkyt ata entsiklopediyalik zhinak. - A, 1999. 798 b.
- 7 Telcharov A.D. Basics of museums. M-2005. -104c
- 8 Margulan Ә.H. Ezhelgi zhyr-anyzdar. A, 1985. -483b.
- 9 Madirov Zada. Live in village Turmaganbet, age 80.

УДК: 930.85

М.А. Доскалиева

Магистрантка 2 курса

факультета истории, археологии и этнологии

Казахского национального университета имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

E-mail: [doskalyeva@gmail.com](mailto:doskalyeva@gmail.com)

### Сущность понятия «Цивилизация»: вариации определений

В данной статье рассмотрены проблемы толкования понятия «цивилизация». Проанализированы характерные особенности каждого из определений, в рамках материалистического и культурно-исторического представлений исторического процесса. В современный период изучения и развития исторического знания, Теория Тойнби является наиболее распространенной теоретической разработкой. Главное достоинство цивилизационного подхода Тойнби заключается в рассмотрении существования и взаимодействия всех сторон исторического процесса. Впервые в Теории локальных цивилизаций Тойнби цивилизация рассматривается как единица измерения всего исторического процесса, что позволяет открыть новые неисследованные проблемы. Расширение знакомства с достижениями мировой науки в разработке теории цивилизаций – насущная необходимость для казахстанской общественной мысли. Отход от материалистического понимания исторического процесса требует новых подходов к исследованию, способных отойти от идеологического толкования науки. Цивилизационный подход, в частности теория Тойнби, является на сегодняшний день одной из актуальных проблем исторической науки, способной изменить представление обо всем историческом процессе.

**Ключевые слова:** цивилизация, исторический процесс, культура, глобализация, общество.

M.A. Doskaliyeva

#### Essence of “Civilization” concept: types of definitions

In this article are considered problems of interpretation of the concept "civilization". Within materialistic and cultural – historical representations of historical process are analysed characteristics of each of definitions. During the modern period of studying and development of historical knowledge, Toynbee's Theory is the most widespread theoretical development. The main advantage of civilization approach of Toynbee consists in consideration of existence and interaction of all parties of historical process. For the first time in the Theory of local civilizations of Toynbee, the civilization is considered as a unit of measure of all historical process that allows to open new unexplored problems. Expansion of acquaintance to achievements of world science in development of the theory of civilizations — an urgent need for the Kazakhstan public thought. Withdrawal demands new approaches from materialistic understanding of historical process to the research, capable to depart from ideological interpretation of science. Civilization approach, in particular Toynbee's theory, is today one of actual problems of the historical science, capable to change idea of all historical process.

**Keywords:** civilization, historical process, culture, globalization.

M.A. Doskaliyeva

#### «Өркениет» түсінігінің мәні: анықтамалардың көптүрлілігі

Мақалада «өркениет» ұғымының мәселелері қаралған. Тарихи үрдістегі материалистік және тарихи-мәдени шектеудегі ұсыныстардың әр ұғымына мінездеме беріліп, сарапталған. Бүгінгі таңда Тойнби қағидасы тарих білімінің зерттелуі мен дамуында кең таралған зерттеме болып табылады. Тойнби ілімінің ең басты ерекшелігі тарихи үдерістегі жан-жақты өзара әрекеттестіктің барлығын қарастыру болып табылады. Ең алғаш Тойнбидің жергілікті өркениет қағидасында, өркениет барлық тарихи үдерістің өлшем бірлігі ретінде қарастырылады. Бұл зерттелмеген жаңа мәселелерді қозғай түседі. Дүние жүзілік ғылымның жеткен жетістіктерімен таныса отырып, қазақстандық қоғамдық ой үшін басты мәселе болатыны анық. Тарихи үдерістің материалистік ұғымынан алыстауына байланысты бүгінгі таңда ғылымның идеологиялық парықтауынан аулақтау үшін, ғылым жаңа қағидаларды талап етеді. Өркениет қағидасы, соның ішінде Тойнби қағидасы барлық тарихи үдеріске деген көзқарасты өзгертетін көкейкесті мәселе болатыны анық.

**Түйін сөздер:** өркениет, тарихи үдеріс, мәдениет, жаһандану.

В современный период темп накопления исторической наукой информации о прошлом многократно возрос. Увеличение объема эмпирического материала об истории народов, государств, религий может «превратить историческую науку в искусство постижения своеобразного смысла тех или иных событий. При этом все более утрачивается общее понимание истории в ее крупномасштабных изменениях» [1, 6]. В то же время познавательные возможности философии позволяют выделить в массе исторического материала главные события и определить закономерные тенденции развития отдельных социальных объектов и всего человечества.

Жизнь человеческого общества – это развернутый в пространстве и времени процесс, который охватывает всех людей. Этот процесс в науке принято обозначать термином «исторический процесс», который во многом противоречив. С одной стороны, в истории наблюдается тенденция к единству и целостности человеческого сообщества. С другой – мы видим самостоятельность, неповторимость и индивидуальность каждого субъекта социальной реальности. На современном этапе развития человеческого общества эта двойственность прослеживается в следующих противоположно направленных тенденциях: в глобализации и национальном самоопределении, центробежности и центростремительности и, фундаментализме и универсализме.

Длительное время в историческом познании господствовали объективно-идеалистические представления о человеческой истории. Исторический процесс с этой позиции оказывался зависимым от объективных надчеловеческих сил: Божьего промысла, Абсолютной идеи, Мировой воли и т.п., и приобретал линейный, телеологический характер. Формационный подход был связан с доминированием одной основы общественной жизни, в качестве которой выступает общественное производство. Понятие «цивилизационный подход» обозначает набор связанных между собой концептуальных установок изучения истории. Исследователи, использующие цивилизационный подход, считают исторический процесс результатом параллельного существования и взаимодействия не одного, а нескольких социальных объектов, т.е. цивилизаций.

Термин «цивилизация» при крайней неопределенности и размытости смысла, часто встречается в научных концепциях и взглядах. Для дальнейшего исследования Теории локальных

цивилизаций А.Тойнби, следует определить в каком значении будет употребляться данное понятие, обозначить поле исторического исследования.

Слово «цивилизация» постепенно входило в интеллектуальный и научный оборот западного общества вслед за термином «культура» на том этапе, когда постепенно ослабевало влияние религиозного мировоззрения и мир все более представал как среда и результат деятельности человека, отделившегося от природы и уже мало подверженного вере в божественное провидение. Поэтому возникла настоятельная необходимость в объяснении принципов функционирования общества, которое уже не рассматривалось в качестве объекта, управляемого божественной волей или неведомым Сверхзаконом. Но прежде такое общество должно было получить название, не соотносимое с прежними — «град Божий» и «град земной» и определяющее не только любой тип общества, но и общество, соответствующее человеческим устремлениям [2].

В своем происхождении, как неизменно отмечается, термин «цивилизация» восходит к латинскому слову «civilis», относящемуся к качествам «гражданина» как «городского жителя». Принято считать, что современная форма и значение термина в ряде случаев сохраняют то, что было введено в оборот прежде всего французскими и английскими просветителями. По мнению французского историка Л. Февра, «воссоздать историю французского слова «цивилизация» на деле означает реконструировать этапы глубочайшей революции, которую совершила и через которую прошла французская мысль от второй половины XVIII в. и по наше время» [3].

Обращение к термину «цивилизация» и формирование цивилизационной теории происходило в рамках двух параллельно развивавшихся направлений западной общественной мысли и науки. Одно направление, в рамках которого сформировались социальные науки, было призвано не только объяснить разнообразие того материально-предметного мира, который предстал перед человеком нового Запада, но и выявить закономерности феноменального развития индустриального общества, которое за период XVII-XIX вв. коренным образом преобразило облик Западной Европы и наделило ее способностью распоряжаться судьбами многих народов земного шара. Естественно, что определяющим началом для этого направления выступали материальное

производство, экономика, способ хозяйствования и порожденные ими отношения.

Другое направление, опиравшееся на гуманитарные методы исследований и породившее комплекс гуманитарно-филологических и исторических наук, должно было раскрыть человеку современного Запада многообразие мира в его социальных и культурных измерениях. Именно в рамках гуманитарных дисциплин происходило интенсивное накопление знаний о религиях, языках, литературах, философии, истории.

Феномен цивилизации исследовали довольно большое количество авторов: Н.Я. Данилевский, О. Шпенглер, П. Сорокин. Применяя разные термины для понятия «цивилизация», авторы однако стремятся показать схожие процессы формирования и функционирования цивилизаций.

П. Сорокин называет их «культурные суперсистемы», Шпенглер – «Hochkultur» (высокие культуры, или общества с высокой культурой), В.Ф. Агеев «базовые культуры». Однако основа у них одна культура, именно она выступает основой цивилизации и цементирует ее содержание, давая возможность авторам рассматривать отдельные элементы культур, получая при этом различные варианты цивилизаций или национальные по форме культуры.

При материалистическом подходе цивилизация рассматривается, как это и было заложено изначально, в качестве антитезы изучаемому этнографами «естественному» состоянию общества, как уровень развития, на котором оно преодолевает свою зависимость от природы и окружающей среды, как сложное, разнообразное общество, которому присущи производительный тип хозяйства, функциональная разделенность различных сфер и уровней жизни, но вместе с тем и некоторая системная организованность.

Американский этнограф Л. Морган в своем фундаментальном труде «Древнее общество» выделяет два типа общества. Примитивное общество основано на принципах общего происхождения и родства. Для цивилизованного общества характерно развитие материальных производительных сил, функциональное разделение труда, расширение системы обмена товарами, появление частной собственности на землю, концентрация богатств, раскол общества на классы и формирование государства. Среди исследователей, обративших особое внимание на труды Л. Моргана, были К. Маркс и Ф. Энгельс.

В 1979 г. видный французский историк Ф. Бродель (1902-1985) выпустил трехтомное сочинение «Материальная цивилизация, экономика и капитализм, XV-XVIII вв.». Эта и другие его работы считаются высшим достижением школы «Анналов». В данном фундаментальном сочинении именно материальная сторона, экономическая история предстают как важнейшие и во многом определяющие. При этом материальная деятельность людей выявляется именно через ее вещную и технологическую сторону, и тем самым из экономической и социальной истории выпадают отношения людей в процессе производства — классовое и профессиональное разделение общества. «Хлеб насущный», т.е. характер и количество тех злаков, которые шли на прокормление населения разных стран, другая пища и напитки, употребление которых характеризует образ жизни населения, жилище и одежда, орудия труда и технология их изготовления и применения, сеть сообщений и характер транспорта, деньги и характер денежного обращения, города, структура экономики, национальные рынки, промышленная революция и экономический рост, приведшие к формированию капитализма, — вот беглый перечень основных сюжетов и названий глав его труда.

Важным нововведением Ф. Броделя стало понятие «большая длительность» как протяженное историческое время, в котором живет та или иная цивилизация и которое она сохраняет через накопленный опыт своей жизнедеятельности.

В рамках культурно-исторической школы работали десятки и сотни ученых во многих странах мира. Общим для самых различных мыслителей было выделение «реально существующих, причинно взаимосвязанных и внутренне значимых организмов, отличных от всех смешанных культурных образований и малых культурных систем, а также от государства, нации, политических, религиозных, расовых, этнических и всех иных социальных групп... Эти цивилизации или культурные суперсистемы в сильной степени определяют жизнь, организацию и функции малых групп и культурных систем, менталитет и поведение индивидов, множество конкретных исторических процессов и тенденций» [4].

В качестве отцов-основателей цивилизационной теории принято называть прежде всего Н. Данилевского, М. Вебера, О. Шпенглера, П. Сорокина, А. Тойнби.

Верный своему метафорическому стилю изложения материала, Шпенглер следующим образом определяет цивилизацию: «Цивилизация – неизбежная судьба культуры. Здесь достигнут тот самый пик, с высоты которого становится возможным решение последних и труднейших вопросов исторической морфологии. Цивилизации есть суть самые крайние и самые искусственные состояния, на которые способен более высокий тип людей. Они – завершение, они следуют за становлением как ставшие. За жизнью – как смерть, за развитием – как оцепенение» [5].

По Шпенглеру, культура определяется душой народа, который, вступая на историческую арену в качестве активного субъекта истории, создает оригинальные и значительные ценности в самых разных сферах социальной жизни (в религии, искусстве, философии, науке, технологии). Упадок же культуры наступает в период ее заката – на стадии цивилизации. Именно тогда в обществе начинают преобладать, господствовать рациональность, прагматизм, утилитаризм, территориальная экспансия, власть денег во всех сторонах человеческого бытия. Наступает время «мировых городов», которые эксплуатируют обширную провинцию, служащую своего рода питательной средой для их роста, а политика становится определяющим видом деятельности.

П.К.Гуревич в работе «Культурология» отмечает более рациональное представление о понятии и строении цивилизаций в трудах П.А.Сорокина, согласно его учению культура выступает как система значений — ценностей, с помощью которых общество интегрируется, поддерживает взаимосвязь своих институтов. Культура определяет энергию и направленность человеческих усилий.

В современный период изучения и развития исторического знания среди ученых утвердилось мнение, что теорию цивилизаций А. Тойнби можно рассматривать как кульминацию тех теоретических разработок, которые были про-

деланы Н. Данилевским и О. Шпенглером. Она была осуществлена независимо от их работ, основана на несравненно более широком историческом материале и является подлинным шедевром исторического и макросоциологического знания.

А. Тойнби начинает свое исследование с тезиса о том, что истинной областью исторического знания является не описание отдельных событий, сближенных в пространстве или времени, не история государств или политических систем или же человечества в целом, а «цивилизация» в ее религиозных, территориальных и политических характеристиках.

Ученый рассматривал цивилизации как возрождение творческих возможностей отдельных групп обществ, перешедших от длительного существования в условиях дикости или отсталости к новой жизни. Для него, как историка, очень важно было исследовать не истории отдельных стран и государств, а целостных их образований или систем, которые он и называет цивилизациями.

Обсуждая вопрос о причинах развития и движущих силах цивилизаций, А. Тойнби решительно возражает против расового и географического подхода к причинам их возникновения и развития. Сторонники первого подхода считают, что именно расовые особенности людей определяют уровень их культуры, а благодаря этому и особенности, объединяющей их цивилизации. На самом деле, указывает А. Тойнби, чистых рас нет, и создателями перечисленных им цивилизаций в одном случае являются белые, в других случаях – желтые, краснокожие и черные расы. А. Тойнби считает, что цивилизации рождаются и развиваются, успешно отвечая на последовательные «Вызовы» природы и истории [6].

Следует заметить, что теория Тойнби способна открыть новые стороны исторического процесса, обозначить современный подход к научным исследованиям, дать попытку рассмотреть историческую науку сквозь призму цивилизационной концепции.

#### Литература

- 1 Ерасов Б.С. Цивилизация: слово – термин- смысл // Цивилизации культуры. Вып.1. – М.,1995. – С.3-27.
- 2 Уколова В.И. Суд истории как поиск истины // Тойнби А. Дж. Цивилизация перед судом истории: Сборник. С. 5-20. – М.: Айрис-пресс, 2003.-592 с.
- 3 Февр Л. Бои за историю. М.: Наука, 1991. – 635 с.
- 4 Гуревич А.Я. О кризисе современной исторической науки // Вопросы истории. – 1991. – №2-3. – С. 21-35
- 5 Шпенглер О. Закат Европы: В 2т. Т.1. / Пер. с нем. И.И. Маханькова. – М.: Айрис-пресс, 2003. – 528 с.
- 6 Тойнби А. Дж. Постигание истории. – М.: Прогресс, 1991. – 730 с.

**References**

- 1 Erasov B.S. Tsivilizatsiya: slovo –termin – smysl. // Tsivilizatsii kultury. Vyp.1. – M.,1995.-S. 37-27
- 2 Ukolova V.I. Sud istorii kak poisk istiny // Toinbi A.Dzh. Tsivilizatsia pered sudom istorii: Sbornik. S. 5-20. –M.: Airis-press, 2003. -529s.
- 3 Fevr L. Boi za istoriyu. M.: Nauka, 1991.- 635 s.
- 4 Gurevich A. Ya. O krizise sovremennoi istoricheskoi nauki // Voprosy istorii. – 1991. - №2-3. – S. 21-35
- 5 Shpengler O. Zakat Evropy: V 2 t. T.1. / Per. S nem. I.I. Makhankova. – M.: Airis-press,2003. – 528 s.
- 6 Toinbi A.Dzh. Postizhenie istorii. – M.: Progress, 1991. – 730 s.

ӘОЖ: 94 (574) «1920/30»:329.15

Д.Ж. Айнақұлов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: aynakul.dauren@mail.ru

### 20-30 жылдардың Қазақстандағы саяси ұйымдастыру жұмыстары кезіндегі төменгі партия ұйымдарының жағдайлары

20-30 жылдары Өлкелік және төменгі партия ұйымдары, сонымен қатар Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстан Коммунистік (б) партиясы партия ұяларымен жұмыс істеуді мақсат етіп қойды. Себебі ұялар халық пен еңбекшілерге жақын болды. Кеңес үкіметі әкімшіл-әміршіл басқару жүйесін орнықтыруды жүзеге асырудың жеңіл жолы деп есептеді. 1925 жылы Ф. Голощекин Қазақстан партия ұйымына басшы болып тағайындалды. Оның келуімен Қазақ АКСР-індегі жағдайлар ушыға бастады. Ол «Кіші Қазан» идеясын көтеріп, қазақ халқының арасында таптық күресті күшейтті.

Халықтың басым көпшілігі ауылдар мен деревняларда тұрғандықтан Қазақ Өлкелік партия комитеті ауылдар мен деревняларда жаппай партиялық ұйымдастыру жұмыстарын бастады. Партия ұялары туралы көптеген құжаттар бекітілді. Кеңес үкіметіне қарсы ойлармен күресу үшін коммунистер өздеріне қолайлы, әрі ұтымды болатын ұялар құрылысын қарастырды, ауыл ұяларының әлеуметтік құрамын бақылады, ауыл коммунистерінің санын көбейтуді жоспарлады.

Ф.Голощекин (1925-1933 жж.), Л.Мирзоян (1933-1938 жж.) және Н.Скворцов (1938-1945 жж.) басқарған жылдары партия ауыл мен деревнядағы партия ұяларының жұмыс деңгейі төмен болды. Партия ұйымдары болса ұялар ішіндегі және ұялар арасындағы жұмыстардың барлығы жақсы атқарылуда деп есеп берген еді. Шын мәнінде, барлық жұмыстар мен шаралар адамның құқықтарын бұзушылықпен жүзеге асырылды. ОК БКП-ның нұсқауымен әкімшіл-әміршіл басқару жүйесін орнықтыру үшін Қазақ Өлкелік партия комитеті барлық жұмыстарды бұлжытпай орындады. Мұрағаттың жаңа материалдары мен кейінгі жаңа ғылыми зерттеу жұмыстары Қазақстан тарихындағы ақтандақтар беттерін ашуда.

**Түйін сөздер:** партия, ұя, кеңес, әкімшіл-әміршіл, коммунист, жүйе, жұмысшы, комитет.

Д. Ж. Айнақұлов

#### Политические организационные работы низших партийных органов в 20-30 годы в Казахстане

В 20-30-е годы Краевые и местные партийные органы, а также перед Великой Отечественной войной Коммунистическая (б) партия Казахстана поставили задачу о работе с партийными ячейками, так как ячейки были близки к народу и трудящимся. Советская власть считала, что это легкий путь к осуществлению политических организационных работ, чтобы установить административно-командную систему управления. В 1925 году Ф.Голощекин был назначен руководителем Казахского партийного органа. С приходом к власти Ф.Голощекина политическая ситуация в Каз АССР обострилась. Он, подняв лозунг «Малый Октябрь», начал обострять классовую борьбу среди казахского народа.

Казахский Краевой комитет партии начал массовую политико-организационную работу с аульных и деревенских партийных ячеек, так как масса народа жила в аулах и деревнях. Принималось много законов о партийных ячейках. Коммунисты рассматривали выгодную структуру ячейки, наблюдали социальный состав аульных ячеек, планировали увеличить количество коммунистов в аулах и им давали распоряжение бороться с антисоветскими идеями.

Во время правлений Ф. Голощекина (1925-1933гг.), Л. Мирзояна (1933-1938гг.) и Н. Скворцова (1938-1945 гг.) уровень работы аульных и деревенских ячеек был очень низким. А партийные органы давали иные отчеты, что работа ячеек и работа среди ячеек ведется очень хорошо. На самом деле все работы и мероприятия проводились с большими нарушениями прав человека. Под диктовку ЦК ВКП(б) Казахский Краевой комитет партии выполнял все распоряжения для установления административно-командной системы управления. Новые архивные данные и новые научные исследования раскрывают эти белые пятна в истории Казахстана.

**Ключевые слова:** партия, ячейка, советы, административно-командный, коммунист, система, рабочий, комитет.

D.Zh. Ainakulov

**Political organization works of lower party organs in Kazakhstan in 20<sup>th</sup>-30<sup>th</sup>.**

In 20<sup>th</sup>-30<sup>th</sup> Kazkraikom (Kazakh Regional Committee) and local party organs and the Communist Party of Kazakhstan, the Great Patriotic War solved the problem about the work of lower party organs before, because lower party organs were close to people and the workers. Soviet power decided it is an easy way to realize political organization works in order to establish the administrative-commanding system of government. In 1925 F.Goloschyokin had been appointed leader of Kazakh Party Organ. When F. Goloschyokin came to leadership the political situation of KazASSR became strained Being at the head of the party organization of the krai, F.I. Goloschyokin took the course to the aggravation of the “class-struggle” and conducted “new revolution” in the kazakh aul.

Kazakh Regional Committee began political organization works from party organs of aul. There adopted laws by Tsik VKP (b) (Central Committee) of USSR and Kazakh Regional Committee party of Kaz ASSR.

During the rule of F.I. Goloschyokin (1925-1935), L.I. Mirzoian (1933-1938) and N.A. Skvortsov (1938-1945) level of work aul party organs was very bad. Party organs (of Kaz ASSR) reported other facts that wovt of party organs and with party organs in aul was very good. As a matter of fact all works and measures conducted with high violation of human rights. (to) By the Tsik VKP (b)'s dictatioin of Kazakh Regional Committee party carried out all instructions to establish the administrative – comanding system of government. New archival documents (sourees) and new scientific research disclose secrets of history of Kazakhstan.

**Keywords:** party, lower party organ, soviet, administrative-commanding, communist, worker, system, committee

XX ғасырдағы 20-30-жылдарда Өлкелік және жергілікті партия ұйымдарының және ұлы Отан соғысы қарсаңындағы Қазақстан коммунистік партиясының саяси ұйымдастыру жұмыстарының бірі төменгі буындағы партия ұяларымен жұмыс еді. Өйткені ұялар бұқара халыққа, еңбекшілерге жақын болды. Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті басқарып тұрған жылдары партия ұяларын нығайтуда біраз жұмыстар істелген болатын. Бірақ сонда да ауыл мен село ұялары әлсіздігін байқатты. Социализмнің жаңа талаптары мен міндеттеріне сай келмейтіндігін түсіндіріп, компартия ұяларды қолға алды. Қазақстанда әкімшіл-әміршіл мемлекеттік басқару жүйесін орнықтыруда ауыл ұялары негізгі роль атқарулары тиіс еді.

БК(б)П Орталық Комитеті партия ұяларының 1924-1926 жылдардағы жұмыс тәжірибесін талдап, 1926 жылы тамыз айында «ұялар туралы ереже» жобасын жариялады[1]. Осы жобаны және партия құрылысына байланысты БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің II пленумында (1926 жылғы 30 сәуір – 3 мамыр) қабылданған шешімдердің негізіне сүйене отырып[2], БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің III пленумы партия ұялар жөнінде біраз мәселелерді талқылады. Талқылап біткен соң «Ауыл мен деревнядағы партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» ұяларға арнайы қаулы қабылдады.

Ал 1926 жылы қараша айында өткен Қаз-өлкекомның III пленумы ауылдағы партия ұйымдарына төмендегідей сипаттама берді[3]. Сол сипаттаманың мазмұнына тереңірек үңілісек, партия басшылығының ауыл коммунистерін өсіру, ұяларды нығайту, мәдени-саяси

деңгейлері төмен деп партия оқуын енгізу және таптық қатынас дамымаған деген жалған желеумен қазақ ауылдарында тап күресін өршіту саясаты көзделіп отырғанын байқаймыз.

Айтылған мәселеге байланысты пленум мынадай міндеттерді партияға жүктеді: а) ауыл коммунистерінің санын өсіру; б) ауылдарда партия белсенділерін құру; в) ауылда ұйымдастыру құрылысының түрлерін жетілдіру; г) ауыл ұяларының әлеуметтік құрамын қадағалау; д) ауыл ұяларының тәртібін нығайтып, теріс бағыттағы күштермен күресу[4]. Партияның саяси шаралары осылайша төменнен басталды. Деревняларға да жоғарыдағыдай бағыттағы міндеттер жүктелді.

Алайда ауылдағы партия ұялары нашар жұмыс атқарып, саяси ұйымдастыру жұмыстары зорлықпен жүргізілді. М. Қайыпназарұлының хабарлауынша 1925 жылы ауыл ұялары жұмыстарының нашар болуы себебі: ауылдағы партия ұялары қаладан 50-100 шақырым қашық болса, мүшелері ұядан 10-20 шақырым және бір-бірінен қашық тұрады екен. Оның үстіне кейбір партия ұялары қағаз жүзінде ғана жұмыс істеген [5]. Әрине бұл кемшіліктердің болғанына күмән келтірмейміз. Ауыл-село ұялары территориялық негізде құрылған. Оларды бір-бірімен ондаған шақырым шалғайда жатқан ауыл мен деревняларда тұрып жатқан дара коммунистер біріктіретін. Бытыраңқы жатқан ұялардың мүшелері кейде зорға жиналатын еді.

1927 жылы 26 мамырда БК(б)П Орталық Комитеті «БК(б)П ұяларының жұмысы туралы ережесін» бекітті. Бұл жаңа құжат ұялардың жаңа бағыттарын көрсетті. Яғни, ауыл-деревнядағы ұялар колхоздар мен совхоздарды

күру, кооперативтендіру мен индустрияландыру жолындағы жұмыстарға араласып, партияның міндеттерін жүзеге асыратын ұйым болды. Ұялардың құрамына батырақтарды, кедейлерді және орташаларды көбірек тартып, кенес құрылысында оның ролін күшейту көзделді. БК(б)П Орталық Комитеті алдын-ала осындай жоспар жасаған еді. Ережені өлкелік және жергілікті партия ұйымы басшылыққа алып, саяси ұйымдастыру жұмыстарына кірісіп кетті. ұялар арқылы Қазөлкеком тамырын тереңірек жайып, саяси әкімшіл-әміршіл жүйені қалыптастырудың басты орталығы ретінде қадамдарын нық баса бастады.

Одақ бойынша 1927 жылдың бірінші жартысында партия санағы өтті. Қазақ АКСР-і бойынша 962 ауыл-деревнялық ұялар 11989 партия мүшелерін біріктірсе, оның 927 ұясы шаруалардікі болып, 11679 коммунистерді біріктірді. Оның 10 ұясы құрамына 94 коммунистер біріктірілген совхоздың және 25 ұясы құрамында 216 коммунисті бар колхоздық ұялар еді[6].

VI Бүкілқазақтық партия конференциясында Ф.Голощекин «Біздің ауылдарда әлі де болса ұялары толық құрылмаған, тіпті ауыл коммунисті жоқ деп айтса да болады. Олардың сауаты төмен, партия қаулыларын орындай алмайды, байлардың ықпалында кетуде. Сол үшін өлкеком негізгі күшті ауылға, ауыл коммунистіне жұмылдыруда. Бұл тапсырманы орындамай ауылды басқару екі талай және партия ұйымдарының қандай деңгейде істейтінін көрсетеді»[7], - деді.

Голощекин жоғарыда айтылған VI конференциядағы сөзін 1928 жылы хатпен И.В.Сталинге жолдады/8/. Конференцияда айтылған Ф.Голощекин сөздері мен партияның берген есептеріне қарама-қайшы келеді. Партияның қатары өсуде, ұялар саны өсуде, партияның ағарту жұмыстары жүргізілуде деген болатын. Демек, ұйымдастыру жұмыстары партияның күштеуімен баяу жүрді. Жұмыстарының тежеп қалуына қазақ байлары кінәлі деп, кейіннен Алашордашылардың идеологтары атанған азаматтарына жала жауып бар кінәларын соларға итеріп салды.

1927 жылы қарашаның 15-23 күндері аралығында Қызылордада өткен VI БК(б)П Қазақстан Өлкелік конференциясында партияға ұяларды тексеріп, бюрократизммен күресу жұмыстарын күн тәртібіне қойды[9]. Күн тәртібіне қойылған бұл партияның билігінің одан әрі нығайтылуына жол ашты. Мұнда партия билігінде отырған нағыз бюрократтарды емес,

бюрократизмді жамыла отырып Сталиндік тәртіпке көнбеген азаматтарды және байларды биліктен шеттету еді.

Х. Дәулетбеков партия ұясының мүшесі, 1928 жылы уездік қала комитеті ауыл ұяларына тексеру жұмыстары жүргізіліп, онда істің біраз жақсарғанын ешбір дәлелсіз айта келіп, артынан бәрі нашар, кемшіліктері көп дейді[10]. Пікірлердің өзі бір-біріне қарама-қайшы болып тұр. Ф. Голощекиннің VI Өлкелік партия конференциясында ұялар туралы жасаған баяндамасына және И.В. Сталинге жолдаған хатына қарағанда ұялардың ұйымдастыру жұмыстары нашар болды.

«Ауылды кеңестендіру» ұранына байланысты ауыл кеңестерін нығайтуға ауыл ұялары жұмылдырылып, кеңестердің ролін өсіру партияның қадағалауымен орындалды. Кеңестерге ауыл ұяларының жұмылдырылуының себебі, жұмысшылар мен шаруаларды кеңестік құрылысқа тартуда олар негізгі бұқаралық күш ретінде саналды[11]. Олармен тығыз байланыста болу компартия үшін тиімді әрі қолайлы еді. Кеңестерде де партия ұялары құрылып, оларға басшылық етті.

Ауылды кеңестендіру кезінде ауыл ұялары тек ауыл кеңестерін нығайтуға көмектесіп қана қоймай, Өлкелік партия ұйымының шешімдеріне сәйкес үгіт-насихат жұмыстарын орындап, идеологиялық күрес жүргізуде ат салысқаны сөзсіз. Сөйтіп, әкімшіл-әміршіл мемлекеттік басқару жүйесін орнықтыруда ауыл ұяларының жұмысын күшейту текке қолға алынбағанын байқаймыз. Ауыл-деревнялардағы партия ұйымдарының есептеріне тоқталатын болсақ төмендегі мәліметтерге назар аударайық: 1928 жылдың 1 қаңтарына дейін ауыл, деревня және қыстақтар бойынша 1039 ұялар – 16889 коммунистерді 1929 жылы (барлық есеп 1 қаңтарға дейін беріліп отыр) 878 ұялар-14752 коммунистерді, 1930 жылы 1242 ұялар – 14752 коммунистерді, 1931 жылы 940 ұялар – 16010 коммунистерді және 1932 жылы 120 ұялар – 2295 коммунистерді біріктірді[12]. 1931 жыл мен 1392 жылдары ауыл мен деревня ұяларының және мүшелерінің күрт азайып кетуіне колхоздар мен совхоздар әсер етті. Көп ұялар колхоз бен совхоздар ұялары болып қайта құрылды.

Колхоздық ұялар 1/І 1928 жылы 13 ұялар – 236 коммунистерді[13], 1/І 1929 ылы 39 ұялар – 617 коммунистерді, 1/І 1930 жылы 102 ұялар – 1405 коммунистерді, 1/І 1391 жылы 658 ұялар – 10389 коммунистерді және 1/І 1932 жылы 1955 ұялар – 32836 коммунистерді бірік-

тірді. Ал совхоздық ұялар 1/І 1928 жылы – 12 ұяға, 1/І 1929 жылы – 21 ұяға, 1/І 1930 жылы – 27 ұяға, 1/І 1931 жылы – 18 ұяға өссе, 1932 жылы 333 ұяға өсті. МТС пен МШМС (машинамен шөп шабу станциясы) ұялары 1931 жылға дейін болған жоқ. 1/І 1931 жылы 16 ұялар – 268 коммунистерді және 1/І 1932 жылы – 104 ұялар 1205 коммунистерді біріктірді[14].

Сонда да ұжымдастыру кезінде колхоз бен совхоз ұялары баяу өсті. 1930 жылы ауыл-деревня ұяларының өсуіне дем беру үшін олардың жұмысын қайта құру үрдісі басталды. Қайта құру сол ауданның ыңғайына қарай жүргізілді. Партия мүшелері ұяларда үш адамнан кем болмайтындай болып құрылды. Коммунистердің саны жеткілікті болған колхоздарда партия мүшелігіне кандидаттарынан кандидаттық топтар құрды. Мұның өзі заң бұзушылықпен жүрді[15]. Оларды аудандық партия комитеттері басқарды.

Ауыл-деревня ұяларын қайта құрудың мәні коммунистерді колхоз өндірісіне жақындатып, колхоз қозғалысына жаңа партиялық-саяси серпіліс беру еді. Бірақ күткен ойлары жүзеге аспады. Территориялық принципке қарай құрылған ұялар бірден колхоздық ұя болып кете алмады. Тікелей колхоз өндірісімен байланысыз болды. Оның үстіне күштеп ұжымдастырудан кейін шаруалар мен ауыл кедейлері партияға өз еріктерімен барғысы келмеді. Сондықтан колхоздарда ұялар саны баяу өсіп, колхозшылардың ішінде партия тобы жеткіліксіз болып қала берді.

Партия ұйымдарының төменгі партия буындары бойынша саяси-ұйымдастыру жұмыстары 1931 жылы жақсы болды деп айту қиын. Ауыл мен деревняларда партия ұялары барлық жерлерде толық құрылмаған. Мысалы, Пахтаарал ауданындағы «Бейнаш» колхозында ұялар құрылмаған. ұялар жұмыстарының нашарлығы ауыл-деревняда партия құрылысын түсінбей шатасушылық көп. Қарқаралы, Үржі және т.б. аудандарда ұяларға аудандық басшылық жұмыстары нашар қанағаттанарлықсыз болды[16]. Міне 1931 жылғы ауыл-деревня ұяларының жағдайлары осындай еді.

Қазөлкеком БК(б)П Орталық комитетінің 1932 жылы 17 қыркүйекте «Көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда партия ұяларын ұйымдастыру туралы» шешімін[17] ескере отырып, 1933 жылы шілде айында Қазөлкекомның VI пленумінде «Ауыл мен деревнядағы партия жұмысы туралы қаулы» қабылданды. Сол қаулыға сәйкес Қазөлкекомның Бюросы «Көш-

пелі және жартылай көшпелі аудандарда партия ұяларының ұйымдастыру құрылысы туралы» шығарған шешімін жүзеге асырды[18]. Бұл шаралар партияның ұйымдастыру жұмысын жеңілдету еді. Ұялардан басқа да партия топтары құрылды. ұяларды қайта құру мен олардың қатарына коммунистерді тарту ТОЗдарда (жерді бірлесіп өңдеу) ғана жүргізілді. Жүргізіліп отырған партияның ұйымдастыру саясаты партия ұйымдарын ТОЗ-дар мен колхоздарды бұрынғыдан да тіптен жақындастырды. Партия көздеген мақсаттарына біртіндеп жете берді.

Төменгі партия ұйымдары тек ауылдар мен деревняларда ғана жұмыс істеген жоқ, сонымен қатар өндіріс орындарында, өнеркәсіптерде жұмыс істеді. Өнеркәсіп орындарында партия ұяларының қанат жаюы өлкелік және жергілікті партия ұйымдарының саяси ұйымдастыру жұмыстарының бірі болды.

1925 жылы Қазақстанның өндіріс орындарында тексеру жұмыстары жүргізіліп, ұялар жұмыстарының нашарлығы есепке алынды. 1925-1928 жылдар аралығында жұмысшылар ұялары көп болған жоқ. Республикада индустриялық дамудың міндеттері қойылған кезде яғни бірінші бесжылдықта кәсіпорындар мен жаңа өндіріс орындарында партияның ұйымдастыру жұмысын көтеру үшін жұмысшылар ұяларын көбірек құрып, олардың жұмыстарын күшейту жоспарланды.

Жергілікті партия ұйымдары осы шараларды жүзеге асыру үшін есепті баяндамаларында күн тәртібіне алып отырды. Мұны БК(б)П Орталық комитеті ескеріп, 1928 жылы 3 мамырда «Транспорт пен өнеркәсіп жұмысшылары арасында бұқаралық-саяси және ұйымдастыру жұмысын жандандыру» туралы қаулысын қабылдады[19].

VI Өлкелік партия конференциясы (1927 жыл) қарсаңында өндірістік ұялар (жұмысшылар ұялары) 189 болса, VII Өлкелік партия конференциясы қарсаңында (1930 жылы) 295-ке дейін өсті. Сондай-ақ қатарында коммунистерде 7433 адамнан 17104 адамға дейін өсті [20]. Компартия мұнымен шектеліп қоймай партия қатарын ұялар арқылы одан әрі өсіруді бұйырды.

Түсті металлургия өнеркәсіптеріне үш сатылық құрылысты: партком, партұялар және парттоптарды енгізген БК(б)П ОК-нің өзі еді. Ол 1931 жылы 21 наурызда «Цехтар мен бригадалардағы бұқаралық-саяси жұмыстар туралы» қаулы әсерін тигізді[21]. Түсті металлургия өнеркәсіптері осындай үш сатылық құрылы-

сымен ұйымдастыру жұмыстарын тоқтатпай ілгері жалғастырды. Оларға деген бақылау жұмыстары жиі жүргізілді.

Өндіріс ұяларының міндеттері, өндіріске қатысты жұмыстарда өздерін тәрбиелеп, өндірісті арттыру керек болды. Егер өндіріс артпай, коммунистер авангард бола алмаса онда оларды тарату мәселесі алда тұрды. Таратылса біршама жұмысшылар жұмыстан айрылып, табыссыз қалатын.

Ауылдағы төменгі партия ұйымдарына қайта оралсақ, жалпы алғанда 1930 жылдың сәуір айынан 1933 жылдың 1 қаңтарына дейін ұялар 2080-нен 4128-ге дейін өскен екен. ұялар түрлері үш жылдың ішінде жылдам өзгерген. Әсіресе ауылдық ұялар саны күрт түсіп кеткен. Оның себебі, ауылдық ұялар – колхоздық, совхоздық және т. б. болып құрылды[22].

Ұялардың саны өскенімен де, олардың жұмыс сапасы қандай деңгейде болғанына келсек, кеңес өкіметі тұсындағы зерттеген тарихшылармен ойымыз қиыспай, бір түйінге келе алмаймыз. Мүмкін сол заманның әсері болар бірде-бір зерттелген еңбектер жұмыс сапасының кемшілігін айтпайды, мәселен 1933 жылы шілде айында өткен Өлкелік партия комитетінің VI пленумінде айтылған кемшіліктерге тек үстіртін ғана тоқталған. Демек әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі тұсында жариялауға тыйым салынды.

### 1934-1937 жж. төменгі партия буындарына жүргізілген есеп [25]

Жылдар	Бастауыш Партия ұйымдары	Кандидаттық топтар	Партиялық-комсомолдық топтар
1934	4058	1969	-
1935	4079	2358	623
1936	3096	1673	176
1937	3576	1260	44

БК(б)П Орталық комитетінің қаулысымен 1937 жылы 23 сәуірде Қазақстан өлкелік партия ұйымы Қазақстан коммунистік партиясы болып қайта құрылды[26]. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Коммунистік партиясының күштеуімен Қазақстанда әкімшіл-әміршіл мемлекеттік басқару жүйесін орнықтыруды жалғастырды.

Қазақстан Коммунистік (б) партиясының I съезінің (1937ж.) қаулысында «Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті, облыстық, аудандық, аудандық, қалалық комитеттері төменгі партия ұйымдары мен бастауыш партия ұйымдарына ұдайы нақты көмек ұйымдастырулары тиіс екенін білдірді»[27].

1934 жылы 8-16 қаңтар аралығында VIII Бүкілқазақстандық Өлкелік партия конференциясы өтті. Конференция шешімдерінде партия құрылысы мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Ауыл мен селодағы партия жүйесін қайта құрудың алғашқы қорытындысын жинақтап, партия ұяларын нығайтудағы МТС-тердегі, совхоздар мен транспорттағы саяси бөлімдердің қызметін мақұлдады. Партия ұяларын бастауыш партия ұйымдары етіп қайта құруды және солардың жанынан партияда жоқ активтен тілектестер топтарын құруды шешті[23]. Партия конференциясы коммунистердің идеялық-саяси дәрежесін ұдайы арттыруға бағыттады. Ф.Голошекиннің орнына Қазақстан партия ұйымының жауапты хатшысы болып келген Л.И.Мирзоянның басшылық еткен жылдарында да (1933-1938ж.ж.) Қазақ Өлкелік партия ұйымы саяси әкімшіл-әміршіл жүйені қалыптастырудың басты орталығы ретінде қала берді. Партия ұялары бастауыш партия ұйымдары ретінде нақты 1935 жылы айтыла бастады.

Қазөлкекомның IV пленумі (1935 жылы) партияның ұйымдастыру жұмыстарында бастауыш партия ұйымдарында істің ілгері баспағанын атап кетті[24]. Алдағы уақыттарда оларды жаңа міндеттер күтіп тұрды. 1934 пен 1937 жылдар аралығында бастауыш партия ұйымдарының саны төмендегідей өзгерді.

Ал 1938 жылы 3-14 шілде аралығында өткен Қазақстан К(б)П-ның II съезінде партияның саяси-ұйымдастыру жұмыстарына көңілдері толмай, көп бастауыш ұйымдарын партияға жаңа мүшелер алмаған деп кемшіліктерін түзетуге уақыт берді[28]. Съезд оларға қатаң талаптар қойды. Партия қатарына коммунистерді көптеп тартып, олардың санын молайту бастауыш партия ұйымдарының жұмысы еді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында 1940 жылы 10-18 наурыз аралығында Қазақстан К(б)П-ның III съезі өтті. Съезд төменгі партия ұйымдарының және олардың құрамындағы мүшелердің өсіміне тоқталып кетті[29]. Расында

1938-1941 жылдарда бастауыш партия ұйымдары мен мүшелерінің саны әжептеуір өсіп, партия ұйымдастарына біраз үлес қосты. Съезд барлық партия ұйымдарына алдына мынадай міндет қойды: «Партиялық ұйымдастыру жұмысының дәрежесін көтере беру мақсатында, съезд барлық партия ұйымдарына партия тұрмысының негізгі заңы болып табылатын БК(б)П

уставының барлық талаптарын бұлжытпай, қасиеттеп орындап отыруды тапсырады»[30] - деп қатаң шаралар қолданды.

1938-1941 жылдардағы бастауыш партия ұйымдары мен кандидаттық топтардың және партиялық-комсомолдар топтарының саны жөніндегі деректерді төмендегі кестеден көре аламыз.

### Республика бойынша жүргізілген есептер (1 қаңтарға дейін)[31]

Партұйымдар	1938	1939	1940	1941
1. Бастауыш партия ұйымдары	3681	4428	6081	8097
2. Кандидаттық топтар	1080	861	1764	1610
3. Партиялық-комсомолдық топтар	48	58	297	136

Қорытындылай келе айтарымыз, партияның саяси-ұйымдастыру жұмыстарында төменгі партия ұйымдары әкімшіл-әміршіл мемлекеттік басқару жүйесін орнықтыруда үлес қосқаны белгілі болды. Ұйымдастыру жұмыстары толық жақсы болмағанын білдік. Ауыл ұяларының өздері зорға ұйымдастырылып, негізгі күш болып кете алмады. Партия қатарын то-

лықтыруда ұялар кейіннен бастауыш партия ұйымдарын пайдаланды. Төменгі партия ұйымдары сонымен қатар сталиндік идеологияны насихаттады. Негізінен саяси-ұйымдастыру жұмыстарында бар салмақты төменгі партия ұяларына жүктегені белгілі. Осындай көлеңкелі тұстары бүгінгі күнге дейін бізге теріс бұрамаланып түсіндіріліп келді.

### Литература

- 1 Известия ЦК ВКП(б) 1926, 33-34, 1-5 бб.
- 2 ҚРПМ 141-қ., 1-т., 482-іс, 1-10 пп.
- 3 ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 489-іс, 6-9 пп.
- 4 Сборник важнейших решений Казахского Краевого Комитета. ВКП(б) принятых за период V-VI Всеказ.конференцией. Кзыл-Орда, Казкрайком ВКП(б), 1927, 258, 196-200 бб.
- 5 // «Қызыл Қазақстан», 1995, 8-9-10, 14-18 бб.
- 6 «Всесоюзная партийная перепись 1927 года» Вып.1, М., 1927, 63-б.
- 7 6-я Всеказахская краевая партийная конференция. Кзыл-Орда, 1927, 92-б.
- 8 Кусанова Ш. Укрепление аульных и сельских партийных организаций в Казахстане в период коллективизации. Алма-Ата, «Казгосиздат», 1958, 5-б.
- 9 6-я Всеказахская краевая партийная конф., 281-б.
- 10 // «Советская степь», 1928, 15 март, 3-б.
- 11 ҚРПМ 141-қ., 1-т., 1125 -іс, 140-п.
- 12 // «Большевик Казахстана», 1932. 2, 7-8 бб.
- 13 ҚРПМ 141-қ., 1-т., 2528-іс, 57-п.
- 14 // «Большевик Казахстана», 1932. 2, 7-8 бб.
- 15 Осипов В.П. Всмотриваясь в 20-30 годы. Алма-Ата, «Казахстан», 1991, 47-б.
- 16 // «Партийное строительство», 1932, 10, 29-б.
- 17 // «Казахстанская правда» 1933, 11-июль, 1-б.
- 18 VI пленум Казрайкома ВКП(б). (Стеног. отчет) Алма-Ата, 1933, 486-б.
- 19 КПСС и Советское правительство о Казахстане. Сб. документов. Алма-Ата, 1978, 91-б.
- 20 Материалы к отъезду Казрайкома ВКП(б) на VII Всеказахской партконференции. Алма-Ата, 1930, 107-б.
- 21 ҚРПМ 141-қ., 1-т., 2489-іс, 39-п.
- 22 Материалы об организационно-партийной работе к VIII краевой партийной конференции. Кзыл-Орда, 1934, 51-б.
- 23 ҚРПМ 141-қ., 1-т., 6564-іс, 1-10 пп.
- 24 // «Социалистік Қазақстан», 1935, 20-шілде, 1-б.
- 25 Коммунистическая партия Казахстана. Справочник, Алма-Ата, «Казахстан», 1990, 91-б.
- 26 // «Казахстанская правда», 1937, 24 апрель, 1-б.
- 27 Қазақстан Коммунистік (б) Партиясының өлкелік комитетінің есепті баяндамасы бойынша Қазақстан К(б)П-сының I съезінің қаулысы. Алматы, «Қазпартбасы», 1937, 6-7 бб.
- 28 // «Большевик Казахстана», 1940, 3, 24-б.
- 29 // «Казахстанская правда», 1940, 15 наурыз, 6-б.

- 30 Қазақстан Коммунистік (б) партиясының III съезінің резолюциялары. Алматы, «Қазақ мем.саяси әдебиет баспасы», 1940, 31-б.  
31 ҚРПМ, 708-к., 1-т.,478-іс, 39-51 пп, 834-іс, 15-18, 81-93 пп, 3-т, 1374-іс, 12-13 пп.

#### References

- 1 Yzvestiya TsK VKP(b) 1926, 33-34, 1-5 bb.  
2 KhRPM. 141-kh., 1-t.,482-ys, 1-10 pp.  
3 KhRPM. 141- kh., 1-t., 489-ys, 6-9 pp.  
4 Sbornyk vajneishyh reshenyi Kazakhskogo Kraevogo Komyteta. VKP(b) prinyatyh za peryod V-VI Vsekaz. konferentsyei. Kzyl-Orda, Kazkraikom VKP(b), 1927, 258б., 196-200 bb.  
5 // «Khyzyl Khazakhstan», 1925, 8-9-10, 14-18 bb.  
6 «Vsesoyuznaya partynaya perepys 1927 goda». Vyp.1, M., 1927, 63-b.  
7 6-ya Vsekazahstanskaya kraevaya partynaya konferentsya. Kzyl-Orda, 1927, 92-b.  
8 Kusanova Sh. Ukreplenyе aulnyh y selskyh partynynh organyzatsyi v Kazahstane v peryod kollektivyvzatsyy. Alma-Ata, «Kazgosydzat», 1958, 5-b.  
9 6-ya Vsekazahstanskaya kraevaya partynaya konferentsya. Kzyl-Orda, 1927, 281-b.  
10 // «Sovetskaya step», 1928, 15 mart, 3-b.  
11 KhRPM. 141- kh., 1-t., 1125-ys, 140-p.  
12 // «Bolshevyk Kazakstana», 1932, 7-8 bb, 2-b.  
13 KhRPM. 141- kh., 1-t., 2528-ys, 57-p.  
14 // «Bolshevyk Kazakstana», 1932, 7-8 bb, 2-b.  
15 Osypov V.P. Vsmatryvayas v 20-30 gody. Alma-Ata, «Kazakhstan», 1991, 47-b  
16 // «Partynoe stroitelstvo», 1932, 10, 29-b.  
17 // «Kazakhstanskaya pravda» 1933, 11-yul, 1-b.  
18 VI plenum Kazkraikoma VKP(b). (Stenog. otchet) Alma-Ata, 1933, 486-b.  
19 KPSS y Sovetskoe pravytelstvo o Kazahstane. Sb. dokumentov. Alma-Ata, 1978, 91-b.  
20 Materyaly k otchetu Kazkraikoma VKP(b) na VII Vsekazahskoi partkonferentsyy. Alma-Ata, 1930, 107-b.  
21 KhRPM. 141-kh., 1-t, 2489-ys, 39-p.  
22 Materyaly ob organyzatsyonno-partyinoy rabote k VIII kravoy partyinoy konferentsyy. Kzyl-Orda, 1934, 51-b.  
23 KhRPM. 141-к., 1-т., 6564-іс, 1-10 пп.  
24 // «Sotsyalystyk Khazakhstan», 1935, 20-shylde, 1-b.  
25 Kommunistycheskaya partya Kazakhstan. Spravochnyk, Alma-Ata, «Kazakhstan», 1990, 91-b.  
26 // «Kazakhstanskaya pravda», 1937, 24 aprel, 1-b.  
27 Khazakhstan Kommunystik (b) Partyasynynг olkelik komytetining esepi bayandamasy boiynsha Khazakhstan K(b)P-synynг I sezining khaulysy. Almaty, «Khazpartbasпасы», 1937, 6-7 bb.  
28 // «Bolshevyk Kazakstana», 1940, 3-b., 24-b.  
29 // «Kazakhstanskaya pravda», 1940, 15 mart, 6-b.  
30 Khazakhstan Kommunystik (b) Partyasynynг III sezining rezolyutsiyaлары. Almaty, «Khazakh mem. sayasy adebyet basпасы», 1940, 31-b.  
31 KhRPM. 708-kh., 1-t.,478-ys, 39-51 pp.; 834-ys, 15-18 pp., 81-93 pp.; 3-t, 1374-ys, 12-13 pp.

ӘОЖ 94(574) «1920/30»: 929

Л.Б. Албанбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: Laura. Alban @ mail. ru

### XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының рухани өзгерістер мәселесі жөнінде

Қазақ зиялыларының XX ғасыр басында көтерген мәселелерінің ішінде рухани құндылық тақырыбы қазірдің өзінде маңыздылығын жойған жоқ. Қазақ қоғамындағы қазақ тілінің мәртебесі жөнінде, оның ішінде татар тілінің кең қолданылуының ықпалы туралы және дәстүрдің мәні жоғалған кезең ретінде өз заманын сынға алды. Бұл келеңсіз жағдай Ресей империясының саясатының салдары ретінде ой қозғайды.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының басым бөлігі тілді сақтап қалудағы басты іс – білімді жастардың болуында деп пайымдады. Қазақ зиялыларының өкілдері патша өкіметін дала өңірінде білім беру ісін неғұрлым жедел жүргізгісі келмегендігі үшін сынады, ал өздері отандық ғылымды қалыптастырудың алғышарттарын жасауға ұмтылды. Қазақ зиялылары ғылыми мақалалар, сөйлеген сөздері арқылы өркениетті елдердегі ғылым жетістіктерін насихаттауға, оның қажеттігін, қоғамды түбірінен өзгерте алатын күдіретті күшін дәлелдеуге ұмтылды. Олардың күш-жігері ізсіз қалмағанын атап өткен жөн.

Ұлттық руханият, бұл – тіл. Қазақтың рухани құндылығын сақтап қалуға күш-жігерін аямай жұмсаған, жеке мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қойған XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қалдырған мұрасы өнеге. Қазіргі күнде қазақ тілінің дамуына, қолданылуына отарлық саясаттың кедергісі жоқ, бірақ еркін кеңістіктегі қазақ тілі болашақ ұрпаққа қандай деңгейде жетеді деген сұрақ бәрімізді толғандарады. Ол әрине қазіргі зиялылардың мүддесімен тікелей байланысты. Ұлттық діліміз мен тіліміздің сақталуы бүгінгі ұлттық идеямен ұштасуы шарт. Империя саясатының салдары ретінде ой қозғайды. Мақалада қазақ зиялыларының осы тақырыпқа қатысты пікірлеріне талдау жасалынады.

**Түйін сөздер:** ұлтшылдық, насихат, зиялы, рухани, тіл.

Л.Б. Албанбаева

#### Проблемы духовной культуры в трудах казахской интеллигенции начала XX века

Проблемы духовных ценностей, которые подняли в своих работах представители казахской интеллигенции начала XX века, сохраняют свою актуальность. Они рассматривали проблемы значения казахского языка, расширения использования татарского языка и потери в связи с этим своих традиций. Выдвигается мысль о том, что это входило в рамки политики, проводимой Российской империей.

Основная часть интеллигенции в начале XX века полагала, что самое главное в сохранении языка это наличие образованной молодежи. Казахская интеллигенция критиковала политику царской власти за то, что последние не торопились с решением проблемы системы образования в степной части, и самостоятельно старались основать отечественную науку. Казахская интеллигенция пыталась доказать нужду и силу научных достижений передовых цивилизованных государств, которая может коренным образом изменить общества, посредством научных статей и публичных речей. И важно отметить, что их старания не прошли даром.

Национальный дух – это язык. Казахская интеллигенция в начале XX века, которая всеми силами старалась сохранить духовные ценности казахского народа и ставила судьбу страны выше собственной, оставила для будущего бесценное наследие. В настоящее время перед развитием и использованием казахского языка нет никаких колониальных преград, но все же вопрос о проблеме казахского языка в будущем остается незакрытым. Это безусловно связано с работой нынешней интеллигенции. Сохранение национального менталитета и языка должно сопрягаться с национальной идеей. В статье дается полное описание и анализ идей казахской интеллигенции XX века.

**Ключевые слова:** нацист, агитация, интеллигенция, духовные, язык.

#### Problems of spiritual culture in the works of the Kazakh intelligentsia of early XX century

The problems of spiritual culture that were raised by the representatives of the Kazakh intelligentsia in the works of early XX century have been actual nowadays. They researched on the the Kazakh language significance, broadening the Tartar language usage and loss of traditions resulting from that. They put forward an idea that it met the frameworks of the Russian empire policies.

The main part of Kazakh intelligentsia in the beginning of XX century proposed that the importance in caring of native language is presence of educated youth. Kazakh intelligentsia criticized the policy of tsar's power because of the last didn't hasten to solve the problem of education in steppe area, and tried to base native science by themselves.

Kazakh intelligentsia attempting to prove demand and force of scientific achievement of civilized countries, which can radically alter the society through scientific articles and public speech. So we dare to notice that there attempts were not vain.

National spirit it is language. Kazakh intelligentsia in the beginning of XX century which with all it's power tried to care spiritual values of kazakh nation and for them destiny of their folk was mare important than oneself, has remained for the future unvaluabe heritage. The save of native mentality and language must be in accordance with national idea. In this article is given full describe and analyse of views kazakh intellegentsia of the beginning of XX century.

**Keywords:** national, agitation, intellectuals, spiritual, language.

XX ғасыр басындағы саяси оқиғалар қоғамдағы мәдени өзгерістерге өз ықпалын тигізді. Қазақ даласындағы Ресей әкімшілігінің реформалары және қоныстандыру саясаты ішкі қоғамдық жағдайды шиеліністірген болатын. Ресей империясы рухани отарлауын жүзеге асыруды көздеді. Оның салдарын қазір қазақ қоғамында да сезінуге болады. Ол әрине тіл, рухани құндылықтар мен дәстүрлік мәселесі болып табылады.

Қазақстанның Ресейге қосылуы мен отарлануын қазақ ұлттық зиялы қауым өкілдері орыс тарихшыларына қарағанда мүлде басқаша бағалады. Атап өтерлік жайт, қазақтар өз дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын барынша қастерлеуге ұмтылды, ал олардың өз туған жері, атамекеніне деген көзқарасын патшалық Ресей түбірімен жойылуға тиісті әлдебір ұлтшылдық ретінде қабылдады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында қазақ халқының заман талабына сай білім алған, озық ойлы бірқатар қайраткерлері қоғамдық ой тудырды (Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Б.Қаратаев, М. Шоқай, М. Тынышбаев). Олар Ресей демократиясының алғашқы толқынына ілесе келді, саяси оқиғалардың бел ортасында жүріп, өз идеяларын ары қарай дамыта түсті. Орта Азияның өзге елдеріне қарағанда Қазақстанның метрополия тарапынан жан-жақты қысымға түскендігін сезіне отырып, ұлттық зиялы қауым өз міндеті ең әуелі ұлттың өзін сақтап қалу деп түсінді. Байырғы халықты орыстандыруды көздейтін, жергілікті жерде империяшыл биліктің уысынан шыға алмайтын, айтқанға көңіш, айдағанға ергіш билеушілерді қалыптастыратын саясат біртіндеп кедергілерге кездесе бастады. Қазақ халқының арасынан өзінің барша күш-жігері мен зияткерлік потенциалын өз ұлттының мүддесі мен қадір-қасиетін қорғауға бағыттауға дайын, тұтастай зиялы қауым өкілдері шыға бастады. Кеңес өкіметі тұсындағы тоталитарлық режим қазақ зиялы қауымының көптеген ғылыми және әдеби шығармаларын кеңестік идеологияға сай келмеуіне байланысты теріске шығарып отырды. Тек Қазақстанның тәуелсіздігі-

нен кейін ғана қандай да бір тарихи жайттар мен өзекті мәселелерді қарастыру кезінде олардың артында қалған бай мұраны игеруге мүмкіндік ала алдық.

Осы кезеңнің ірі қоғам қайраткерлерінің бірі - Ә. Бөкейханов. Басым көпшілігі орыс тілінде жазылған энциклопедиялық сипаттағы ғылыми зерттеулер, монографиялар болып келетін оның шығармашылық мұрасында ұлттық аймақтарда патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсылықтың күшейе түсу мәселесі айтарлықтай көрініс тапты. Оның негізгі еңбектері қазақ тарихы мен қазақ елінің экономикасына, тұрмыстық және шаруашылық ерекшеліктеріне, этнографиялық мәселелер мен қазақ жерлерінің отарлану мәселесіне арналды. Бұл еңбектерден осы мәселелерге қатысты нақты деректер мен мәліметтерді, цифрлар мен таблицаларды, т.б. статистикалық және географиялық мағлұматтарды молынан кездестіруге болады. Соның ішінде қазақ жерінің тарихын жан-жақты қарастыра отырып Ресей отаршылдығына сараптама жасайтын “Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи” (1903) деп аталатын зерттеуінің мәні зор. Оның еңбегінде сол кезеңнің идеологиялық жағдайына байланысты тарихи фактілерді бұрмалауға ұмтылушылық ізі байқалмайды. Автор Кіші жүз бен Орта жүз сұлтандарының Ресейге бодандық алу жөнінде өтініш жасауына белгілі бір мәжбүрлікпен барғандарын, оның ішінде жоңғар шапқыншылығы мен ел билігіндегі тұрақсыздық ықпалын атап көрсетеді: “Признав свою власть от русского правительства, киргизы не сразу помирились с этим положением и даже попытались снова восстановить свою независимость, но эти попытки кончились неудачей” [1]. Ә. Бөкейханов патша өкіметінің қоныстандыру саясатын қарастыра отырып әрбір шаруашылыққа бөлінген жер үлестерінің көлемі туралы мәліметтерді келтіру арқылы орыс шаруа-переселендері шаруашылықтарына неғұрлым қолайлы жағдай туғызылғандығын көрсетеді.

Дәстүрлі тұрмыс-тіршілігіне шектеу салынуы, өз жеріне салық төлей бастауы қазақ халқы

дамуының негізгі ұстанымдарын тежеп тастады. Сонымен қатар отаршылдар жергілікті халықтың рухани негіздерін жоюға ұмтылуына баса назарға алады. Ә.Бөкейханов ислам дінін ұстанғаны үшін патша өкіметінің қуғындауына ұшырау қорқынышына дейін алып келген, халық арасына өзге дінді сіңіруге бағытталған көптеген арнайы шараларды мысалға келтіреді. Рухани құндылықтың шарты тіл және оның тазалығы. Тіл тазалығы өзге тілмен шұбарландырмау және оның өз деңгейінде қолдану мәселесін көтере келіп, Ә.Бөкейханов: «5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады, біздің қазақ осы тілін тастап татарға мінгескені адасқандық болар, біз- қазақ татар тіліне шорқақпыз, татар тілі деген тіл тағы біреу емес, Кавказ, Қырым аулындағы татарды Қазан татарымен сөйлестірсе, бірін бірі ұға ма, жұртқа ыңғайлы болу үшін рухани мекеме қағазы һәр обылыста һәр жұрттың өз тілімен жазылсын дедік Жаһаншаһ екеуміз[2].» - деп XX ғасыр басындағы қазақ тілінің жағдайынан хабар береді.

Ә.Бөкейханов қазақтың болашағына кәміл сенді «түбінде біздің қазақ тілі, бізбен тіл тұқымы бір, өзге мұсылманды байытпаса, бір бірімізге қонсы қонбаймыз ғой. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мир Якуп, Шаһкерім, Тарғыннан һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой», – деген [3] ойы дәлел.

Сонымен қатар Ә. Бөкейханов тарихи әдебиеттерде “Қарқаралы петициясы” деген атқа ие болған, барлығы 14500 адам қол қойған құжатқа да сілтеме жасайды. Бұл құжатта Қазақстанның Ресейге “өз еркімен” қосылуы тек қана сыртқы саяси бодандықты білдіретіндігі туралы айтылып, ішкі ісіне араласпау туралы келісімшартқа қол қойылды. Алайда, Ресей үкіметі қабылдаған заң бойынша, байырғы қазақ жері мемлекеттік меншікке алынды және қазақ даласының ең құнарлы жерлері қазақтардан тартып алынып мұжықтарға берілді. Автор жер мәселесін шешудегі әділетсіздікке келіспейтіндігін айқын көрсетті; егер ол бастапқы кезеңде қазақтарды өз жерінен аса көп ығыстырмай-ақ барынша “сақ” жүргізілген болса, біртіндеп қазақ халқының мүддесі біржола ескерусіз қалды. Ресей шенеуніктерінің “өркениетті мисиясын” сынға ала отырып жазған Ә. Бөкейхановтың: “Покорив край, русские не могли перейти к культурной работе потому, что первоначальное завоевание совершалось исключительно с целью обогащения, и первые завоеватели были совершенно не подготов-

лены к культурной роли”[4] деген ашық пікірі бүгінгі күнгі тарихшылардың тұжырымдамаларымен ұштасып жатады. Осы реттен алғанда патшалық отаршылдық саясат зардаптарына қазақтың ұлттық мүддесі тұрғысынан сараптама жасаған Ә. Бөкейхановтың қорытындыларының біз үшін маңызы аса зор. Зерттеуші қазақ жүздерінің Ресейге бодандыққа алу туралы өтініш жасауға мәжбүрлікпен барғандығын, олар оны тек қана сыртқы саяси бодандық ретінде түсінгендігін, алайда оның соңы патша үкіметі қабылдаған заңдардан кейін қазақ жерлерінің біртіндеп жаулап алына бастағандығын қадап көрсетеді. Шәкәрім де осы пікірді ұстанды. Оның Қазақстан тәуелсіздігінен айрылар тарихи кезеңдерге арналған арнайы зерттеу еңбегі болмағанымен, қазақ тарихы қозғалған кейбір еңбектерінде патша саясатына қатысты наразылық сарындары білінеді, ол Ұлы жүзге қатысты жүргізілген патша саясатын айтқанда “жаулап алушылық” терминін қолданды.

Көрнекті қоғам қайраткері, жазушы С. Сейфуллин 1920 жылы жазған “О казахской интеллигенции” деген мақаласында “В среде просвещенных казахов в начале 1905 годжа распространилась революционные идеи, звучали призывы к национальному равенству и свободе. Пробуждавшуюся казахскую интеллигенцию в те времена вдохновляли Букейханов, Дулатов, Байтурсынов” [5] деп жазды. М. Дулатов А. Байтұрсыновпен бірге Алаш баласын патшаға қарсы күресуге шақыратын прокламациялар жазып таратты; қазақтар арасында патша билігіне наразылық күшейе түсті. Бұл 20 ғасыр басында отарлау саясатының бар күшіне енгендігіне байланысты еді. М. Дулатов орыс-жапон соғысында жеңіліске ұшыраған патша өкіметі бар уытын қазақ халқынан алып, қысымды күшейте түсті, қазақтарды туған жерінен қудалап, олардың байырғы жерлерін переселендерге тартып әперіп отыр деген ашу-ызаға толы мақала жазды. 1907 жылы “Серке” газетінде М. Дулатовтың аса маңызды және өзекті мәселелерді көтерген “Біздің мақсат” деп аталатын шағын мақаласы жарияланды. Бұл мақалада қазақ халқының Ресейдің отаршылдық езгісіне ұшырап, ұлттық салт-дәстүрлеріне тыйым салынып, ислам дінінің қуғынға түсіп отырғандығы ащы және ашық түрде айтылды. Орыстандырудың күшеюі, шұрайлы жерлердің күштеп тартып алынып, орыс шенеуніктері мен переселендерінің меншігіне берілуі жергілікті халықтың заңды наразылығы мен ашу-ызасын туғызды. Шағын

мақала халық арасында азаттық қозғалысының өрістеуіне және оған қарсы тұрған, өзінің отаршылдық үстемдігін сақтап қалуға тырысқан билікке де аса күшті ықпал етті. Аталған мақала жарияланысымен газеттің тәркіленіп, жабылып қалуы осының айғағы [6]. 1909 жылы жарық көрген, мазмұны жағынан да, тақырыбы жағынан да М. Дулатовтың патша өкіметінің отаршылдық саясатына қатысты көзқарасын айқын көсететін “Оян, қазақ” деп аталатын өлеңдер жинағы қазақ халқының өз бостандығы үшін күресіндегі өлеңмен жазылған манифест, ұранға айналды. Жинақтың маңызы сол кездегі және кейінгі қазақ зиялы қауымы тарапынан жоғары бағаланды. 1913 жылы 2 ақпанда Орынбор қаласында “Қазақ” газетінің алғашқы нөмірі жарық көрді. Оның бас редакторы қызметін А. Байтұрсынов, екінші редакторы қызметін М. Дулатов, редколлегия кеңесшісі қызметін Ә. Бөкейханов атқарды. Тап осы газет Каспийден Қытайға дейінгі аса үлкен аумақта өмір сүріп жатқан қазақ халқының ұлттық рухын көтерді, ұлттың сана-сезіміне қозғау салды, мәдениетін дамытты. 20 ғасырдың басындағы Қазақстандағы тарихи ой-пікірлер қазақ зиялыларының еңбектерінде осылайша негізделді. Сол кездегі қазақ зиялыларының шығармашылық мұралары олардың дүниепайымы мен түсінігінің аса кеңдігінен хабар береді, бұл еңбектер қазақтарды отарлау саясатының жүзеге асып, оған қарсылықтың күшейе бастаған кезінде жазылды. Осы ретте тарихи бағаны жергілікті халықтың өз өкілдері беріп отырғандығын, олардың қандай да бір фактіні айтпай қалуға немесе бұрмалауға мүддесі болмағандығын ескере отырып, бұл аспектіні де ерекше назарда ұстау керек.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ұлттық тіл, оның мәдениеті мәселесін өткір де, өзекті мәселе деп есептеген, қоғамдық санадағы келенсіздіктерді шығармашылығында көтерген зиялылардың ішінен Міржақып Дулатұлына ерекше тоқталып өту қажет. Алаш зиялыларының еңбектерінде бұл мәселе жиі көтерілді, бірақ ақын ретінде рухтық деңгейде өзгеше сарында жырлап ой салған М. Дулатов болды. Жоғарыда атап өткендей Ә. Бөкейханов қазақ тілінің болашағын осы ақынның есімімен байланыстырды. М. Дулатұлы қазақ тілінің болашағы үшін сөзден іске көшу қажет, қолданудағы кемшіліктерді атап өтеді: «дыбыс жүйесі жағынан болатын кемшілік, сөз жүйесі жағынан болатын кемшілік, қазақша жалғау, жұрнақтарды елемегеннен болатын кемшілік, сөйлем жүйесі жағынан болатын кемшілік».

Қолданыстағы татар тілінің ықпалында атап өтеді. Қазақ халқының рухани мәдениеті қайнар көзі – бұл тіл. Тіл мәселесі арқылы рухани ояну, өзіндік ұлттық құндылықтарды сақтап қалу жолындағы күрес ретінде - тіл мәселесін қабылдады. Бұл тақырыпты үнемі баспа беттерінде талқылап, ойларын бөлісті.

Ғасырға созылған Ресейдің рухани отарлау саясатына қарсы тұру, оны ашық сынға алу қазақ зиялыларының басты міндетіне айналды. Ресей тарапынан үлгілі мәдениетті таратушы миссиясы әшкереленді. Білім саласындағы жүйенің біржақтылығы, ұлттық құндылықты өшіруге әрекеттерінің нәтижелерін туралы ойларын ортаға салды. Өз заманына сай білім алған қазақ зиялылары қазақтың рухани адасуынан жол іздеді. Ол жолды қазақтың ақындарының сөз саптауы мен жазуының кең тарату арқылы шешеміз десе, М. Дулатов қазақтың фольклоры арқылы дәріптеуді ұсынды. Ауыз әдебиетінің сөз байлығы мен ой кеңістігіндегі құндылықтардың қазақ үшін маңызын, шығыс әдебиетіндегі мұсылмандықтың қағидаларының мәнін ашып берді. Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін маман ретінде қолданыста болуын, оның тазалығын, шұбарланбауы тиістігіне тоқталған болатын. «Қазақ» беттеріндегі еңбектерінде [А. Байтұрсынов](#) балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап көрсетті. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту мәселелерін туралы ой-пікірлерін баяндай келіп, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді, «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп санайды. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының басым бөлігі тілді сақтап қалудағы басты іс – білімді жастардың болуында деп пайымдады. Қазақ зиялыларының өкілдері патша өкіметін дала өңірінде білім беру ісін неғұрлым жедел жүргізгісі келмегендігі үшін сынады, ал өздері отандық ғылымды қалыптастырудың алғышарттарын жасауға ұмтылды. Қазақ зиялылары ғылыми мақалалар, сөйлеген сөздері арқылы өркениетті елдердегі ғылым жетістіктерін насихаттауға, оның қажеттігін, қоғамды түбірінен өзгерте алатын күдіретті күшін дәлелдеуге ұмтылды. Олардың күшжігері ізсіз қалмағанын атап өткен жөн.

Ұлттық руханият бұл – тіл. Қазақтың рухани құндылығын сақтап қалуға күш-жігерін аямай жұмасаған, жеке мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қойған XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қалдырған мұрасы өнеге.

Қазіргі күнде қазақ тілінің дамуына, қолданылуна отарлық саясаттың кедергісі жоқ, бірақ еркін кеңістіктегі қазақ тілі болашақ ұрпаққа қандай деңгейде жетеді деген сұрақ бә-

рімізді толғандарады. Ол әрине қазіргі зиялылардың мүддесімен тікелей байланысты. Ұлттық діліміз мен тіліміздің сақталуы бүгінгі ұлттық идеямен ұштасуы шарт.

#### Әдебиеттер

- 1 Букейханов А.Н. Избранное. Алматы: Главная редакция “Қазақ энциклопедиясы”, 1995. – 49 б.
- 2 Әлихан Бөкейханов шығармалары. – 1994 ж. – 191 б.
- 3 Әлихан Бөкейханов шығармалары. – 1994 ж. – 196 б.
- 4 Букейханов А.Н. Избранное. – Алматы: Главная редакция “Қазақ энциклопедиясы”, 1995. – 62 б.
- 5 Сейфуллин С. Жизнь национальностей. – М., 1920. 25 ноября.
- 6 Қазақ зиялылары /Тұрсынбек Кәкішев. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2011. – 3 б.

#### References

- 1 Bukeyhanov A.N. Izbrannoe. A: Glavnaiia redakzia “Kazah enziklopediasi”. 1995. B.49
- 2 Alihan Bukeyhanov surapmalapu. 1994.191b
- 3 Alihan Bukeyhanov surapmalapu. 1994.196b
- 4 Bukeyhanov A.N. Izbrannoe. A: Glavnaiia redakzia “Kazah enziklopediasi”. 1995. B.49
- 5 Seyfullin.S. Juan nayionalnostey. 1920. 25<sup>th</sup> November
- 6 Kakishev- Almaty “Kazygurt baspasu ”.2011.-3b

## СЫН ШІКІРЛЕР МЕН РЕЦЕНЗИЯЛАР

Л.Т. Қожакеева

ҚазМемҚызПУ-дің «Дүниежүзі тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор

**Қ.Т. Жұмағұлов пен Р.О. Садықованың «КСРО мен ТМД елдерінің тарихы (1917-2012)» оқу құралына (Алматы: «Қазақ университеті», 2013. – 302 б.)**

### СЫН-ШІКІР



Әлемдік тарихтың үлкен бір саласы Кеңес мемлекетінің өмір сүрген кезеңі, яғни кеңестік империяның тарихы болып табылады. Кеңестік империя өз дәуірінде бүкіл әлемді өзіне қаратқан, соның ішінде достарын да, дұшпандарын да бірдей мой-

ындатқан алып күш болғанын ешкім жоққа шығармаса керек. Алайда, маркстік-лениндік методологияға сүйенген бұрынғы кеңес ғылымында біржақты, тек позитивті тұрғыдан бағаланған бұл мемлекеттің тарихында түрлі-түрлі қайшылықты оқиғалар орын алып, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында кереғар жағдайлардың да болғандығын кеңестік идеологияның бұғауынан ажыраған қазіргі ғылым объективті түрде ашып көрсетуге талпыныс жасап отыр.

Әлемдік тарихтың белгілі маманы профессор Қ.Т. Жұмағұлов пен доцент Р.О. Садықованың дайындауымен жоғары оқу орындарының студенттері мен мамандарына, жалпы көпшілікке ұсынылып отырылған «КСРО мен ТМД елдерінің тарихы (1917-2012)» атты оқу құралын аталмыш бағыттағы еңбектердің қатарына жатқызуға болады. Оқу құралының атауынан-ақ көрініп тұрғандай, еңбекте бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, дәлірек айтқанда Ресейдегі Қазан төңкерісі нәтижесінде дүниеге келген жаңа империя – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы, қысқаша айтқанда КСРО-ның пайда болуы, дамуы

және құлауы, сондай-ақ осы құлаған империяның кеңістігінде қалыптасқан тәуелсіз мемлекеттердің тарихы жан-жақты қарастырылған.

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Еуропаның саяси картасында елеулі өзгерістер орын алды. Ең маңызды өзгеріс – батыстық демократияға қарама-қайшы, социалистік идеяны ұран тұтқан тоталитарлы жүйенің дүниеге келуі еді. Бұл жүйенің иіріміне Балтық аумағы, Кавказ елдері және Орта Азия халықтарымен бірге Қазақстанның да тартылуы, Кеңес империясының тарихын зерттеудің отандық ғылымдағы өзектілігін айқындайды. Оқу құралында кеңестік империяның қалыптасуының негізінде жатқан ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылған. Кеңес Одағы басшылығының одақтас республикалардың шекараларын бөлуде жіберген қателіктері, атап айтқанда, қазақтың бірқатар батыс және солтүстік жерлері Ресейдің аумағына, тәжіктердің Самарқан, Ходжент аймақтарының кей жерлері Өзбекстанның құрамына бөлініп берілуі, сондай-ақ Әзірбайжан мен Арменияның арасында өткізілген шекарадағы кемшіліктер кейіннен шешілмейтін проблемаға айналғандығы деректік негізде көрсетілген. Кеңес үкіметінің мәдени-рухани саладағы саясатында да елеулі олқылықтар орын алып, ұлтты рухани негізінен айыру үрдісі белең алды. Елімізде қазақ мектептері жабылып, ұлттық мерекелерді өткізуге шек қойылды. Оның үстіне XX ғ. 80 жж. экономикалық және саяси дағдарыстың көріністері байқалды. Нәтижесінде 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, алып империяның орнына бірнеше тәуелсіз мемлекеттер дүниеге келді.

XX ғ. 90 жж. басында КСРО орнында пайда болған мемлекеттер алдында қалыптасушы

жаңа әлемдік тәртіп жағдайында көш соңынан қалмай, алға нық қадамдар жасау міндеті тұрды. Ең алдымен, жаңа егемен мемлекеттер өзара ынтымақтастық байланыстарды жоғалтпау қажеттілігін анық ұғынды. Сондықтан да 1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматыда бұрынғы 11 кеңестік мемлекет бас қосып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құрды. Достастық өз қызметінде үлкен институционалдық эволюциядан өтіп, бүгінде бірнеше мемлекетті біріктіріп отыр. Ең бастысы ол посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттерді байланыстырушы механизмге айналып отыр. Қ.Т. Жұмағұлов пен Р.О. Садықованың ұсынып отырған оқу құралында жоғарыда көрсетілген мәселелер тарих ғылымындағы жаңа методологиялық ұстанымдар тұрғысынан, атап айтқанда, объективтілік, ғылымилық, соның ішінде индукциялық және дедукциялық талдау әдістерін қолдану және орасан зор материалдарды сыни талдаудан өткізу негізінде ашылған.

Оқу құралында қазақ тарихына тікелей қатысы бар Сталиннің саясаты, Брежневтің басқаруы, Хрушевтің «жылымығы», 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына әкелген М. Горбачевтің қайта құру саясатының барысы талданған. Сонымен қатар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуынан бастап қабылданған маңызды құжаттары мен іс-шаралары қаралған. Әсіресе, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясының ТМД кеңістігіндегі экономикалық, қауіпсіздік пен мәдени салалардағы интеграциялық

үдерістер дамуына ықпалының қарастырылуы еңбектің құндылығын арттыра түседі. Себебі, іс жүзінде, ХХІ ғасырдың басында ТМД-ның тиімділігі мәселесі күмән тудыра бастаған болатын. Ол белгілі бір саяси талқылау алаңына да айналды. Еуразиялық кеңістікте жекелеген мемлекеттердің интеграциялық байланыстарын дамытуға бағытталған Кеден Одағы, Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық сияқты ұйымдар да құрылды.

Еңбектің хронологиясы саяси және экономикалық жағынан өте күрделі әрі сан түрлі тарихи оқиғаларға толы кезеңді қамтиды. Оқу құралының мазмұнында КСРО-ның дамуы, ТМД елдерінің қалыптасуы мен қызметінің тарихына екі тарау арналған. Үшінші тарауда ұйымға мүше-мемлекеттердің саяси-экономикалық дамуы мәселелері қарастырылған. Авторлар жүйелі түрде ТМД кеңістігіндегі саяси, экономикалық мәселелерді қарастыра отырып, бұл тақырыптың мазмұнын толық аша алған. Оқу құралының озық тұсының қатарында оның қазақ тілінде жазылуын да айта кетер едім, өйткені жоғарғы мектепке арналған қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарының саны мен сапасы сын көтермейді.

Ұсынылып отырған оқу құралы жоғарғы ғылыми теориялық және практикалық деңгейде орындалған деп есептеймін және ең алдымен, жоғары оқу орындарындағы Ресей тарихы, ТМД елдерінің тарихына қатысты жалпы және арнайы курстарды оқытуда негізгі оқу құралы болуы мүмкін.

Ю.Н. Дроздов

Кандидат наук, доцент, Россия, г. Москва  
E-mail: yndrozdov@yandex.ru

### Отзыв на статью К.К. Закирьянова «KZ - фактор или вселенная тюрков»

Я занимаюсь исследованиями этнической истории народов Древней Европы. В результате этих исследований удалось установить, что в Европе с древнейших времён обитали тюркоязычные народы, которые занимали там в то время доминирующее положение. И в этой связи мне показалась очень интересной статья проф. Закирьянова К. К. «KZ - ФАКТОР ИЛИ ВСЕЛЕННАЯ ТЮРКОВ», опубликованная в Вашем журнале № 1 (68) за 2013 год. Статья эта концептуального характера. Она посвящена рассмотрению вопроса влияния кочевых тюркоязычных народов на формирование культуры и государственных образований на просторах Евразии. Автор отмечает одну очень характерную особенность древнего мира, которая до этого не находила внятного объяснения. Эта особенность состояла в том, что значительная часть древних кочевых народов систематически мигрировала на территории оседлых племён, завоевывала их и расселялась среди них, занимая там доминирующее положение. И именно там потом возникли первые государственные образования. Этнолингвистические исследования показывают, что основная масса этих кочевых народов была тюркоязычной. При этом многие исследователи сходятся во мнении, что исходная прародина этих народов находилась в пределах Центральной Азии.

Автор статьи, например, отмечает, что древние шумеры когда-то мигрировали в Месопатамию из пределов Центральной Азии и на рубеже IV-III тысячелетий до н.э. создали здесь одну из древнейших цивилизаций. Похоже, что шумеры были тюркоязычным народом. Примерно в середине II тысячелетия до н. э. Северный Египет захватил азиатский народ гиксосы (правильнее 'иксосы' - Ἰκσῶς). Складывается впечатление, что и гиксосы были тюркоязычным народом. По данным античных авторов Греция в древнейшие времена заселялась 'варварскими', то есть тюркоязычными племенами. Наиболее многочис-

ленными здесь были племена пеласгов. В переводе с древнетюркского 'пеласгы' (беласгы) означает 'холмовые асы' или 'асы, живущие на холмах'. На протяжении длительного периода времени в Западную и в Центральную Европу мигрировали различные скифско-сарматские народы - киммерийцы-гунны, кельты, готы, свевы, авары, склавы и др. Здесь они оседали для постоянного проживания и со временем, смешавшись с автохтонными племенами, стали одними из предков многих европейских народов. Анализ их древней этнонимии и другой терминологии показывает, что все они были тюркоязычными. Значит именно тюркоязычные кочевые народы в древние времена завоевывали оседлых землепашцев и расселялись среди них. И именно в таких местах мы наблюдаем возникновение и развитие высоких культур, социальное расслоение общества и зарождение государственных образований. Причину доминирования кочевых народов над оседлыми автор статьи объясняет так: "...кочевники получили решающее превосходство над оседлыми народами в результате приручения в IV тыс. до н.э. на территории современного Казахстана дикой лошади, позже - изобретения способа получения железа и изделий из него, в первую очередь, оружия. После изобретения седла, железных стремян и удила, кривой сабли и железных наконечников стрел, наш предок стал непобедим, а завоевываемые оседлые народы теплых стран, приносил им в образе бесстрашных кентавров цивилизацию Великой Степи". В подтверждение этой мысли автор статьи приводит высказывания ряда античных и современных исследователей. Более того, автор рассматривает этот вопрос и с философской точки зрения. Он вводит такие философские понятия, как "KZ - фактор" и "KZ - постулат". Первое "означает установление факта завоевания во времени и пространстве народов оседлых земледельцев кочевыми скотоводами". Второе - "Для определения тюркской принадлежности великой личности

«X» достаточно установить на территории проживания личности «X» наличие «KZ – фактора» во времени и пространстве". Вполне очевидно, что такие понятия могут быть очень удобным инструментом в процессе проведения исторических исследований. Это автор иллюстрирует рассмотрением возможной принадлежности к тюркскоязычным родословным таких выдающихся личностей древности, как Конфуций, Александр Македонский и король бриттов Артур. В целом эта статья носит

новаторский характер. В ней выдвигаются и аргументируются новые гипотезы и новый взгляд на ряд важных исторических процессов древности. Конечно, публикация любой пионерской научной работы всегда вызывает активное обсуждение и дискуссии. И в этой связи Ваш журнал, на страницах которого опубликована эта статья, бесспорно привлечёт дополнительное внимание соответствующих специалистов, как прогрессивное и новаторское научное издание.

**Мазмұны****Содержание****Деректану және тарихнама**

<b>Асылбекова Ж. М.-А.</b> Проблемы истории гуннов в западной историографии.....	3
<b>Садықова А.М.</b> Дениэл Ранкур-Лаферьер зерттеуіндегі Сталин тұлғасы.....	10
<b>Мұхатова О. Х.</b> Талдықорған қаласының тарихынан.....	17
<b>Егізбаева М.Қ., Жұматаев Р.С.</b> Ру-тайпалардың Тарбағатай өңіріне қоныстануына байланысты мәліметтерге шолу.....	22

**Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы**

<b>Нуртазина Н.Д.</b> Вопросы становления цивилизации евразийских номадов (материальная культура, конь, кочевничество).....	30
<b>Кожобекова Ж.Б.</b> Түрік қағанаты тарихы туралы қытай деректері.....	38
<b>Кәрібаев Б. Б.</b> Төле би және XVIII ғасырдың I жартысындағы Қазақстан тарихының мәселелері.....	42

**Жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы**

<b>Ташенев М.Ж., Кумганбаев Ж.Ж.</b> Туркестанская (Кокандская) автономия и идея единого Туркестана.....	49
<b>Аминов Т.М.</b> Туркестано-Сибирская магистраль – важный этап в истории становления железнодорожного транспорта Казахстана.....	56

**Жалпы тарих**

<b>Көкебаева Г.К., Сманова А.М.</b> Кеңес өкіметінің поляк халқына қарсы жазалау саясаты.....	62
<b>Dadabayeva G.</b> Current Scholarship on the “New Great Game” in Central Asia.....	70
<b>Аррахман Хуру оглу Ахмедов</b> Азербайджан-Казахстан: из истории возникновения политических отношений (90-е гг. XX века).....	76
<b>Азад Шарапов</b> К вопросу о обеспечении прав и интересов трудовых мигрантов в Иордании.....	80
<b>Якши Абдуллах</b> Самоидентификация и развитие сознания народной принадлежности этнических казахов в Кыргызстане.....	88

**Археология және этнология**

<b>Якши Абдуллах</b> Развитие этнически смешанных семей среди казахов.....	95
<b>Исаева Ә.И., Жайлыбаев Д.Ж.</b> Қазақстандағы оралман жастардың экономикалық әлеуеті.....	102

**Мүстапаева Д.Ү.** Түркістан аумағындағы тарихи орындар және оларға байланысты тарихи-мәдени жәдігерлер..... 106

**Мейрманова Г.А., Махамбетова Л.Ә.** Сыр өңірі қазақтарының зергерлік өнері: сақина, жүзік түрлері және семантикасы ..... 113

**Уалиева С. К.** Имена людей смешанного происхождения в Казахстане ..... 119

#### **Тарихи тұлғалар**

**Әминов Т. М.** Абылай хан – ұлы мемлекет қайраткері, дарынды қолбасшы және көрнекті дипломат ..... 126

**Сайлан Б., Шалқаров М.Б.** Халық Қаһарманы Бақытжан Ертаев – Ауған соғысының Батыры ..... 132

#### **Музейтану**

**Кущенко А.В., Козуб Т.Б.** Анализ посещаемости музея как критерий оценки его деятельности (на примере Центрального государственного музея Республики Казахстан)..... 136

**Пазлиева Ш.** Қорқыт ата тарихи-мәдени кешенінің танымдық-тәлімдік маңызды мәселелері ..... 144

#### **Магистрлік зерттеулер**

**Доскалиева М.А.** Сущность понятия «Цивилизация»: вариации определений ..... 150

**Айнақұлов Д. Ж.** 20-30 жылдардың Қазақстандағы саяси ұйымдастыру жұмыстары кезіндегі төменгі партия ұйымдарының жағдайлары ..... 155

**Албанбаева Л. Б.** XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының рухани өзгерістер мәселесі жөнінде ..... 162

#### **Сын пікірлер мен рецензиялар**

**Қожақеева Л.Т.** Қ.Т. Жұмағұлов пен Р.О. Садықованың «КСРО мен ТМД елдерінің тарихы (1917-2012)» оқу құралына (Алматы: «Қазақ университеті», 2013. – 302 б.). Сын-пікір ..... 167

**Дроздов Ю.Н.** Отзыв на статью К.К. Закирьянова «KZ - фактор или вселенная тюрок» ..... 169

## Contents

<b>Assylbekova Zh. M.-A.</b> The problems of the Huns history in the western historiography .....	3
<b>Sadykova A.M.</b> Stalin's personality in the study of Daniel Rancourt-Laferera .....	10
<b>Mukhatova O.H.</b> From the history of the city Taldykorgan .....	17
<b>Egizbayeva M., Zhumatayev R.</b> Review information about the dispersal of clans and tribes in the region Tarbagatay .....	22
<b>Nurtazina N.D.</b> The problems of the formation of equestrian civilization of Eurasian nomads (material culture, horse, nomadism) .....	30
<b>Kozhabekova Zh.B.</b> Chinese sources on the history of the Turk Khanate .....	38
<b>Karibaev B.B.</b> Tole by and problems in the history of Kazakhstan the first half of the XVIII century .....	42
<b>Tashenov M.Zh., Kumganbayev Zh.Zh.</b> Turkestan (Kokand) Autonomy and Idea of United Turkestan 49	
<b>Aminov T.M.</b> Turksib - an important stage in the history of the development of railway transport in Kazakhstan .....	56
<b>Kokebayeva G.K., Smanova A.M.</b> Repressive politics of Soviet power relation to the Polish people .....	62
<b>Dadabayeva G.</b> Current Scholarship on the “New Great Game” in Central Asia .....	70
<b>Arrakhman Huru oglu Akhmedov</b> Azerbaijan-Kazakhstan: from history of emergence of the political relations (the 90th of the XX century) .....	76
<b>Azad Sharapov</b> To the question of keeping rights and interests of labor migrants in Jordan .....	80
<b>Yakshi Abdullakh</b> Self-identification and the development of national consciousness of ethnic Kazakhs in Kyrgyzstan .....	88
<b>Yakshi Abdullakh</b> The development of ethnically mixed marriages among Kazakhs .....	95
<b>Isayeva A.I., Jailybaev D.J.</b> Economic potential of young repatriates in Kazakhstan .....	102
<b>Mustapayeva D.</b> Historical places near Turkestan and historic-cultural rarities, connected with it .....	106
<b>Meirmanova G.A., Makhambetova L.A.</b> Jewelry art of Syrdarya kazakhs: types and semantics of rings and earnings .....	113
<b>Ualiyeva S.K.</b> The names of people with mixed origin in Kazakhstan .....	119
<b>Aminov T. M.</b> Abylai Khan - the great politician, a talented military leader, a distinguished diplomat .....	126

<b>Sailan B.S., Shalkarov M.B.</b> Halyk Kakharmany Bakytzhan Yertayev – the hero of the Afghan war .....	132
<b>Kushchenko A., Kozub T.</b> Analysis of museum attendance as a criterion for assessment of its activity (on the example of the Central State Museum the Republic of Kazakhstan).....	136
<b>Pazlyeva Shattyq</b> Historical cultural complex Korkyt ata: cognitive education aspekts.....	144
<b>Doskaliyeva M.A.</b> Essence of “Civilization” concept: types of definitions.....	150
Political organization works of lower party organs in Kazakhstan in 20 <sup>th</sup> -30 <sup>th</sup> .....	155
Problems of spiritual culture in the works of the Kazakh intelligentsia of early XX century.....	162